

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КеАҚ

ӘОЖ: 94(574.4):314.151.5

Қолжазба құқығында

КАРИБАЕВ МАКСАТ СЕРИКОВИЧ

Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы

6D020300 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
т.ғ.д., проф. Жанбосинова А.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші
т.ғ.д., проф. Аблажей Н.Н.
(Ресей Федерациясы)

Қазақстан Республикасы
Өскемен, 2021

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕПАТРИАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ: РЕТРОСПЕКТИВТІ ТАЛДАУ (XX Ғ. СОҢЫ - XXI ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЕКІ ОН ЖЫЛДЫҒЫ).....	30
1.1 Репатриациялық саясаттың кезеңдері және мазмұны.....	30
1.2 Қазақтардың тарихи отанына оралу көші-қонының динамикасы.....	45
2 КҮНДЕЛІКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БАЙЛАНЫСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН БЕЙІМДЕЛУ ТӘЖІРИБЕСІ.....	57
2.1 Репатрианттар қоныс аудару тобы ретінде: Шығыс Қазақстандағы демографиялық сипаттамасы және қоныстану құрылымы.....	57
2.2 Көші-қон және қабылдаушы қоғам: өзара әрекеттесу мен бейімделудің күнделікті стратегиялары.....	76
2.3 Қоныс аударушылардың материалдық мәдениетінің ерекшеліктері және репатрианттарды қабылдаушы қоғамның ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграция мәселелері.....	104
3 РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – МӘДЕНИ БЕЙІМДЕЛУІ.....	123
3.1 Қоныс аударушылардың этномәдени бірегейлігінің өзіндік ерекшелігі және өзге мәдени үрдістерге енуі.....	123
3.2 Күнделікті өмір сүру кеңістігін қалыптастыру негізіндегі ұлттық және халықаралық бағдарламалар.....	143
3.3 Кроссмәдени бейімделу және жастар саясаты.....	164
ҚОРЫТЫНДЫ.....	189
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	202
ҚОСЫМШАЛАР.....	215

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ ЕБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілер бағдарламасы
БҰҰ ДБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы
ДҚҚ	Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы
ЖОО	Жоғарғы оқу орны
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар одағы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ПМ	Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
МЕҰ	Мемлекеттік емес ұйымдар
МХР	Моңғол Халық Республикасы
ОК	Орталық Комитет
СМУ	Семей мемлекеттік университеті
СІМ	Сыртқы істер министрлігі
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар
ҚБ	Қоғамдық бірлестік
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
ХКҚҰ	Халықаралық көші-қон ұйымы
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ШҚО ҚЗТҚО	Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы
ІІМ	Ішкі істер министрлігі

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында репатриация процесі халықаралық жағдайда дүниежүзі елдері арасында маңызды мәселелердің біріне айналды. Қазақ диаспорасы мен ирредентасының қалыптасуының бастапқы кезеңі қазақ-жоңғар соғыстарының жаңа тарихымен және орыс-қытай шекара сызықтарын демаркациялаудың империялық кезеңімен байланысты. Қазақ диаспорасының одан әрі толығуы кеңестік идеология туғызған мәжбүрлі жағдаймен байланысты жүрді. Қазақ диаспорасы Ресейде, Өзбекстанда, Түркияда, Ауғанстанда, Моңғолияда, сондай-ақ Батыс Еуропада, Таяу Шығыста және тағы басқа да елдерде тұрады. Осыған орай, халықтың бір елден екінші бір елге көшіп-қону процесі тереңдей түсіп, оны зерттеудің де маңыздылығы артуда. Осы жағдай түрлі тарихи себептермен өз Отандарынан қоныс аударған немесе күштеп көшіру салдарынан туған жерлерінен ажырап қалған ұлттардың тарихи Отанына оралуларына жекелеген мемлекеттердің тәуелсіздіктерін алып қандастарын шақыру саясаты әсер етті. Әлем елдерінің ішінде осындай ауқымды репатриация саясатын ұстанып, қандастарын тарихи Отандарына шақыруда Германия, Израиль, Ресей сияқты елдер алдыңғы орында тұрады. Қазақстан да тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап осындай репатриация саясатын белсенді ұстануда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев қандастар жер шарының қай түкпірінде жүрсе де, ат басын Қазақстанға бұруға құқылы деп, 1992 жылғы Әлем қазақтарының алғашқы құрылтайында шет елдегі қандастарды елге шақырды [1, б. 114]. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, қазақ ұлтының шет елдегі өкілдерін елдің аумағына қоныстандыруға байланысты заң жобасы мен арнайы бағдарламаларды жасауға үлкен мән берілді. Осыдан бастап репатриация үдерісі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылықтарының біріне айналды. Қазақстанға келетін көші-қон процесін жүйелі түрде іске асыру, мемлекеттік қауіпсіздіктің негіздерінің бірі - демографиялық дамуға әсер ететіні байқалуда.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша тарихи Отанға қоныс аударушылардың 1991 жыл мен 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 313 256 отбасы немесе 1 057 280 қандас елге оралды [2]. Бұл көрсеткішке жету жолында белсенді көші-қонның ықпалы зор екенін ескерсек, репатриация саясатын әрімен қарай жалғастырудың маңыздылығына көзіміз жете түседі. Репатриация саясатының нәтижесінде тарихи Отанына келген қандастар мөлшермен 10 пайыздық көрсеткішке жеткен. Осы жағдай елдің демографиялық ахуалына да бүгінгі таңда оң әсерін беруде.

Сонымен бірге елге оралған қоныстанушылардың қазіргі таңдағы экономикалық-әлеуметтік жағдайы, келген орталарына бейімделуі Қазақстан Республикасының қандастарға байланысты ұстанған мемлекеттік біртұтас саясатының аса маңызды және өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Репатрианттардың елге оралуына қатысты «оралман» термині қолданылды. Алғашқы 1997 жылы қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңында шет елдерден оралған қандастарға «оралман» термині белгіленген болатын. Бірақ осы мәселеде ғалымдар мен қоғам белсенділері өз ойларын айтып «оралман» атауын өзгертуге ұсыныстарын жасаған болатын. Тіпті елге оралған репатрианттардың арасында да осы «оралман» атауы өзгертілсе деген түрлі ойлары жиі айтылды. Жоғарыда көтерілген пікірлер талқылаулардан өтіп, елге келген этникалық қазақтардың ұсынысымен мемлекет басшысының қолдауымен елге оралушылардың мәртебесі мемлекеттік деңгейде шешімін тапты. Қазіргі кезде ол «қандас» атауымен ауыстырылып, 2020 жылы мамырда заңнамамен енгізілді. Алдағы уақытта да репатриация процесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыты болып қала береді.

Тарихи Отанынан шалғайда өмір сүргенімен қазақы мәдениетті, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңірген олардың төл мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған тұстарын толықтыруға, жандандыруға өзіндік қосар үлестері мол. Бірақ Қазақстан қоғамының бүгінгі әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері этникалық қазақтар үшін тарихи Отанның әлеуметтік-мәдени кеңістігі белгілі бір бейімделу проблемаларын туындатып «өзге мәдени ортаға» айналып отыр. Қазақша сөйлейтін қандастар тарихи отанында – жат этникалық ортаға тап болғандай күн кешуде деуге болады. Осы бір жағдай бір этнос өкілдерінің екі түрлі стереотиптері, мінез-құлық үлгісінің менталитеттері бар екендіктерін көрсетіп отыр. Жергілікті тұрғындардың да арасында дәстүрлі қазақ мәдени ортасының бұзылуының да қалыптасқанын көруге болады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі этникалық қазақтардың интеграциялану шекарасы егжей-тегжейлі зерттеуді қажет ететін күрделі және көп қырлы процесс болып отыр. Ұлттық репатриация әлеуеті әлеуметтенудің әртүрлі стратегиялары бар базалық ресурстар негізінде күнделікті бейімдеу практикасын көздейді. Өзге халықтар дүниесінде жүрген қазақ диаспорасының күнделікті өміріндегі ұлтқа тән болмысы мен мәдени мұраларымен жалпы ұлттық идеяны қалыптастыруға қосатын әсерін зерттеудің маңыздылығы бар.

Елдегі репатриациямен байланысты процестердің барлығы маңызды ұлттық идеологиялық мәселе ретінде қарастырылып, жауапты мемлекеттік органдармен қатар бүкіл халықтың да міндеті ретінде қалыптасуы керек. Осы тұрғысында қабылдаушы қоғамның қандастарға деген дұрыс көзқарастарын орнықтыру ісі аса маңызды. Елге оралушы этникалық қазақтарды қабылдаушы қоғамға біріктіру күрделі де көп өлшемді үрдіс. Оны зерттеу үшін теориялық және әдіснамалық тәсілдермен қатар, әлеуметтік-мәдени және экономикалық бейімделуде қажетті болатын түрлі аспектілерді қарастыруды қажет етеді. Репатриация саясатының жоғары қарқынымен елге оралған қандастардың қоғамға кірігуі мен бейімделуі де зерттеуді қажет ететін маңызды қызметтердің бірі болып отыр.

Қазіргі біздің қоғамда елге келген қандастардың тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдағы қарым-қатынастары жиі талқыланатын тақырыпқа айналды. Репатрианттардың Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоныстану

көрсеткіштерін, әлеуметтік бейімделуінің оң және теріс жағдайларын ғылыми тұрғыда зерттеу барысында басқа да ғылыми салалармен байланыса отырып қарастыру – тарих ғылымы алдындағы басты міндеттердің бірі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған алғашқы күндерінен бастап еліміздегі көші-қон процесі жандана түскен болатын. Мемлекеттік биліктің бастамасымен арнайы бағдарламалар мен көші-қон заңы қабылданға дейінгі және қабылданғаннан кейінгі репатриация саясатын зерттеудің маңыздылығы зор. Көшіп келу квотасы мен оны тағайындау олардың елді мекендерге орналасу көрсеткіштерін сандық және сапалық жағдайларын зерттеу қажет. Репатрианттарды Қазақстан қоғамына бейімдеу мен кіріктіру қызметтерін жекелеген өңірлер деңгейіне ауқымды зерттеудің қажеттілігі бар. Осы бір тарихи процесті зерттеуді 1991 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі аралықта Шығыс Қазақстан аумағы бойынша репатрианттардың күнделікті өмірде қоғамға бейімделулері мен кіріктіру шараларын зерттеу нысаны ретінде алу қарастырылған. Себебі бұл кезең тәуелсіз елдің ашық, еркін түрде репатриация процесін жүргізу саясатымен тұспа-тұс келеді.

Этникалық репатрианттардың күнделікті тарихын зерттеу жұмысы қазіргі Шығыс Қазақстанның әкімшілік-территориялық аумағын қамтиды. Бірақ ескере кететін жағдай, Қазақстан республикасы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) құрамында болған кезде және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазіргі облыс территориясы екі әкімшілік облысқа бөлінген болатын. Оның бірі Семей облысы – Қазақ КСР (1939-1991жж) және Қазақстан Республикасының (1991-1997жж.) құрамында болған әкімшілік орталығы – Семей қаласы болатын. 1939 жылдан бері Өскемен қаласы Шығыс Қазақстан облысының орталығы болған. Ал, 1991 жылдан бастап Өскемен қаласы Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысының орталығы болып саналды. Үкіметтің шешімімен елді мекендерді біріктіруге байланысты жүргізілген саясатында 1997 жылы сәуірде Семей облысы Шығыс Қазақстан облысымен біріктірілді, орталығы Өскемен қаласы болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елде орын алған репатриация саясатына Шығыс Қазақстан облысы да белсене қатысып, Отанына келген репатрианттарды қабылдау мен олардың әлеуметтену шараларында маңызды қызметтерді атқарып келеді. Сондықтан Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың әлеуметтік-экономикалық жағдайға, қоғамдық ортадағы ықпалдастығын, бейімделулері мен кірігу шараларын зерттеуде олардың күнделікті тарихы қарастырылады. Көші-қон серпіні және «үш ось» (Оңтүстік, Орталық және Солтүстік) тұжырымдамасын ескере отырып, қандастарды қоныстандыру процесі демографиялық проблемаларды қандай дәрежеде шешу үшін шекара аумақтарының этникалық құрылымын оңтайландыруға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні репатриация саясатының оңтайлы тәжірибесі және елдің қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайы негізінде Отанына оралушылардың көрсеткіші өсуде. Елде қалыптасқан демографиялық жағдай мен репатрианттардың Қазақстандық қоғамға бейімделуі мен кіріктіру шараларын зерттеудің маңыздылығы қазіргі таңда республикалық ауқыммен қатар,

орналасқан облыстық деңгейлерде де қарастырылуда. Осыған орай, Шығыс Қазақстан облысындағы қандастардың тарихи Отанына оралудағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, қоғамдық, мәдени орталарда бейімделуін, жедел түрде шешуді қажет ететін мәселелерге назар аударып, олардың күнделікті тарихын зерттеу – бүгінгі күннің басты талабы.

Шығыс Қазақстан облысындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының көші-қон бөлімінің мәліметіне сәйкес көші-қонның алғашқы легінен бастап қазіргі уақыт аралығында 60 мыңнан астам қандастар облыстың аудандары мен ауылдарына тұрақтанған. Келген қандастардың басым көпшілігі еңбекке жарамды, қоғамда белсенді азаматтар. Олар облыстың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, демографиялық дамуына өзіндік үлестерін қосып келеді. Осы тұрғысынан қандастардың қоғамға күнделікті бейімделуі мен кірігуін зерттеуді қажет етеді.

Шығыс Қазақстан әлеуметтік-мәдени кеңістігінде этникалық қазақтардың этномәдени бірегейлігін қалыптастырудың күнделікті процесін зерттеудің өзектілігін ерекше атап өтуге болады. Өзге мәдени орта этникалық қазақтардың дәстүрлі мәдени құндылықтарының сақталуына ықпал етті, бұл ұлттық ерекшелік пен туа біткен этникалық компоненттің әсері. Бірақ дегенмен тарихи Отаннан тыс жерде өзгеше қоғамдастықта өмір сүрудің хронологиялық бөлігі этно-мәдени бейімделудің қиындықтары, мінез-құлық менталитетіне де әсер етті. Зерттеу барысында этникалық репатрианттардың жергілікті этникалық қауымдастыққа араласуы мен кері байланыс процестері қарастырылады. Әлеуметтік-мәдени күнделікті тұрмысты талдау, дәстүрлі мәдениеттің өзара байланысы жағдайында бейімделу стратегиясындағы көзқарастарды, сонымен бірге біршама ерекшеленетін жергілікті менталитетті анықтаудың маңыздылығы атап өтіледі.

Осыған орай, түрлі тарихи себептермен жер бетіндегі елдерге шашырап кеткен этникалық қазақ өкілдерінің тарихи Отанына оралулары заңдылық болып отыр. Шетелдерден оралып жатқан қандастарды территориялық жағынан орналастыру оларға әлеуметтік экономикалық жағынан қолдау көрсету және оралушыларды жан-жақты ортасына бейімдеудің күнделікті тарихымен қатар көші-қон жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті өмір тарихын зерттеу.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** жүзеге асырылады:

– ХХ ғ. соңы - ХХІ ғ. алғашқы екі онжылдығы кезеңінде Қазақстанның репатриациялық саясатының дамуына талдау жүргізу.

– Қазақтардың тарихи отанына оралуының динамикасын зерттеу;

– Шығыс Қазақстанда репатрианттарды қоныстандырудың құрылымын анықтау және оған демографиялық сипаттама беру;

– Қоныс аударушы мен қабылдаушы қоғамның өзара әрекеттесуінің және бейімделуінің күнделікті стратегияларын анықтау;

– Елге оралушылардың қабылдаушы қоғам ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграция мәселелерін бөліп көрсету;

– Қоныс аударушылардың этномәдени бірегейлігінің ерекшеліктеріне және өзге мәдени жүйелеріне талдау жасау;

– Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру тәжірибесіне талдау жасау және олардың репатрианттардың күнделікті өмірдегі кеңістігін қалыптастыруға әсерін көрсету;

– Репатриант жастарға қатысты саясатты жүзеге асыру барысындағы олардың кроссмәдени бейімделу алгоритмінің өзара әрекеттесуін бағалау.

Диссертациялық жұмыстың зерттелу деңгейі. Диссертациялық зерттеу ғылыми білімнің бірнеше салалары – тарих және күнделікті өмір тарихы, демография, антропология, әлеуметтану, мәдениеттану, этнография, ауызша тарих сияқты пәнаралық қиылысында іске асырылады. Этникалық репатрианттардың тарихы белсенді талқыланатын, қызу пікірталас тудыратын ғылыми тақырыптардың бірі. Этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтару жөніндегі іске асырылған бағдарламалардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін, қоғамдық ортаға кірігулері мен бейімделу шараларындағы жекелеген аспектілері тарихи зерттеу нысанына айналды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Қазақстандағы халықтың көші-қон процесі, репатрианттар мәселесі жан жақты зерттеле бастады. Осы бағытта түрлі сала мамандары оның ішінде, тарихшылар, демографтар, этнографтар, заңгерлер, экономистер және т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қазақстандық тарихшылардың жұмыстарының арасында диаспорология ғылымының негізін салып, оның ішінде қазақ диаспорасын зерттеп жүрген ғалым Г. Мендикулованың «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие» [3] атты еңбегі қазақ ирреденттері мен диаспорасының пайда болуы, қалыптасуы мен қазіргі дамуының күрделі және көп қырлы тарихи проблемаларын тұжырымдамалық тұрғыдан қарастырады. Көші – қонды зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері, әртүрлі жылдары халықтың Қазақстаннан Қытайға көшу мәселелері қарастырылған. Автор алғашында қазақ ұлты диаспорасының зерттемелерін жүйелендірудің институционалдық негіздемелерін белгілеп, қарастырылып және зерттеліп отырған сұрақ бойынша өз ұстанымын баяндап, ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиеттерді талдаған болатын. Зерттеушінің айтуынша шетелдегі қазақтардың рухани және де мәдени проблемалары бірдей. Оларға ұлттың құндылықтарын сақтаудағы мүмкіндігіне байланысты әртүрлі сипат тән деп көрсеткен. Осылайша, ирредент пен диаспораның ерекшеліктері мен ұқсастықтары қандай деген сұрақ туған жағдайда – екеуі де Қазақстан жерінен өзге жерлерде тұратындар. Ал ерекшелігі ирреденттер – ата-бабаларының мұра ретінде етіп қалдырған жерінде отырған қазақ ұлты және диаспоралар – тағдырдың талабымен шет елдерде жүрген ұлт шашырандылары.«Қазақ диаспорасы» терминімен бірге зерттелетін шекараға орай басқа елдердің құрамындағы өзінің этникалық аймағында тұратын қазақ ұлты үшін «ирредент» терминін пайдаланады. Г. Мендикулованың пікірінше, Қытай елі мен Ресей және

Өзбекстан мемлекеті – ирреденттің (қосылмаған ұлттар) және шет елдік қазақ ұлты арасында бейімделу үрдістері басым, дегенмен ассимиляция емес, – деп көрсеткен. Тарих шындығының осындай болғандығын көрсету – бүгінгі күнде көрші елдерге аймақтық талап қоюмен жерді даулау мәселесі емес екендігі белгілі. Алайда ғалымдардың тұжырымдарын нақты фактілермен дәлелдеген. Г. Мендикулованың 2006 жылы жарық көрген «Казахская диаспора: история и современность» монографиясында келтірілген нақты деректер, XVI ғасырдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі жеткілікті үлкен уақыт аралығындағы, көші-қон процестері туралы мәліметтер қарастырылған. Аталған монографияның ғылыми құндылығы оның шетелдік ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген деректерге негізделуі [4]. Еңбекте қазіргі кезеңдегі репатриация жағдайы және олардың бейімделуіндегі әлеуметтік, саяси, экономикалық ахуалдары көрсетілген. Монографияда қолданылған дереккөздердің кеңдігімен репатрианттардың күнделікті өмірін зерттеу мақсат етіп алынбағанын көруге болады.

Қазақ диаспорасының тарихы М. Татимовтің «Қазақ әлемі» [5], Н. Сейдиннің «Казахи за рубежом как объект национальной политики» [6] отандық және шетелдік жарияланымдарында, оның ішінде И.Сванбергтің «Казахские беженцы в Турции: исследование по культурному выживанию в условиях социальных перемен» [7] монографиясында көрініс тапты. Авторлар қазақ диаспорларының өзгеше мәдениет жағдайындағы бейімделуге икемділігінің жоғары деңгейін атап өтіп, бұл фактіні көшпелілер мәдениетінің генетикалық жағымен түсіндіреді. Қазақстанның репатриациялық саясатының маңыздылығын, отандастардың тарихи Отанына оралуын атап өте отырып, ғалымдар этникалық қазақтардың жаппай оралуына Ауғанстан, Иран сияқты қолайсыз өңірлерден, Түркияның, Моңғолияның, бірқатар Еуропа елдерінің неғұрлым қолайлы мекендерінен белсенділігі төмендігіне назар аударды.

Сонымен қатар, К. Сыроежкиннің «Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития» [8], «Национально- государственное строительство в КНР: теория и практика» [9], «Мифы и реальность этнического сепаратизма в Китае и безопасность Центральной Азии» [10] жұмыстары қытай деректері негізінде Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтардың тарихи өткені мен қазіргі заманғы дамуы зерттеледі. Бұл еңбектерде ҚХР аумағында тұратын қазақтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы, сондай-ақ Қытай көші-қонының проблемалары, онда басқа мәселелермен қатар ҚХР азаматтарының Қазақстан аумағында болу себептері, олардың саны мен этникалық құрамы зерделеніп көрсетіледі. Жоғарыдағы еңбектер қандастардың келген елдері бойынша кең көлемді зерттеу жұмыстарын жасаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде танылады. Зерттеу жұмыстарында қандастардың мәселелері республика деңгейінде кең ауқымды қарастырылған, жекелеген облыстар оның ішінде Шығыс Қазақстандағы Моңғолия мен Қытай және т.б. елдерден келгендерді бейімдеу қызметтері кеңінен көрсетілмеген.

Моңғолия қазақтарының тарихына ғылыми еңбек жазған ғалым З. Қинаятұлының «Моңғолиядағы қазақтар» [11] еңбегінде, Моңғолия елінен

тарихи отанына оралған репатрианттардың қоныстану кезеңдеріне тарихи тұрғыдан талдау жасалған. Осы бір қызықты еңбекте елге оралған қандастардың шаруашылығы мен тұрмыстық жағдайына да назар аударылған. Дегенмен еңбекте Республикаға қоныс аударған Моңғолия қазақтары жайында ақпарат жалпылама берілген, негізінде зерттеуші репатриация мәселесін қарастыруды басты міндет етіп алмаған.

Н. Мұқаметханұлының «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары» [12], «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.)» [13] монографияларында қытай авторларының берген дереккөздері және зерттеулері талданады. Н. Мұқаметханұлы қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастырып, сондай-ақ Синьцзян мен Қазақстан қазақтарының XX ғасырдың басындағы өзара қарым-қатынастарын қарастырады. Еңбекте саяси жағдайдың әсерінен КСРО мен Қытай арасындағы шекаралық бөлінісу салдарынан қазақ халқының екіге жарылып қалғанын талқылайды. Қытай территориясына еніп кеткен қазақтардың мәдениеті мен қоғамдық құрылымын және Қытайдағы өзге ұлттармен қарым-қатынастарын жүйелі зерттеп, Қазақстанмен байланыстарын, ұлттық ерекшеліктері мен сана сезімдерінің қалыптасуын зерделейді. Осы бір тарихи ауыр кезеңді кешенді зерттеуге алып, Қытайдағы қазақ халқының қалыптасуы мен сол жердегі даму процесін қарастырған құнды еңбектердің бірі екендігін атауға болады. Бірақ бұл еңбекте зерттеуші репатрианттардың тарихи отанындағы жергілікті жағдайға бейімделулерін зерттеу нысаны етіп алмаған.

Ж. Сәмитұлының «Қытайдағы қазақтар» [14] жұмысы Қытайдағы қазақтарға арналған. Еңбекте қазақтардың Шыңжаңға қоныстануы және рутайпалық бөлінулері, олардың басқа ұлттар қатарындағы жағдайы, қоғамдық-экономикалық қатынастары көрсетілген. Аталмыш еңбекте де Қазақстанға оралған репатрианттар мәселесі қарастырылмайды.

Репатриация тарихы мен көші-қон сияқты жаһандық мәселелер келесі монографияда талдана отырып зерттелген. Репатриация саласын зерттеуші тарихшы ғалымдар Г. Мендикуловамен Б. Атантаеваның «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг.» [15] атты монографиялық жұмысында маңызды мәселелер қарастырылған. Бұл еңбекте кейбір ұғымдар мен атауларға біршама кең категориялық анықтамалар берілген. Еңбекте миграция ұғымына және миграция түрлеріне былайша анықтама беріледі: «миграция» - қоныс аудару, қоныстану. Қазіргі таңда ғылымда бұл ұғымның мағынасы кең ауқымда зерттеліп, кешенді түрдегі үрдіске жатқызылды. Халықтардың қоныс аударуы масштабы жағынан сыртқы сондай-ақ ішкі көші-қон, мерзімдік топтарға жіктелінеді. Осы еңбекте қазақ диаспорасының тарихи саяси тұрғыдан қалыптасу жағдайына, көші-қондық процестерде шетелдік зерттеуші ғалымдардың еңбектерін саралай отыра пайдаланған. Сонымен қатар, Қазақстанның, Ресейдің мұрағаттарындағы материалдарды пайдалану арқылы ғылыми бағыттағы зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Е. Садовскаяның «Миграции в Казахстане на рубеже XXI в.: основные тенденции и перспективы» [16] монографиясында 1990-шы жылдардағы

Қазақстандағы заманауи көші-қон процестері, заңсыз еңбек көші-қоны, босқындар, мәжбүрлі орын ауыстырулар сияқты көші-қонның жаңа түрлерінің дамуы талданған және көші-қонды басқару жүйесінің заңнамалық және институционалдық даму ерекшеліктері, көші-қон саласындағы халықаралық ынтымақтастық, оның ішінде іс-қимыл бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық зерттелгеннің атап өтуге болады. Онда зерттеуші миграцияның түрлері мен белгілеріне анализ жасай отыра, өз тұжырымдарын Қазақстанның да миграциялық жағдайымен байланыстырады. Осы бір тартымды еңбекте миграциялық процестердің дамуындағы ішінара байланыстар мен заңдылықтар әрекеті және оның келешегі айқындалған. Десекте, мұндағы миграциялық зерттеулердің негізі практикалық жағымен аз байланыстырылып, категорияларды ашуға бағытталған.

Қазақстан Республикасында жүріп жатқан көші-қон және этнодемографиялық үрдістерді талдау барысында, этникалық репатрианттар мәселесі жаңа тұжырымдамалық түсінікке ие болды. Қазақстанның стратегиялық даму бағдарламасында этнодемографиялық мәселелер басым орын алады. Көші-қон саясаты елдің тұрғындарының сандық көрсеткіштерін арттыруда және шешуде маңызды рөл атқарады. Олардың ішінде А. Алексеенконың «Роль иммиграции в формировании демографической политики Республики Казахстан» [17], А. Алексеенконың, Ж. Аубакированың, А. Жанбосинованың «Этнодемографические эволюции и становление суверенной демографической системы в Казахстане» [18], А.Есимованың «Проблемы адаптации репатриантов в Казахстане» (на примере Южно-Казахстанской области) [19], Д. Абулкасованың «Миграционные процессы в Казахстане: тенденции и динамика» [20], Ю. Гужвенконың «Восточный Казахстан: этносоциальные отношения в 1990-е начале 2000-х годов» [21] сияқты еңбектері бар. Осы еңбектердегі ұқсастыққа, Қазақстанның этнодемографиялық тұрақсыздығын қалыптастырудағы репатриацияның рөлін көрсетуді атап өтеді, мұнда олар өсудің немесе ұлғаюдың этногенетикалық факторларына сүйенеді. Сол сияқты осы еңбектерде Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-мәдени кеңістігіне көші-қон және иммиграциялық үрдістердің әсері, оның ішінде этносаралық өзара әрекеттестікке, этноәлеуметтік құрылымға, бейімдеу стратегияларына, Қазақстан халқының сапалық сипаттамаларының төмендеуі және т.б. мәселелері қарастырылған. Аталған авторлар көшіп кету мен көшіп келу арақатынасына ерекше назар аударады. Олардың аналитикалық шолулары негізінде қазақ халқы санының серпінін, табиғи өсуіне үлесін, азайып бара жатқан және келіп жатқан халықтың демографиялық параметрлерін, өңірлік депопуляцияны көрсететін статистикалық көрсеткіштер жатыр. Осы демографиялық зерттеулер Қазақстанның солтүстік облыстарын игеру бағдарламасы бойынша этникалық репатрианттардың мақсатты түрде бағытталған ішкі көші-қонын атап көрсетеді. Этникалық репатрианттардың Қазақстан ішінде екінші рет қоныс аударуын көздейтін бұл бағдарлама сарапшылар тарапынан сынға алынған. Олардың пікірінше, мемлекет солтүстік және оңтүстік өңірлер тұрғындарының арасындағы әлеуметтік-мәдени

айырмашылықтарды ескермей, Қазақстанның географиялық кеңістігін этникалық қоныс аударушылармен толтыруға тырысуда. Жоғарыдағы еңбектерде демографиялық ахуалдың ерекше жағдайларына талқылау жасалғандығын көруге болады. Республикалық деңгейдегі демографиялық саясат негізгі зерттеу нысанына айналған. Дегенмен ондағы репатриация саясатындағы қандастардың Шығыс Қазақстандағы аудандар мен ауылдарға орналастырудағы шекаралық аумақтарға қоныстандыру саясатына кеңінен тоқталмағандығын көруге болады.

Репатриация саясаты барысында елге келген қандастардың Қазақстан қоғамына бейімделуі мен қалыптасу жағдайларын зерттеу барысында біршама еңбектер жарық көрген болатын. Солардың ішінде С. Мажитовтың, К. Балтабаеваның, Т. Мамашевтың, Ж. Ермекбайдың, А. Баймагамбетованың «Казахская диаспора и репатриация (1991-2012)» ұжымдық монографиясын айтуға болады [22]. Монографияда Қазақстан Республикасының репатриация саясаты кең көлемде талқылынып, мемлекеттік бағдарламалармен диаспоралардың қызметтері, қарым-қатынастары зерделеніп қарастырылған. Мұнда Республика деңгейінде елге оралған қандастардың аймақтар бойынша орналасу көрсеткіштері мен жүргізілген бағдарламалар және әлеуметтік бейімдеу саласындағы көмектерді алу жолдары жазылған. Қазақ диаспораларының қалыптасу тарихы және қандастармен мемлекетаралық қарым-қатынас саясаты көрсетілген. Елге оралған репатрианттардың білім алу мүмкіндіктері, жастарға арналған дайындық бөлімдерінің қызметтері талқыланған. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайларында көтерілген мәселелермен ондағы репатриация саясатын дамытуға бағытталған ұсыныстары берілген. Ұжымдық еңбекте республикалық деңгейдегі және орналасу аумақтары көлемінде әлеуметтік қоғамдық орталарда қалыптасуында көрсетілген зерттеулер негізгі қалыптасқан мәселелерді нақтылауға мүмкіндік берді. Бірақ зерттеу жұмысы негізінен кең ауқымда республика көлемінде қарастырылып, жекелей өңірлердегі қандастарды бейімдеу мен кіріктіру шараларына кеңінен тоқталмағандығын көруге болады. Осы аталған ұжымдық еңбекте Шығыс Қазақстандағы репатрианттар мәселесі кейбір эпизодтық түрде ғана көрініс береді. Сондықтан Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың күнделікті өмір тарихын зерттеу маңызды болып қалып отыр.

Б. Атантаеваның, А. Мамырбековтың, А. Оспанованың «Шығыс Қазақстандағы репатриация үдерісінің тарихы» монографиясы [23, б. 143], жергілікті зерттеушілердің еңбектерінің нәтижесі болып табылады. Бұл еңбек осымен де ерекшеленеді. Бұл зерттеуде елге оралушы репатрианттардың қоғамдық ортаға кірігулері мен бейімделуі төңірегіндегі мәселелер қарастырылған. Репатриация саясатының теориялық жағына талқылау жасаған. Монография Шығыс Қазақстанға арналған еңбектердің бірі болғанымен репатрианттардың күнделікті өмір тарихы және бейімдеу орталықтарының жұмыстарының жергілікті мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу қызметтері үстіртін қарастырылған. Семей және Өскемен қаласында орналасқан жоғары оқу орындарындағы дайындық бөлімінде білім алушы

жастардың бейімделулерімен қоғамдық ортаға кірігу шаралары зерттеу нысанына алынбаған. Халықаралық және мемлекеттік бағдарламалар барысындағы облыс көлемінде қандастарды қоғамдық ортаға бейімдеу мен әлеуметтік-экономикалық қолдау жұмыстары толықтай көрсетілмеген.

Орталық Азиядан, Ресейден, Моңғолиядан және Қытайдан келген репатрианттардың бірігуі, олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі туралы деректер ғалым-этнографтар А. Қалыш және Д. Қасымованың «Пути интеграции оралманов в казахстанское общество: реалии и вызовы» [24] атты ғылыми еңбегі мен «Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов» [25] еңбектерінде көші-қон тарихы мен қазіргі жағдайы бойынша жұмыстары жарияланды. Қазақстандағы этникалық көші-қон проблемаларын отандық және шетелдік тарихнамада зерттеудің қазіргі жай-күйі ашылады, онда толеранттылық пен төзімсіздік деңгейінің алғашқы қорытындылары, оралмандардың қазақстандық болмысқа әлеуметтік-мәдени бейімделуіндегі қиындықтар көрсетілген. Бұл зерттеу еңбектерінде тарихнамалық талдау жасалған, авторлар этникалық репатрианттардың қазақстандық социумға әлеуметтік-мәдени байланыстардың басты назарында интеграциялық үдерістерін, халықтың жергілікті топтарымен өзара қарым-қатынасты жолға қоюды қарастырып, белгілі бір әлеуметтік қиындықтарды атап өтеді. Сонымен қатар, шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері талданады. Репатрианттардың тұрғылықты халықпен қарым-қатынасын тереңдей зерттеген монографиялық еңбектері ретінде атап өтуге болады. Бірақ, еңбекте репатрианттар мәселелері кеңінен талқылынып қарастырылғанымен жекелеген өңірлердің ішіндегі бейімдеудің ерекшеліктері аз қамтылған.

Отандық зерттеуші Б. Қалшабаева өзінің «Орталық Азиядағы қазақтар» атты еңбегінде қазақ диаспорасының тарихы мен этнографиялық жағдайдағы ерекшеліктеріне арнаған. Орта Азиядан тарихи отанына қоныс аударған қандастардың қоныстануы мен рулық құрамдарын, олардың бүгінгі күнді әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қарастырған. Бұл еңбектен Орта Азиядан елге қоныс аударған репатрианттардың көшіп келген аймақтары мен сандық мәліметтерге байланысты деректер алуға болады [26]. Зерттеудегі көтерілген мәселелер бойынша елге оралған оралмандардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне олардың миграциялық үрдістеріне әлеуметтік талдау жүргізген. М. Садырова мен С. Амитовтың «Миграционные процессы в Казахстане и социальная адаптация оралманов: социологический анализ» [27] еңбектерінің маңызы жоғары. Олардың зерттеулерінде этникалық репатрианттардың тарихи Отанына оралуындағы негізгі себептерін әлеуметтік талдау жасау арқылы анықтайтын теориялық-әдіснамалық негіздерге сараптама жүргізілген. Осы еңбекте алғаш рет этникалық репатрианттардың бейімделу тәжірибе мәселесі кең ауқымды әлеуметтанулық өлшемде зерттелді. Сонымен қатар қоныс аударушы этникалық репатрианттардың өңір ортасына бейімделу процесінің сипатын анықтайтын объективті және субъективті факторлар да көрсетілген. Мұнда этникалық оралмандарды сәйкестендірудің қабылдаушы елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне, сондай-ақ жана әлеуметтік ортаға

бейімделу процесіне әсер ететін ішкі, сыртқы факторларға байланысты екендігі кеңінен қарастырылған. Этникалық репатрианттарды тарихи Отанына қайтарудың барлық мотивтерін қалыптастыру сатыларын, репатрианттарды жаңа жерге бейімделуін, сондай-ақ қазақстандық қоғамдағы өзін-өзі сәйкестендіру процесін қарастыру қажеттілігі көрсетілген. Этникалық иммигранттардың бейімделу жүйелеріне назар аудару, оларды тарихи Отандарына қайтарудың себептерін және шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Отандастардың оралу себептерін зерттеудегі әлеуметтанулық зерттеу әдістері арқылы көшіп келуге әсер ететін негізгі себептер мен факторларды түсінуге көмектеседі. Еңбекте этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтарудың мотивациялық құрылымын есепке алу, Қазақстанға қоныс аударуға әлеуетті репатрианттар санының артуына ықпалы да талқыланған. Жалпы бұл еңбекте зерттеу жұмыстары елдің белгілі бір өңірлеріне емес тұтас ел көлемінде жүргізілген. Сондықтан да мұнда өңірлердегі қандастарды бейімдеу мен кіріктіру шараларына салыстырмалы талдау қарастырылмаған. Шығыс Қазақстанға келген репатрианттар арнайы зерттеу нысанына алынбағанымен, елге келген қандастардың бейімделу қызметтеріне жалпы талдау жұмыстары жүргізілген.

Тәуелсіздік жылдары отандық зерттеуші ғалымдардың арасында репатриация бойынша әр түрлі салаларда бірнеше диссертациялық жұмыстар жазылып, зерттеу еңбектері жарық көрген болатын. Олардың ішінде репатрианттардың әлеуметтік-экономикалық бейімделулері мен қоғамға кірігу, оқыту шаралары, этнодемографиялық, психологиялық қалыптасулары бойынша жұмыстар қарастырылған. К. Нұрымбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.)» диссертациясында елдегі 1990 жылдарда орын алған репатриация үрдісін және 2000 жылдардағы репатриация саясатының ерекшелігін, қандастарды аймақтар бойынша орналасуын зерттеген. Зерттеу жұмысында оралмандарға берілген жылдағы квота мәселелері қарастырылған. Репатриация процесі барысындағы мәселелер мен жетістіктері сараланған. Бөлімдерде республиканың аймақтарына қоныс аударған оралмандардың орналасулары туралы көрсетілген ақпараттар диссертациялық жұмысқа негіз болды. Бірақ дегенмен жекелеген облыстар төңірегінде зерттеу сандық көрсеткіштермен шектелгендігін көруге болады. Оның ішінде Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың өзара әрекеттесуі мен бейімдеу саясаты қарастырылмаған [28]. Б. Шуршитбайдың «Қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі: тарихи талдау (1991-2009 жж.)» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында репатрианттардың бейімделуі мен қоғамға кірігуі мәселелеріне бұқаралық ақпарат құралдарында шыққан мақалаларға талдау жасалынған. Бейімдеу саласында қоғамның белсенді азаматтары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметінің мемлекеттік саясатты дұрыс жүргізуі оралмандарға деген түзу көзқарасты тудырады деп есептейді. Бұл еңбекте баспасөз беттеріндегі репатриация қызметі жақсы көрсетілгенімен, бірақта оның республикалық деңгейдегі қызметтеріне басымдылық берілген. Байқап

отырсақ, бұл еңбектен Шығыс Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының репатрианттар жайындағы көрсетілген қызметтерді толықтырудың қажеттілігі байқалады [29].

Диссертациялық жұмыстың тақырыбына жақын жазылған еңбектердің бірі А. Оспанованың «Мемлекетаралық көші-қон тарихы: Шығыс Қазақстан облысындағы репатриация процесі (1991-2011 жж.)» магистрлік диссертациялық жұмысында репатрианттардың аймақтарға орналасуы мен қоғамдық ортаға бейімдеу шаралары ішінара зерттелген. Сонымен қатар миграция терминіне талдау жұмыстары жасалған. Бірақ, жұмыста Шығыс Қазақстандағы репатрианттарға арналғанымен репатрианттарды бейімдеу қызметтері мен жергілікті органдар арасындағы өзара қарым-қатынас жағдайлары кеңінен қарастырылмаған. Сонымен қатар, репатрианттардың күнделікті өмір жолындағы бейімделу мен кіріктіру қызметтеріне де зерттеу жүргізілмеген. Облыс көлемінде жоғары оқу орындарында репатрианттарды оқытудағы дайындық бөлімінің қызметтері зерттеу нысанына алынбаған. Зерттеу жұмысы 2011 жылға дейінгі уақытты қарастырғандықтан, Шығыс Қазақстандағы ақырғы он жылдықтағы репатриация саясатындағы репатрианттардың өзара әрекеттесу мен бейімделу қызметтері және күнделікті өмір тарихын кеңінен зерттеудің қажеттілігін көрсетеді [30].

Репатрианттардың қоғамдағы үрдіске бейімделуі мен қалыптасу жағдайларын зерттеу тарих ғылымынан басқа да сала мамандарын қызықтырып отырған зерттеу нысаны. Қабылдаушы қоғамдастықтың әлеуметтік-мәдени ортасындағы қандастардың интеграциялық мәселелері философия, педагогика, әлеуметтану, филология, медицина, психология, экономика, құқықтану сияқты салалар бойынша диссертациялық жұмыстарда зерттелді. Бұл жұмыстарға тән ортақ ерекшелік, оларда репатрианттардың орталарына бейімделу үрдісі және тәжірибиесі тар ауқымда, яғни таза өз салалары бойынша жүргізулерінде. Солардың ішінде, С. Нургалиеваның «Педагогические условия подготовки оралманов к успешной адаптации для обучения в Казахстане» [31], М. Какимжанованың «Социальная интеграция репатриантов как философская проблема» [32], С. Амитовтың «Социальная адаптация этнических репатриантов в современном казахстанском обществе (социологический анализ)» [33], Р. Абишеваның «Оралмандардың ауызекі сөйлеу тілі ерекшеліктері» [34], А. Есалиевтың «Научные основы мероприятий, направленных на обеспечение эколого-гигиенической адаптации мигрантов-оралманов к условиям Южно-Казахстанской области» [35], А. Сагындыковтың «Оқу-тәрбие процесінде оралман-тыңдаушылардың патриоттық қасиеттерін қалыптастыру» [36], Л. Баймолдинаның «Жас қазақ репатрианттардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігі мен аккультурациясының этнопсихологиялық ерекшеліктері» [37], М. Жетесованың «Механизм экономической интеграции оралманов в казахское общество» [38] еңбектері.

Этникалық репатрианттардың көші-қон үрдістерін талдауға, этникалық қазақтарды қайтару жөніндегі мемлекеттік реттеу мәселелерін, репатриацияны құқықтық реттеудің проблемалары мен перспективаларын жариялауға,

репатрианттардың қайтып оралу және бейімделуіне арналған материалдарына шолу жасалды. Қазақстандағы ішкі көші-қон жұмыстарын зерттеуге арналған А. Сейсенбаеваның «Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үдерістері» [39], С. Есетованың «Государственное регулирование процесса возвращения репатриантов на историческую родину (теоретико-правовое исследование)» [40], Б. Досжановтың «Конституционно-правовой статус оралманов в Республике Казахстан» [41], Д. Жампейсовтың «Отандастардың (оралмандардың) оралуын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы: салыстырмалы-құқықтық зерттеу» [42] диссертациялық жұмыстарында қоғамдық ортаға бейімдеудің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, репатрианттардың тарихи Отанына оралуы ағындарына социологиялық талдау және аймақтарға орналасулары мен қоғамдық ортаға бейімдеу шаралары қарастырылған. Сонымен қатар, репатрианттардың этно-психологиялық алғышарттары мен құқықтық мінез-құлқының себептерін, репатрианттардың құқықтық мәртебесі мен заңнамалық реттеу шаралары зерттелген. Бірақ осы зерттеу жұмыстарында Шығыс Қазақстандағы репатриация саясаты арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын атап айтамыз.

Көші-қон үрдістеріне этникалық репатрианттардың тарихына жалпы қазақтың тарихы мен мәдениетінің мәселелерін зерттейтін шетелдік ғалымдардың, олардың ішінде антропологтардың, этнографтардың және т.б. назарын аударады. Репатрианттардың жәй-күйін зерттеу де шетелдік зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Көші-қон, репатриация мәселелері шетелдік зерттеушілер айналысатын ауқымды мәселе екенін ескере отырып, біз зерттеу проблематикасына тікелей немесе жанама әсер ететін басылымдарға шағын тарихнамалық талдау жүргізуді шештік. Соның ішінде, Қазақстан мен Шыңжаңдағы қазақтардың ұтқырлығы зерттеген Н. Аблажейдің «Казахский миграционный маятник «Казахстан – Синьцзян». Эмиграция. Репатриация. Интеграция» [43] монографиясын көрсетуге болады. Жұмыста Қазақстан-Шыңжаң шекарасындағы 1880-жылдар мен 1960-жылдардың басына дейінгі эмиграциялық және реэмиграциялық динамика ұсынылған, сонымен қатар 1930-жылдардың басындағы ашаршылық кезеңінің көшіп кетуіне және 1954-1963 жж. қайтарымды көші-қонға екпін бергендігі зерттелген. Қазақстанның титулдық халқы санының эмиграция мен реэмиграцияға тәуелділігі көрсетілген. Кеңес үкіметінде 1954-1962 жылдардағыдай, жоспарлы және реттелген репатриация мемлекет үшін бірінші кезекте елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға бағытталғаны зерттелген. Елге келген репатрианттарды бейімдеу шаралары жайында жазып қарастырған.

Сонымен қатар, қазақ репатрианттарының мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне қызығушылық танытып жүрген Цюрих университетінің профессоры, этнограф ғалымы Петер Финкені атауға болады. П. Финкенің ғылыми мамандануы Моңғолияда, Қытайда, Түркияда тұратын этникалық қазақтардың тарихи антропологиясы болып табылады. Моңғолияның қазақ ауылдарында жүргізген далалық зерттеулердің нәтижесінде жеткілікті

эмпирикалық материал жинақталды. Қазақстанда зерттеу жүргізген материалдары негізінде келесідей материалдар баспаға шыққан: «Historical Nomelands and Transnational Ties: the Case of the Mongolian Kazaks» [44] атты еңбегі арқылы автор Моңғолиядан елге оралған қандастар жайлы, сонымен қатар оларды қоғамдық ортаға бейімдеу және мәдени өмірлеріне қатысты маңызды мәліметтерді береді. Сондай-ақ, П.Финке түрік зерттеушісі Мелтем Сансакпен бірге «Migration and Risk Taking A Case Studu from Kazakhstan», Diasporas and Re-Patriants: The Kazaks Return «Home» [45, p. 175-194] атты мақалаларында Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бергі елге оралған репатрианттардың қалыптасқан мәселелерін шетелдік зерттеушілердің пікірлерімен салыстыра отырып зерттеген. Сонымен қатар түрік зерттеушісі Isik Kuscu [46, p. 31-44] еңбектерінде негізінен Орта Азиядан келген қандастардың өміріндегі мәдени ерекшеліктері көрсетіледі. Шетелдік зерттеушілердегі репатриант терминіндегі теориялық және методологиялық жағы мен елге оралған қандастардың саяси және мәдени жағдайлары қарастырылған.

Ресейлік ғалым И. Поправко «Чужие среди своих: репатрианты, аутентичность и повседневные границы в Восточном Казахстане» мақаласында Шығыс Қазақстанға келген репатрианттар жайында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, келген елдеріне байланысты олардың айырмашылықтарын ашып көрсетуге тырысқан [47, с. 206-214]. Алайда И. Поправко өз зерттеуінде бір ғана әлеуметтік зерттеу арқылы Шығыс ауылында тұратын репатрианттарды қарастырып, олардың тұрғылықты халықпен арақатынасына байланысты асығыс тұжырымдар жасағанын көруге болады. Онда ол кездесіп қалатын қайшылықты мәселелерге тоқталып олардың себептерін тарихи тұрғыдан терең ашпайды. Бұл зерттеудің тағы бір кемшілігі Шығыс Қазақстандағы өзге аудандар мен қалаларда орналасқан репатрианттардан ақпараттар жиналмаған және бейімдеу мен қоғамдық ортаға кірігу шараларын ашып көрсете алмаған.

Басылымдарды талдау барысында біз этникалық репатрианттардың иммиграцияны мемлекеттік реттеу және жаңа тұрғылықты жерге бейімделуге байланысты белгілі бір мәселелер жиынтығы бар екенін анықтадық. Поляк ғалымдары Grzymała-Kazłowska A, Grzymała-Moszczyńska H. «The Anguish of Repatriation: Immigration to Poland and Integration of Polish Descendants from Kazakhstan» [48] еңбегінде этникалық поляктар көші-қон саясатының құрамдас бөлігі ретінде репатриация мәселелерін қарастырды. Авторлар уәде етілген репатриациялық визасы бар мындаған адамдар әлі де репатриацияны күтіп отырғанын, бұл ретте репатрианттардың көпшілігі бұрынғы КСРО-ның азиялық бөлігінде поляктар ұрпақтарының ең көп халқы тұрған Қазақстаннан шыққанын анықтады. Этникалық поляктардың көшіп келуінің басты себебі сентиментальды сезімталдықтан емес, өмір сүру жағдайларын жақсарту. Польшада бейімделу кезеңі әсіресе қарт оралмандарға қиын, олар қаржылық және тұрғын үй мәселелерін бастан кешуде. Авторлар репатрианттар үшін қиындық туғызатын мәселе, олардың кеңістік дисперсиясымен, лингвистикалық және мәдени құзиреттілігінің жеткіліксіздігімен және жеке

басының мәселелерімен қатар, поляктық жұмыспен қамту нарығында жұмыс іздеу болып табылады деп пайымдайды.

Этникалық қазақтардың екінші ішкі көші-қонымен салыстырғанда, біз үшін тұрғылықты жері мен өмір сүру жағдайларын жиі өзгертуге мәжбүр адамдардың бейімделу тәжірибесін қарастыратын басылымдар қызығушылық тудырады. Солардың бірі Eranchintseva G.A. «Comparative analysis of the feeling of subjective well-being and resilience of repatriates» [49] еңбегінде тұрғылықты орны өзгеше мәдениеттегі субъективті жағдайды сезіну ғылыми мәселенің жағдайын қысқаша транзакциялық талдауы ұсынды. Мұндағы эмпирикалық зерттеудің проблемалық кеңістігі басқа елдерден келген репатрианттардың өміріне қанағаттану мен өмір сүрудегі тұрақтылығы арасындағы байланысты орнату бойынша зерттеулермен сипатталған. Мұндай әлеуметтік талдауды біздің проблематика бойынша психологиялық сезімдерді талдау аясында қолдануға болады.

Зерттеу жұмысы барысында біз шығу тегі бойынша әр түрлі, бірақ ұлттық кодпен бірдей екі түрлі мәдениеттің өзара әрекеттесу шекарасының арақатынасын белгілеуге тырыстық. Berry J.W. «Immigration and adaption. Applied Psychology» [50] зерттеулері арқылы кроссмәдени бейімделуді белгілі бір мәдениетке жататын адамның басқа мәдениетпен ұзақ, үздіксіз және тікелей байланысы кезінде пайда болатын бейімделу процесі ретінде анықтады. Бейімделуді жеке тұлғаның өзгеруі және мәдени байланыс процесінде адамдардың күйзелісі және бейімделудің соңғы нәтижесі ретінде ұзақ мерзімді және салыстырмалы түрде тұрақты деп бөледі. Кроссмәдени бейімделу процесінде жеке адам өзінің мәдениетін сақтауға мән берсе және сонымен бірге басқа топтармен күнделікті қарым-қатынасқа назар аударса ол интеграция тактикасын қолданады, егер адам өзінің мәдени ерекшелігін сақтауға тырыспаса, бірақ сонымен бірге күнделікті негізде басқа мәдениетпен өзара әрекеттесе, онда ол ассимиляция тактикасын қолданады. Осылайша қабылдаушы мен иммиграциялық мәдениеттің өкілдері арасындағы өзара байланыс ретінде қарастырды.

Körpen B. мақаласы біз үшін біршама қызықты «Self-attribution and identity of ethnic-German SpätAussiedler repatriates from the former USSR: an example of fast-track assimilation» [51] Бұнда кеңестік немістерді тарихи Отандарына Германияға қайтару процесінің этникалық қазақтардың оралуымен ұқсастығына назар аударған. Бірнеше ондаған жылдар бойы репатрианттар – «SpätAussiedler» - деп аталатындардың ішінде Қазақстаннан барғандар – Германия Федеративтік Республикасындағы иммигранттардың маңызды топтарының бірі болды. Немістер саясаты неміс азаматтығын ұлттық негізі бойынша алуға жылдам және біртіндеп ассимиляцияны ұсынды. Алайда, «SpätAussiedler» неміс емес иммигранттармен салыстырғанда неміс қоғамына құрылымдық және әлеуметтік интеграцияның артықшылықтары мен жеңіл интеграцияның белгілері болғанына қарамастан, жылдам ассимиляцияның алғашқы үміттері асыра орындалды. Дәл осындай жағдай Қазақстан Республикасында да орын алды, бәрі бірдей жеңіл болған жоқ. Оның орнына,

SpätAussiedler неміс зерттеушілері жүргізген этникалық өзін-өзі сәйкестендіру, мәдени дағдылары мен тілдік мінез-құлық әдеттері туралы сауалнама мен сұхбат нәтижелері көрсеткендей, көптеген репатрианттар гибридіті «орыс-неміс» сәйкестілік туындады.

Этникалық репатриация тарихының ғылыми мәселесі пәнаралық тұрғыдан да талданады. Зерттеуші ғалымдардың «Жаңа тарих ғылымы» өкілдерінің М. Блоктың [52] еңбегінде зерттеу акценттерін сыртқы ауқымды оқиғадан ішкі адами өлшемге, яғни уақыт өлшеміндегі адамдар туралы тарихқа ауыстырғаны көрсетілген. А. Гуревичтің [53] еңбегінде әлеуметтік-мәдени кеңістікті сипаттау барысы қарастырылған. Күнделікті өмір тарихы шетелдік ғалымдардың еңбектерінде теориялық және әдіснамалық мәселелерін зерттеуден тұрады. XX ғасырдың ортасынан бері қарай күнделікті өмір тарихы ғылыми білімнің тәуелсіз саласына айналды және ол гносеологиядағы тарихи-антропологиялық өзгеріспен байланысты болды. XX ғасырдың екінші жартысындағы күнделікті өмір тарихын, оның негізін қалаған еуропалық және американдық авторлардың ішінде: П. Бергер, Т. Лукман [54], Л. Февр [55], Ф. Бродель [56], К. Гирц [57], Ю. Лотман [58], А. Людке [59], К. Гинзбург [60], Э. Ле Руа Ладюри [61], және т.б. зерттеушілердің еңбектері кеңінен зерттеген. «Күнделікті өмір мен күнделіктілік» терминін француз тарихшысы Ф. Бродель ғылыми айналымға енгізді. Тарихшының өзі бұл термин «адамның күнделікті тарихының мазмұнын» идеалды белгілеуден алыс және бұдан дәл термин табылмағаны үшін қолданылып, қабылданғанын мойындады. Бірақ, А. Людке қарапайым адамдардың күнделікті өмірін ғылыми зерттеу саласынан шығарған ескі тарихнамалық дәстүрге қарсы бағытталған «қысқаша және мазмұнды тұжырым» ретінде термин өзін ақтайды деп сеніп, осы күнделіктілік терминді қолданған.

Ресейлік ғалым Б. Орловтың «Советская повседневность: исторический и социологический аспекты становления» монографиясында кеңестік күнделікті өмірдің негізгі аспектілері ашылған. Күнделікті өмірді зерттеудің зерттеу процесі жеке элементтерді бір жүйеге біріктіруді көздейді. Осыған байланысты күнделікті өмір тарихы микротарихи тәсілдер мен әртүрлі дереккөздер топтарымен жұмысты синтездеу арқылы зерттеудің деректану базасын айтарлықтай кеңейтеді. Әлеуметтік тәжірибені құрастырудағы қарым-қатынастардың, өзара әрекеттесу бейімделу формасы жаңа бағыт аясында дереккөз ұғымы кеңейтілуде [62].

Сонымен қатар ғылыми мақалалар мен бұқаралық ақпарат құралдарының жазба материалдарында, интернеттегі ресми сайттарда репатрианттарға қатысты олардың қоғамдық ортаға кірігуіндегі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық ахуалдары мен көші-қон мәселелері қарастырылған мақалалар саралай пайдалану арқылы зерттеу жұмысына алынды. Елдегі көші-қон процесінің қалыптасуы мен даму жағдайларын кеңінен талқылап, заңнамалық құжаттарды талдауды қарастырған жұмыстар бар. Сол сияқты қазақ диаспорасының бүгінгі мен болашағын зерттейтін біршама еңбектер де жазылған. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Құшағымыз бауырларға

айқара ашық» мақаласы миграция процесінің басталуын көрсететін және негіз болған басылымдар болды [63, б. 8]. Олардың ішінде, Мемлекеттік көші-қон басқармасының басшылығымен шығарылған: «Миграция: Сборник нормативных правовых актов Республики Казахстан» [64], Д. Ескекбаевтың «Қазақ диаспорасы: бүгінгі және болашағы» [65], К. Султановамен Т. Абишеваның «О ситуации с правами оралманов, лиц без гражданства и беженцев в Республике Казахстан» арнайы баяндамасы [66], А. Жүнісбекова мен Қ. Шолпанқұлованың «Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің кейбір мәселелері» [67], Ж. Ермекбаевтың «Казахская диаспора, проблемы ее миграции и социального положения» [68], Ә. Нысанбаевтың «Қазақ диаспорасының ғылыми зерттеу мәселелері» [69, б. 4-7], Н. Мұқаметханұлының «Қазақ диаспорасының ұлттық танымы мен тәуелсіздік санасы – ұлттық біртұтастанудың ұйытқысы» [70, б. 157-162], С. Мейірмановтың «Миграциялық саясаттың мәні мен мазмұны» [71], Р. Елмырзаеваның «Қазақстанның көші-қон негіздері» [72], А. Сейсенбаеваның «Оралмандардың көші-қонындағы кейбір мәселелер» [73], Г. Алтынбекованың «Нұрлы Көш-Ұлы Көш немесе ел дамуындағы басты стратегиялық бағыт» [74], М. Жақыптың «Ағайын арасындағы алтын көпір» [75], Б. Ракишеваның «Казахская диаспора: миграционный потенциал и ожидания от Казахстана» [76], С. Амитовтың «Проблемы социально-экономической адаптации оралманов» [77], Б. Атантаеваның «Проблемы правовой и социальной адаптации репатриантов в Республике Казахстан» [78], Е. Садовскаяның «Этническая структура современных миграций из Китая в Казахстан и проблемы принимающего общества» [79, с. 151-180] ғылыми мақалаларында репатрианттардың бүгінгі таңдағы мемлекет тұрғысынан шешілетін мәселелеріне талдаулар жасай отырып, елдің миграция саясатындағы негізгі бағдарламаларына сүйене отыра зерттеулер жүргізілген.

Елдегі репатриациялық ахуалдың өзекті мәселелерінің зерттелуіне, көші-қондық жағдайдағы халықтың саны мен қандастардың аймақтардағы орналасу көрсеткіштеріне және әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, қоғамдық ортаға бейімделулеріне арналған зерттеу жұмыстары бар. «Қазақстан Республикасы және қазақ диаспорасы өзара іс-әрекетінің проблемасы мен болашағы» [80, б. 74-77] еңбегінде, ҚР ҰҒА академигі Ә. Нысанбаевтың басшылығымен шығарылған «Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі» [81] ғылыми конференция жинағындағы ғалымдардың зерттеулерінде (С. Нұрмұратов, А. Айталы, М. Тәгімовтың және т.б) репатрианттардың бүгінгі жағдайына қатысты мәліметтер берілген. Олар репатрианттардың орналасуындағы демографиялық көрсеткіштерін айқындауда және де тақырыптың мазмұнын сипаттау барысында пайдаланылды. Б. Ракишеваның «Репатрианты в Казахстане: социально-демографический анализ» [82], С. Нұрмұратовтың «Шетел қазақтарының санасы мен менталитетіндегі ерекшеліктер» [83], А. Үкібаевтың «Елге ел қосылса құт» [84], М. Асылбековтың «Қазақ халқының этнодемографиялық даму белестері» [85], Қ. Нұрымбетованың «Репатриация үрдісі және оралмандар», «Қазақстан тарихы:

инновациялық тұжырымдамалар мен дәуірлеу ғылыми танымның басым бағыттары» [86, б. 152], G. Mendukulova «Some notes on the repatriation politics in the Republic of Kazakhstan» [87, p. 18-23], С. Нұрмақовтың «Шетел қазақтарының санасы мен менталитетіндегі ерекшеліктер» [88], А. Калыштың «Адаптация казахов – оралманов из стран дальнего зарубежья в Казахстане» [89, с. 165-169], С. Нұрмұратовтың «Қазіргі кезеңдегі қазақ репатрианттардың құндылықтық басымдылықтары» [90, б. 156], Б. Уатканның «Полевые материалы ВАК: Восточная Казахстанская область» [91], А. Алексеенконың «Казахстанская репатриация: причины, особенности перспективы» [92], М. Матаевамен Д. Жампеисовтың «Проблемы и перспективы предупреждения преступлений в сфере этнической репатриации» [93, с. 170-171], А. Қалдыбаеваның «Азаматтық алу» [94, б. 36], Ә. Бапанованың «Нұрлы көш» бағдарламасы жемісін беруде» [95], Б. Қалшабаеваның «Отандастардың (репатрианттардың) жергілікті ортаға бейімделу проблемалары» [96, б. 113], А. Жанбосинова мен М. Карибаевтың «Мемлекеттік көші-қон саясатындағы репатрианттарға арналған бағдарламалардың іске асу ерекшелігі» [97], Н. Саматовтың «Ақтауда оралмандарға арналған бейімдеу орталығы ашылды» [98], А. Оспанованың «Алтай жастары бірлестікте бас қосады» [99], Т. Щеглованың «Повседневные практики и система жизнеобеспечения сельского населения в борьбе с холодом и голодом в тыловой деревне Сибири как фактор победы в Великой Отечественной войне: новые подходы и источники в исторических исследованиях» [100], З. Шәукенова мен С. Нұрмұратовтың «Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы» [101], С. Балғабаевтың «Жолайрықта тұрған көш» [102], A. Yensenov, K.A. Karasayev, G.M. Kaliyeva, M. Sh. Naimanbayev, B. R. Bazarov, K. T. Return of Kazakh Diaspora from world countries to the Republic of Kazakhstan (1992-2018) [103] және т.б ғылыми мақалалар мен еңбектер зерттеу жұмысын жазуда пайдаланылды. Көші-қон процесін зерттеушілер осы салада жүргізіліп жатқан саясат пен негізгі әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы мемлекеттік бағдарламаларға кеңінен тоқталып, қоғамдық ортаға бейімдеудің маңызды тұстарын көрсеткен.

Осылайша, ғылыми еңбектердің зерттелу дәрежесін талдау біздің зерттеудің жекелеген аспектілерін ашатын тарихнамалық сюжеттердің болуын көрсетті. Этникалық қазақтарды репатриациялаудың бастапқы кезеңіндегі басылымдардағы статистикалық көрсеткіштерге сүйеніп, қоныстандыру орындарында қайта оралу және жайғастыру үрдісінің сюжеттік-өңірлік сипатын айқындайтын талдау жасалды. Ғылыми зерттеулердің мамандануының шартты ранжирін атап өту маңызды, себебі тарих ғылымы қазақ диаспорасының қалыптастуына, этнографиясына және мәдениет мәселелеріне назар аударды. Демографтар репатриацияны халық саны динамикасының сапалық және сандық көрсеткіштерінің өсуі тұрғысынан бағалады, экономистер мен заңгерлер репатриацияның әлеуметтік-экономикалық және нормативтік-құқықтық компоненттерін қарастырды, психологтар мен педагогтарға әлеуметтанушылар қосылып бейімделу тәжірибиесін зерттеді.

Этникалық репатрианттар тарихының проблемалық кеңістігін, зерттелетін құрылымдарды кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік беретін пәнаралық сипатқа ие. Мысалы, ғылыми білімнің бірнеше саласы тұрғысынан авторлар көптеген еңбектерде этникалық қазақтардың бейімделуін қарастырған. Жүргізілген талдау ғылыми кеңістіктен тыс түсіну мен бағалауды, егжей-тегжейлі зерттеуді әлі де қажет ететіндігін көрсетеді. Репатриация мәселесі күнделікті өмірде бейімделу тәжірибесінің сипаттамасына, бейімделу ерекшелігіне, жеке микросюжеттері бар антропологияға, қарым-қатынастардың өзгеру динамикасындағы күнделікті үрдісті түсіндіруге қарамастан ғылыми назардан тыс қалғандығын ескереміз. Күнделікті өмір тарихы арқылы этникалық репатрианттардың мәдени менталитетін және оның жаңа өмір жағдайларына бейімделуін көруге және түсінуге болады. Қазақстандық азаматтықты және сәйкестілікті қайта құру, жеке және қоғамдық әлеуметтік кеңістікті қалыптастыру, басқа мәдени белгілермен бір этностың өзара қарым-қатынасы жүйесін күнделікті жағдайда көруге болады. Қол жетімді ғылыми әзірлемелер мен басылымдарға жүргізілген сыни талдау күнделікті өмір тарихының назарында этникалық репатрианттар мәселесі диссертациялық зерттеудің пәні болмағанын көрсетті. Күнделікті талдауда этникалық репатриацияның теориялық моделінің болмауы оның проблемалық зерттеуіне негіз болды.

Аталмыш диссертацияның дерек көзі ретінде Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында сақталған құжаттар мен Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының қорларында сақталған құжаттары кірді. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатының келесі қорлары қолданылды. 75-Н Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қорларынан алынған мәліметтер пайдаланылды. 5-Н қорда «Шетелдегі қазақ диаспора өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету» туралы өкімдер мен көші-қон қозғалысы жайлы деректер сақталған. 7, 5-Н қордың құжат 1 тізім: 96,101,108, 3136 «Көшіп-келу» туралы ҚР-ның алғашқы заңы жүзеге асыру шаралары, көші-қон саласына қатысты бағдарламалар және 1994 жылғы шет елдерден көшіп келу квотасы және көшіп келгендер саны туралы ақпараттар пайдаланылды. 75-Н Қорда «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі» құжаттарындағы Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне Моңғолиядан және басқа да республикалардан келген қазақ азаматтарын қоныстандыру және оларға қаржылай көмек көрсету туралы деректер жинақталған. Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттама орталығының (ШҚО ҚЗТҚО) 652 «Семей қаласының еңбек және жұмыспен қамту басқармасы» қорында 1991-1995 жылдар аралығында Семей облысына Моңғолия, Қытай, Тәжікстан, Ресей т.б мемлекеттерінен қоныс аударушы репатрианттардың саны және оларды облыс аудандарына орналастыру және әлеуметтік көмек беруі туралы құжаттар тақырыпты жаңаша тұрғыдан зерттеуге негіз болды. 2001 ж. репатрианттар отбасыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы ақпарат ШҚО ҚЗТҚО

720 мұрағат қоры № 508 тізім № 1.652 қорда «Годовой отчет по миграции населения за 1994 г», «Переписка главного управления с учреждениями, организациями и гражданами по вопросам миграции населения за 1995-1996 гг.», «Материалы (отчеты, сведения, списки, справки и переписка) о ходе строительства жилых домов для граждан, прибывших из МНР за 1993-1995 годы», «Переписка с вышестоящими органами по вопросам приема и размещения граждан, прибывших из МНР за 1991-1995 гг.» құжаттарынан репатрианттарға мемлекет тарапынан көрсетілген көмектер мен көші-қон басқармасының мәліметтері және облысқа қоныс аударушылар туралы деректер сақталған.

Дереккөздердің екінші бір маңызды тобына ҚР-ның Көші-қон процесін реттеу мақсатында қабылданған заңдық құжаттар және репатрианттарға байланысты мемлекеттік бағдарламалар. Көші-қон процесін жүйелеу мен негізгі бағыттарды реттеу жолында қабылданған заңдық құжаттар негізгі дереккөздердің бірі. Олар, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары мен Үкімет пен басшы органдардың заңдық актілері. Соның ішінде, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Халқықтық көші-қоны туралы» Заңы (1997 ж. 13 желтоқсан), Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары мен Үкімет пен басшы органдардың заңдық актілері ҚР көші-қон саясатының Тұжырымдамасы (2000 ж. 5 қыркүйек), ҚР көші-қон саясатының 2001-2010 жж. арналған салалық Бағдарламасы (2001 ж. 29 қазан) мен 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасынан алынған мәліметтер тақырыптың зерттеу аясын кеңейте түседі. Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің жинақтары, Шығыс Қазақстан облыстық статистика басқармасының мәліметтері де қолданылды.

Зерттеудегі деректердің үшінші бір тобына «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерлету» БҰҰ ДБ/БҰҰЕ жобасы, Отчет ООН и Правительства РК для Восточно-Казахстанской области «Повышение конкурентоспособности региона через внедрение инновационных подходов к региональному планированию и оказанию социальных услуг населению 2014 г. (на примере Семипалатинского региона)» 2009-2015 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы бойынша қандастарды бейімдеу мен қоғамға кіріктіру жолындағы атқарған іс-шаралары маңызды жұмыстың үлгісі ретінде алынады. Жоба аясында қандастардың қоғамға әлеуметтік-экономикалық бейімделулері мен кірігулеріне арналып жүргізілген қызметтері олардың күнделікті өмірлерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Деректің төртінші бір бөлігіне далалық зерттеулер мен сауалнама жүргізген материалдар кіреді. Зерттеуші Шығыс Қазақстан аумағы бойынша орналасқан репатрианттардың күнделікті өмірлерінде қоғамға әлеуметтік-экономикалық бейімделуі мен кірігулерін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеулердің сандық және сапалық сауалнама түрлерімен алынған материалдары жинақталған. Жастар арасынан арнайы дайындық бөлімінде оқитын 100 қандастар арасында сауалнама жүргізіліп олардың Қазақстан

қоғамына бейімделулеріне анықтама берілді. Шығыс Қазақстанға әр жылдары келген қандастар арасынан олардың қоғамға бейімделулері бойынша алынған сауалнамалар жүргізілді. Шығыс Қазақстанға орналасқан репатрианттардың ішіндегі Монғолиядан келген репатрианттардың әлеуметтік-бейімделу тарихын зерттеп қана қоймай, олардың Моңғолиядағы туыстарының миграциялық көңіл-күйін және Қазақстанға келген жағдайда олардың қоғамдық өмірге бейімделулері жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Моңғол Ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын 100 этникалық этникалық қазақ арасында «face to face» әдісімен далалық зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, Қазақстанға 1990 жылдары мен 2000 жылдарда елге оралған әр түрлі санаттағы қандастармен еркін сұхбаттар жүргізілді. Олардың қоғамдық ортаға бейімделулері мен мәдени, әлеуметтік-экономикалық тұрғынан қоғамға кірігу тарихы мен жетістіктері бойынша еркін сұхбаттар жүргізілді. Олар өздерінің бейімдеу тарихы мен мемлекеттік қолдауларды пайдалану жағдайларымен бөлісті. Далалық зерттеулер мен сауалнамалардан алынған деректер Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың қоғамға бейімделулері мен кірігулерінде жергілікті тұрғындар арасындағы қарым-қатынастары мен отбасылық жағдайдағы күнделікті өмір тарихын анықтауға мүмкіндік берді.

Жұмыста тақырыпқа сай жарыққа шыққан еңбектер мен зерттеулер салыстырмалы тұрғысында саралана отырып жүйеленіп берілді. Алайда, Шығыс Қазақстандық репатрианттардың демографиялық көрсеткіштеріне және әлеуметтік экономикалық жағдайына, қоғамдық ортаға бейімделулеріне қатысты ғылыми зерттеулер әлі де болса жеткіліксіз. Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың әлеуметтік - экономикалық жағдайын демографиялық ахуалын, қоғамға кірігуі мен бейімделуі барысындағы күнделікті тарихын айқындайтын арнайы зерттеу нысаны болып отыр. Өйткені ол қазіргі репатриация саясатымен байланысты. Осы салада тәуелсіздік жылдарынан бергі елге оралушылардың бейімделуі мен қалыптасуын тарихи тұрғыдан зерттеу маңыздылығын жоймайды және де бүгінгі күнмен тығыз байланысты болуына орай тақырыптық ғылыми жұмыстардың саны аздық етуде, дегенмен, мұрағат құжаттары, жарыққа шыққан ғылыми журналдар мен ғылыми-практикалық конференция материалдарындағы жинақтар, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған зерттеушілердің мақалалары, көші-қон саясатын сүйемелдейтін заңнамалар мен заңдық актілер, арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен қаулылар, жүргізілген сауалнамалар мен сұхбаттар тақырыпты зерттеу жұмыстары барысында деректік негізде басшылыққа алынып, кеңінен қолданылды.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері 1991 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтиды. Себебі бұл кезең, егемен Қазақстан жағдайында мемлекет тарапынан қолдау тапқан шетелдердегі қандастардың тарихи Отанына кедергісіз қоныс аударуларын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының нысаны. Шығыс Қазақстан аумағына қоныстанған репатрианттардың көші-қон мәселелері және олардың әлеуметтік-

экономикалық, этно-мәдени тұрғыдан қоғамдық ортаға бейімделуі үрдістерінің күнделікті өмір тарихы.

Диссертацияның теориялық – әдіснамалық негіздері. Этникалық репатриация тарихының ғылыми мәселесі пәнаралық тұрғыдан талданады. Диссертацияның ғылыми-әдіснамалық тұрғысына «Жаңа тарих ғылымы» өкілдерінің еңбектері маңызды орынға ие, олар зерттеу акценттерін сыртқы ауқымды оқиғадан ішкі адами өлшемге, яғни уақыт өлшеміндегі адамдар туралы тарихқа ауыстырған [56, с. 624]. Біз зерттеп жатқан этникалық репатрианттардың әлеуметтік-мәдени кеңістігі «әлем бейнесі» образында, менталитеттің көрінісі сипатынан көруге мүмкіндік береді [57, с. 560]. Этникалық репатрианттардың күнделікті өмір тарихының басты назарында бейімделу стратегиялары жан-жақты антропологиялық өлшемде, мінез-құлық, мәдениет көріністерін талдау мен бағалауда, яғни ішкі саналы және бейсаналық іс-әрекеттерде, өзара қарым-қатынас тәжірибесінде және басқа мәдениетте өмір сүру кезінде бірегейлікті сақтауда, тарихи Отанның әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі этномәдени трансформациялануда көрініс табады.

Күнделікті өмір тарихының әдіснамалық тұжырымдамалары ғылыми бағыттарда ұсынылған: шындықтың әлеуметтік құрылымы (П. Бергер, Т. Лукман [54, с. 323]); жалпы тарих (Февр [55, с. 629], Ф. Бродель [56, с. 256]); күнделікті семиотиктер (К. Гирц [57, с. 207], Ю. Лотман [58, с. 464]); кіші тарих – «төменнен тарих» (А. Людтке [59, с. 77-100], К. Гинзбург [60, с. 207], Э. Ле Руа Ладюри [61, с. 539],) және т.б. Ұсынылған зерттеу тәсілдерін қарастырғанда, этникалық репатрианттардың күнделікті өмір тарихы мазмұнының диссертациялық негізін бейімделудің әлеуметтік-мәдени практикалық тәжірибесі құрайды. Бұл жерде, негізінен репатрианттардың күнделікті өмірі, олардың әлеуметтік-коммуникативтік іс-әрекеттер арқылы тарихи Отанның әлеуметтік-мәдени кеңістігінің құрылымына кірігуі, өндірістік-еңбек қатынастары, жеке және көпшілік шараларға, оның ішінде күн сайынғы және ерекше мерекелік форматтағы шараларға қатысуы және т.б. қарастырылады. Этникалық репатрианттар мәдени-психологиялық сілкіністі бастан кешіріп және тәжірибе жинақтап, бұрынғы өзгеше ортадан, қазіргі күнделікті өмірлік кеңістік қалыптасқан ортаға көшті. Күнделікті өмір тарихының әдіснамалық құралдары, этникалық репатрианттардың оларды өзге елде сақтап, тарихи Отанында бейімдей алған этникалық құндылықтар жүйесінің трансформациясын байқауға мүмкіндік берді. Қазіргі кезеңде кросс-мәдени бейімделу теориясының фокусы психологиялық және әлеуметтік-мәдени бейімделу болып табылады. Этникалық репатрианттардың мәдени-психологиялық күйзелісті бастан кешіріп, белгілі бір тәжірибе жинақтағандықтан, бұл жағдайда біз оны мәдени бэкграунд ретінде қарастырамыз, сәйкесінше, қандастардың бұрынғы ортадан қазіргі күнделікті өмір сүру кеңістігіне көшу мәселесі қарастырылады.

Біздің диссертациялық зерттеуге қатысты Ресейлік ғалым Б. Орловтың еңбегінде кеңестік күнделікті өмірдің негізгі аспектілері ашылған. Кеңестік күнделікті өмір әлемінің жетекші параметрлері: тұрмыстық қызмет көрсету

және тұрмыстық тәжірибе, өндірістік тәжірибе және еңбек қатынастары, бос уақыт және белсенді демалыс түрлері, отбасылық тәжірибе және отбасылық стратегия және т.б. қарастырылған. Микро-тарихи тәсіл мен ауызша тарихтың құралдарын қолдану арқылы кеңестік күнделікті өмірдің аз зерттелген жақтарын, тарихының әдеттегі және форс-мажорлық кезеңдерінде қарапайым өмір сүру тәжірибесін зерттеген. Күнделікті өмір тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектерін мысалға ала отыра, кеңестік күнделікті өмірдегі қызметтің орны мен рөлі, күнделікті өмірдің ерекше формасы анықтауға мүмкіндік алған. Күнделікті өмірді зерттеудің зерттеу процесі жеке элементтерді бір жүйеге біріктіруді көздейді [62]. Осыған байланысты күнделікті өмір тарихы микротарихи тәсілдер мен әртүрлі дереккөздер топтарымен жұмысты синтездеу арқылы зерттеудің деректану базасын айтарлықтай кеңейтеді. Әлеуметтік тәжірибені құрастырудағы қарым-қатынастардың, өзара әрекеттесу бейімделу формасы жаңа бағыт аясында дереккөз ұғымы кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдіснама қолданылды. Диссертация жазу кезінде тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне сүйендік. Әлеуметтік-мәдени бейімделуге талдау салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Яғни диссертацияның әдіснамасы тарихилық және жүйелілік кіреді. Сонымен қатар жеке топтарды зерттеудегі негізгі тиімді жолдарына проблемалық-хронологиялық, жүйелілік, перспективтілік, статистикалық, салыстырмалық-тарихи тәсілдер қолданылды. Әсіресе салыстырмалық мәліметтерді жүйелеу, облыс территориясына шашырай қоныстанған қандастардың жергілікті ортаға бейімделулерінің нәтижелерін анықтауға негіз болды. Зерттеу жұмысы барысында арнайы әзірлеген сұрақтармен сауалнама жүргізу, сұхбат алу, өмірбаяндық еркін сұхбат әдістері де қолданылды. Этникалық қандастардың күнделікті тарихын Шығыс Қазақстан аумағы бойынша қарастыру, зерттеуге микроаналитикалық тәсілді қолдануға мүмкіндік беріп, ол өз тарапынан осы бағыттағы ғылыми жұмыстардың тәжірибесін және нәтижелігін нығайтады. Зерттеу жұмысын жүргізуде жалпы ғылыми әдістерге, оның ішінде теориялық және эмпирикалыққа сүйенілді. Әлеуметтік талдау адаммен адам арқылы қол жеткізген әл-ауқатты және оның одан арғы тұлға ретіндегі дамуын қарастырады. Бұл әдістер қосындысы зерттеу мәселесін тұтас тарихи құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыс, белгілі бір аймақ территориясындағы этникалық репатрианттардың қоғамға бейімделулері мен кірігуіне қатысты атқарылған шаралардың күнделікті тарихын әдіснамалық тұжырымдамалар тұрғысынан ашатын кешенді зерттеу.

1. XX ғ. соңы – XXI ғ. алғашқы екі онжылдығы кезеңіндегі Қазақстанның репатриация саясатының дамуына талдау жасалды. Репатриация саясатының

кезеңдері айқындалды. Қазақтардың тарихи отанына оралу көші-қонының динамикасы анықталып, ғылыми айналымға енгізілді;

2. Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы репатрианттардың демографиялық құрылымы және қоныстану географиясы мен саны анықталды.

3. Қоныс аударушы және қабылдаушы қоғамның өзара әрекеттесуі мен бейімделуінің күнделікті стратегиясы құрылымдық тұрғыдан айқындалды.

4. Қоныс аударушылардың материалдық мәдениетінің ерекшеліктері анықталды.

5. Елге оралушылардың қабылдаушы қоғамның ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграция мәселелері көрсетілген. Шығыс Қазақстанға орналасқан репатрианттардың ішіндегі Моңғолиядағы қазақтардың миграциялық көңіл-күйін және Қазақстан жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Монғол Ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын қазақ тұрғындары арасында «face to face» әдісімен далалық зерттеу жүргізілді.

6. Қоныс аударушылардың этномәдени бірегейлігінің ерекшелігі мен өзге мәдени жүйелері анықталды.

7. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жүргізген жұмыс нәтижелері мен тәжірибиелік қызметтері ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп, оған кеңінен талдау жасалынды.

8. Елге оралғандар арасында жүзеге асырылып жатқан жастар саясатына және репатрианттардың кроссмәдени бейімделуі ықпалына талдау жасалды.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар.

– Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап ұлттық қауіпсіздік және егемендікті қорғау мәселелерін шешуде репатриациялық саясат ерекше орын алды.

– Қайтарымды көші-қон серпіні және «үш ось» тұжырымдамасын ескере отырып, репатрианттарды қоныстандыру процесі шекара аумақтарының этникалық құрылымын оңтайландыруға мүмкіндік берді.

– Репатрианттарды Шығыс Қазақстанға қоныс аударуы олар үшін әдеттен тыс табиғи-климаттық, өндірістік, қолайсыз экологиялық жағдайларға байланысты белгілі бейімделу қиындықтарын туғызды.

– Көші-қондық және қабылдаушы қоғам рулық жадыда сақталған тарихи байланыстар мен оқиғаларға сүйене отырып, өзара әрекеттесудің өзіндік алгоритмін жасады.

– Этникалық және мәдени жақындық көшіп-қонушы және қабылдаушы қоғамның материалдық мәдениетінің ерекшеліктерін, қоныс аударушылардың қабылдаушы қоғамның ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграциялану проблемасының болуын көрсетті.

– Қоныс аударушылар мен қабылдаушы қоғамның әлеуметтік-мәдени өзара қарым-қатынасы этномәдени бірегейліктің түйісу нүктелерін құрып, өзге мәдени процесін жеңілдетті.

– Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесі репатрианттардың күнделікті өмір сүру кеңістігі мен жаңа мәдени болмысын қалыптастыруға ықпал етті.

– Жастар саясатының мазмұны мен іске асырылуы жастардың тарихи Отаны жағдайында кроссмәдени бейімделуіне негіз болды.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

– Қазақстан Республикасының репатриация саясатындағы мемлекеттік бағдарламалардың кезең-кезеңімен іске асырылуына жүйелі талдау жүргізілді;

– Репатрианттардың тарихи отанына оралу динамикасы және олардың республика көлемінде ораналасуы сандық және сапалық көрсеткіштері тұрғысынан зерттелді;

– Шығыс Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі өзге ұлт өкілдері немесе орыс тілді қазақтар басым орналасқан ерекшеліктерін ескере отырып, қандастарды қоныстандыру көрсетілді;

– Елге қоныс аударған қандастардың күнделікті өмірдегі психологиялық бейімделу дәрежелерін, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын анықтауға бағытталған аймақтағы әлеуметтік сауалнама нәтижелерін талдау негізінде этникалық репатрианттарды қабылдаушы қоғамдағы интеграциялық процестері мен күнделікті жағдайлардағы коммуникациялық стратегиялары анықталды;

– Елге келген қандастар туралы ақпарат зерделеніп, репатрианттардың қоғамға кірігуі мен олардың облыстың әлеуметтік – экономикалық дамуына қосқан үлестері талданды;

– Этникалық репатрианттардың әлеуметтік-мәдени тұрмысы зерттеліп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы қандастардың әлеуметтік-мәдени бейімделулері мен қоғамға интеграциялануының шарттары айқындалды.

– Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру бойынша, 2009-2016 жылдары облыста Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жүргізген жұмыс нәтижелері негізінде, өңірдегі қандастар тығыз шоғырланған аудандар мен қалаларда, олардың қоғамдық ортаға бейімделуі мен кіріктірілуіне жәрдемдесу, әлеуметтік-экономикалық қолдау, заңнамалық кеңес беру қызметтеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

– Жастардың әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелері бойынша мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды талдау нәтижесінде өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары айқындалды. Қандастармен жүргізілген арнайы сауалнама олардың қазіргі әлеуметтік жағдайын жақсартуға деген ынтасы мен бейімделу стратегиясын көрсетті.

Жұмыстың қолданбалық мәні. Зерттеудің нысаны Шығыс Қазақстандағы тарихи отандарына оралған қандастардың күнделікті өміріндегі байқалып отыратын мәселелеріне арналғандықтан, диссертациядағы материалдарды студенттер мен магистранттарды оқытқанда да және арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізгенге де пайдалануға болады. Сонымен қатар, ол өңірлік тарихты зерттеуде және репатрианттардың күнделікті өміріне қатысты

жұмыстарда пайдаланылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыста көрсетілген репатрианттардың қоғамдық ортаға әлеуметтік-экономикалық бейімделулерін, кірігуін және жалпы жағдайларын көрсететін ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен аналитикалық орталықтардың қолдануларына болады.

Жұмыстың сыннан өтуі (апробация). Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары, тұжырымдары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған 10 мақалада көрініс тапты. Оның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, Scopus халықаралық базасына енген журналда – 1 мақала, 4 халықаралық конференция материалдары мен тезистері және 1 мақала шетелдік конференция материалдарында жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы және көлемі. Диссертацияның құрылымы зерттеу логикасына сәйкес, және ол жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің мәнін ашуға мүмкіндік береді. Диссертация белгілер мен қысқартулар тізімінен, кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕПАТРИАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ: РЕТРОСПЕКТИВТІ ТАЛДАУ (XX Ғ. СОҢЫ – XXI ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЕКІ ОН ЖЫЛДЫҒЫ)

1.1 Репатриациялық саясаттың кезеңдері және мазмұны

1990 жылдың бірінші жартысында оралмандардың тарихи мекеніне қайту проблемасы мемлекет билігінің басшылығымен шешіле бастады. Мәселенің күрделілігіне байланысты, мемлекеттік билік тарапынан өзге елде орналасқан этникалық қазақтарды отанына оралудың бағдарламасын реттеуді қарастырды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы дербес мемлекет ретінде қалыптасқан алғашқы күндердекөші-қон процесіне қатысты мақсат-міндеттерін айқындады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев «Алыстағы ағайынға ақ тілек!» деген айдармен, тарихи зобалаңдардың зардабынан төрткүл дүниеге тарыдай шашырап кеткен қандастарды жер бетіндегі ортақ Отан Қазақстанға шақырды [1, б. 114]. Сондықтан, қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінде «көші-қон» атты жаңа құбылыс 1991 жылы пайда болып, жыл сайын арнайы бағдарламалар жүзеге асып, тосыннан шешім күтпеген жаңа проблемалар туындады. Қазақстан Үкіметіне бұл проблемаларды реттеу үшін заңдық күш қуаты бар біршама қаулылар қабылдауға тура келді. Көші-қон процесі – негізгі саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Елден сыртта жүрген қандастарды отанға көшіру-түптеп келгенде, олардың мұқтаждарын шешумен ғана шектелмейді, ол қазақ халқысының демографиялық жағдайын көтеруде маңызды болып табылады.

Репатрианттарды тарихи мекеніне көшуіне жағдай жасайтын арнайы мемлекеттік бағдарламалар 1991 жылдан бастап іске асырыла бастады. Осыған орай көші-қон саясатындағы негізгі бағдарламаларды үш кезеңге бөліп қарастырады: алғашқы кезеңге 1991-1997 жылғы заңның қабылданған уақытына дейінгі аралықты жатқызуға болады. Осы кезеңдерде қандастардың мәртебесін ретке келтіру мен оны реттеу көші-қон саясатындағы басты мәселелердің біріне айналған болатын. Осы мақсатта министрлер кеңесінің 1991 жылы 18 қарашада қабылданған «Азаматтық құжаттандыру туралы» қаулысымен 1992 жылғы 26 мамырда қабылданған жоғарғы кеңестің «Көші-қон туралы» заңы уақытша болса да, өзінің қоғамдық рөлін атқарған болатын. Осының негізінде көші-қон департаменті, ақырынан көші-қон сондай-ақ демография жөніндегі агенттік құрылды. Аталмыш заң шет елдерде тұрып жатқан этникалық қазақтар үшін тарихи отанына оралуларына алғашқы мүмкіндіктерді жасаған болатын. Министрлер кеңесінің 1992 жылы қабылданған «Көші-қон туралы» қаулысы негізінде Еңбек министрлігі жанынан «Көші-қон» басқармасы құрылды [110]. Осы арқылы елге оралушы қазақтардың алғашқыларын қабылдай отырып, тиесілі қамқорлық жасауына, мемлекеттік деңгейде маңызды шаралар атқаруына мүмкіндік берді.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап, өкімет тарапынан іс-шаралар жасалу қолға алына бастады. 1991 жылы ҚР-ның Еңбек министрлігі

Моңғолиядан сондай-ақ басқа да республикалардан қоныс аударушыларға 10,7 млн. рубль көлемінде қаражат бөлу туралы жарлық шығарды [111].

1992 жылғы 15 желтоқсан №1055 министрлер кабинетінің қаулысымен бекітілген «Көшіп-келу туралы» ҚР заңына сай «Босқындармен жұмыс туралы уақытша ережеде», «Босқын» термініне мынадай түсінік береді: «Басқа мемлекетте тұрып қысым көру, қудалану, құқықтары мен бостандықтарының шектелуі, сондай-ақ осындайға ұшырау қатерінің негізгі болуы себепті, сонымен қатар, өзінің мекенін көру ниетімен ҚР-на қайта оралуға мәжбүр болатын қазақ диаспорасындағы адамдарға босқындар мәртебесі беріледі» [107].

1992 жылғы 23 қыркүйекте №791 қабылданған «Шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезеңде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы» қаулысы қандастардың атамекенде ат басын бұруына мүмкіндік жасады. ҚР Министрлер кабинеті қаулысында: Өзге мемлекетте тұратын қазақ диаспора өкілдеріне елдің территориясында болған кезінде, уақытша баспаналар, республикалық әуе жолдары ұшақтары мен республика ішіндегі теміржол көлігіне алынған билет үшін республика азаматтарына белгіленген төлеу тәртібі қолданылсын. Қазақ азаматтарының білім алуы орта, жоғары сондай-ақ арнаулы орындарда білімдерін жетілдіру шараларын іске асыру жөнінде республика аумағына келгеннен кейінгі бейімделу шаралары да қарастырылған [111]. Негізінде заң аясында қандастар баспанамен қамтылып, әлеуметтік жеңілдіктер мен зейнетақы мәселелерін шешуге мүмкіндік алды.

Көші-қон саясатында өзіндік орын алып отырған талқылау алаңына айналып, бастамасын тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында алған Қазақтардың I Дүниежүзілік құрылтайы 1992 жылы Алматы қаласында өткен болатын. Жақын және алыс шетелден 22 мемлекеттен өкілдер қатысқан. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағалығына сайлаған. Тұңғыш рет төрткүл дүниеге шашылған қандастарды отанына оралуға шақырып, кеңқұшағын жаятынын атап өткен тарихи оқиғаның бастамасы болды. Әлемнің 40-қа жуық елінде өмір сүріп жатқан қандастар елге атбасын бұрып, көше бастады. Осы сәттен кейін репатриация саясатына бағытталған бағдарламалар мен заңнаманың қажеттілігі туындаған болатын. 2002 жылы Түркістан қаласында Дүниежүзі Қазақтарының II құрылтайы өткен болатын. Осы жиында әрімен қарай репатриация саясатын дамыту шараларын, елін аңсап жүрген қандастарды өз қатарымызға қосу керектігі 32 елден келген делегаттар қатысуымен талқыланған болатын. Көп ұзамай келесі бір тарихи сәт III құрылтай 2005 жылдың қыркүйегінде Астанада өткізілді. Құрылтайға 32 мемлекеттен 300-ден аса өкілдер қатысқан. Сонымен қатар облыстар мен қалалардан делегаттар қатысып репатриация саясатын дамытудың жолдары талқыланған. Қазақстанда диаспора өкілдеріне жоғары оқу орындарында еркін білім алуына жағдай жасау, тарихи Отанға инвестициялар жұмылдыру шаралары да қарастырылған болатын. IV құрылтай 2011 жылдың 25-27 мамырында Астанада өткен. Осы құрылтайда маңызды

проблемалар талқыланып көптеген жеңілдік шаралары қарастырылған. Осы жолы Парламентте «Халықтың көші-қоны туралы» заң жобасы қаралуда болатын. Заңда қандастардың көші-қон саясатындағы тіркеуге тұрудағы, құжаттар тапсыру мен азаматтық алудағы кездесіп отырған кейбір кедергілерді жоюға бағытталғаны айтылған. Жастарға сапалы білім берудің тетіктері қарастырылған. «Каспионет» арнасын этникалық қазақтар тұратын елдерге көрсетілуін қамтамасыз ету арқылы салт-дәстүрді, тарих жайындағы хабарларды тарату шаралары тапсырылған. Шетелдерде кіші құрылтайлардың тұрақты өткізудің қолдау тауып отырғаны айтылған. Алғашқы бастауын 1992 жылы алған Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы этникалық қазақтардың бас қосып сұхбат жүргізетін алаңына айналып отырғанын көруге болады. Құрылтай қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, сондай-ақ, салт-дәстүрлеріне жаңаша тұрғыда қарауға мүмкіндік беріп келеді. Құрылтай арқылы көші-қон саясатында елге келушілердің өз еркімен Қазақстанға қоныстануына мүмкіндік берді. Осы маңызды жиында қарастырылатын бағдарламалар мен ұсыныстар этникалық көші-қон проблемаларын шешуге, елге келген қандастардың тарихи Отанында бейімделуіне қажетті шараларды ескере отырып, бағыт-бағдар ұсынатын үлкен алаңға айналды. Елге келген қандастар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына, демографиялық ахуалына жәрдемдесіп тарихи Отанына өз үлестерін қосып отыр.

Репатриант азаматтарға негізделген заң жобасының тағы бірі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылы 27 мамырдағы №437 ҚР Президентінің «Иран Ислам Республикасынан сондай-ақ, басқа мемлекеттерден отандастардың көшіп келу квотасы мен қоныс аударуын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» 1993 жылғы 15 сәуірдегі №1184 қаулысында төмендегідей шешімдерді жүзеге асыруға қаулы етілген:

1. 1993 жылғы көшіп келу квотасын облыстар арқылы қосымшаға сай бөлу бекітілсін.

2. Облыс әкімдері отандастардың отбасыларын қабылдап, орналастыруға орай проблемаларды шұғыл қарау жөніндегі облыстық комиссиялар құратын болсын [111].

Отандастардың отбасыларын қабылдау үшін тұрғын үй салуға сондай-ақ, басқа да әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар әзірлеу жөнінде шаралар қабылдансын. Қабылданған заң аясында қоныс аударушыларға мемлекеттік бюджет тарапынан квота беріліп, елге оралушылардың саны артқан.

Оралмандарды отанына келуіне қолдау көрсету мақсатында заң жобаларына өзгерістер енгізіліп оң бағытта жаңартылып отырды. 1996 жылы 31 желтоқсанында «Шетелдегі қандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен бекітілді [112]. Бағдарламада алыс сондай-ақ жақын шет елдерде тұратын этникалық қазақтарға оқу мен білім, мәдени және рухани, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қолдау мен көмек көрсету шараларының біршама мүмкіндіктері көрсетілген. Бұл аталған құжаттар көші-қон үдерісінің алға басуындағы негізгі құқықтық шарттарын калыптастырады. Алайда бұл

құқықтық мүмкіндіктер әлі де жетілдіруді қажет етті. Осы негізде, жаңа заң жобасын қабылдаудың қажеттілігін көрсетті.

Екінші кезең 1997-2008 жылдар аралығын қамтиды. 1991 жылдан бері жүргізілген мемлекеттік көші-қон процесінде арнайы жүйеге енгізетін нақты бір заң қабылдану керектігін қолданылған бағдарламалар дәлелдеп берген болатын. Осы негізде көп ұзамай Президенттің жарлығымен ҚР-ның Парламенті қабылдаған 1997 жылы 13 желтоқсанда «Халықтың көші-туралы заңы» қолданысқа берілді. Ол елге оралған этникалық қазақтардың бостандықтары мен құқықтарын реттейтін құжат ретінде бекітілді. Бұл алғашқы қабылданған заң репатрианттардың мәселелерін реттей отыра, алдағы міндеттердің орындалуына мүмкіндік берді. «Халықтың көші-қоны туралы заңы» репатрианттардың құқықтары мен негізгі міндеттерін заң талаптарына сай, әр тарауға бөлініп, нақты баптар арқылы анықтама берілген. Заң жобасы 7 тараудан, 41 баптан тұрады [105]. Әр тарауы оралман азаматтардың елге оралғаннан кейінгі жағдайын толық қамтамасыз ету қарастырылған: азаматтық алу, баспанамен қамту, жоғары білім алуларына жағдай жасау, қоғамдық ортаға бейімдеу орталықтарын құру, еңбек көші-қоны қызметтері, уақытша орналастыру орталығын құру мен негізгі атқарылар істеріне анықтама берілген. Заңның 3-бабында қоныс аударушы азаматтардың негізгі принциптері көрсетілген. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясында баяндалған репатрианттың елді мекенді таңдау құқығы, өздері қалаған кәсіппен еркін түрде айналысуға немесе қызметтерді таңдауына толықтай жағдай жасалыну шарттары қарастырылған [68, с. 10-11].

«Репатриация» ұғымына түсінік бергенде - шетелдердің аумағындағы өмір сүретін отандастарды өзіндік тарихи Отанына көшуін көрсетеді. Алғашқы 1997 жылы қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңындағы шет елдерден оралған қандастарға «оралман» термині белгіленеді. Ол заңнамаларда: «Репатриант, немесе «оралман» – саяси қуғын актілерінің заңсыз реквизициялар, күштеп коллективизациялау әрекеттердің себебінен тарихи мекенінен басқа да жерге қуылған сондай-ақ азаматтығынан айрылған, Қазақстан Республикасында тұрақты тұру мақсатымен, өз еркімен қоныс аударғандар байырғының ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары» - деп көрсетілсе, ал 2003 жылдың наурызда «Халықтың көші-қоны туралы» заңнамаға өзгерістер мен толықтырулары енгізіліп, Заңның 1-бабына сай оралман: қазақ ұлтты және азаматтығы жоқ, Қазақстанда тұрақты өмір сүруге келген шетелдік азаматтар болып табылады [105], деп анықтама берілген.

«Халықтың көші-қон туралы» заңына да әр жыл сайын үкімет тарапынан репатриант азаматтардың көші-қон үрдістеріне орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырады. Осы негізде заң жобасына жаңа баптар енгізілген. Осы мақсатта 2002 жылғы Президент жарлығына сәйкес, репатрианттарға төмендегідей жеңілдіктер көрсету қарастырылған:

– жұмысқа орналасуға, біліктілігі мен білімін арттыруға, сондай-ақ жаңа кәсіпті меңгеруге жәрдем көрсету;

– Қазақстан Республикасының Заңнамаларында белгіленген тәртіппен Қарулы Күштер қатарында қызмет етуден босату (оралман азаматтардың балаларын әскери қызметке шақыруды көшіп келгеннен кейін 3 жылға шегеру туралы Үкімет қаулысы қабылданды);

– Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген мөлшерде кәсіптік орта сондай-ақ жоғары білім беру оқу орнына түсу үшін квота бөлу;

– көшіп келу квотасына келген оралмандарға шекара арқылы кеден төлемдері мен салықтар алмай тегін өткізу;

Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген тәртіппен келген жері арқылыбаспана сатып алу үшін қаржы беруді, сондай-ақ бір жолғы жәрдемақы төлеуді қамтамасыз етеді [68, с. 10-11]. Заңда көрсетілгендей осы жылдары квотамен елге оралған азаматтарға жоғарыда айтылған жеңілдіктер көрсетілді.

Қазақстан Республикасының көші-қон заңдарында елдің ішінде ретсіз үрдістерді болғызбау проблемаларықарастырылып заң негізінде іске асырылу көзделген. Осы заң жобасы аясында елге оралушы азаматтар саны өсіп, мемлекет тарапынан арнайы квота бөлініп, оралман азаматтардың көшіп келу үрдісі бір жүйеге келтірілді.

Көші-қон үрдісіндегі тағы бір үлкен бастама Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылы 8 желтоқсандағы ҚР-ның «Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі» құрылып,қазақ диаспорасының өзекті проблемаларымен айналысатын үлкен ұйым бой көтерді. Республикада Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі «Қазақстан-2030» стратегиясын сондай-ақ үкіметтің негізгі алға қойған мақсаттарын іске асыру, көші-қон үрдісін реттеу жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталды. Қазақстан Республикасы Президентінің «Көші-қон туралы» заңдарда көрсетілгендей оралмандарды баспанамен қамтамасыз ету, баспана сатып алу үшін ұзақ мерзімдікнесие беру проблемалары көрсетілген. Алайда жылда квотаға үкіметтен бөлінетін қаражаттың жетіспеушілігінен бұл проблемалардың әлі де шешімін табу үшін істер атқарылуда. Сондай-ақ, қаражат тапшылығы мен баспанақорының жеткіліксіздігінен, азаматтық алу талаптары мен тіл білмеу проблемасынаорай кедергілер мен жұмыссыздыққа байланысты қиындықтар кездеседі. Кеден салықтары мөлшерінің көп болуына байланысты бүкіл мал-мүліктерін кеденнен өткізе алмайды. Осы мәселелердімемлекеттік саясат тарапынан бір жүйеге келтіру үшін Қазақстан Республикасында көші-қон проблемасымен 1997 жылы құрылған «Көші-қонжәне демография агенттігі» айналысады [113]. Сол себепті, миграция проблемасы елдің әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. «Көші-қон туралы» заңы белгілі бір көшіп келуші азаматтарға көмек көрсету, қамқорлық жасау шараларын көрсетеді.

Елдегі оралған қандастардың проблемаларының көтерілуі - заман талабы. Осындай проблемалардың бірі демографиялық үрдістердің ішінде халықтың көш-қоны маңызды орынға ие. Көші-қонға қоғамдық саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге шұғыл көңіл бөлетін жауапты сипат тән. Әлеуметтік ортадағыорындыбасқару мен қатар тиімді әлеуметтік-экономикалық саясат

жүргізу үшін, көші-қон саласының көлемі мен мигранттардың құрамын анықтап,ғылыми тұрғыда зерттеу өте маңызды. Жыл санап көші-қон үрдісі заң жүзінде нақтыланып, көші-қон саясатының заңнамалық базасы жасалынып, көші-қон агенттігі құрыла бастады, соның бірі 1998 жылы 27 сәуірде Алматы қаласы әкімінің шешімімен қала аумағы арқылы көші-қон демография басқармасы ретіндегі мекеме болды. Мекеменің алдына қойған негізгі міндеті - Қазақстан Республикасы заң жүзінде мемлекеттік көші-қон саясатын жүзеге асыруды атқарады [71, б. 12-14]. Заң жүзінде қабылданған бағдарламалардың негізгі мақсаты – тұрақты демографиялық сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық дамудың қажетті шарттарын жасауға, көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыру жөнінде барлық қажетті жағдайлар жасауға, сонымен қатар, мемлекеттің қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған оралман азаматтарға тиімді көші-қон саясатын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы №1371 қаулысымен «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы» бекітілген болатын. ҚР-ның көші-қон саясатының салалық бағдарламасын Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жақсаруы» жөніндегі жолдауын іске асыру мақсатында, «Қазақстан Республикасының Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі №1346 қаулысына сай әзірленді [63, б. 114]. Бағдарламадағы сыртқы көші-қонды реттеу бөлімінде төмендегідей негізгі бағыттар іске асырылуға негізделген: «Оралмандар» ішкі жүйесі, «Босқындар» ішкі жүйесі, «Еңбекке қатысты көшіп келу», «Шекаралық-паспорттық бақылау» ішкі жүйесі. Осы мақсаттарды орындау барысында оралмандарды ұйымдасқан түрде көшіру, қабылдау мен әлеуметтік жағынан жайластыру, оларды қоныс аударған уақыттан бастап, топтастыра орналастыру мен қоныстануды қамтамасыз ету. Репатриант азаматтарды бейімдеу мақсатында қабылдау, оралман жастарды кәсіби оқытуды сонымен қатар қайта даярлауды ұйымдастыру проблемасын шешу, ұлттық кәсіпті қайта жаңғыру үшін жұмыс орындарын көбейте отырып, жұмыспен қамтамасыз ету, оралмандардың ерікті түрде қайтып оралуына әлеуметтік қорғауды (зейнетақымен қамтамасыз ету, жәрдемақы сондай-ақ т.б) қажетті мемлекет арасындағы қадағалау негізінде олардың республика өміріне қайта араласуына жәрдемдесу қарастырылған [114].

Көші-қонның қарқын алуына орай оны реттейтін бағдарламаны жүзеге асыру барысы екі мерзімнен тұрады. Олар біріншісі 2001-2005 жылдар аралығын қамтыса, екінші мерзімге 2005-2010 жылдарды алып қарастырылған. Олардың біріншісінде бағдарлама аясында келесі мақсаттарды іске асыруды көздеген. Олар елге келушілердің құқықтарының іске асырылуына жағдай жасау, оларға әлеуметтік-экономикалық дамуындағы алғы шарттарына жәрдемдесу, елдегі көші-қондық саясатын дамыта отырып, елдің мемлекеттік қауіпсіздік шараларын қолға алуды қарастырған. Көші-қон жүйесін басқаруды жетілдіру мен заңнамалық актілерді дамыту көрсетілген. 2005-2010 жылдар аралығында

елге келушілердің құқықтарын қолдау мен олардың мемлекет тарапынан қолдау шараларын алу жолында заңнамалық базаны дамыту шаралары ұсынылды. Сонымен қатар елдегі ішкі көші-қонды реттеу жолында қызметтер жасалды. Елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында халықтың тығыз орналасқан аумағынан елдің Солтүстік, орталық аймақтарына көшіру қарастырылған. Бағдарлама аясында оралмандарға біршама әлеуметтік қолдау шаралары да жасалынатыны нақтыланып көрсетілген [97, б. 235]. Арнайы жасалған бағдарламалар көші-қон ағынының дамуы мен елге оралушылардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің артуына жағдай жасады. Көші-қон деректеріне сәйкес 2005-2010 жылдардағы бағдарлама аясында 117 698 оралман отбасы (464426 адам) елге оралған. Олардың арасында Өзбекстаннан – 61,5%, Моңғолиядан – 15,4%, Түркіменстаннан – 9 %, Қытайдан, – 4,8%, Ресей федерациясынан – 4% тарихи отанына тұрақты тұруға келгендерді құрайды [115].

Көші-қон үрдісін жетілдіріп, репатрианттардың құқығын жүзеге асыра отырып, экономикалық-әлеуметтік жәрдеммен қамтумен қатар қарастырылған мақсаттарды толыққанды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы №399 жарлығы негізінде 2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы қабылданды. Қазіргі қолданыстағы заңнамалық шеңберде мемлекет репатрианттарға қажетті әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді. Сондай-ақ, Отанына оралушы азаматтарға жыл сайын мемлекет басшысының арнайы жарлығы негізінде квота саны айқындалып, көмекпен қамтамасыз етіліп отырды. Қазіргі уақытта бірмезгілдік жәрдемақыны, баспана сатып алуға арналған қаржыны, жүрген жолы және жүктерін тасымалдауға кеткен шығындарды өтеуді есептесек, орташа есеппен 5 адамнан тұратын әрбір жанұяға 833 мың теңге бөлінеді. Елімізде қандастарды уақытша орналастыру арқылы 14 орталықтың жұмысы жоспарланып, 2008 жылдың басынан бастап Қарағанды мен Шымкент қалаларында және де Оңтүстік Қазақстан облысы Ақсуқент ауылында репатрианттарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары өз жұмысын бастады. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Ақтау қаласында үлгілік бейімдеу орталығын ашу мақсатында шаралар жасалынып, 2010 жылдан бастап пайдалануға берілді.

Көші-қон бағдарламасын заң талаптарына сай жүзеге асырудағы басты мақсат тарихи Отанына ораламын деуші азаматтарға барынша жағдай жасау болып табылады. Этникалық көші-қонды реттейтін арнайы бағдарламалар мен заң арқылы қандай да бір тарихи себептермен Қазақстаннан көшкен ұлт азаматтарының елге қайтуын ынталандыру болып табылады. Осы негізде мемлекет тарапынан жүргізіп отырған көші-қон саясатындағы бағдаламалар негізінде көшіп келуге ниет білдірген қандастар жеңілдіктерге сүйеніп, тарихи атамекеніне оралуға мүмкіндік алып отыр. Алайда, диаспора мен көші-қон мәселесінде шешімін күтіп жатқан проблемалар бар. Ең бастысы репатрианттар проблемасына қатысты құзырлы органдарды бір орталыққа бағындыру болып табылады. Негізгі мақсат шетелдегі қазақ диаспорасының өсіп-өнуі

менатажұртқакелген оралмандарғабарыншажеңілдетілген түрде елге көшіп келулеріне қолдаукөрсету - Қазақстан Республикасының ішкі-сыртқы маңызды тұстарының бірі екендігін көруге болады [72, б. 10-12].

«Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы» негізіндегі ұйымдастырылған көштің дамуына жағдай жасау, репатрианттардың келгеннен кейінгі әлеуметтенуі мен дамуына жағдай жасау, елді мекенге кешенді түрде орналастыру, олардың қайта даярлаудан өтуі мен білім алуын қамтамасыз ету. Қолөнер кәсібімен айланысушыларға салық жеңілдігі сондай-ақ жұмысшылармен қызметкерлерді шағын бизнеспен фермерлік шаруашылыққа ҚР заңына сай жұмысқа орналастыруға көмек көрсету; оралмандарға мемлекеттік қолдау көрсету, квотамен келгендер үшін тұрғын үй алуға, жер телімдерін бөлу, сонымен қатар ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізу үшін жер беру, жеңілдікпен қарыз алу; оралман азаматтардың өз келісімімен елге келуіне ықпал ету сондай-ақ олар республика өміріне интеграциялануы үшін мемлекет арасындағы келісімді қайта жасаудың нәтижесінде әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету (зейнетақымен, жәрдемақымен сондай-ақ т.б қамтамасыз ету); репатрианттардың ҚР азаматтығын алуды жеңілдету үшін заң жүйесін жеңілдету; оралмандардың ел өміріне бейімделуі мен ықпалдасуына әлеуметтік зерттеу жүргізу; оралман азаматтардың балаларын мектептерде, колледжде, жоғарғы оқу орындарында оқытуды қамтамасыз ету; жыл сайын оралмандар (репатрианттар) күнін өткізу [68, с. 10-11]. Осы сынды өзекті проблемалар қолға алына бастады. Арнайы бағдарлама шеңберінде мемлекеттік органдар тарапынан жұмыстар қолға алынған болатын.

Үшінші кезеңге – 2009 – 2019жылдарды алып қарастырсақ, ондағы көші-қон процесінде маңызды істер атқарудағы «Нұрлы көш» бағдарламасын атап өтуге болады. Бұл бағдарламаны бөлек кезең етіп қарастырудағы бірден бір мақсат осы бағдарлама шеңберінде оралмандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын көтеруге бағытталған қызметтер атқарылып, елге оралған азаматтар баспаналы бола бастады. Сондай-ақ, қоғамдық ортаға бейімдеу мақсатында республика облыстарында бейімдеу орталықтары ашылып қолданысқа берілді [97, б. 235]. Бағдарламаның негізі Қазақстан Республика үкіметінің «2009-2011 жылдарға арналған Нұрлы көш бағдарламасын бекіту туралы 2008 жылы 2 желтоқсанда №1126 қаулысы негізінде қабылданған [73, б. 17-21]. Екі жыл көлемінде жоспарланған бұл бағдарламаны мемлекеттің тәуелсіздік алған жылдарынан бергі жүргізіліп келе жатқан көші-қон саясатының жетілдіруі деп бағалауға болады. Мемлекеттік, сондай-ақ жергілікті бюджеттен аталған бағдарламаға 197 миллиард теңге бөлініп, үш жылда көрсетілген бағдарлама арқылы, 60 мың отбасын, орташа есеппен 300 мың адамды көшіріп алу жоспарланған. «Нұрлы көш» бағдарламасы репатрианттардың мәселелерінен бөлек елдегі көші-қондық шараларды толығымен қамтыған. Елде жүргізіліп келген 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясының сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жалғасы [116]. Осы бағдарлама негізінде Қазақстанның әр

аймағында облыс көлемінде арнаулы бағдарламалар даярланып іске асты. Бағдарлама аясында Оңтүстік, Орталық, Батыс, Шығыс Қазақстан облыстарында мемлекет тарапынан арнайы тұрғын үйлер салынған, оралман азаматтар жұмыспен қамту негізінде несиелер алып, өз шаруашылықтарымен айналысуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, осы бағдарлама негізінде Шымкент қаласында «Асар» ұлттық әлеуметтік корпорациясы 69 үйдің құрылысын аяқтап, тұрғын үйлерге Өзбекстандық оралмандар ие болды [122]. «Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкі арқылы 4%-дық несиелермен баспаналы болған азаматтар, бұл баспаналардың құнын 15 жылда өтеп шығуы керек болды. «Асар» шағын ауданында көтерілген баспаналардың жанында жылыжай да салынған. Бұл репатрианттарды жұмыспен қамтамасыз етіп, жеке кәсіптерімен айналысу мақсатынан туындаған болатын [74, б. 40-44].



Сурет 1 – 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы негізінде атқарылған іс-шаралар

Ескерту - Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы мәліметтері негізінде құрылды

Бағдарлама негізінде тұрғын үй салу үшін тұрғын үй комиссиясы құрылады. Тұрғын үй комиссиясы құрамына мәслихат депутаттары, көші-қон жөніндегі облыстық уәкілетті органдарының, басқа да мемлекеттік органдармен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірген. Елге оралушы оралман азаматтарды қоныстандыру жүйесі де заң талаптарына сай қарастырылған. Бағдарлама негізінде заң талаптарына сай репатриант азаматтарды Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясына сай Солтүстік, Оңтүстік, сондай-ақ Орталық аймақтарына қоныстандыру бағыты қалыптасқан. Негізгі аймақтар: Ақмола облысы, Көкшетау қаласындағы

Красный Яр ауылымен Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласындағы бағдарламаға қатысушылар қаланың, ауданның уәкілетті органына паспорттың немесе азаматтығы жоқ тұлға куәлігінің, неке куәлігінің, баланың туу туралы куәлігі, білімі туралы дипломдардың, сондай-ақ мамандығының болуы туралы растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін, оралман куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін, тұрақты тіркелу туралы құжат көшірмесін тұрғын үй комиссиясына жіберуі шарт болды. Тұрғын үй комиссиясы бағдарламаларға қатысушылардың тізімін банкке жіберді.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 мамырдағы №647 қаулысы арқылы «Нұрлы көш» бағдарламасына қатысушыларға баспана сату ережесінде баспана алу тәртібі былайша түсіндіріледі: «Бағдарламаға баспана сату облыстық жергілікті атқарушы органдар, «әлеуметтік және кәсіпкерлік корпорациялар мен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы арасындағы ынтымақтастық туралы үш жақты келісімнің негізінде жүзеге асырылып, бұл тараптардың міндеттемелерімен құқықтары пилоттық жобаның іске асырылуы аясында қарастырылды. Бұл бағдарламаарқылы барлық көшіп келушілерді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында тұрғын жайлар жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық меншігіндегі үй есебінен үлестіріледі. Кейбір аумақтарда репатрианттарды шоғырландырып қоныстандыратын қалалар салынған. Бұлардың қарызын қайтару үшін репатрианттарға «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» 4 пайыздық мөлшерде несие берілді. Оны қайтару үшін жұмыспен қамтылып, кәсіппен шұғылдануларына қаржы бөлінген. Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі алғаш рет көші-қон саясатын ішкі сондай-ақ сыртқы көші-қонды қамтитын біртұтас бағдарлама ретінде әзірленген. Сол сияқты көшіп келушілерді жұмыспен, тұрғын үймен және де әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету проблемасы жергілікті органдар деңгейінде кешенді түрде шешімін тапты [74, б. 40-44].

«Нұрлы көш» бағдарламасының көші-қон процесінде осыған дейінгі жүргізілген бағдарламалардан біршама ерекшелігін көруге болады. Бағдарлама арқылы шетелден елге қоныс аударған этникалық қазақтардың тұрғын үймен қамтылу мәселелерін қарастырды. Онда жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық меншігіндегі ескі тұрғын үйлерді қалпына келтіру, мемлекет тарапынан бөлінетін бір жолғы жәрдемақы есебінен жүргізілетіндігі айтылған сондай-ақ қоныстандыру осьтері арқылы жәрдемақы төлеу, мемлекет тарапынан қоғамдық ортаға бейімдеу орталықтары ашылып республикалық бюджет есебінен тегін қызмет көрсетуі қарастырылған. Репатрианттардың әлеуметтік жағдайын түзеуге барынша көмек жасалынып, бағдарламаға қатысушыларды түрлі сапарларда жұмыспен қамту проблемаларын шешу қарастырылған, атап айтсақ, өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау салалары болып табылады. Дегенмен, оралман азаматтарды жұмысқа орналастыру олар орналасқан өңірдің стратегиялық маңыздылығы мен өндірістік ерекшелігіне де байланысты. Сондай-ақ, жастардың жоғары білім алуларына жағдай жасау шаралары тікелей мемлекет

тарапынан бөлінген қаржы негізінде іске аса бастады. Бұл елдегі аумақтық дамуы үшін қажетті шаралардың бірі ретінде қарастырылып отырды [74, б. 40-44].

2011 жылғы 22 шілдеде №477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы өмірге келді [106]. 2011 жылы қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңнама аясында оралмандардың проблемасы біршама алға жылжып, ілгерлегендей шаралар атқарылды. 2011 жылы қабылданған «Халықтың көші-қон туралы» заңында көрсетілгендей оралман бұл тарихи Отанында тұрақты тұру мақсатындағы Қазақстан Республикасына келген және осы Заңдарда белгіленген тәртіппенен тиісті мәртебелер алған, Қазақстан Республикасының егемендік алған кездегі оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұратын этникалық қазақтар және оның Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан кейін оның шегінен тыс жерлерде туған және де тұрақты тұратын ұлты қазақ балалары – деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы бекітілген көші-қон туралы заңнамасында көшіп келуші, көші-қон, этникалық қазақ терминдерінің жекеше талдап қарастырған болатын. Көшіп келу - бұл шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдарының ҚР тұрақты немесе уақытша тұру үшін келуі; көшіп келуші – ҚР тұрақты немесе уақытша тұру үшін келген шет елдік немесе азаматтығы жоқ адамдар; көші-қон – жеке тұлғаларды бір мемлекеттерден екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішіндегі уақытша немесе тұрақты, мәжбүрлі түрде немесе ерікті түрде қоныс аударуы; қоныс аударушы – этникалық қазақ – шетелде тұрақты тұратын қазақ ұлты шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам. Республиканың Үкіметі айқындаған өңірге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушылар [106] – деп атап өтілген.

ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы «Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2016 жылға арналған өңірлік квотасын белгілеу туралы» қаулысын жүзеге асыру аясында 1259 оралман отбасын елдің еңбек күші мол өңірлерінен еңбек тапшылығына қажет ететін өңірлерге көшіру жоспарланған. Тарихи Отанына оралған этникалық қазақтарды қоныстандыруға арналған өңірлік квоталар: Павлодар облысы – 690 отбасы, Шығыс Қазақстан облысы – 260 отбасы, Ақмола облысы – 123 отбасы, Солтүстік Қазақстан облысы – 108 отбасы, Батыс Қазақстан облысы – 29 отбасы, Атырау облысы – 28 отбасы, Қостанай облысы - 21 отбасы. Қаулыда сондай-ақ жұмыс күшіне аса қажеттілік белгіленген өңірлерге көшуге ниет білдірген ҚР азаматтарын көшіру көзделген. Осы бағыт арқылы 463 қоныс аударушы отбасын қабылдау үшін квоталар бөлінді: Павлодар облысы – 300 отбасы, Солтүстік Қазақстан облысы- 101 отбасы, Шығыс Қазақстан облысы – 40 отбасы, Қостанай облысы – 22 отбасы [117].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында көшіп келуші қандастарға мемлекет тарапынан қолдау мен көмек көрсету мақсатында келесі жұмыстарды қолға алуды тапсырған болатын. Шетелдегі, сондай-ақ елге көшіп келетін қандастарды қолдау мақсатында «Отандастар» қоры құрылады.

Оны ұйымдастыру Құрылтай басшылығы мен Президент Әкімшілігі, сондай-ақ Үкіметке тапсырылды. Құрылған қор Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен бірлесіп, отандастарға жан-жақты қолдау мен көмек берудің іс-шараларын анықтап, осыған сай кешенді бағдарлама әзірлеген. Бағдарламаның басым жақтары мен міндеттемелері қор арқылы іске асырылады. Тарихи Отанына оралуға ниетті әрбір қазаққа Қазақстанның құшағы әрдайым ашық. Елге көшіп келетін ағайындарға жол сілтеуді тұрғылықты жерінен бастау керек. Елшіліктер азаматтардың құжатын реттеп, қоныс аударатын жері туралы кеңес беруге керектігі сыртқы істер министрлігіне тапсырылған. Үкіметке аталғандардың барлығын кешенді түрде реттеп, шешімін табуды тапсырған. Жастарды жан-жақты қолдау. Шетелдегі қазақ азаматтарының Қазақстан Республикасында білім алуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі таңда олар мемлекет бөлген грантпен ЖОО оқи алады. Үкіметке қандастардың жоғары білім алу мәселесін қолжетімді ету үшін оларға бөлінген квотаны 2 есе көбейту тапсырылған. Шетелдегі қазақтың студенттері үшін білімдеріне қарай стипендиялар енгізу шаралары көзделген. Қай мемлекеттің азаматтары болса да, елде оқыған қазақ азаматы болашақта елге қызмет атқарады. Өзге елде отандастар ықшам орналасқан аймақтарда өз тілінде білім алуына жағдай жасау қарастырылған. Әдебиеттермен әдістемелік құралдармен қамту шаралары ұсынылған. Қандастар тұратын жақын аймақта отандық теле арналардың көрсетілуін қамтамасыз етуді жетілдіру ұсынылды. Тарихи Отанына оралып елге қызмет жасағысы келетін дарынды жастарды отанға шақыру мәселелері қарастырылды. Арнайы бағдарламалар негізінде оңтүстіктегі тұрғындарды солтүстікке орналастырып, оларды жұмыспен баспанамен қамтамасыз етудің басым бағыттары қарастырылған. Аталғандардың барлығы – ұлттың, елдің болашағы үшін атқарылатын маңызды іс-шаралар болады [118].

Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында көрсетілген «Отандастар» қоры филиалының фронт-офисі сондай-ақ Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы 2019 жылы Шығыс Қазақстан облысында да ашылды. Өскемен қаласында орналасты. Жастармен мемлекеттік мекемелердің басшыларымен кездесіп қордың жұмысындағы мақсат міндеттері таныстырылды. Алдағы уақыттағы жұмыс жоспарлары талқыланды.

Қазіргі кезеңде елдегі репатриация саясаты ол қоғамның ажырамас бір бөлігі болып қалыптасып отырғанан көруге болады. Ең маңызды елге келген репатрианттардың бірінші кезекте әлеуметтік мәртебесін түсірмей оларға әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қолдау шараларын арттыру маңызды. Осы бір мәртебе тұрғысында ел ішінде репатрианттар мен қоғам белсенділері, ғалымдар арасында «оралман» терминін ауыстыруға қатысты түрлі ой-пікірлер білдірілген болатын. Ол мемлекет басшылығы тарапынан да оң қолдауларға ие болды. Елбасы, ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің сөзінде «оралман» деген сөзді қойса,- деп ойын білдірген. Бұл атау шет мемлекеттен келгендерге де ұнамсыз. Сондықтан да Елбасы «шетелдегі ағайындарды», «отандастар» деп айтқанда бұл атау біртіндеп өмірге еніп жақсы болушы еді деген болатын. Осы мәселеде ғалымдар мен қоғам белсенділері өз

ойларын айтып «оралман» атауын өзгертуге ұсыныстарын жасағанын көруге болады. Тіпті елге оралған репатрианттардың арасында да осы «оралман» атауы өзгертілсе деген түрлі ойларын жиі естиміз. Әрине бұл жоғарыда көтерілген пікірлер түрлі талқылаулардан өтіп, елге келген этникалық қазақтардың ұсынысымен мемлекет басшысының қолдауымен елге оралуылардың мәртебесі мемлекеттік деңгейде шешімін тапты. Осы тұрғыда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «оралман» сөзіне қатысты пікір білдірген болатын. «Мен бұдан бұрын да тарихи Отанына келген қазақтарды «оралман» – деп атаудан бас тартып, «қандас» дегеніміз жөн болады деген едім. Жеті атасын білетін халыққа «қандас» деген ұғым жарасады», – деп жазады Президент twitter парақшасында. Еске салсақ, Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» сондай-ақ «Aiqyn» газеттеріне берген сұхбатында «Қоғамдық пікірді қозғаған отандастар проблемасын қолдан саясаттандыруға болмайды. Шетелдегі отандастарды («оралман» деген сөзге мен қарсымын) ата мекеніне қайтару мәселесі ешқашан назардан тыс қалмаған, қалмайды да. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі отандастардың басын туған жерінде біріктіру – біздің ортақ парызымыз», – деген болатын [108]. Мемлекет басшысының бастамасы халықтан қолдау тауып, бұқаралық талқылаудан кейін заңнамаға бекіген болатын. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон үрдістерін реттеу проблемалары арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 13 мамырдағы № 327-VI ҚРЗ сай өзгертілген. 10-баптың 1-тармағындағы «оралмандардың» деген сөз «қандастардың» деген сөзбен ауыстырылсын. Бүкіл мәтін арқылы «оралмандарға», «оралмандардың», «оралмандарды» сондай-ақ «оралмандар» деген сөздер тиісінше «қандастарға», «қандастардың», «қандастарды» сондай-ақ «қандастар» деген сөздермен ауыстырылсын – деп заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді [109]. Енді 2020 жылдың 13 мамырынан бастап мемлекеттік құжаттар мен басылымдарда оралман атауының орнына қандастар атауы кеңінен қолданылатын болады. Бұл өзгерістерді шеттен келген қазақтар да жақсы қабылдап, Отанға оралғандардың мәртебесі артып, қандас сөзінің халық арасына жақындататын маңызды ұғым екендігіне үміттері зор.

Өңірлік квотаға енгізілген қандастар мен қоныс аударушылардың отбасына көшкен кезде көмек көрсетіледі, сонымен қатар жұмысқа орналасу проблемаларында, «Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау қарастырылады. Аймақтық квотаға өтініш берген кезде оралманның куәлігі бар, тарихи мекеніне келген этникалық қазақтар қатысу мүмкіндігі бар. Қандастар мәртебесін алу, сондай-ақ квотаға енгізу қажеттілігі үшін тұрғылықты мекен-жайы арқылы Астана сондай-ақ Алматы, немесе облыстардағы жұмыспен қамтуды үйлестіру сондай-ақ әлеуметтік бағдарламалар басқармасының көші-қон бөлімдеріне жүгіну қажет. «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының қатысушылары жұмыссыз және ішінара жұмыспен қамтылған, табысы төмен, өзін жұмыспен қамтылған халықтың қатарындағы Қазақстанның азаматтары, сонымен қатар қандастар, сондай-ақ бағдарламаға қатысуға басымдық белгіленген өзге де санаттағы

азаматтар болып табылады. «Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде көшіп келгендерге келесідей мемлекеттік қолдау көрсетіледі:

1) көшуге орай шығындарды өтейтін субсидиялар беру;

2) әлеуметтік және экономикалық даму әлеуеті аз елді мекендерден көшкендерге тұрғын үйлермен қызметтік тұрғын үйлер немесе жатақханалардағы бөлмелерді еңбек жолындағы жастарға беру қарастырылған.

Әлеуметтік және экономикалық даму әлеуеті аз елді мекендерден көшетін Қазақстан азаматтарына сондай-ақ қандастарға келесідегідей мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады:

1) қажет болған жағдайда кәсіби даярлау, қайта дайындау және біліктілігін арттыру курстарында сабақ беру;

2) тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға көмек көрсету [119].

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген адамдарға нәтижелі жұмыспен қамтуды және кәсіпкерлік жақты дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде субсидия беру түрінде қолдау көрсетілетін болады: көшуге – отбасының әрбір мүшесіне 35 АЕК (84,2 мың теңге) біржолғы төлем; тұрғын үйді жалдау (жалға алу) сондай-ақ коммуналдық қызметтерді төлеу арқылы шығыстарды жабу үшін 12 ай ішінде отбасына 15-тен 30 АЕК (36,1-ден 72,2 мың теңге).

2019 жылы ҚР Үкіметі 2 031 адамды қамтитын қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасын бекітті. Қостанай облысы арқылы – 815, Павлодар облысы арқылы – 550, Ақмола облысы арқылы – 306, Шығыс Қазақстан облысы арқылы – 250, Солтүстік Қазақстан облысы арқылы – 110 адам.

Мемлекет ішкі көші-қон үрдістерін өңірлік реттеу жөнінде шаралар қабылдауда. Осылай, өнімді жұмыспен қамтуды сондай-ақ жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағыты шеңберінде еңбек тапшы өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік сәйкессіздіктер мен демографиялық теңгерімсіздіктерді жою мақсатында өз еркімен көшуге көмектесу есебінен еңбек ресурстарының ауқымдық ұтқырлығы ынталандырылған.

ҚР Үкіметінің қаулысымен қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы 2020 жылы 1 378 адам болып белгіленген. Аталған қаулыны қабылдаудың мақсаты ҚР Үкіметі белгілеген өңірлерде қандастарды оңтайлы орналастыру болып табылады. 2020 жылы квота былайша бөлінді: Павлодар облысы арқылы – 500 адам, Қостанай облысы арқылы – 350, Ақмола облысы арқылы – 258, Шығыс Қазақстан облысы арқылы – 150, Солтүстік Қазақстан облысы арқылы – 120.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы №83 қаулысымен Шығыс Қазақстан облысы еңбек күші бар өңірлерден оралмандар мен қоныс аударушылар үшін қоныстандыру өңірі ретінде анықталды.

Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген тұлғаларға субсидиялар беру түрінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі:

– көшуге, отбасының әрбір мүшесіне 35 АЕК-тен бір жолғы төлем;

– тұрғын үйді жалдау (жалға алу) сондай-ақ коммуналдық қызметтерді төлеу арқылы шығындарды өтеу 12 ай ішінде отбасына 15-тен 30 АЕК дейін.

2019 жылдың тоғыз айының қорытындысы арқылы Шығыс Қазақстан облысында 30 866 адамды жұмыспен нәтижелі қамтуды сондай-ақ, жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болды. 20171 адам жұмысқа орналастырылды, мұның ішінде 14 332 адам немесе 71% тұрақты жұмысқа орналасқан [120].

2017 жылдан бастап 2020 жылдың 1 сәуіріне дейін 690 отбасы оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген. Субсидия барлығына төленді. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты аясында еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар арқылы кәсіби дағдыларды қалыптастыру мақсатында азаматтардың жекелеген санаттары үшін қысқа мерзімді курстар өткізу қарастырылған, Шығыс Қазақстан облысында 3 746 адам оқытумен қамтылған [121].

Мемлекетаралық көші-қон мәселесі тарих ғылымындағы тоқтаусыз процесс, сол себепті, осы бір саланы жан-жақты талдап, зерттеу маңызды шаралардың бірі болып отыр. Бөлімде тәуелсіз Қазақстанның жүргізген репатриация саясатының жолы талқыланды. Қазіргі таңда репатрианттардың елге қоныстануы көші-қон үрдісіндегі арнаулы барлық бағдарламалардың мақсаты бір. Ол шет елдегі қазақ азаматтарын Отанына оралуға жағдай жасап, елге келгеннен кейін олардың әлеуметтік жәрдеммен қамтылуын, қоғамдық ортаға бейімделуі мен экономикалық жағдайын көтеру болып табылады. Көші-қон саласындағы репатриация, босқын, оралман, қандас терминдеріне анықтамалар беріліп, заңнама жүзінде қандай мақсат -міндеттер арқылы қалыптасып отырғандығы ашылып көрсетілді. Осы бір қолданып жүрген «Оралман» терминін «Қандас» сөзімен ауыстырудың ғылыми және қоғамдық талқылаудан кейін мемлекет басшысының қолдауымен 2020 жылы заңнама жүзінде «қандас» сөзімен ауыстырылғаны көрсетілді. Көші -қон саясатының тәуелсіздік алған жылдан бергі тәжірибесі бар, әр жылда түрлі бағдарламалар мен заңнамалардың өзгеруі мен толықтырылуы нәтижесі арқылы бүгінгі күні репатриация деңгейінің көтеріліп қалғаны көрінеді. Репатриация саясаты өткен тәжірибемен бөлісетін жағдайға жетті десек болады. Әлі де болса жоғары репатриациялық саясатты орнықтыру мақсатында қоғамдық ортаға бейімдеу мен кіріктіру жолында мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіріп отырудың арттықшылығы бар. Алдағы уақытта осы бір елге қоныстану үрдісін үнемі мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде қалыптастыру қажет. Осы негізде репатриант азаматтардың тарихи Отанына келгеннен кейінгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету саяси негізде шешімін тауып, ғылыми тұрғыда зерттеуді қажет ететін күрделі үрдістердің бірі. Ғылыми негізде ғалымдар осы саламен айналысып, репатриацияның мән жайын, елге келгендегі бейімделу мен қоғамға кірігу шараларына қатысты зерттеу жұмыстары атқарылып келеді. Зерттеу саласын кеңейтіп, ғылыми айналымға енгізіп, республикалық

деңгеймен қатар, жекелей өңірлер аумағында кеңінен талқылау жасап, зерттеу шараларын жалғастыру маңызды.

1.2 Қазақтардың тарихи Отанына оралу көші-қонының динамикасы

Қазақ халқының біршама бөлігі басқа этникалық кеңістікте түрлі себептермен дүниежүзінің әрбір мемлекетінде қоныстануы қазақ диаспорасы мен ирредиентасын қалыптасу тарихын туындатқаны белгілі. Осы орайда, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздікті жариялаған күннен бастап, шетелдерде жүрген бес миллионға жуық қандастарды Отанына оралуға шақырып, «Дүние жүзі әлем қазақтарының тұңғыш құрылтайында» былайша үндеу тастаған болатын «Дүние жүзінде қазақтардың бір ғана Отаны бар ол – тәуелсіз Қазақстан мемлекеті» [1, б. 2]. Осы уақыттан бастап, шет мемлекеттегі қандастардың тарихи Отанына оралу процесі алға жылжи бастады. Осыдан кейін көші қон процесі жанданып, елге келуге ниет білдірген қандастарға белгіленген жеңілдік түрлері қарастырыла отырып, арнайы мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырыла бастады. Азаматтардың елге оралуы 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізісімен-ақ, көші-қон процесі іске асырыла бастады. Репартиацияның алғашқы бастамасы 1991 жылғы ақпан айында 97 қазақтың Моңғолиядан Қазақстанға көшіп келуінен басталды. Бұл көшу стихиялық (үкіметпен ұйымдастырылмаған) сипатта болды. Осыдан келе біз елге қоныс аударушылардың Отанына оралу процесі екі топқа бөлеміз. Біріншісіне мемлекет тарапынан бөлінген қаржы есебімен қоныс аударғандар болса, екінші бір тобы стихиялық нақтырақ айтсақ, мемлекеттің көмегінсіз өздерінің күштерімен елге қоныс аударғандарды жатқызамыз. Бірақ, осындай жағдайдың болуына қарамастан елге қоныс аударушылар Алматы облысына орналастырылып, олар арнайы жұмыс орындарымен қамтамасыз етілді. Жалпы 1991-1993 жылдар аралығында Моңғолиядан 60 мың қазақ тарихи Отанына оралды. Бұл елден оралғандардың басым көпшілігі интеллегенция өкілдері болған, олар дәрігерлер, инженерлер, ғалымдар және т.б. болатын [11, б. 256]. Моңғолиядан басталған көші-қонды Түркия, Қытай, Өзбекстандағы ағайындар жалғап әкетті.

Осы басталған процеске орай тәуелсіз қазақ елінде 1991 жылдан бастап көші-қонның жаңа жүйесі қалыптасты. Министрлер кеңесінің «Көші-қон туралы» 1992 жылы қабылданған қаулысы бойынша Еңбек министрлігі жанынан Көші-қон басқармасы құрылды. Бұл бастама Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы қазақ көшінің алғашқы легін қабылдап, мемлекеттік маңызы бар шараларды іске асырды. Осы бағдарлама негізінде 1991-1992 жылдары Моңғолия қазақтарының жаппай көшіп келуі нәтижесінде Қазақстанға 1297 жанұя, барлығы 62126 адам оралды. Отандарына оралған қандастарды Қазақстанның елді мекендері мен үлкен қалаларына (Қарағанды, Талдықорған, Павлодар облыстарына) орналастырылды. Мәліметтер бойынша 1991-1997 жылдар аралығында Қазақстанға көшіп келгендер саны шамамен 64 мың қазақ жанұя болған [80, б. 74-77]. Бұл процесс жаңа ғана тәуелсіздігін алып, енді ғана даму жолына түскен Қазақстанның демографиялық жағдайына да, біршама

өзгеріс әкелді. Ал 1995 жылға дейін республикаға 137 919 қандастар келген. Олардың көпшілігі (50,6%) таяу шет мемлекеттерден, оның ішінде Ресей, Тәжікстан, Кавказ өңірінен келушілер. Алыс шетелден – Моңғолия, Қытай, Иран, Түркия және де Ауғанстаннан келген қазақтар – 49,4% ды құрады. 1993 ж. қазақ делегациясы мен Иран үкіметінің бірлескен келісімінен кейін Ираннан қазақтардың репатриациясы жаппай сипат алды [123]. Осылайша, мемлекет тарапынан бөлінген квотамен көшіп келуші азаматтар саны жыл сайын өсе түсті.

Кесте 1 – Мемлекеттік квота есебімен және квотадан тыс көшіп келгендер

Көшкен жылдары	1991-1998 жылдары	1999 жыл	2000 жылы
Саны	181,4 мың адам	1265 адам	183652 адам
Оралған мемлекеттер	Моңғолия - 63,9 мың Иран – 4,8 мың Түркия - 2,6 мың Ауғанстан – 83 ТМД елдері – 106,8 мың адам [124]	Квотаға сәйкес: Пәкістан – 95 жанұя (419 адам) Түркия - 32 жанұя (147 адам) Моңғолия – 50 жанұя (195 адам) Иран – 18 жанұя (65 адам) Квотадан тыс өз бетінше қоныс аударғандар: ҚХР – 20 жанұя (105 адам) Тәжікстан - 10 жанұя (49 адам) Өзбекстан – 45 жанұя (226 адам) Ауғанстан – 10 жанұя (59 адам) [75]	Өзбекстан – 62737 Түркіменстан – 22055 Тәжікстан – 10476 Ресей – 8490 Алыс шет мемлекеттерден: Моңғолия – 65202 (35%) Иран – 5030 (8%) Түркия – 3780 (2%) Ауғанстан – 1719 ҚХР – 2214 (1,2%) Пәкістан – 1102 (1%) [75]

1 – кестеде 1991-2000 жылдар аралығында квотамен және квотадан тыс шет елдерден көшіп келген репатрианттардың сандық көрсеткішіні талдау жасалынған. Сонымен қатар, 1999-2000 жылдары көші-қон саясатына баса назар аударылғанын және үкімет тарапынан көрсетілген көмектің арта түскенін, осы жылдардағы көш санының да арта түсуін анық байқауға болады. Бірақ, мемлекет тарапынан бөлек, квотадан тыс ҚХР, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан елдерінен өз бетінше қоныс аударғандардың да болғанын көруге болады.

Кесте 2 – 2001 жылы алыс және де жақын шет елдерден келген репатрианттардың білім деңгейі

Көшкен жылдары	Репатриант саны	Қызмет түрі, лауазымы
1	2	3
2001 жылы	13 адам	Ғылым докторы
	67	Ғылым кандидаттары
	12 182	Жоғарғы мамандығы бар

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
	1 472	Аяқталмаған жоғарғы білімділер
	16 196	Орташа білімдері бар азаматтар
	631	Шығармашылық жұмыстағылар
	5	Білім беру саласында
	2 492	Медицина саласында
	651	Мемлекеттік қызметтегілер
	2576	Бизнес саласы мен кәсіпкерлер

2 – кестеде 2001 жыл аралығының өзінде ҚР-ның аумағына қоныс аударушылар мен көшіп келушілердің арасында еңбекке жарамды, қоғамда белсенді азаматтардың біздің елге енуінің үрдісі көрініс тапты [81, б. 352].

Кесте 3 – Елге оралған репатрианттардың келген елдерінің сандық көрсеткіші

Қоныс аударған елдер	2005 жылдың шілдесіне дейін	2005-2007 жылдар аралығы
Оралған мемлекеттер	Қытайдан –1013 (99,8%)	Өзбекстаннан – 61,6%
	Қырғызстан – 108 (74,5%)	Моңғолиядан – 14,3%
	Моңғолия – 589 (97,3%)	Түркіменстаннан – 8,6%
	Ресей-816 (56,3%)	Қытайдан – 6,7% (14189)
	Түркіменстан – 621 (89,3%)	
	Өзбекстан-10545 (96,8%)	Оның ішінде 10521 жанұя көшу квотасымен 29415 жанұя квотадан бөлек көшіп келгендер. (28%)
	ТМД басқа елдер – 47 (34,8%)	
Барлығы 13739 (91,6%) оралман жанұя қоныс аударған.		

3 – кестеде Отандастардың тарихи мекеніне қоныс аударуы екі жолмен іске асырылуда, біріншіден, мемлекет тарапынан арнайы бөлінген квотамен және де квотадан тыс келгендер. Оның ішінде 10521 жанұя көшу квотасымен, 29415 жанұя квотадан бөлек қоныс аударғандар. Елге көшіп келген репатрианттардың көрсеткішінің 28 пайызын құрады [81, б. 352].

«Халықтың көші-қоны туралы» заңнамасы негізінде өзге елдерден қоныс аударған оралмандар квотамен орналастырылған. Бірақ жоғарыда аталған агенттіктің деректері бойынша квота толық орындалмаған.


Кесте 4 – Квотаның орындалу көрсеткіштері

1993 жылдары квотаның орындалуы	1994 жылдары	1995 жылдары	1996 жылдары	1997 жылдары	1998 жылдары
76,5%	51,5%	66,6%	63,6%	56%	53,4%

4 – кестеде 1993-1998 жылдар аралығында квотаның орындалуы пайыздық көрсеткішпен берілген [88, б. 352].

Ал квота 1999-2000 жылдар көрсетілген мәліметтер Ресей мен Өзбекстаннан көшушілер арқылы орындалған. Ал 2002 жылғы квота 2600 жанұя болса, орташа алғанда 13-14 мың адамды құрайтыны белгілі [88, б. 352]. Аталған деректерден жыл сайынғы мемлекет тарапынан бөлінген квота санының өскенін көруге болады. Бірақ бұл көрсеткіш күннен-күнге іргесін нығайтып келе жатқан Қазақстан үшін әлі де болсын жеткіліксіз екендігін байқатады. «Оралмандардың 2005-2007 жылдарға бағытталған көшіп келу квотасы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 1508 жарлығына сәйкес 2006 жылы республикадағы 15000 оралман жанұяларын қабылдау қарастырылып, бұл шара 99,4% орындалды, яғни республика аумағына 14907 (82471 адам) оралман жанұя көшіп келу квотасына сәйкес қоныстандырылған (15189 адам) [78, с. 9-10]. Бұл мәліметтерден жыл сайынғы мемлекет бюджетінен бөлінген квотаның жоғарлағаны байқалады. Жалпылама статистика мәліметі бойынша тәуелсіздік жылдарынан бастап, 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін елге 789 339 оралман квотамен қоныс аударған. Этникалық көші-қонды ұйымдастыру 1993 жылдың басынан квота үлестіру бойынша реттеледі: 2005-2008 жылдар аралығында әрбір жыл сайын 15 мың жанұяға квота болса, 2009 жылдан бастап жыл сайынғы квоталар 20 мың жанұя жетті. Квота берілген жылдарды кестеден көруге болады.

2 – суреттен көріп отырғандай, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген оралман жанұяларға бөлінген көшіп келу квотасының жылдан жылға өскенін байқауға болады. Тәуелсіздік алғаннан жылдар аралығында Қазақстанға қайтқан репатрианттар көрсеткіші, ресми ақпаратта 753,4 мың адамды (192,4 мың жанұя) құрайды деген дерек бар. Репатрианттардың көші-қонына байланысты елдегі қазақтар үлесі 1989 жылы 48%-дан 2009 жылы 63,1%-ға өскен болатын. Алайда, экономикалық-әлеуметтік жағдайға байланысты көштің тоқыраған кездері де болды.



Сурет 2 – 1993-2010 жылдар аралығындағы квота берілген жанұялар саны

Ескерту – Диаграмма Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының мәліметтері негізінде құрастырылды

1993 жылға дейінгі уақытта шет елден оралушы азаматтарға Қазақстан азаматтығын алу аса күрделі мәселелердің бірі болатын. Осы уақытта яғни, 1992-1993 жылдары Қазақстанда жаппай жекешелендіру науқаны басталып кетті. Оралмандар азаматтық алып үлгермегендіктен бұл науқаннан тыс қалды. Азаматтығы жоқтықтың салдарынан жұмысқа қабылдану, балаларының шет елге оқуға түсу мүмкіндігі шектелді. 1993-1998 жылдары Қазақстанда орын алған экономикалық дағдарыс пен қатар келген жоғарыда аталған жайлар көші-қонға кері әсерін тигізбей қоймады. Елге оралу процесінің бұл деңгейінің әлеуметтік шындыққа бірнеше себептері бар: біріншісі, репатрианттардың республика аумағында бытыраңқы орналасуы, бұл процестегі жүйеліліктің болмауы; екіншісі, еңбекке орналасудағы қиыншылықтар (жұмыссыздық, әлеуметтік жағдайдың төмендігі); үшіншісі, азаматтық алудағы кешеуілдіктер, құқықтық дағдарыстар болып табылады; төртіншіден, оралмандарға қажетті әлеуметтік-бейімдеу орталықтардың болмауы [88, б. 352]. Осы негізде нарықтық экономикаға орналасу жағдайында елдің бастан өткен қиындықтарына байланысты Моңғолия мен Қытай елдерінен көшуші қазақтардың саны қысқарған. Олардың жаңа ортаға бейімделуіне әртүрлі жерлерде қоныстануы мен орыс тілді жерге тап болуы біраз қиыншылықтар туғызды. Осының салдарынан Моңғолиядан келген 800 жанұя, Алтай аймағынан 1993 жылы келген 200-ге жуық жанұя, Түркия, Қарақалпақстаннан келген біршама жанұя елдеріне кері қайтуға мәжбүр болды [84, б. 79]. Экономикада болып жатқан дағдарыспен қабаттас келген оқиғалар көші-қон процесіне кері әсерін тигізбей қоймады. Көштің алғашқы дүбірі осындай қарқынмен саябырсып, алыс және де жақын шет елдерден көшіп келушілер саны 1996 жылы 1991 жылмен салыстырғанда 4 есе, 1993 жылмен салыстырғанда 2 есе азайды. 1991-1992 жылы 1100 жанұя келген. Моңғолиядан 1995 жылы барлығы 3 жанұя, ал 1996 жылы 17 жанұя ғана келген. Басқа елдерден көшіп келушілер уақытша тоқтап қалған. Алайда, бұл көші-қон процесінің қарқыны ел экономикасы жоғарылаған кезде деңгейінің қайта көтерілгені мәлім. Отанға оралғандардың көпшілігі – Ресейден, Қытайдан, Моңғолиядан және де Өзбекстаннан, қалғандары-Түркіменстаннан, Ауғанстаннан, Түркиядан, Ираннан, басқа да алыс және жақын шетелдерден. Дүниежүзілік қоғамдастықтың мәліметтері негізінде 40-тан астам шетелдегі қазақтардың сандық үлесі 5 млн. 600 мыңнан астам адам екені атап өтілді. Олардың ішінде жақын шет мемлекеттерде – 3 млн. 137 мың; алыс шет елдерде – 2 млн. 529 мың 800. Қазақтар шоғырланған мемлекеттер, Қытайда – 2.260 мың, Өзбекстанда – 1.750 мың, Ресейде – 1.100 мың, Моңғолияда – 150 мың, қалғандары: Түркияде – 15 мың, АҚШ – 14 мың, Тәжікстанда – 10 мың, Иранда – 10 мың, Германияда – 9 мың және де т.б. Ал 2000-2005 жылдар кезеңіндегі көрсеткіш бойынша шет мемлекеттердегі қазақтарды үлесі 3,2 млн. адамнан 5,6 млн-ға өскен [85,б. 56]. Жалпы 2007 жылы қоныс аударған 3820 жанұялардың құрамындағы 11327 адамның 1851 мектеп жасына дейінгі (балабақшамен қамтылған), 3023 мектеп жасындағы балалар (барлығы оқумен қамтылған), 5845 адам еңбекке жарамды жаста (4091 жұмысқа орналасқан),

608 зейнеткерлер (601 зейнетақы алады). Ал кәсіби дайындығы және де білім деңгейіне келгенде 506 жоғары білімі бар, 1007 кәсіби, 4298 жалпы орта білімі бар қандастар. Елге қайтқан 2690 жанұя тұрғын үймен қамтылған, оның ішінде 1823 жанұя көшіп келу квотасы арқылы, 840 өз қаржысына, 27 жанұяға әлеуметтік тұрғын үй берілген. 801 жанұяға тұрғын үй салу үшін жер телімдері берілген [81, б. 352]. Аталған мәліметтерден елге келуші оралман жанұялардың мемлекет тарапынан жеңілдікпен қамтамасыз ету деңгейінің жоғары дәрежеде орындалып жатқаны көрінеді. Репатрианттардың тәуелсіздік алғаннан 2008 жылға дейін жалпылама қоныстанудағы статистикалық мәліметіне қарағанда 169 681 жанұя, 664 949 адам тарихи Отандарына қайтқан. Олардың 45-і ғылым докторы, 242-і ғылым кандидаты, 24847-і жоғарғы білімді. Оның ішінде 1530-ы шығармашылықпен айналысады, 11753 білім және де 6058 медицина салаларында, 773 азамат мемлекеттік қызметтерде жұмыс жасауда. Сондай-ақ, еңбек жасындағылар 40,9%-ды, ал зейнеткерлік жасындағылар 4,4%-ды көрсетеді [77, с. 104]. Бұл көрсеткіштерден байқалатыны елге оралушы азаматтардың көп мөлшерін еңбек жасындағы орташа жастағы азаматтар құрайды. Қазақстан Республикасының Президентінің 2008 жылғы 17 қараша №690 жарлығына сәйкес «2009 жылғы Оралмандардың көшіп-келу квотасын бөлу туралы» және де Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы №32 «Оралмандардың көшіп келу квотасын бөлу» туралы қаулысына сәйкес 20000 жанұяна квота беру қарастырылған. Алайда, 20 000 жанұяға бөлінген квотаға 16300 жанұя көшіп келуі жоспарланып, оның 15534 жанұясы ғана елге қайтқан. Солтүстік Қазақстанға 550 жанұяны көшіру жоспарланған болатын, бірақ 154 жанұя ғана келіп қоныстанған. Жалпы алғанда, комитет мәліметтеріне қарағанда, 2010 жылдың 1 қаңтарындағы деректер бойынша, Қазақстан Республикасында 201 мың 309 оралмандардың жанұясы немесе 853 мың 491 этникалық қазақ келген. Олардың ішінде 71 ғылым докторы, 213 ғылым кандидаты, 40777 жоғары білімді, 2509 аяқталмаған жоғары білімді және де 93600 орта арнаулы білімді адамдар. Сонымен қатар, Қазақстандағы жоғарғы және де орта арнаулы оқу ордаларында 5508 студент, дайындық курстарында 160 жас оқыған. Ал 620 адам Қазақстанның Қарулы күштері қатарында қызмет атқарып жүр [126]. Бұл мәліметті ескере келе елге оралушылардың санының жоғары деңгейде екені көрінеді.

2011 жылы 22 шілдеде №477-IV «Халықтық көші-қон туралы» ҚР-ның заңы қабылданды. Заң халықтың көші-қон үрдісінің құқықтық, әлеуметтік-экономикалық негіздерін белгіліп қоғамдағы қатынастарды реттеуде маңызды құжат болды. Қазақстан азаматтығын қабылдау тиімді тәсілдермен үш айдың көлемінде жүзеге асырылады - деп қарастырылған. Заңға сәйкес оралмандар мен олардың жанұя мүшелері өтемақылар және басқа да әлеуметтік жеңілдіктер ала алады. Барлық оралмандарға медициналық қызмет көрсетудің, білім беру жағдайлары қамтамасыз етілген. Қазақ азаматтарының тарихи Отанына оралуы, Қазақстан Республикасының демографиялық саясатына өлшеусіз үлес қосатыны белгілі, сондай-ақ, репатрианттардың өздерінің атамекеніне қоныстануы мемлекеттік саясаттың маңызды приоритеттерінің бірі болмақ. Ондағы негізгі

мақсат қазақ ұлтын тарихи мекеніне оралуына, орналастыруына, тұрған жеріне тиісті жағдайлар туғызуы болып табылады. Елден тыс өмір сүрген отандастар үшін қазақ жұртының тәуелсіздікке қол жеткізуі тарихи Отандарына оралуларына зор мүмкіндік туғызды. 1991-2011 жылдар аралығында 221,3 мың жанұя немесе 860,4 мың қандастар тарихи Отанына оралған. «2010 жылғы қаңтар және желтоқсан айларымен салыстырсақ, Қазақстан Республикасынан қоныс аударушы азаматтар саны 2011 жылы 22,8% өсіп, көшіп келуші азаматтар саны 8,9% төмендеп өзгерген. Елдегі негізгі көші-қон айналымдарының бірі ТМД елдерінен және де ТМД елдерінен келуші азаматтар және де осы елдерге қоныс аударғандар үлесі» 81,5% және 95,1% құрайды [87, р. 18-23]. Осы жылдары мемлекетке қоныс аударушы оралман азаматтардың сандық көрсеткіші төмендеген оған басты себеп, қоныс аударушы аймақтан тіркеуден шығу процесінің ұзаққа созылуы және де сол елдегі саяси жағдайға да тікелей байланысты.

Кесте 5 – 1991-2011 жылдар аралығында квота арқылы немесе квотасыз қоныс аударған репатрианттардың сандық көрсеткіштері мен келген елдері, орналасу аймағы және білімі мен жас ерекшеліктері берілген

1991-2011 жылдар аралығында 221,3 мың жанұя 860,4 мың этникалық қазақтың 127,1 мыңы мемлекеттік квота тарапынан қоныс аударғандар. 94,2 мыңы квотадан тыс қоныс аударған азаматтар құрайды [87, р.18-23]			
1991-1996 жылдары – 12,1 % (104 009 адамға)	1997-2001 жылдары – 9,6% (82 335 адамға)	2002-2006 жылдары- 44,8% (384 106 адамға)	2007-2011 жылдары – 33,5% (288 710 адамға)
Келген елдерінің көрсеткіші			
Өзбекстаннан - 60,5%			
ҚХР – 12,6%			
Моңғолиядан – 10,4 %			
Түркіменстаннан – 5%-			
Ресей – 3,8%			
Басқа мемлекеттерден қоныстанғандар – 3,8%			
Облыстарға қоныстану деңгейі			
Манғыстау облысына – 12,5%			
Жамбыл облысында – 7,7%			
Солтүстік Қазақстан облысына – 7,1%			
Алматы облысына – 7%			
ШҚО – 4,3%			
Білім деңгейлері			
9,2% жоғары білім алғандар			
1,4% жоғары білімі аяқталмағандар			
20,5% орта мектепті бітірсе			
65% жалпы орта оқуын тәмамдаған			
3,9% ешқандай білім алмаған			
Жас көрсеткіштері			
54,1% еңбек жасындағы азаматтар			
41,2% балалар 18 жас аралығындағы			
4,7% зейнеткер азаматтар			

5 – кестеде көрсетілгендей 1991-2011 жылдар аралығында келген репатрианттардың басым көпшілігінің білім деңгейі орта біліммен аяқталған. Елге келгенде білім беру мен қайта даярлау курстарының қызметтерін әрмен қарай жетілдірудің маңызы зор. Бірақ репатриация саясатында біраз өзгертулер енгізілу барысында 2012-2015 жылдары квота беру шаралары уақытша тоқтап, елге оралушылардың көрсеткіштері азайып кеткені төменде көрсетіледі [87, p. 18-23].

Денсаулық сақтау және де әлеуметтік даму министрлігінің деректерінде, 2013 жылдың соңында қабылданған оралмандарға бұрынғыдай тұрғын үй құрылысы, шаруашылық жүргізу, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жеңілдетілген несие беру үшін жер учаскесі бөлінеді. Азаматтықты алу Қазақстанға қоныс аударған этникалық қазақтарға төрт жылдан кейін беру туралы заңда көрсетілген. Көптеген оралмандар бұл соңғы талапқа наразы болды. 2013 жылы қабылданған «Еңбек көші-қоны туралы» заң аясында қабылданған Үкімет қаулысында екі тежеу бар. Біріншісі-кету парағы, яғни қоныс аударушы Қазақстан азаматтығын алуына келген елдеріненен тұратын мемлекеттің келісімі қажет болған. Екіншісі ол – сотталмағандығы туралы анықтаманың болуы. Бұл екі талаптың ақырғы онжылдықтарда елге келуші оралмандардан сұратылмаған. Денсаулық сақтау және де әлеуметтік даму министрлігі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда шетелден Қазақстанға қоныс аударған этникалық қазақтар санының азайғанын растайды. Қазақстанға 2013 жылдың 9 айында – 21949 адам көшіп келген, ал 2014 жылы 9 айда бұл көрсеткіш 7468 адам (немесе 3490 жанұя) болған. 2014 жылдың бірінші тоқсанында 3887 адам (1947 жанұя), екінші тоқсанда-3377 адам (1457 жанұя) келді. Үшінші тоқсанында болса иммигранттар саны 204 адамға (86 жанұя) азайды, – деп хабарлады министрліктің Еңбек, әлеуметтік қорғау және де көші-қон комитеті этникалық және де ішкі көші-қонды реттеу басқармасының мәліметі бойынша. Бұл мәліметтер 2014 жылы көші-қондағы этникалық қазақтардың күрт төмендеуіне 2013 жылы қабылданған Көші-қон туралы Заңға (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң) өзгерістер енгізілгенен көрсетеді. 1993 жылдан бері репатрианттарға көрсетілген қаржылай көмек пен квотаның 2012 - 2015 жылдарында тоқтауы репатриация саясатындағы көштің біраз бөлігінің саябырсып қалғандығын көрсетіп отыр. Бірақ, дегенмен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және де жұмыспен қамту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылдың қараша айында белгіленген Заңнамаға қол қойылған соң, жағдай өз ретімен дұрыс орнықты. Бұл заң шет елдердегі отандастардың елге оралып азаматтығын алуына жол ашып, көптеген көмек көрсетілді [127].

Бұрынғы мемлекеттік хатшы Г.Әбдіқалықова тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары 965 мыңға жуық адамның азаматтық алғанын және де бұл елдегі Елбасы Н. Назарбаевтың қол жеткізген табыстардың айғағы екенін атап өткен. Ол ұлттың қатары толыққанына қуанып, азаматтық алғандар елдің дамуына

ықпал тигізетініне сенім білдірді. Елбасы тиісті жарлықтарға қол қойғаннан кейін, шетелдерден келген әртүрлі ұлт өкілдерінің 819 өкілі Қазақстан Республикасының азаматы атанады. Ал 2016 жылға жоспарланған көші-қон межесі: 1) 1259 жанұядан тұратын репатрианттарды қабылдаудың 2016 жылға бағытталған өңірлік квота; 2) 463 жанұядан құралған көшуші халықты қабылдаудың 2016 жылға бағытталған өңірлік квотасы. 1991 жылдан 2016 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақытта 261 мың 104 жанұя, яғни 957 мың 772 этникалық қазақ өзінің Отанына қайтып, оралман мәртебесін алған. Бұл мемлекетте тұратын азаматтардың жалпы санының 5,5% құраған. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің деректерін қарастырсақ, Қазақстан Республикасына келген репатрианттардың басым бөлігі, яғни, 61,6% – Өзбекстан елінен қайтқан, сондай-ақ, 14,2% – Қытай Халық Республикасы, 9,2% – Моңғолия, 6,8% – Түрікменстан, 4,6% – Ресей және де 3,6% – өзге елдерден қайтқан қандастар. Оның 21,2% – Оңтүстік Қазақстан облысы, 16,3% – Алматы облысы, 13% – Маңғыстау облысы, 9,4% – Жамбыл облысы, 40,1% – республиканың басқа да өңірлеріне қоныс аударды. Еліне қайтқан қандастардың 55,6% – еңбек етуге қабілетті жаста, 18 жасқа дейінгі азаматтар – 39,9%, зейнеткер – 4,5 пайызын құрайды. Еңбекке жарамды репатрианттардың 8,8 пайызының жоғарғы білімі болса, 20,6 пайызында орта арнайы білім бар, 60,8 пайызы жалпы орта біліміне ие, ал 9,8%-нің білімі жоқ. 2015 жылы Мемлекет басшысы Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі Ұлт жоспары – 100 нақты қадамды іске асыруға бағытталған «халықтың көші-қоны және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды [128].

Бұл Заңнамада этникалық қазақтардың тарихи мекеніне оралуын жандандыру мақсатында:

– этникалық қазақтарға қоныстандыру аймағына қарамай оларға оралман мәртебесі беріледі. Олардың елде уақытша тұруларына рұқсат алуы үшін төлем қабілеттерін растамай-ақ көші-қон полициясына жүгіну арқылы берілді;

– Үкімет айқындаған өңірлерге қоныстанған жағдайда этникалық қазақтарға әлеуметтік пакет ұсыну, бұдан басқа, елдің кез келген өңірінен айқындалған екінші өңірге қоныс аударған оралманның әлеуметтік қолдау алу мүмкіндіктері болды. Егерде қоныстану аймағынан 5 жыл бұрын көшіп кететін болса, онда алынған көмекті Үкіметке қайтару міндеті көзделген.

– уақытша тұруға ықтиярхатты алғаннан кейін оралмандарға Қазақстан Республикасының азаматтығын беру мерзімін 1 жылға дейін қысқарту көзделген [129].

Этникалық қазақтардың қайтуына, бейімделуіне және де кірігуіне кедергі туғызатын бірнеше мәселелер заң аясында өз шешімдерін тапты. Атап айтқанда, көшіп келушілерге оралман мәртебесі қоныстану аумағына қарамастан 1 жылға беріле бастады. Олардың Қазақстанның азаматтығын алу мерзімі 4 жылдан 1 жылға қысқартылды. Отандастарды ұтымды орналастыру мақсатында қосымша Еңбек ресурстарын қажет ететін өңірлерге жіберу

жөнінде шаралар қабылданды. Нәтижесінде 2016 жылы елге 16,5 мың оралман жанұя келді. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда 8,5 есе көп. Үкімет отырысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2017-2020 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасының жобасын ұсынды. Бұл құжатта шетелдегі этникалық қазақтармен, соның ішінде дарынды және іскер азаматтармен тығыз ынтымақтастыққа баса назар аударылған [130]. Қазіргі уақытта сырттағы қандастардың көшінің баяулағанын байқауға болады. Оны мына көрсеткіштер дәлелдейді: 2016 ж. – 33 754, 2017 ж. – 18 605, 2018 ж. – 14 541 адам тарихи Отаны Қазақстанға қоныс аударған. Ендігі мақсат - елге келуге ниет білдіріп отырған қандастардың жағдайын жасаудың қамын әрімен қарай жалғастыру шаралары болып отыр. Осыған орай заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қолға алу қажеттілігі бар. Оларды қоғамға әлеуметтендіру шараларына келгенде әрбір жанұямен жұмыс жасау керек. Жоғарыдағы көрсеткішке сай, елге келген азаматтардың басым көпшілігі еңбекке жарамды, ал жастар болса орта білім көрсеткіші басымдылықпен келген. Енді келетіндердің көрсеткіштері де осы төңірегінде болмақ. Елге келген қандастардың оқуға және де жұмысқа жарамдыларының бәрін арнайы білім мен кәсіптік оқулардан өткізіп, қоғамға қажетті мамандық иелерін дайындау қажет. Арнайы мамандықсыз елге әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан бейімделу қиынға түседі.

Қазақстан диаспоралары мен ирреденталары шамамен әлемнің 40 елінде тіркелген ақпарат беріледі. Этникалық қазақтардың басым көпшілігі Қытайда – 1,3 млн. адам, Өзбекстанда – 1 млн. адам, Ресейде – мөлшермен 900 мың адам тұрғылықты тұрып жатыр [103, р. 545]. ҚР Еңбек және де халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша тарихи Отанға қоныс аударушылардың «1991 жыл мен 2019 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 314 017 жанұя немесе 1 057 343 қандас елге оралды. Қандастардың негізгі бөлігі Өзбекстаннан (61 %) оралды. Қалғандары, Қытайдан –13,2 %, Моңғолиядан –11,3 %, Түркіменстаннан – 7 % , 3,7 – Ресейден және де 3,8 % басқа елдерден келгендер құраған. Отанына оралған қандастардың орналасу көрсеткішіне келсек, олардың 21,2 % –Түркістан облысына, 17,6 % – Алматы облысына, 12,9% – Маңғыстау облысына және де Жамбыл облысына – 9,2 %. Қазақстанға келген қандастардың 56,4 % -ы еңбекке жарамды, кәмелет жасына толмағандар – 38,8 % құрайды, 4,8 % ол зейнеткерлер» [131]. 2019 жылы республикаға 9 993 жанұя (17,7 мың этникалық қазақ) келді, 597 оралман жанұя (2 мың адам) қабылдау өңірлерінде қоныс аударды (ШҚО, СҚО, Ақмола, Павлодар, Қостанай облыстары). Азаматтық алуға құжат бере алмаған этникалық қазақтар үшін оралман мәртебесін ұзарту жөніндегі біржолғы акция шеңберінде өткен 2019 жылы 8,2 мың этникалық қазақ Қазақстан азаматтығын алды. «Заң жобасы аясында оралмандарға тұруға және де Қазақстан азаматтығын алуға бір өтініш беру құқығын қарастыру ұсынылады. Сондай-ақ, шетелдік білікті қызметкерлерді қазақстандық кадрлармен ауыстыру жөніндегі міндеттемелерді жұмыс берушілерге жүктеу ұсынылады. Рұқсат тек ішкі еңбек нарығында мамандар болмаған жағдайда ғана берілуі тиіс», – деп сол кездегі

министр Біржан Нұрымбетов атап өткен болатын [132]. Қазақстанда қандастарды қабылдаудың 2020 жылға бағытталған өңірлік квотасы бекітілді. 2020 жылы 1378 адамға квота берілді. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 653 адамға аз. Өткен 2019 жылы 2031 адамға квота бөлінген болатын. «2020 жылы квота былайша бөлінді: Павлодар облысы бойынша – 500 адам, Қостанай облысы - 350, Ақмола облысы – 258, Шығыс Қазақстан облысы – 150 және де Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 120». Қазақстанға келген қандастарға қолдау ретінде субсидия бөлінеді. Тарихи Отанына көшіп келген жанұяның әрбір мүшесіне 35 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) (84,2 мың теңге) мөлшерінде біржолғы төлеммен қатар тұрғын үйді жалға алу және де коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалған шығысты жабуға 12 ай ішінде жанұяға 15-тен 30-ға дейінгі көлемде АЕК (36,1-ден 72,2 мың теңге) беріледі [2, б. 1].

ҚР Тұңғыш Президенті қандастарды тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап отанына шақыру саясатын ұстанды. Алғашқы кезеңде көші-қондық заңның шыққанына дейін қандастардың елге көшуі мемлекет тарапынан және де стихиялық түрде өз күштерімен де оралу көрсеткіштері жүргізілді. 1993 жылы бастау алған көшіп келушілерге квота беру 2000 жылдар аралығында қолға алынғанымен белсенді түрде ұйымдаспағанын көруге болады. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» заңы қабылданып көші-қон процесі заңдастырылды. Әрімен қарай көші-қон процесін реттеуге мүмкіндік берді. Өкімет тарапынан берілетін квотаның толық орындалуы 2004 жылдардан бастап елге оралу динамикасы жоғарлағандығын көруге болады. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы қабылданып заңнамаға толықтырулар мен азаматтықты алудың жеңілдету жолдары қарастырылған болатын. Репатрианттарға көрсетілген қаржылай көмек пен квотаның 2012-2015 жылдарында тоқтауы репатриация саясатында көштің біраз саябырлауын көрсетті. Оған себеп 2013 жылы қабылданған Көші-қон туралы Заңға (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң) өзгерістер әкелгенін айғақтайды. Бірақ, 2015 жылдың қараша айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және де жұмыспен қамту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңнама бекітілген соң, жағдайда өз ретімен дұрыс орнықты. Қандастардың Отанына оралуы елдің демографиялық ахуалын тұрақтандырып қана қоймай, елдегі Солтүстік өңірлерді жұмыс күшімен қамту шешімін табады. Бұл 2016 жылдан бастап елге келген қандастарға арнайы квота бөлініп елдің Солтүстік өңірлеріне орналастыруды да белсенді қолға алғандығын көруге болады. Ол халық саны аз орналасқан, жұмысшы күші тапшы, шекаралық өңірлердің демографиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын көтеруге бағытталған көші-қон саясаты ретінде іске асырылуда. Ендігі кезекте жекелеген қандастар орналасқан өңірлерде олардың қоғамдық ортаға кірігуі мен бейімделу шараларымен олардың тұрақтап қалуын ұйымдастыруда мемлекеттік көмектер мен қызметтерді белсенді ұйымдастыру маңызды. Қазақстан Республикасының

репатриация саясаты алғашқы қабылдау легінен бастап, түрлі бағдарламалармен заңдар, заңнамалық актілердің кезең-кезеңмен өзгерістер мен толықтырулардың әсерінен елге 1991 жылдан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін шетелден барлығы 1 057 280 этникалық қазақ тарихи Отанына оралған [2, б. 1]. Тәуелсіздіктен бастау алған көші-қон саясаты мемлекеттің басым бағыттарының біріне айналып отыр. Репатриация саясаты қандастарды елге оралудың белсенді динамикасының жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақстан Республикасына келген репатрианттардың басым бөлігі, Өзбекстан, Қытай Халық Республикасы, Моңғолия, Түрікменстан, Ресей және өзге елдерден қайтқан қандастар құрайды. Бірақ әлі де болса көші-қон үрдісін осы ұстанған саясаттағыдай өз бағытын шыңдай бергені өзге мемлекеттерде жүрген қандастарға елге оралуға деген үлкен мүмкіндіктер беретіні сөзсіз. Елге оралған қандастардың ішінде басым көпшілігі қоғамдағы белсенді тұлғалар екендігі зерттеу жұмыстары барысында көрсетілген болатын. Елге оралған қандастарды баспанамен қамту, жұмысқа орналастыру, қайта даярлау шаралары да кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып қала бермек. Шет елдердегі қандастардың балаларына дайындық бөлімдерінде оқуға шақыру, оқу орындарында білім гранттарын бөлудің де маңыздылығы зор. Білім алуға келген қандастар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысып, қоғамдық ортаға бейімдеу мен кірігу шараларынан өту арқылы елге келіп тұрақты тұруға деген сенімдерін шыңдай түсетіні анық. Түрлі әлеуметтік қолдау шаралар алға қойылғанымен қандастарды осындай қызмет түрлерін алуды үйлестіретін облыстық деңгейдегі арнайы орталықтардың қызметін де жалғастыру маңызды. Алдағы уақытта әлі де болса шет елдегі қандастарды елге шақыру шараларын жетілдіру қызметтерін жүзеге асыра берудің қажеттілігі бар.

2 КҮНДЕЛІКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БАЙЛАНЫСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН БЕЙІМДЕЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

2.1 Репатрианттар қоныс аудару тобы ретінде: Шығыс Қазақстандағы демографиялық сипаттамасы және қоныстану құрылымы

Тәуелсіз Қазақстан өз егемендігін алған алғашқы жылдардан бастап мемлекеттік биліктің шешімімен этникалық қазақтарды тарихи отанына оралу мәселелерін қолға алды. Мәселенің маңыздылығын ескере отыра, ел үкіметі шетелдегі қазақтарды отанына қайтаруды көздеді, алға қойған бағытты іске асыруда арнайы бағдарламаларды құрудың қажеттілігі туындағанын көрсетті. Осы мақсатта еліміз көші-қон саласына қатысты негізгі бағыттарын айқындай түсті [133, б. 133-136].

Зерттеу барысында тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне сүйендік. Сонымен қатар жеке топтарды зерттеудегі негізгі тиімді жолдарына проблемалық-хронологиялық, жүйелілік, перспективтілік, статистикалық, салыстырмалық-тарихи тәсілдер қолданылды. Жоғарыдағы зерттеу тәсілдері облыс территориясына шашырай қоныстанған қандастардың жергілікті ортаға бейімделулерінің нәтижелері мен географиялық қоныстануын анықтауға негіз болды. Этникалық қандастардың күнделікті тарихын Шығыс Қазақстан аумағы бойынша қарастыру, зерттеуге микроаналитикалық тәсілді қолдануға мүмкіндік береді. Ол өз тарапынан қандастардың өңірдің ерекшелігіне орай қоныстануы бойынша ұсыныстар мен бейімделулеріне қатысты тартылу аймақтарын анықтаудағы жұмыстардың тәжірибесін және нәтижелігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Осы басталған жүйеге орай тәуелсіз қазақ елінің саяси әлеуметтік өмірінде «көші-қон» атты жаңа құбылыс 1991 жылы пайда болды. Министрлер кеңесінің «Көші-қон туралы» 1992 жылы қабылданған қаулысы бойынша Еңбек министрлігі жанынан Көші – қон басқармасы құрылды. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы да бұл бастаманы қызу қолдап қазақ көшінің алғашқы легін қабылдап, мемлекеттік маңызы бар шараларды іске асыруға барынша септігін тигізді. Осы мақсаттағы, репатрианттардың тарихи отандарына оралулары, сондай-ақ, елдің облыстарына оларды қоныстандырудың ерекшеліктері, тұрақты орналасқанан кейінгі этнодемографиялық жағдайын арнайы зерттеумен қатар жұмыла атқарылатын шараларға айналды. Бүгінгі таңдағы тарих ғылымының алдында осындай мемлекеттік маңызы бар мәселені методологиялық, социологиялық, демографиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді [134].

Шығыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік-саяси жағдайдың дамуына, ең алдымен, экономикалық жағдайдан бөлек, этнодемографиялық, әлеуметтік және саяси факторлар әсер етеді. ШҚО-дағы қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдайдың дамуын, этнодемографиялық дамудың ерекшеліктерін негіздейтін проблемалық түйіндер келесі жағдайлар болып табылады: аймақтың кеңістік, географиялық жағынан айқын көрінген этникалық бөлінуі. Сандық тепе-

теңдікті сақтайтын негізгі екі этностың ықшам орналасуы. Облыстың орталық бөлігінің өнеркәсіптік аймағында орыстар немесе өзге ұлт өкілдері - облыстың солтүстік бөлігінде (бұдан әрі – облыстың солтүстігінде), қазақтар-облыстың қалған аумағында шоғырланған. Халықтың 45,38 %-ын құрайтын этникалық орыстардың қартаюы негізінен әлеуметтік салаға басым бағыт алған. Халықтың басқа санаттарына қарағанда, мемлекетке толық тәуелді болатын зейнеткерлер қозғалысының жоғары белсенділігін көрсетеді. ТМД елдерімен салыстырғанда қазіргі заманғы этносаяси жағдай қалыпты, бірақ Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда анағұрлым проблемалы. Этностар арасындағы қарым-қатынас тұтастай алғанда толерантты болып қала береді. Егемендіктің алғашқы жылдарындағы этникалық факторды өзектендіру шыңы - өткен кезеңге айналды. 1993-1994 жылдары белгілі дәрежеде қалыптасқан этносаралық шиеленіс біртіндеп бәсеңдеді. Мұнда этноконфликттік әлеует жоғары болмағандықтан, өсу үрдісі төмен болды. Шығыс Қазақстан облысының орыс тілді тұрғындары Қазақстанның Беларусь пен Ресей одағына қосылуын гипотетикалық түрде қалағанымен, ол практикалық тұрғыда жоспарға қойылмайды. Аймақтағы этнодемографиялық жағдай екі негізгі этностың сандық ерекшелігімен айқындалды. Сол кезеңде қазақтар – 48,54%, орыстар – 45,38% облыс халқын құраған. Ал қалған этностар өкілдерінің үлесіне бүкіл халықтың 6,08 % ғана келді. Республика бойынша бұл көрсеткіш 16,64% құрайды. Орыс халқының урбанизациялануы облыстың көптеген қалаларында (Семей, Аягөз, Зайсан және Шардан басқа) біршама басым. Тұрғындардың құрамындағы этникалық орыстардың жинақы тұрған және абсолюттік басым жері облыстың солтүстігіндегі өнеркәсіптік аймақ болып табылады. Оған Өскемен, Лениногорск (қазіргі Риддер), Зырян (қазіргі Алтай) қалалары кіреді және – Бородулиха, Глубокое және Шемонаиха аудандары құрайды. Қазақтардың үлес салмағы Лениногорскіде – қала халқының 6%, Зырянда – 13,2%, Өскеменде-19,0%, Курчатовта – 24,7% құрады. Осы қалалармен қатар орыс ұлты - Шемонаиха, Глубокое, Бородулиха сияқты аудандарда сан жағынан абсолюттік басымдылықта болды. Бұл аудандарда қазақтардың үлес салмағы тиісінше Шемонаихада – 8,8%, Глубокоде – 12,2%, Бородулихада-26,3% құраған [135, с. 84].

ШҚО аумағының 1/6 бөлігін ғана алатын осы өнеркәсіптік өңірдегі халықтың тығыздығы облыстың қалған аумақтарына қарағанда едәуір жоғары. Осы 4 қала мен 3 ауданның халқы 662,2 мың адамды немесе облыс халқының 43,26%-ын құрайды. Қалған облыстың 14 ауданының 11-де қазақтар абсолюттік сандық жағынан басым. Олардың кейбіреулерінде қазақтар (Абай, Тарбағатай аудандары) – барлық халықтың 98% - дан астамын құрайды [136, с. 39]. 1989 және 1999 жылдардағы санақ деректері көрсеткендей: орыс тілді халықтың Ресейге және т.б. елдерге қоныс аударуының едәуір ауқымына, қартаю процесінің өсуіне және этникалық орыс халқының табиғи өсімінің төмендеуіне қарамастан көрсетілген онжылдықта өнеркәсіптік аймақ халқының этникалық құрамы іс жүзінде өзгерген жоқ. Мәселен, Лениногорскіде (қазіргі Риддер) онжылдықта (1989-1999 жылдар) халықтың жалпы санындағы қазақтардың

үлесі тек 0,8%-ға, Шемонаиха ауданында – 1,3%-ға өсті. Облыс жеріндегі осындай нақты белгіленген бөліну қазақтардың және орыстардың тығыз тұратын екі оқшауланған аймағындағы тұрғындардың этникалық араласуына ықпал етпейді. Соңғы онжылдықта орыс тілді халықтың Ресейге көшіп кетуінің едәуір ауқымын ескере отырып, солтүстік аймақтағы қазақтардың үлес салмағының аз ғана өсуімен (бірнеше пайыз) қатар Шығыс Қазақстан облысының аумағында автономды этникалық өмір сүрудің екі аймағы – қазақ және орыс халқының шоғырлану үрдісі күшейе түсуде. Осы үрдісті одан әрі кеңейтуге басқа облыстардан және таяу шетелдерден көшіп-қонушыларының сипаты мен ағынының бағыты ықпал етеді. Оның векторы, ең алдымен, Шығыс Қазақстанның солтүстік өнеркәсіптік аймағына бағытталған. Қысқа мерзімді перспективада облыстың солтүстігі экономикалық және этникалық факторларға байланысты «тартылу» аймағы болып қала бермек. Негізгі экономикалық фактор – тұрақты жұмыс істейтін өнеркәсіптің, кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілерінің жоғары жалақысы болатыны анық. Этникалық фактор-солтүстікте орыс тілді халықтың этникалық басымдығының қалыптасқан ортасы. Он жыл ішінде (1989-1998 жж.) Шығыс Қазақстанға 54 959 мигранттар келді, олардың басым бөлігі – 32 538 адам – ішкі көшіп-қонушылар болды. Қалған 22 421 адам жақын және алыс шетелдерден келген. Алыс шетелдерден көшіп келушілердің негізгі тобын қазақ-репатрианттар (89,89%) құрады. Олардың басым көпшілігі Моңғолия елінен келгендер. (барлық оралмандардың 95,19%). Басқа да алыс шетелдерден елге келген орыстар немесе басқа да этностар өкілдерінің көшіп келуі іс жүзінде байқалмады [21].

Керісінше ТМД және Балтық жағалауы елдерінен көшіп келу жағдайы байқалады. Егер алыс шетелдерден көшіп келушілердің арасында қазақ-репатрианттар басым болса, жақын шетелдерден көшіп келушілердің ағымында орыстар (74,27%) және басқа еуропалық этностардың өкілдері (орыстармен бірге – 81,63 %- дан астам таяу шетелден көшіп келушілер) басым болды. ТМД- дан келген қазақ - репатрианттар облысқа жақын шетелдерден келген барлық көшіп келушілердің 9,41%- ын құрайды. Олардың басым бөлігі Ресейдің Шығыс Қазақстанмен шекаралас өңірлерінен (1 311 адам),Өзбекстаннан (139 адам) келгендер. ШҚО-ға жақын шетелдерден орыстардың көшіп келуі 13 133 адамды құрады. Орыс иммигранттары негізінен Ресейден (11 079 адам), Қырғызстаннан (557 адам), Өзбекстаннан (514 адам) және Украинадан (414 адам) келді. ТМД және Балтық жағалауы елдерінен болған барлық көші – қон ағыны елеусіз болды: жиынтығында-569 адам Шығыс Қазақстандағы ішкі көші-қонның үштен бір бөлігін 1989-1999 жылдары облысшілік көші-қон құрады. 32 538 ішкі көшіп-қонушының 11 582-і облыстың бір аудандарынан басқасына қоныс аударды. Негізгі факторлар – этникалық және экономикалық. Этникалық фактор – жеке этномәдени ортада тұруға ұмтылу, посткеңестік кезеңдегі этникалықты өзектендіру жағдайында бейімделу қиындықтары. Облысшілік көшіп-қонушылар жағдайында орыстардың тартылу орталығы – облыстың өнеркәсіптік солтүстігі болды.

Облыс ішінде орыстардың көші – қонының солтүстік векторына негіз болған экономикалық фактор – Ресейдегі сияқты тау-кен өнеркәсібінің және т.б. тұрақты жұмыс істеуі болғанын көруге болады [137, с. 98].

Ресей Федерациясының тарихшы ғалымы Н.Аблажейдің «Казахский миграционный маятник «Казахстан – Синьцзян» монографиясында Қазақстан мен Шыңжаңдағы қазақтардың ұтқырлығы зерттелген. Онда Қазақстан-Шыңжаң шекаралық аймағындағы 1880-1960-жылдар аралығындағы эмиграциялық және реэмиграциялық динамика көрсетілген, бұл үрдіс 1930-жылдардың басындағы ашаршылыққа байланысты көшіп кетулерге және 1954-1963 жж. қайтарымды көші-қонға екпін береді. Сонымен бірге Қазақстанның титулдық халқы санының эмиграция мен реэмиграцияға тәуелділігі де көрсетілген. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан қазақтарды қайтару үшін белгілі этникалық көші-қон саясатын жариялады және дәйекті түрде жүргізіп келеді. Репатрианттарға арналған бағдарлама екі түрлі міндеттерді шешуге бағытталған: біріншіден, республикадан қоныс аударған халықтың орын толтыруға арналған титулдық популяцияның ағымын қамтамасыз ету, екіншіден, ұлтты жинау және оны одан әрі этникалық топтастыру бағытын жүзеге асыру мақсаты қойылған. Ал Кеңес үкіметінде 1954-1962 жылдардағыдай, жоспарлы және реттелген репатриация мемлекет үшін бірінші кезекте елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға бағытталған [43, с. 273]. Әрине кеңес өкіметі кезеңіндегі репатриация саясатынан тәуелсіздік жылдары басталған жаппай көші-қон саясатының ауқымының зор екендігін атап өтуге болады. Онда ең бірінші кезекте қазақ халқының бірігуі, ұлттық құндылық, салт-дәстүрдің сақталуы және халықтың демографиялық көрсеткіштерін жоғарлату мен әлеуметтік-экономиканы арттыру жолындағы мәселелер қарастырылған.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері репатриация саясаты түрлі даму кезеңдерінен өтіп, Отанына оралған қандастарға арнайы жеңілдіктер кеңінен қарастырылып, жылда бөлінетін квота саны да өсіп отырды. Ең басты назарға олардың елге келгендегі әлеуметтік жағдайына мән беріле бастады. Тарихи Отанына оралған репатрианттардың тарапынан белгіленген аймақтардың демографиялық ахуалына оңды әсерін тигізіп, жекелеген облыстардың демографиялық процестеріне елеулі үлестерін қосты [20, б. 143]. Осы бір саланы зерттеу арқылы Шығыс Қазақстан облысындағы елге оралған репатрианттар тарапынан этнодемографиялық жағдайының қалыптасуы мен дамуы барысындағы өзгерістерді ғылыми айналымға енгізу тарих ғылымы алдындағы маңызды міндет. Репатриация саясатын, демографиялық ахуалын, елге келген қандастардың қоғамдық орталарға бейімделуі мен кірігуі жағдайлары кеңінен зерттеу республикалық көлемнен бөлек, жекелеген бір аймақтар төңірегінде зерттеудің қажеттілігі назарға алынды.

Шығыс Қазақстан облысына көшіп келу саны жағынан жоғары көрсеткішке ие Қытай, Моңғолия, Өзбекстан мемлекетінен қоныс аударушылардың үрдістерін қарастырып талдау жасасақ: бұрынғы Семей облысына 1991 жылы 400 репатриант отбасы қоныстанған. Бұл көрсеткіш жыл

санап өсіп, елге оралушы азаматтардың көлемі арта түсті. Облысқа қоныстанған азаматтардың басым көпшілігі Моңғолиядан келгендер, 1992 жылы ТМД аумағындағы жақын шет елдерден келгендер санымен толығып, облыс халқының демографиясына өзгеріс әкелді. 1991 жылы 18 қараша №711 бұйрығына сәйкес бұрынғы Семей облысының әр аудандарына облыстық көші-қон басқармасының басшылығы негізінде Моңғолиядан келген 415 отбасы қоныстандырылған: Абай – 12, Абралы – 45, Бесқарағай – 36, Жаңа-Семей – 20, Жарма – 12, Үржар – 22, Мақаншы – 28, Аягөз – 7, Таскескен – 53 Шар – 64, Шұбартау – 80. Облыс аумағына қоныс аударғандар тұрғын үй, әлеуметтік жағдайларын жасауға, мал бөліп беруге, азаматтардың жеке меншік шаруашылық ұйымдастыруларына ҚР Еңбек министрлігімен Семей әкімшілігі арасында шарт жасалынған [139]. 1991-1997 жылға дейінгі кезеңде бұрынғы Семей облысы әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі арасындағы Моңғолиядан келген азаматтарды бұрынғы Семей облысының шаруашылықтары мен кәсіпорындарына жұмысқа алу туралы келісім шарт жасалынған. Келісім шартта ҚР заңында көрсетілгендей еңбек етулеріне, әлеуметтік жағдайларға кепілдік беру, тұрғын-үй құрылыс жағдайын қиындығын ескере отырып, еңбекке жарамды қоныс аударушылардың бір бөлігін тұрғын үй салуға және тұрғын үйді жөндеуге пайдалануға, кейін осы отбасыларды сол үйлерге қоныстандыру қарастырылып, кез келген азамат Еңбек министрлігінің рұқсаты негізінде қабылданды.

Кесте 6 – 1991-1993 жылдары бұрынғы Семей облысына МХР келген репатрианттар саны

Облыс аудандары	1991-1993 келген		Кеткенде		1.01.1994		Еңбекке жарамды	Мұғалім	Дәрігер	Зейнеткер	Бала саны	Балабақша	Мектеп	ЖОО-дағылар
	Келген отбасылар	Адам саны	Кеткен отбасылар	Адам саны	Отбасы саны	Адам саны								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Абай	102	498	49	256	53	242	82	2	-	25	133	72	61	-
Абралы	205	944	73	329	132	615	182	4	2	33	394	253	140	1
Аягөз	64	356	13	48	51	308	44	-	-	26	238	168	65	5
Бесқарағай	33	167	27	134	6	33	5	2	-	2	24	13	11	-
Бородулиха	8	42	-	-	8	42	12	-	-	-	30	28	2	-
Жана-Семей	31	152	13	62	18	90	36	-	-	4	50	38	10	2
Жарма	115	676	19	99	96	577	249	3	2	12	311	169	131	11

6 - кестенің жалғасы

Көкпекті	65	340	32	171	33	169	48	3	-	10	108	64	44	-
Мақаншы	77	387	39	190	38	197	65	4	-	-	128	50	71	7
Үржар	106	561	14	58	92	503	187	7	3	38	268	13 5	12 6	7
Таскескен	79	385	23	109	56	276	89	2	-	10	175	10 0	71	4
Шар	85	400	11	43	74	357	151	-	-	17	189	10 8	81	-
Шұбарт ау	184	1028	17	192	167	836	275	5	3	56	497	28 4	21 0	3
Семей	4	12	-	-	4	12	8	-	-	-	4	4	-	-
Облыс бойынш а	1153	5916	328	165 9	825	425 7	143 3	3 2	1 0	23 3	2509	14 86	10 23	40

6 – кестеде Моңғолия халық республикасынан 1991-1993 жылдар аралығында сол кездегі Семей облысына 14 қала мен аудандарына 1153 отбасы келіп, 5916 адамды құраған. Елге келіп әлеуметтік, экономикалық, психологиялық жағдайларға денсаулығына байланысты қайта жер аудару көрсеткішінің барын айтуға болады. Оның ішінде келген отбасылардың ішінен 328 отбасы яғни 1659 адам келген еліне қайтып кеткен. 1994 жылдың басына орнығып қалғандар саны 825 отбасы, 4257 адамды құраған. Еңбекке жарамды 1433 адам, балалар саны – 2509 құраса, қалған топ мүшелерін зейнеткерлер, студенттер, жоғары білімі барлар құраған [139].

Кесте 7 – 1994 жылы бұрынғы Семей облысына қоныс аударған азаматтардың саны көрсетілген

Облыс аудандары	Барлығы			Сыртқы көші-қон						
	Сальдо	Келгендер	Кеткендер	Алыс шетелден келгендер			ТМД келген азаматтар			
				Сальдо	Келгендер	Кеткендер	Сальдо	Келгендер	Кеткендер	
Абай										
Абралы	5		5	5		5	5			
Ақсуат	5		5	5		5	5			
Аягөз	824	85	879	71	7	78	723	78	801	
Бесқарағай	294	35	329	200		200	200	94	35	
Бородулиха	1879	90	1969	1198	11	1207	683	79	762	
Жана-Семей	377	83	460				377	83	460	
Жарма	606	39	645	225		225	381	39	420	
Көкпекті	615	40	655	103		103	512	40	552	
Мақаншы	128	30	158	14	14		142	16	158	
Ново-Шульбинск	477	16	463	174		174	273	16	289	

7 - кестенің жалғасы

Таскескен	177	6	183	41		41	136	6	142
Үржар	403	15	418	183		183	220	15	235
Шар	608	21	629	89		89	519	21	540
Шұбартау	4		4	4		4			
Семей	12158	612	12770	892	24	916	11266	588	11854
Семей – 21	3813	99	3912	3		3	3810	99	3909
Облыс бойынша жалпы саны	22313	1171	23484	3177	56	3233	19136	1115	20251
СЫРТҚЫ КӨШІ-ҚОН									
Моңғолия				53		53			
Қытай				33	33				
Германия				3157	23	3180			
Россия							17266	640	17906
Украина							1105	196	1301
Белорусь							205	24	229
Басқалар							560	255	815

7 – кестеде 1994 жылы бұрынғы Семей облысына қоныс аударған азаматтардың саны облыс бойынша 16 аймақтарға қоныстану жұмыстары жүргізілген. Келгендер 1171 адам, кеткендер 23484 болса, сальдо 22313 құрайды. Сыртқы көші-қон негізінде алыс шетелден келгендер 56, кеткендер 3233, сальдо 3117 құрайды. ТМД келген азаматтар 1115 болса, кеткендер 20251, сальдо 19136 құраған [139].

13.03.1995 № 14-10/341 бұйрығына сәйкес 1992 жылы бұрынғы Семей облысына Тәжікстан Республикасынан тұрақты тұру мақсатында 24 отбасы, Ресейден 3 отбасы қоныс аударған. Тәжікстаннан келгендер саны 63 адам. Келген азаматтар ішінде қазақтар – 6, орыс өкілі – 20, тәжік – 13, украин – 5, татар – 8, корей – 8, неміс – 2, армян – 1 адам. Тәжікстан Республикасынан әскери іс-қимылға байланысты босқын статусын иеленіп, ҚР-ның заңына сәйкес материалдық көмек көрсетілген [140].

Кесте 8 – 01.04.1996 жылы бұрынғы Семей облысының территориясына Тәжікстан Республикасынан қоныс аударған босқын азаматтар

Аудан атаулары	Босқындардың барлық саны	Тәжікстанға қоныс аударуға тілек білдірушілер			
		Отбасы	Адам саны	Тәжікстанға қоныс аударуға тілек білдірушілер	Тәжікстанға қоныс аударуға тілек білдірмеушілер
Бородлиха	12	4	12	-	12
Жана-Семей	3	1	3	-	3
Жарма	3	2	3	-	3
Үржар	4	2	4	-	4
Аягөз	1	1	1	-	1

8 - кестенің жалғасы

Шар	4	1	4	-	4
Семей қаласы	36	13	36	-	36
Облыс бойынша	63	24	63	-	63

8 – кестеде 1996 жылы бұрынғы Семей облысының аумағына Тәжікстаннан босқын атанып келген азаматтардың аудандар мен қалаларға орналасуының сандық көрсеткіштері берілген [139].

Кесте 9 – ҚР Президентінің жарлығымен жыл сайынғы мемлекет тарапынан бөлінетін квота саны

Нормативтік құжат	Квотаның жалпы саны	ШҚО бөлінген квота саны (отбасы)	Оралған мемлекеттердегі отбасы саны
1	2	3	4
1993 жылы ҚР Президентінің 1994 жылғы 27 мамырдағы №437 жарлығы	10000	600 отбасы	Моңғолия – 350 Ресей – 250 [141]
1994 жылы ҚР Президентінің 1994 жылғы 18 мамырдағы №1701 жарлығы	7000	400	ҚХР – 100 Моңғолия – 200 Ресей – 100 [142]
1995 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі №2366 жарлығы	5000	55	ҚХР -30 Моңғолия-20 Ресей-5 отбасы [143]
1997 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 24 наурыз №3432 жарлығы	2180	30	ҚХР – 10 Моңғолия – 10, Ресей – 10 [144]
1998 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 3 сәуірдегі №3894 жарлығы	3000	270	Пәкістан – 20 Моңғолия – 60 Ресей – 150 Өзбекстан – 30 отбасы [145]
1999 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 3 мамыр №128 жарлығы	500	30	ҚХР – 20 Ауғанстан – 10 [146]
2000 жылы ҚР Президентінің 2000 жылғы 17 маусым №406 жарлығы	500	20	ҚХР – 20 отбасы [147]
2001 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 3 маусым №3894 жарлығы	600	5	ҚХР – 5 отбасы [148].
2002 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 16 қыркүйек №945 жарлығы	2655	30	ҚХР – 25 Өзбекстан – 5 [149]

9 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
2001 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 3 маусым №3894 жарлығы	600	5	ҚХР – 5 отбасы [148].
2002 жылы ҚР Президентінің 1995 жылғы 16 қыркүйек №945 жарлығы	2655	30	ҚХР – 25 Өзбекстан – 5 [149]
2003 жылы ҚР Президентінің 2003 жылғы 10 ақпан №1017 жарлығы	5000	47	ҚХР – 42 Өзбекстан – 5 [150]
2004 жылы ҚР Президентінің 2004 жылғы 30 қазан №1216 жарлығы	10000	470	ҚХР 200 Моңғолия – 80 Ресей – 15 Түркіменстан – 2 Өзбекстан – 165 Қырғызстан – 5 ТМД-дан басқа мемлекеттер – 3 [151]
2005 жылы ҚР Президентінің 2004 жылғы 30 қазан №1216 жарлығы	15000	875	ҚХР – 550 Моңғолия – 85 Ресей – 50 Түркіменстан – 5 Өзбекстан – 165 Қырғызстан – 10 ТМД-дан басқа мемлекеттер – 10 [152]
2006 жылы ҚР Президентінің 2006 жылғы 4 қараша №210 жарлығы	15000	875	ҚХР – 594 Моңғолия – 85 Ресей – 11 Түркіменстан – 5 Өзбекстан – 165 Қырғызстан – 10 ТМД-дан басқа мемлекеттер – 5 [153]
2007 жылы ҚР Президентінің 27 желтоқсан №1508 жарлығы	15000	875	ҚХР – 550 Моңғолия – 85 Ресей – 50 Түркіменстан – 5 Өзбекстан – 165 Қырғыз Республикасы – 10 ТМД-ның басқа мемлекеттері – 10 [152]
2008 жылы ҚР Президентінің жарлығы	15000	1300	ҚХР – 650 Моңғолия – 320 Ресей – 85 Түркіменстан – 15 Өзбекстан – 185 Қырғыз Республикасы – 25 ТМД-ның басқа мемлекеттері – 20 [152]

9 – кестеде ҚР Президентінің жарлығымен жыл сайынғы мемлекет тарапынан бөлінетін квота саны мен облыс аумағына қай жылдары қанша отбасының шеттен қоныс аудару көрсетішін анықтап береді.

Шығыс Қазақстан облысына қоныс аударған оралмандардың қатарын көбінесе Қытайдан, Моңғолиядан, Өзбекстан мен Ресейден және басқа да алыс-жақын шетелдерден келген азаматтар құрайды. Олар көбінесе облыс орталығынан алыс орналасқан Зайсан, Үржар, Жарма, Тарбағатай, Қатонқарағай, Ұлан, Глубокий және Күршім аудандарына қоныстанды. Сондай-ақ, облыс бойынша қоныс аударып, көші - қон комитетінде квотаға үміткер ретінде тіркеліп тұрған иммигранттардың барлығы 3087 отбасы, оның ішінде Қытай Халық Республикасынан – 2793, Моңғолиядан – 248, Өзбекстаннан – 26, Ресейден – 7, Қырғызстаннан – 5, Тәжікстаннан – 3, Өзірбайжан мен Украинадан бір-бір отбасын құрады.

Қазақстан Республика Президентінің 2004 жылғы 27-желтоқсандағы №1508-і «Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы» жарлығына сәйкес 2006 жылға Шығыс Қазақстан облысына 875 отбасы белгіленген, оның ішінде Қытайдан – 550, Моңғолиядан – 85, Өзбекстаннан – 165, Ресейден – 50, Түркіменстаннан – 5, Қырғызстаннан – 10, ТМД-ның басқа елдерінен 10 отбасының орналасуы көрсетілген. Үстіміздегі жылдың жарты жылында 450 отбасы құрамындағы 2107 адамға заңнамада көрсетілген жеңілдіктер мен өтемақылар басқарманың қаржылық жоспарына сәйкес төленді [154]. Бұл көрсеткіштерден байқалатыны квота бөлінген отбасының санына қарап, облыс аумағына қанша оралман көшіп келгенін және қоныстанғанын көруге болады. Облысқа қоныс аударған қандастардың аймақ бойынша орналасуы да, күрделі мәселелердің бірі. Осы негізде тәуелсіздік алғаннан бастап, ШҚО бойынша оралмандар көп қоныстанған аймақтар: Ұлан ауданына 9374 адам, Зайсан ауданына 7408 адам, Үржар ауданына 6717 адам, Аягөз ауданы 390 адам, Семей қаласына 1705 адам. Ал, шекара маңында Шемонайха ауданында 50-дей, Бородулихада 70-ке жуық отбасы, Алтай (Зырян), Риддер, Курчатов қалалары мен Бесқарағай ауданынды оралмандар аз қоныстанған. Бұл аудандардың келешегі зор, жері шұрайлы, табиғаты көркем. Алайда, оралман азаматтардың аз қоныстануының басты себебі, бұл өңірлерде орыс ұлт өкілдері көп қоныстанған, ал шет елден оралушы азаматтардың көбі орыс тілді жете түсінбеуіне байланысты қоныстану көрсеткіші төмен. Сол себепті де, қазіргі таңда қандастарды осы өңірлерге көбірек орналастыру қажеттілігі туындап отыр.

Аягөз ауданы бойынша алып қарастырсақ 1991 жылдан бастап, алыс және шет елден келген оралман ағайындардың саны 390 адам (99 отбасы) қоныстанған. Моңғолия Республикасынан 149 адам (32 отбасы), Қытайдан 221 адам (58 отбасы), Өзбекстаннан 12 адам (6 отбасы), Қырғызстаннан 1 адам (2010 жылы келген), Ресейден 7 адам (2 отбасы) көшіп келген. Еңбек жасындағы оралмандардың саны 230 оның ішінде 140 адам Қытай елінен, Моңғолиядан 70 адам, Ресеймен Өзбекстаннан 20 адам. Оның ішінде 6 адам ауданның бюджеттік мекемелерінде жұмыс істеген. Еңбек жасынан

асқандардың саны 88 адам. Мүгедектігімен зейнетақы алатын 2 адам бар, Аудан бойынша 1991-1992 жылдары 32 оралман отбасы келген. Ал, 1992 жылдан бастап, Моңғолиядан бірде-бір отбасы қоныс аудармаған. Аудан бойынша 2007-2011 жылдары келген репатриант азаматтар Шыңғожа және Ақшәулі елді мекендерінде шоғырланған. 2007 жылы 7 отбасы көшіп келген, оның ішінде 6 отбасы, 35 адам ҚР-ның азаматтығын алды. 2008 жылы 18 отбасы, 57 репатриант Қытай елінен келген оралмандар. Олардың ішінен 15 отбасы, 54 адам ҚР-ның азаматтығын алды. 2009 жылы барлығы 12 отбасы, 32 оралман Қытай мемлекетінен келген. 2010-2011 жылдары 5 отбасы қоныс аударған [160].


Кесте 10 – 1991-2011 жылдар аралығындағы көрсеткіш бойынша Шығыс Қазақстан облысына репатрианттардың (оралман) аудан мен қала аумағына орналасуы

Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандары:	1991 жылдан бергі қоныс аударушылар көрсеткіші
1	2
Семей қаласына	1455 адам
Өскемен қаласына	414 адам
Риддер қаласына	23 адам
Тарбағатай ауданына	9374 адам
Зайсан ауданына	7408 адам
Үржар ауданына	6417 адам
Қатонқарағай ауданына	3446 адам
Жарма ауданына	3017 адам
Күршім ауданына	2340 адам
Шемонайха ауданына	2819 адам
Глубокий ауданына	2246 адам
Көкпекті ауданына	1036 адам
Аягөз ауданына	390 адам
Зырян (қазіргі Алтай) ауданына	331 адам
Абай ауданына	246 адам
Ұлан ауданына	219 адам
Бесқарағай ауданына	145 адам
Бородулиха ауданына	66 адам
жалпы саны	41392 адам

Ал 1991-2011 жылдар аралығындағы жалпы облыстың ірі және ұсақты аудандары бойынша қоныстану көрсеткіштерін нақты статистикалық мәліметтерден (кесте 10) көруге болады [138,б. 103].

1991-2011 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысының 18 қаласы мен аудандарына қоныстандырылған репатрианттарды жалпы саны 41392 адам болған. Кестеде Шығыс Қазақстан облысының территориясына орналасқан репатрианттардың статистикалық деректер негізінде саны көрсетілген. Репатрианттардың басым көпшілігі Зайсан, Үржар, Тарбағатай, Қатонқарағай аудандарына орналасқан. Оған бір себеп ауданның Қытайдан елге оралған


азаматтарға ыңғайлы және тиімді шекаралық аймақтарда орналасуы мен рулық туыстық қарым-қатынастардың әсері болуы ықтимал. Облысқа тұрғылықты тұруға келген репатрианттар арасында басым көпшілігін Қытайдан келгендер 60 пайызын, Моңғолиядан келгендер 30 пайызын, Өзбекстан 5 пайыз, басқа елдерден келгендер 5 пайызын ғана құрайды. Облысқа орналасқан репатрианттар арасында басым көпшілігін Қытай мен Моңғолия елінен келген этникалық қазақтар құрайды. Осы елдердің елге келуіндегі миграциялық көңіл-күйлері жоғары екендігін көрсетеді (сурет 3) [138,б. 103].



Сурет 3 – ШҚО бойынша өзге мемлекеттерден қоныстанушы қандастардың пайыздық көрсеткіштері

Ескерту – Диаграмма БҰҰ ДБ/БҰҰЕ орталығында «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» жобасы барысында алынған ақпараттар негізінде автордың басшылығымен құрастырылды


Қазіргі таңда репатрианттардың көпшілігі мал және егін шаруашылығымен айналысқандықтан, ауылдық жерлерде қоныстанған. Оған дәлел Үржар, Зайсан, Ұлан т.б оралман азаматтар көп қоныстанған ауданындардың барлығында тұрып жатқандардың басым көпшілігі ауылда тұрғандар. Олар әр салада жұмыс істеуде, кейбірі мал өсіріп, егін егуде, ал кейбірі түрлі қызметпен шұғылдануда. Фотосалон, етік тігу цехы, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысып және жақын тауыстарымен бірге шаруа қожалықтарын да құрған. ШҚО бойынша репатриант азаматтарға жүргізілген сауалнама нәтижесінде репатрианттардың 63%-ы ауылды елді мекендерді белгілесе, 33%-ы қалада (басым көпшілігін студенттер құрайды) және 4%-ы кентте (поселок) тұратындығын көрсеткен (сурет 4).



Сурет 4 – Облыс бойынша қоныстану ерекшеліктері

Ескерту – Диаграмма «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» БҰҰ ДБ/БҰҰЕ жобасы орталығынан алынған мәліметтер негізінде автордың басшылығымен құрастырылды.

Облыс халқының жас ерекшеліктеріне келер болсақ, 18-29 жастағылар 41%-ды, 29-39 жастағылар 16%-ды, 40-49 жастағылар 32%-ды, 50-59 жастағылар 6%-ды және ең төменгі көрсеткіш 60 және одан жоғары жастағы оралман азаматтар 5%-ды құрайды (сурет 5). Бұл көрсеткіштерден облыс және жалпы Қазақстан аумағы бойынша елге қоныстанушы азаматтардың көбі жастар екендігін көруге болады. Ата-анасы басқа мемлекетте бола тұра, 2005 жылдардан бері Қазақстанға келіп оқып білім алушылардың саны күрт жоғарлаған. Осындай мүмкіндіктерге жол бере отырып, шетелдегі талантты жастарға қолдау көрсетіліп, алыс және таяу шетелдегі білімді, өнерлі жастарды елге тарту мақсатында мемлекет тарапынан біршама істер атқарылуда. Сол себепті, облыс халқының көп бөлігін жастар құрайды. Бұл үрдістің бірнеше саяси және тарихи себептері бар. Егде жастағы оралман азаматтардың сандық көрсеткіші төмен болуының басты себебі елге оралушы азаматтардың кейбірі зейнеткерлік жасындағы адамдар болғандықтан Қазақстанға келгенде зейнет жасындағы азаматтар үшін шетелде жүріп атқарған еңбек өтілімі, жұмыс тәжірибесі есептелінбейді. Ауыр өндіріс орындарында (шахта, ауыр өнеркәсіп саласы, завод, фабрикалар т.б) еңбек жасаған жағдайы да есепке алынбайды [155]. Елге оралған зейнеткерлердің төменгі мөлшердегі зейнетақы алуына 60 жастан асқан оралман азаматтардың сандық көрсеткішінің төмендігін көрсетіп отыр және екінші бір себеп, қоныс аударушы мемлекетпен Қазақстан аумағында заңдық күші бар келісімшарттың болмауы, дипломның жарамсыз деп танылуына байланысты орта жастағы азаматтар сол елде тұрақты мемлекеттік жұмысы болғандықтан Отанға оралуға ниет білдірмейді.



Сурет 5 – ШҚО репатрианттарының жас мөлшері

Ескерту - Диаграмма ШҚО бойынша жүргізілген сауалнама қорытындылары негізінде автордың басшылығымен құрастырылды

Кесте 11 – Шығыс Қазақстан облысы, 1991-2014 жылдары қоныстанған репатрианттар саны

Қамтылған жылдар	Оралған мемлекеттер	Репатрианттар саны
1991-2014 жж.	Өзбекстан	86 отбасы / 191 адам
	Қытай	8920 отбасы / 41048 адам
	Қырғызстан	1029 отбасы / 3605 адам
	Ресей	960 отбасы / 1600 адам
	Моңғолия	3402 отбасы / 8039 адамды
	Ауғанстан	23 отбасы / 36 адам

11-кестеде Шығыс Қазақстанға 1991-2014 жылдар аралығында алыс және жақын шетелден 14420 отбасы немесе 54519 этникалық қазақтар келгенін көруге болады [156].

2014 жылдың көрсеткіші бойынша елге оралған 194 отбасы немесе 348 этникалық қазақтар келді (ҚХР – 82 отбасы немесе 229 адам, Моңғолия – 112 отбасы немесе 119 адам).

- еңбекке қабілетті жастағы тұлғалар – 173 адам;
- 18 жасқа дейінгі балалар – 104 адам;
- зейнеткерлер – 71 адам [156].

2014 жылы облысқа 348 оралман келді, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 1457 адамға (1806 адам) және 2012 жылмен салыстырғанда 2153 адамға (2502 адам) кем. Оралмандар санының төмендеуі елге келуші этникалық қазақтардың отбасыларына республикалық бюджеттен төленген көшіп келу квотасы бойынша төлемдердің тоқтатыла тұруы себебінен орын алды. 2011 жылы төлемдер тоқтатылды, 2012 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан көшіп келу квоталары бойынша төлемді көздейтін тармақ алынып тасталды. Бүгінгі күні оралмандарды бейімдеу, ықпалдастыру процесі республикалық деңгейде де, жергілікті деңгейде де қаржыландырылмайды. Оралман мәртебесін алғаннан кейін этникалық қазақтар

шығып кеткен елден көшудегі жүктерін жеткізу кезінде жеңілдіктер қарастырлған. Республиканың азаматтары алатын әлеуметтік жеңілдік түрлерін де алуға мүмкіндіктер жасалды.

Елге оралған қандастардың санының төмендеуінің тағы бір себебі, Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңына қосылған өзгерістер мен толықтырулармен тығыз байланысты. Заңға сәйкес, Қазақстан Республикасына көшіп келіп тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар оралман мәртебесін алу үшін келген аймағындағы жергілікті атқарушы органдарға өтініштерін береді. ҚХР азаматтарында тұруға рұқсат алуға байланысты проблемалар пайда болды (ҚР тұрақты тұруға рұқсат). Тұруға ықтиярхат алу үшін кеткен елден кету парағын ұсыну қажет болған. Этникалық қазақтардың айтуы бойынша кету парағы ҚХР заңдары сәйкес оралман мәртебесін немесе уақытша тұру қағазын растағаннан кейін бірақ беріледі. Бұл мәселе республика деңгейінде де көтерілді және осыған байланысты «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң жобасы дайындалды, ол Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетін түсіндіруі бойынша тұруға ықтиярхат алу алдында оралман мәртебесін беруді көздейді.

Осы жағдайға байланысты этникалық репатрианттар өздері тұрған елдерінен шықпастан оралман мәртебесін алуларына мүмкіндік жасалған. Шет елдегі мекемелерге өтініш бере отырып іске асырылады. Оларға мәртебені тағайындау немесе дәлелденген негіздермен бас тарту туралы шешім көші-қон мәселелерінің жауапты органына екі күн аралығында жіберіледі. Жауапты уәкілетті орган өтініш берген адамды таныстыру үшін шешімді ҚР шетелдегі мекемелеріне жібереді. Алайда осы қағидат бойынша мәртебе беруге өтініштер түспеген.

2014 жылы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы облыста отбасыларды әлеуметтік және демографиялық дамытуға арналған 2014-2017 жылдары аралығында «Шаңырақ» кешенді жоспарын әзірледі. Осы кешенді жоспардың екінші бағыты қолайлы өмір сүру жағдайларын жасау мақсатында қоныс аударушыларды ұтымды орналастыру. Осы кешенді жоспар шеңберінде облыс аумағында қоныс аударушыларды бейімдеу және оңтайлы орналастыру орталығын ұйымдастыру жоспарланған. Осы орталықта қоныс аударушылар кириллицаны зерттеп, қажетті құжаттарды ресімдеу кезінде бірнеше күн бойы тұра алатыны қарастырылған. Алайда кешенді жоспарды қаржыландыру бүгінгі күнге дейін қаралған жоқ [156].

2015 жылы облысқа 54 адамнан тұратын 32 этникалық қазақ отбасы көшіп келді. ҚХР- дан 8 отбасы (18 адам), Моңғолиядан – 24 отбасы (36 адам), еңбекке қабілетті жастағы – 47 , бала – 6, зейнеткерлер – 1 адам келді.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 944 бұйрығымен облысқа 260 отбасы қоныс аудару квотасы бөлінді. 2016 жылдың қорытындысы бойынша оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына 211 отбасы (769 адам) енгізілді. Мемлекет бөлген қаражат толық көлемде игерілді. Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына

енгізілген отбасы құрамы кем дегенде бір отбасыға шаққанда 4-5 адамнан тұратынына байланысты, олар отбасы коэффициентінде болды. Сол жылы облысқа құрамында 1679 адам бар 719 этникалық қазақ отбасы келді. ҚХР – дан 518 отбасы (1265 адам), Моңғолиядан 193 отбасы (386 адам), Өзбекстаннан 8 отбасы (28) жұмысқа қабілетті жастағы – 1140 , 528 бала, зейнеткерлер – 11 адам келді.

2017 жылы облысқа 1007 адамнан тұратын 490 этникалық қазақ отбасы көшіп келді. ҚХР- дан 419 отбасы (874 адам), Моңғолиядан – 44 отбасы (74 адам), Өзбекстаннан – 12 отбасы (18 адам), Қырғызстаннан – 1 отбасы (1 адам), Ауғанстаннан-8 отбасы (25 адам) келді. Еңбекке қабілетті жастағы – 663, балалар – 325, зейнеткерлер – 19 адам.

Кесте 12 – 2017-2019 жылдары аралығындағы қандастардың ШҚО қалаларымен аудандар бөлінісінде орналасуы

Қалалар мен аудандардың атауы	2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл	
	Отбасы саны	Адам саны	Отбасы саны	Адам саны	Отбасы саны	Адам саны
Өскемен қаласы	90	121	70	109	48	92
Семей қаласы	40	69	20	32	16	18
Тарбағатай ауданы	30	123	4	6	14	37
Зайсан ауданы	60	170	66	134	35	95
Күршім ауданы	43	56	12	42	3	6
Үржар ауданы	144	307	9	14	106	181
Ұлана ауданы	44	80	16	43	31	98
Жарма ауданы	11	22	28	45	7	11
Алтай ауданы	1	2	-	-	-	-
Катон-Қарағай ауданы	4	5	2	7	-	-
Көкпекті ауданы	5	12	1	1	1	3
Бесқарағай ауданы	6	21	-	-	7	19
Бородулиха ауданы	3	6	-	-	-	-
Курчатов қаласы	2	2	3	3	2	3
Глубокое ауданы	4	5	13	21	8	10
Шемонаиха ауданы	3	6	1	1	-	-
Аягөз ауданы	-	-	1	1	1	3
Риддер қаласы	-	-	-	-	3	7
Барлығы	490	1007	246	459	282	583

12 – кестеде 2017-2019 жылдар аралығында облыс көлеміне орналасқан қандастардың сандық көрсеткіші көрсетілген. Осы арқылы қандастардың қандай ауданға қоныстануы жоғары немесе төмен екендігін анықтауға болады. [162].

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 жылдың 10 сәуірдегі №72 бұйрығымен облысқа 398 отбасы (1210 адам) қоныс аудару квотасы бөлінді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына 254 отбасы (905 адам) енгізілді. Белгіленген қаражат толығымен игерілді. Сондай-ақ, оралмандарды

қабылдаудың өңірлік квотасына Моңғолиядан келген құрамында 6-7 адам бар көп балалы отбасылар енгізілді.

2018 жылы облысқа 459 адамнан тұратын 246 этникалық қазақ отбасы көшіп келді. ҚХР – дан 190 отбасы (363 адам), Моңғолиядан 37 отбасы (63 адам), Өзбекстаннан 6 отбасы (8 адам), Ресей федерациясынан 1 отбасы (1 адам), Ауғанстаннан 12 отбасы (24 адам) келді. Еңбекке қабілетті жастағы – 311, балалар – 144, зейнеткер – 4. 2018 жылы облыс бойынша қоныс аударушылар мен оралмандарды қабылдау бойынша квота 2206 адам (595 отбасы) бекітілді. 2018 жылы 1816 адамнан тұратын 609 отбасы қоныс аударып келді (100%), оның ішінде Қазақстанның өз ішінен қоныс аударушылар 325 отбасыны (100%) немесе 948 адамды құрады. Ал оралмандар 284 отбасы (100%), немесе 868 адам болды. Көшіп келушілер ішінен мұғалім (педагог-психолог, қазақ тілі, ағылшын тілі, дене шынықтыру, тарих және еңбек және т. б.), бухгалтер, тәрбиеші, электр монтері, электрмен және газбен дәнекерлеуші, программист, жүргізуші және т. б. мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты. Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы бойынша қоныс аударушыларды әлеуметтік қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламаның барлық қатысушыларына көшуге субсидия берілді (35 АЕК немесе 84 175 теңге отбасының әрбір мүшесіне). Жұмыспен қамту орталықтары, жұмыспен қамту бөлімдері өкілдерінің және аудан әкімдері мен жұмыс берушілермен Алматы облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл облысы сияқты еңбек күші мол өңірлерге бос орындар жәрмеңкелеріне қатысу үшін және қоныс аудару мәселелеріне қатысты халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша сапарлары ұйымдастырылды. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары интернет ресурстары, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да жүргізілді.

Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ақпараттары бойынша 1991 - 2019 жылдар аралығында Шығыс Қазақстанға 18 027 оралман отбасы қоныс аударды. Бұл 61 014 адамды құрайды. Олардың ішінде 29 173 ер адам және 30 854 әйел адам болды. Репатрианттардың тарихи Отанына біршама көп қоныс аударуы осы кезеңге келеді. ШҚО-да 2005 жылы 7381, 2007 жылы 7346 адам және 2009 жылы 7245 адам қоныстанды. Оралмандардың Шығыс Қазақстанға аз көшіп келуі 2015 жылға сәйкес келеді. Сол жылы барды жоғы 54 оралман көшіп келген. Есесіне 2017 жылы 1007 адам көшіп келді, ал 2018 жылы – 459 адам болды. Көпшілігі Өскеменге жақын жерден арнайы оралмандар үшін салынған Шығыс кентіне орналасты. Соңғы екі жылда олар негізінен Үржар, Тарбағатай, Зайсан аудандарына, сондай-ақ Өскемен қаласына қоныстануға ұмтылғандарын байқатты. 2019 жылы облысқа 583 адамнан тұратын 282 этникалық қазақ отбасы көшіп келді. ҚХР – дан 218 отбасы (453 адам), Моңғолиядан 53 отбасы (117 адам), Өзбекстаннан 8 отбасы (8 адам), Өзірбайжаннан 1 отбасы (1 адам), Ресейден 2 отбасы (4 адам) келді. Еңбекке жарамды жастағы - 406, балалар – 164, 13 зейнеткер [156].

12 – кестеде облыстағы аудандар мен қалаларда қандастардың орналасу көрсеткіші берілген. Осыған орай әлі де болса көші-қон саясатының алғашқы бастауына сай бүгінгі күнге дейін Үржар, Зайсан, Ұлан аудандары мен Семей, Өскемен қалалары қандастардың тартылыс орталығы болып отыр.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес («Халықтың көші-қоны туралы») Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы 25 бабының 3 п.) көшіп келуші өзіне берілген, оралман мәртебесін бір жыл өткен соң оралман мәртебесін алған күннен бастап тоқтатады. Осы уақыт аралығында оралмандар мүлік алып үлгеріп, тұрақты тұратын жерін ресімдеп және Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған тәртіппен алуы тиіс.

Алайда 2019 жылдың басында әртүрлі себептерге байланысты 15 мыңнан астам этникалық қазақ (ІІМ деректері бойынша) олардың оралман мәртебесін тоқтатуға байланысты жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алу құқығын пайдалана алмады. Осыған байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша (2019 жылғы 16 наурыздағы № 20-137қ-8) оралман мәртебесін ұзарту және Қазақстан азаматтығын алу үшін ішкі істер органдарына құжаттар беру бойынша бір жолғы акция өткізілді. 2019 жылы ШҚО-да оралман мәртебесін алған этникалық қазақтарға оңтайландырылған тәртіппен бір реттік акция жүргізіліп 503 оралман Қазақстан Республикасының азаматтығын алған болатын. Осындай бастамалардың арқасында азаматтықтарын ала алмай жүрген қандастарға үлкен бір жеңілдік болды. Басы байлы құжаттарын түгендеп, Республиканың толық қанды азаматы ретінде еркін жүріп тұруына, өз істерімен айналысып, ел экономикасына қызметімен үлес қосар кезегі келді. Зерттеу жұмыстары барысында анықталғандай, осыған дейін уақытында алынбаған азаматтықтың түрлі себептері бар. Олардың біріншісі құжаттарға салғырттық, толық қанды ақпараттанбау, ауылды елді мекендерде тұрып өзін-өзі қамтумен айналысып құжаттың маңыздылығына мән бермеу, құжат уақытының өтіп кетуіне байланысты миграция бөлімдерінен айыппұл алуынан қорқу, Қытайдан келген қазақтар үшін құжаттың уақыты өтіп кетіп екі елдің ортасында қалған жағдайлар көптеп кездеседі. Осы акцияға ілінбей қалған азаматтардың саны да әлі жететін көрінеді. Осыдан кейін, елге келгенді мақсат тұтқан қандастарға жеке басын куәландыратын құжаттарын жасатуға жауаптылық танытып мән беруді қолға алған дұрыс болар еді. Бірақ дегенмен, облыста немесе Республикада әлі де болса азаматтықтарын жоғарыдағы түрлі себептермен алмаған, тіпті осы акция жайында бейхабар жағдайларды естіп, көріп жүрміз. Осы негізде облыстағы бірлі-жарымды емес бірнеше қоғамдық ұйымдар мен бастамашыл топтардың қызмет жасауы қалың бұқара қандастарға ақпараттық түсіндіру шараларын кеңінен жеткізіп, азаматтық қоғамды дамыту жолдарын жандандыру шараларын ұсынар едім. Азаматтықты жеңілдетілген түрде жүргізілетін бір жолғы акцияны жалғастырып, осы уақытқа дейін елге келіп азаматтық мәселесін шеше алмай жүргендердің шаруасын біржола шешуге мүмкіндік берер еді.

Көші-қон саясатында әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, тарихи Отанына бас бұрған қандастарды жатсынбай, атамекендеріне қоныс

аударуларына мүмкіндіктерді арттырып, қолда бар көмекті аямау керектігін басты назарда ұстаумен қатар көші-қон қарқынына жан бітіру шараларын жалғастырудың маңызы зор. Елде жүргізіліп жатқан көші-қон саясаты қарқыны бойынша шет елден келген қазақтар Қазақстанның бүкіл облыстарға орналасты деуге болады. Репатриация саласындағы бейімдеу шарасындағы бағдарламалардың өзі түрлі деңгейде іске асырылып жатыр. Елдегі облыстарда олардың қоғамға бейімделуі мен сіңісуі, әлеуметтену шаралар әр түрлі деңгейде аймақтардың ерекшеліктеріне байланысты жүргізілді. Зерттеу жұмыстары барысында Шығыс Қазақстанда репатрианттарды бейімдеу саласында түрлі шаралар атқарылып жатқанын көруге болады. Қандастардың көшіп келуі, орналасуы мен бейімделуі сияқты және т.б. мәселелерді алдағы уақыттарда зерттеп отыру үшін Шығыс Қазақстан облысы шартты түрде Солтүстік пен Оңтүстік сияқты екі бөліктерге бөлуді қарастыру ұсынылады. Себебі бұл зерттеу нысаны болып отырған мәселені бақылауда ұстау, тиімді шешім қабылдау сияқты жағдайлар үшін қажет. Халықтың құрамында орыс диаспорасының және басқа да этникалық топтардың жинақы орналасуы облыстың Солтүстік бөлігіне сәйкес келеді. Оны Өскемен, Риддер, Алтай (Зырян) қалалары және де Бородулиха, Глубокое және Шемонаиха аудандары құрайды. Аймақтың мемлекеттік шекараға таяу орналасқан Солтүстік өңіріне шетелден көшіп келген қазақтарды орналастыру қауіпсіздік пен ұлттық саясатты нығайтуға, демографиялық жағдайды шешуге үлкен мүмкіндіктер бермек. Бұл өз кезегінде қазақ ұлты аз орналасқан өңірлерде басқа да ұлт өкілдерінің қазақ қоғамына бейімделуін жылдамдатады. Осы негізде мақсатты түрде репатрианттардың әлеуметтік, баспаналық, отбасылық жағдайларын шешіп, оларды осы өңірлерге орналастыру қажет. Мысалы, қазақ тілінде оқитын мектептер мен балабақшалар ашып әлеуметтік-мәдени орта қалыптастыру маңызды. Елге көшіп келген қандастардың басым көпшілігі орыс тілін меңгермеген, сондықтан оларға сол тілді үйрете отырып, өзге ұлт өкілдері басым жергілікті тұрғындарға да қазақ ықпалын барынша тигізу қажеттілік болып табылады. Шет елдердегі қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің жартысынан көбі тарихи Отанына, оның ішінде елдің шығыс аймағына оралатын болса, бұл этнодемографиялық көрсеткіштерді де арттыра түсетін болады. Себебі Қытай, Өзбекстан, Моңғолия, Ресей сияқты және т.б. елдерде қандастарды Қазақстанға қоныстандыруға болатын әлі де үлкен әлеует сақталып отыр. Алдағы уақыттарда жоспарлы түрде соларды Қазақстанға қоныстандыру одан әрі жалғастырылса, түбі елдегі қазақтардың сандық көрсеткіштері жоғарылап 75-80%-ды құрамақшы. Бұл деген Қазақстан Республикасын унитарлы мемлекет ретінде сақтап қалуға септігін тигізетін күрделі процесс [104]. Осы негізде халықтың демографиясын көтеруде, әлеуметтік-экономикалық ахуалын жетілдіруге, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды сақтауда репатриант (қандас) азаматтардың орны ерекше. Сондықтан, мемлекеттік бағдарламалар репатрианттарды қоныстандыру жүйесіне барынша көңіл бөліп, барлық жоспарланған мақсаттар заң жүзінде іске асырылған кезде ғана облыс аймақтары бойынша қоныстанушылар саны

арта түспек. Осы бір тұста мемлекеттің солтүстік аймақтарға оңтүстіктегі тығыз орналасқан халықпен елге оралған қандастарды көшіру саясатына дұрыс дем бере отыра ұйымдастыруды әлі де қажет етеді. Шығыс Қазақстан қандастарды тарихымен табиғаты кең, өмір сүруге қолайлы географиялық аймақтарға кеңінен орналастыра отырып, олардың әл-ауқатын көтеру шараларын атқаруға әлеуеті зор облыстардың бірі екендігін атап өтуге болады.

2.2 Көші-қон және қабылдаушы қоғам: өзара әрекеттесу мен бейімделудің күнделікті стратегиялары

Тарихи Отандарынан сыртта жүрген этникалық қазақтардың елге оралуындағы басты себептері өздерінің тарихи Отанындарында өмір сүру, ұлттық құндылық пен салт – дәстүрді сақтаумен ұрпақтарының болашағын қамтамасыз ету. Мемлекеттің көші-қон саясаты елге оралғандардың әлеуметтік жағдайын жасаумен қатар ұлттың демографиялық ахуалын арттыру болып табылады. Қандастардың күнделікті өмірінің мәселелері және олардың бейімделу үдерістері ауызша тарихтың әдістемесіне сәйкес анықталды, сонымен қатар сауалнама жүргізу әдістері қолданылды. Әлеуметтік, жергілікті тарих, макро және микро тәсілдермен ұғымдарға назар аударылды. Күнделікті тәжірибе арқылы репатрианттардың мәдени контекстінің аясын анықтауға, толық негізде зерттеуге мүмкіндік берді. Күнделікті өмір тарихына түрлі анықтамалар мен түсіндірмелер берілгенімен негізгі зерттеу нысаны адам және оның қоғамдағы күнделікті өмірінің жиынтығын қарастырады. Осыдан келе, Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың қоғамдағы өзара әрекеттесуі мен әлеуметтену шараларын зерттеудің маңыздылығы алға қойылған. Сонымен қатар жеке топтарды зерттеудегі негізгі тиімді жолдарына проблемалық-хронологиялық, жүйелілік, перспективтілік, статистикалық, салыстырмалық-тарихи тәсілдер қолданылды. Әсіресе салыстырмалық мәліметтерді жүйелеу, облыс территориясына шашырай қоныстанған қандастардың жергілікті ортаға бейімделулерінің нәтижелерін анықтауға негіз болды. Зерттеу жұмысы барысында арнайы әзірлеген сұрақтармен сауалнама жүргізу, сұхбат алу, өмірбаяндық еркін сұхбат әдістері де қолданылды. Этникалық қандастардың күнделікті тарихын Шығыс Қазақстан аумағы бойынша қарастыру, зерттеуге микроаналитикалық тәсілді қолдануға мүмкіндік беріп, ол өз тарапынан осы бағыттағы ғылыми жұмыстардың тәжірибесін және нәтижелігін нығайтады. Зерттеу жұмысын жүргізуде жалпы ғылыми әдістерге, оның ішінде теориялық және эмпирикалыққа сүйенілді. Әлеуметтік талдау адаммен адам арқылы қол жеткізген әл-ауқатты және оның одан арғы тұлға ретіндегі дамуын қарастырады. Бұл әдістер қосындысы зерттеу мәселесін тұтас тарихи құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [100, с. 587].

Республикада репатриация саясатының бастау алуымен қатар репатрианттарды облысқа орналасу жұмыстары қолға алынған болатын. Осыған орай, 1993 жылғы 15 сәуірдегі №1184 қаулысында төмендегідей шешімдерді жүзеге асыруға қаулы етілген: 1993 жылғы көшіп келу квотасын облыстар бойынша қосымшаға сәйкес бөлу бекітілсін. Облыс әкімдері

отандастардың жанұяларын қабылдап, орналастыруға орай мәселелерді шұғыл қарау жөніндегі облыстық комиссиялар құратын болсын - деп атап көрсеткен болатын [111]. Қандастардың жанұяларын қабылдау үшін баспана салуға және басқа да әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар әзірлеу жөнінде шаралар қабылдансын деп атап өткен. Облысқа қоныс аударған қандастардың аймақ бойынша орналасуы да, күрделі мәселелердің бірі. Елге оралу басты міндет, алайда қандастардың қоныс аударып келгеннен кейінгі шешімін табуға тиіс біршама мәселелер баршылық. Атап айтсақ, репатрианттардың атамекеніне оралғаннан кейінгі мәселе келген елдерінде әртүрлі саяси және идеологиялық жағдайда өмір сүруі олардың тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық жағдайларына үйренісуіне көптеген қиыншылықтар туғызады. Сол себепті, аталған мәселені жан жақты зерттеп, ғылыми тұрғыда талдау жасау - бүгінгі күннің басты бағыттарының бірі.

Шығыс Қазақстан облысындағы тұрғындардың репатрианттарды қабылдауы әрқилы. Бір жағынан, тарихи мекеніне қайтқан репатрианттарды құрметтейді, қабылдаған елге олардың қандай пайда әкелетінін жақсы түсінеді. Дегенмен, халық арасында елге келгенде репатрианттарға оларға тиесілі әлеуметтік көмектер мен жеңілдіктерді көргенде қызғанушылық сезім байқалады. Жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктеріне орай репатрианттарға қарым-қатынасы жайында сұхбаттасу кезінде, сауалнамада былайша көрсетілген. Қазақтар мен басқа этникалық топтың өкілдері (орыстар емес) репатрианттардың көшуіне қарсы емес екенін білдірді. Ұлты қазақ азаматтар репатрианттардың Қазақстанға келуін тарихи және де саяси жағынан жақсы түсінеді. Республиканың басқа ұлттары оның ішінде әсіресе орыс ұлтының өкілдері репатрианттарды жақтырмайтынын байқатты. Тіпті қазақ халқының, сонымен қатар ұлты қазақ орыс тілді азаматтардың арасында да теріс көзқарасты пікірлерді байқауға болады. Мысалы, олар: *«кезінде елге қиын болған жағдайда қашып кеткендердің ұрпақтары»*, *«Қазақстанға жағдайларын жасауға келді.»*, *«Мемлекет оларға әлеуметтік тұрғысынан неге жағдай жасайды?»* – деген пікірлермен елге келуші репатрианттарға теріс көзқарастары қалыптасқан жағдайларды көруге болады. Бірақ дегенмен, зерттеу барысы көрсеткендей халықтың басым көпшілігі репатриант елге келген қазақтарға оң көзқараспен қарап, мемлекеттің көші - қон саясатына қойып отырған мақсат-міндеттерді жақсы түсінетіндерде аз емес. Өткізген зерттеулерде халықтың арасында әлеуметтік жағдайы жақсы респонденттің репатрианттарға пікірі жақсы, орта тапты құрайтын адамдар тарапы репатрианттарға теріс пікірде, осылайша қарама-қайшы пікірлер мен қарым-қатынысты көруге болады. Осыған орай, репатрианттарға қатынасы мемлекетте яғни, қабылдаушы өңірлердегі халықтың репатрианттарға деген көзқарастарындағы теріс пікірлердің барлығы дерлік халықтың әлеуметтік-экономикалық жағынан нашар қамтылуында болып отырғанын байқауға болады. Репатрианттарға беріліп жатқан жеңілдіктерді толық қабылдай алмауы, оларға берген жеңілдіктерден қағылып қалуды нашар қабылдап отырғанын көрсетеді. Осыдан келе тұрғылықты халықтың экономикалық тұрғысынан

ораналасқан елді мекендерде репатрианттарға деген көзқарастың нашар болуы, өңір халықының экономикалық жағдайы орта топты құрайтын халықты басым бөлігі екендігін көруге де болады.

2011-2016 жылдары ШҚО Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы аясында репатрианттарды бейімдеу және де ықпалдастыру орталығының қызметі барысында келесідей әлеуметтік-экономикалық интеграциялану жолындағы шаралар атқарылған. Шығыс Қазақстан облысында елге келген репатрианттарды бейімдеу мен кіріктіру шараларына белсенді ат салысқан бағдарламалар мен тәжірибелерін атап өтуге болады. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында 2009 жылы БҰҰДБ облыстың 7 ауданындағы филиалдарымен: Тарбағатай, Ұлан, Зайсан, Күршім, Үржар, сондай-ақ «Шығыс» кентінде репатрианттарды бейімдеу және де ықпалдастыру орталығын ашты. Мақсаты – жаңадан келген репатрианттардың бейімделу кезеңінен өтуін жылдамдататын және де жеңілдететін үздіксіз жұмыс. Орталық базасында тұрақты негізде жүйелі түрде келесі шаралар атқарылған: БҰҰДБ ШҚО қызметі барысында репатрианттарға арналған қазақ тілі жазуын үйрену курсы, орыс тілі курсы, компьютерлік сауаттылық курстары ұйымдастырылды. Бірнеше кезеңмен өткізілген барлық үш курста 1,5 мыңнан астам адам қатысып білімдерін жетілдіріп, курсты аяқтағандары жайында сертификаттарын алды. Сонымен қатар ақпараттық семинарлар келесі бағыттарда жүйелі түрде өткізілген. Олар: оралман мәртебесін алу, тұрақты тұруға құқық алуға, азаматтық алу мәселесі, жермен қамтамасыз ету мәселесі, мүліктік құқықтар жөнінде, қоғамдық қауіпсіздік, кеден заңнамасына, салық заңнамасына, жеке кәсіпкерлерді тіркеу және де есеп беру рәсімдеріне, «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы, кәсіпкерлік құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде ақпараттық семинар кеңестер өткізілген. Репатрианттарға қоныс аударуға орай кез келген қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша жеке консультациялар, бейімделу және интеграция, оның ішінде баспана, зейнетақы, мүгедектер мен қарт адамдарға әлеуметтік қорғау, фамилияны ауыстыру немесе фамилия алу мәселелері бойынша орталықтандырылған қызметтер көрсеткен. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық бейімделу негізінде жекелей қызығушылықтар бойынша ауылшаруашылық негіздері, ветеринариялық медицина бойынша курстар өткізіліп, оған Үржар, Зайсан аудандары мен «Шығыс» ауылынан 23 адам қатысып, тақырыпқа сай білімдерін жетілдірген. Осы шараның барысында 8 адам ауылшаруашылық саласына жұмысқа орналасқан. Өз істерімен айналысуға репатрианттар тарапынан көптеген ниет білдіру негізінде, оларға кәсіпкерлік бойынша бизнесті кәсіпкерлік аграрлық секторда жүргізудің негіздері курсына 650-ге жуық адам оқытылды [158].

Шығыс Қазақстан облысындағы БҰҰ Бірлескен бағдарламасы жайында бұқаралық ақпарат құралдарында Шығыс Қазақстандағы бағдарламаның аясында атқарылып жатқан шаралар жайында келесідей ақпараттар ұсынады. БҰҰ-ның Шығыс Қазақстан облысындағы бірлескен бағдарламасы шеңберінде БҰҰ-ның даму бағдарламасы жұмысының басымдықтары мемлекет

басшысының «Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастар жол» бағдарламалық мақаласында белгіленген міндеттермен сәйкес келеді. Олардың арасында әлеуметтік және де экономикалық қызметтерге облыстың ең осал тұрғындарының қол жетімділігін жақсарту да бар. Мақсатқа жету үшін оқыту, ақпараттық жұмыстар, дөңгелек үстелдер, мастер-кластар мен конференциялар өткізу, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттық бағдарлама қарастырылған. Берілген жеті гранттық конкурсына 180 әлеуметтік жоба ұсынған өңірдің 127 Үкіметтік емес ұйымдары қатысты. Барлығы 80 млн теңгеден астам сомаға 30 мақұлданған жоба жүзеге асырылды. Азаматтардың неғұрлым осал санаттарын жұмыс орындарымен қамтамасыз ету үшін үш тігін цехы (Өскемен және де Аягөз және де Зайсан аудандарында) Семей қаласында ұялы телефон жөндеу цехы және де фотомастерлік, қыш цехы ашылып онда мүгедектігі бар әйелдер мен репатрианттар еңбек етеді. БҰҰДБ қолдау көрсеткен екі жоба – «Алтын оймақ» және де «Қазақ сырмақ» - репатрианттардың он ауылдағы қол өнер шеберлерін жұмыспен қамтамасыз ете отырып, дәстүрлі қазақ мұрасын сақтауға жәрдемдесті [159].

Тарихи Отанына оралғандарды құжаттандыру мәселесі бойынша Семейдегі БҰҰ Даму бағдарламасының репатрианттарды экономикалық және де әлеуметтік бейімдеу орталығы осы санаттағы азаматтардың әлеуметтік-құқықтық қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында 6 кітапша шығарды. Бұл репатрианттардың келуі, шекарадан өтуі, әлеуметтік көмек алу мәселелеріне қатысты. Репатрианттар бұрын оралман куәлігін, тұрақты тіркеуге тұрып, ықтияр хат алатын. Содан кейін тез арада азаматтыққа тапсыруға құқылы болатын. Енді 4 жыл тұру керек, немесе 3 жыл ҚР азаматымен некеде болу керек. 2014 жылғы ақпаратқа сай Семей өңірінде мың жарымға жуық оралман тұрады. БҰҰ Даму бағдарламасының репатрианттарды экономикалық және де әлеуметтік бейімдеу орталығы аталмыш санаттағы азаматтарға көмек беру мақсатында түрлі шараларды қолға алған. Орталық мамандары алдымен репатрианттар арасындағы мәселелерді анықтау мақсатында түрлі сауалнамалар жүргізілді. Соның негізінде алдағы атқарылатын жұмыстар нақтыланады. Мысалы, сауалнамалар нәтижесі бойынша кәсіпкерлікті дамыту, несие алуға орай кітапшалар шығарылған болатын. Алдағы мәселе құжаттандыруға қатысты, БҰҰ даму бағдарламасының кеңесшісі болған Тәбілтай Шәріп, Монғолиядан келген репатрианттың айтуы бойынша, көп ағайындар білмей жүріп визаның, көші-қон карточкасының уақытын өткізіп алғандықтан, ең азы 16 мыңнан 60 мың теңгеге дейін салық төлеп жатады. Немесе көп кісілер оқшаулау бөліміне жабылады. Осыған орай құжаттандыруға байланысты мәселелер көп шыққан. Сондықтан, шығарылып отырған кітаптардың барлығы осы құжаттандыруға орайластырылған. Қазақстанға келген уақытта бейімделу, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, субсидиялау Үкімет тарапынан және де БҰҰ бағдарламасы тарапынан қалай жүзеге асатындығын осы брошюралардан көруге болады. Сондықтан, осының барлығы олардың бейімделуіне, ҚР азаматы болуға мүмкіндік жасайды. Кітапшалардан репатрианттардың Қазақстанға келуі, азаматтық және де

қылмыстық іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттері, виза беру, қолданылу мерзімдерін ұзарту мен қысқарту шарттары жөнінде білуге болады. Қазақ тілінде шығарылған кітапшалар кездесуге келген репатрианттарға таратылды [160]. Осы негізде 1780-нен астам адам репатрианттарды бейімдеу және де интеграциялау орталығының кеңесшілеріне жүгінген.

Кесте 13 – Бағдарламаның аясында репатрианттардың қоғамға кірігуі мен әлеуметтенуі жағдайында берілген көмектер

Көмек түрі	Адам саны
1	2
Жұмысқа орналасуға көмек алғандар	228 адам
Өз ісін ашқандар	48 адам
Иммиграция квотасы бойынша жәрдемақы алғандар	46 адам
Жер телімін алғандар	9 адам
Қазақстан Республикасының азаматтығын, оралман мәртебесін, тұрақты тұру көмегін алғандар	216 адам
Азаматтар реестріне тіркелгендер	678 адам
Баспана мәселесі шешілгендер	16 адам
Жеке білім грантын иеленгендер	5 адам
Мамандықты игеру курстарынан өткендер	67 адам
Зейнетақы, жәрдемақы тағайындар	267 адам
Әлеуметтік көмек алғандар	123 адам
Оқу орындарына түскендер	85 адам
Барлығы	1788

13 – кестеде БҰҰ бағдарламасы аясында репатрианттар арасында қандай әлеуметтік көмектің түрлерін жиі жүгінетінін анықтауға болады [158].

БҰҰ Даму бағдарламасының репатрианттарды әлеуметтік-экономикалық бейімдеу саласында келгенде біршама қолдаулар жасап, тек әдістемелік жағынан емес, жобалар жасап тікелей қаржы беру арқылы әлеуметтендіру шараларында үлкен жұмыс атқарды. Облысқа келген репатрианттардың бейімделу шараларымен өзара әрекеттесу стратегиясын кең көлемде атқарды. Осы атқарылған іс-шараларды әрмен қарай жалғыстырып, «бір терезе» әдісімен орталықтандыратын жүйе енгізіп мемлекеттік органдардың көші-қонмен репатрианттарды қоғамға бейімделу шараларын атқаруды қолға алу қажет. Шетелдерден көшіп келген отандастардың олардың жанұя мүшелерінің елге оралу және де азаматтығын алу рәсімдерін жеңілдету, олардың жаңа тұрмыстық жағдайларға бейімделуіне көмек көрсету, жүк тасымалының ақысын төлеумен қатар қоныстану аумақтарына байланысты қарастырылған бір мезгілдік жәрдемақы төлеумен басқа да әлеуметтік қолдаулар жасалған болатын.

Өзге елдерден қоныс аударған қандастар елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына өзіндік үлестерін қосып отыр. Олардың басым көпшілігі ауылшаруашылығы мен өзіне-өзі қызмет көрсету саласында жұмыс жасайды. Ал мемлекеттік органдар ішінде қандастардың жұмыс жасау көрсеткіші төмен,

оған себептің бірі келген елдерінде алған дипломдарының жарамсыз күйде қалуында. Сонымен қатар келген елдері мен келісім шарт аясында олардың аттестациясы мен дипломдары мен басқа да маңызды құжаттарын куәландыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор.

Аталған құжаттардың шынайы немесе жалған екенін анықтау кезінде түсініспеушіліктер кездеседі. Тіпті, Қазақстан Республикасына оралған қазақтарға «құжаттарынды бұрынғы тұрған елдерінде куәландыру керек» деген талаптар қойылған. Сонымен қатар, репатрианттарды алған мамандықтары бойынша қайта даярлаудан өткізудің проблемасы қарастырылуда. Мысалы, Қытайдан жоғарғы білім алып келген азаматтың Қазақстанға келгеннен кейін дипломмен жұмысқа тұру кезінде ол жарамсыз деп табылуы, оның басты себебі сол елмен келісім шарттың болмауы немесе сол мемлекеттегі оқу жүйесіндегі ерекшеліктер әсер ету мүмкін, ал ондай жағдай туындаған кезде білім алған мемлекеттің тиісті орыннан, яғни жоғары оқу орынынан лицензияны қажет етеді. Егерде, Қазақстан Республикасы сол елмен келісім шартта болса мысалы, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан т.б. мемлекеттерден келсе диплом жарамды, алайда түпкілікті зерттеп анықталған жағдайда ғана жұмысқа орналасуы мүмкін. Ол үшін Астанаға барып Білім және де ғылым министрлігінің қасынан арнайы құрылған комиссияның сараптауынан өтуі керек. Бұл комиссия арнайы сертификат береді [88, б. 352]. Осы сертификат арқылы ол кісілерді жұмысқа қабылдауға болады. Дегенмен, қазіргі таңда статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ елге оралушы азаматтардың көп бөлігі жастар болғандықтан Қазақстанда біржола тұруды шешіп, білімді Қазақстанның жоғарғы оқу орынынан алу көрсеткіші жоғарлаған.

Осы саланы зерттеу барысында т.ғ.д., профессор, А.Б. Қалыш Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстан елдеріндегі этникалық репатриация қорытындыларының айырмашылықтарын атап өтті. Мысалға, «СУАРДАН шығушылар, олар ата - бабаларының бастапқы шығу аудандарына - Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныстануды қалайды. Қазақстанда олар аса бір қиыншылықсыз бейімделген, өйткені олар көбінесе мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы салаларында сұраныстары жоғары болған. Жаңа орынға көшумен орай кедергілердің бірі, жергілікті тұрғындармен бәсекелестіктің болуы жалпы қазақ менталитетінің есебінен емес, рулық-тайпалық құрылымның ортақтығы есебінен де табысты өтті, оның болуы мен пәрменділігі жөнінде біз ұмытпауымыз керек», - деп атап өтті [89, с. 165-169]. Әрине бұл тұжырымдамамен келісе келе көп жағдайда мемлекеттік қызметтерде жұмыс жасамағанымен ШҚО қоныстанушы оралман азаматтар көбінесе егін шаруашылығымен, мал шаруашылығымен айналысып жатыр. Сондай-ақ, оларға жер және де фермер қожалығын құруға қажетті жер учаскелері мемлекет тарапынан бөлінген. Ауыл шаруашылық өнімдері мен мал өсіруді репатрианттар жақсы біледі. Егер репатрианттарға жұмыс істейтін жер табылса - өнімді қызметі нәтижелі болады. Оған дәлел Шығыс аймақтары бойынша көп қоныстанған Үржар, Ұлан, Зайсан ауданында қазір 7000- нан астам оралман азаматтар ауылда шаруашылықпен айналысып тұрып жатыр.

Олар әр салада жұмыс істеуде, кейбірі мал өсіріп, егін егуде, ал кейбірі түрлі қызметпен шұғылдануда. Фотосалон, етік тігу цехы, интернет клубы, шағын және де орта кәсіпкерлікпен айналысушылар өте көп. Шағын несие беру бағдарламасы негізінде көпшілігі шаруа қожалықтарын құрып жеке кәсіпкерлікпен айналысуда. Бірақ, репатрианттардың барлығы бірдей алғаш орналасқан жеріне тұрақтап қалмады. Олардың арасында да республика ішіндегі көші-қонның да жүруін көруге болады. Біраз репатрианттар Шығыс Қазақстан аумағына көшіп келгенімен кейіннен жұмысқа орналасу, баспана мәселесіне орай оңтүстік облыстарына қоныс аударған, бір бөлігі ауылды жерлерден үлкен қалаларға бет бұрды. Бұл репатрианттардың әлеуметтік-экономикалық қажеттілігіне тікелей байланысты. Бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, мәдени шоктың әр түрлі симптомдарының алдын алу (шығу елінің идеализациясы, тілді оқытудан бас тарту немесе жаңа мәдени құндылықтарды қабылдау, жаңа жағдайда жоғары сыншылдық, ішкі этникалық қашықтық және де т. б.) әрдайым мүмкін емес. Шетелге кез келген көшу – бұл стресс. Сонымен қатар, бейімделу процесі бастапқы кезеңде өздігінен жүруі толық қанды бақыланбауы өзіндік тежеу салды. Қоныс аударушылардың қоныстануы бұрынғы тұрған елдің жерлестік менталдығы мен мәдениетінің белгісі бойынша кездейсоқ көшіп жүрді. Бұл елдің жаңа тұрғындары мен азаматтарын Қазақстан ішінде, әдетте, Шығыс өңірден оңтүстікке, ауылдық аймақтан қалалық жерге қайта қоныс аударуға мәжбүр етті. Жалпы, жасанды құрылған гомогенді орта әлеуметтік-мәдени бейімделу процесін созды.

Алғашында репатрианттар республикалық бюджет есебінен баспанамен қамтамасыз етілсе, 2004 жылы репатрианттарды баспанамен қамтамасыз ету тәртібі өзгерілді, баспана сатып алудың орнына оралман жанұяның әрбір мүшесіне 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде қаржы бөліне бастаған болатын. Бұл өзгеріс арқылы репатрианттардың тұратын жерді баспана құны нарық бағасымен салыстырғанда арзан облыстарды таңдауға мүмкіндік береді деген мақсатты көздеген. Дегенмен тәжірибиеде керсінше репатрианттардың Шығыс Қазақстанның ішіндегі ауылдарына қоныстануға деген тартымдылығын төмендетті. Кейбір топтар өңірдегі репатрианттардың көшіп келу квотасы бойынша қаражаттық қолдауға ие болғаннан кейін, елдің климаттық жағдайы мен өмір сүруге қолайлы, оңтүстік өңірлерге қоныс аударғандары белгілі болды. Бұнымен қатар рулық, туыстық қатынас іздеп, жақсы ортаға ауып өз еріктерімен кеткендері де бар.

ҚР «Халықтың көші-қоны» жөнінде заңнамаға сәйкес (29-3 бабы) мемлекет репатрианттарға жұмыс беруде, біліктілігі мен білімін жоғарылатуда және де жаңа мамандық таңдауда көмек көрсетуі тиісті. Дегенменде, репатрианттарға көмектесу барысында оларға тек жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орындарына тіркелуге кеңес берумен қатар қоғамдық жұмыста қызмет жасауға шақырады. Қазақстандағы заңнамаларға бойынша, репатрианттардың елге келгенде оларға, атаулы әлеуметтік көмектер мен мүгедектігі мен жұмыссыздарға арналған жәрдемақылар мен зейнетақыны алуға құқықтары бар. Аталған әлеуметтік жеңілдікті алу кезінде олардың оралман

мәртебесі болған жағдайдың өзінде тұрғылықты мекендерін растайтын тіркеу қағаздарын талап ету арқылы әлеуметтік көмектерді алуларына шектеулер қойылады. Заңнамада көрсетілгендей, елге оралған репатрианттарға барлығына бірдей мөлшерде олардың еңбек өтілімі мен қызметтеріне қарамастан мемлекеттік төменгі зейнетақы төлемдері қарастырылған. Осындай жағдайдан кейін репатрианттар арасында Ресей мен Қытайдан келгендердің арасынан Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға асықпай, бұрынғы азаматтығын қалдырғысы келеді.

Шет елдерде өмір сүріп әр түрлі шаруашылық саласымен айналысушы репатрианттар туған жермен, атамекенмен арасындағы қарым-қатынасты экономикалық тиімді деңгейге дейін көтеруге бағытталған «Жол картасын» жүзеге асыру шеңберінде ойдағыдай жұмыстар атқарылды. Бұл өзара қатынастар негізінен қоғамдық деңгейдегі адамдардың күнделікті қажеттілігінен туындайтын іс-әрекет. Олардың экономикалық, шаруашылықтық, ақпараттық, мәдени, саяси, тұрмыстық сипаттары басым. Қазіргі нарықтық қатынас адамдардың әр бір байланысқан прагматистік тиімділікті іздете бастады. Ерекше маңыздылығы бар нәрсе әр түрлі мамандықты игерген, жоғары деңгейдегі біліктілігі бар мамандардың елге қоныс аударып келгеннен кейін өз қабілет, дарынын халық игілігіне жұмсауы болып табылады. Облыс аумағына қоныстанушы Қытайдан келген дәрігерлердің инемен емдеу арқылы Қытай медицинасының әдіс-тәсілін қолдануы қазіргі таңда өте жоғары көрсеткішке ие. Сондай-ақ, суретші азаматтардың өз өнерлерін халық игілігіне жаратып, білгендерін жастарға үйретіп жатса, бұл қызметтік биік деңгейге көтерілудің белгісі болады. Сонымен қатар, Моңғолия, Қытай мемлекеттерінен келген қол өнер шеберлері қазақтың көне дәстүр мәдениетінің үлгілерін сақтай білген. Ақындар, күйші, сазгерлер өз өнерлерін халыққа кеңінен насихаттап, жас таланттарға үйретуін де көптеп байқауға болады. Осы орайда облыс бойынша қалада БҰҰ Даму бағдарламасы негізінде құрылған «Репатрианттардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» орталығының ұйымдастыруымен оралман азаматшалардың қолөнер көрмесі, әр түрлі жобалар байқауы жиі өткізілген [90, б. 156].

Қытайдан келген репатрианттардың бейімделуі жөнінде ғалым Е. Садовская былай деп жазады: «Қытайдан келген репатрианттар тіпті шағын шаруашылықтың көмегімен өзінің еңбексүйгіштігінің арқасында басқа шет елдерден қоныс аударушы қазақтармен тіпті жергілікті тұрғындарға қарағанда анағұрлым табысты болып отыр». Этникалық (қазақылық) қазіргі ең жылдам «әлеуметтік» лифт ретінде қоныс аударушылардың жас буындарына кәсіби білім алуға және Қазақстанда кәсіби мансабын Қытайға қарағанда әлдеқайда жылдам жасауға көмектесе алады [79, с. 151-180]. Осы пікірге сай осындай мысалдардың да бар екендігін атап өте келе, Шығыс Қазақстанның шұрайлы жері мен табиғатын жақсы пайдаланған Қытайдан келген репатрианттар өз кезегінде бау-бақша мен егін шаруашылығымен қатар сауда саттықты жақсы меңгергенін көрсетіп жатыр.

Шетелдік ғалым Петер Финке репатрианттардың өздерін «нағыз қазақтар» ретінде сәйкестендіру үшін маңыздылығы (бұл мәдени азаматтық үшін күресте өте маңызды сәт) «дәстүрлер» тақырыбы болып табылады, бұл арқылы «қазақстандық» деген ұғымның ой-өрісін түсіндіруге болады деп, - атап өтеді. Қазақылық жөнінде пікірді түрлі топтың қабылдауын қалай жеткізетінін көрсетті, ол тиісті мәдени капитал ретінде қарастырылады. Жергілікті және де көшіп - қонушылар арасындағы өзара іс-қимыл бір жағынан ұлттық бірегейлік жөнінде қазіргі заманғы дискурсқа қалай кіріктірілгендігі талданады және де екінші жағынан жергілікті қоғамдастықтағы экономикалық ресурстар мен әлеуметтік мәртебені бөлуге әсер етеді [161]. Әрине бұл жерде негізгі мақсат тұрғылықты қазақ пен келген репатриант қазақтардың қайсысы «нағыз қазақтар» екендігін анықтау емес. Негізгі мақсат мемлекеттік саясаттың өзі көрсеткендей кейбір ұмыт болған сал-дәстүрлерді сол күйінде ұстанып келген репатриант қазақ бауырларда ұлттық құндылықтарға, қазақи бейнемізге сіндіру арқылы ұмып болған дәстүрлерді жаңғырту. Қала халқының көп жағдайда салт пен дәстүрді толыққанды ұстанбауы біздің жағдайда Шығыс өңірінің солтүстік аймақтарына тән орыс тілді қазақтармен өзара қарым-қатынаста туған сыртқы әлеуметтік пікірлердің тоғысуынан шығатын ой болуы әбден мүмкін.

Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы әкімі Б.Сапарбаев 2014 жылдың қыркүйек айының басындағы жағдай бойынша өңір 55 000-ға жуық репатрианттарды қабылданғаны жөнінде ақпарат береді. Оларға 28 млн теңге әлеуметтік көмек көрсетілді, 799 жанұя мемлекеттен баспана алды, 120 адам бөлінген жер телімдерінде өз үйлерін салды, 430 адам жеңілдікпен құны 600 млн теңге болатын несие алды. 595 адам жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, мал ұстау және де егіншілікпен айналысу үшін жермен қамтамасыз етілді. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша Өскеменге жақын жерде Шығыс ауылы тұрғызылды. Курчатов қаласында көп қабатты үйлердің абаттандырылған пәтерлерінде 230 оралман жанұя тұрады. Шығыс Қазақстан облысында БҰҰ бағдарламасы бойынша бейімдеу орталығы ашылды. ШҚО репатрианттарының арасында-Шығыс ауылының әкімі Бақыт Амантай, Моңғолияның тумасы. Нұртай Лакан – Ұлан аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. 14240 оралман жанұяның 58 пайызы еңбекке қабілетті жаста, 28 пайызы-мектепте және де 14 пайызы зейнеткерлік жаста болған. 2012-2014 жылдары 685 адам жалпы сомасы 7,9 млн.теңгеге әлеуметтік көмектің әр түрін, 347 жанұя баспана мәселесін шешу үшін - 13,5 млн. теңге алды. 811 жанұяның 6,2 млн. теңге сомасына балалар жәрдемақысы, 64 жанұя 900 000 теңгеге бір жолғы көмегін алды. Соңғы үш жылда 2 827 жанұя 4 654 000 теңге банк несиеcін алды [91, с. 113]. Бұл деректер 2014 жылғы 25 қыркүйекте Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының, ІІМ Көші-қон полициясы комитетінің, Денсаулық сақтау және де әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және де көші-қон комитеті және де облыс басшыларының қатысуымен Шығыс Қазақстан облысындағы репатрианттардың слетінде жарияланды. 2014 жылы 26 қыркүйекте Өскемен қаласының этносаябағында репатрианттар форумы өткен. Форумда тарихи Отанына оралған қоныс аударушылар өңір экономикасының

дамуына өз үлестерін қосуы атап өтілген болатын. Кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға қатысу репатрианттарға өздерін көрсетуге мүмкіндік берді. Форум аясындағы көрме Өскеменнің этноауылындағы саябақтың басты алаңында көрсетілді. Ұлттық киім, картиналар, музыкалық аспаптар, төсек-орын жабдықтары, жиһаз, құрылыс материалдары, үй тағамдары және де тіпті аяқ киімді Шығыс Қазақстанның көптеген аудандарында репатриант азаматтардың шебер қолдарымен жасалды. Өскеменге Күршім, Үржар, Көкпекті және де басқа да аудандардан келген көрмеге қатысушылар Шығыс Қазақстанда кәсіпорындар құру үшін әлеует пен қолдау бар екенін, оларды тек қана іс үшін пайдалану қажет екенін көрсетті.

Облыстағы репатрианттардың жартысынан көбі экономикалық белсенді халық. Ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларына Үржар, Көкпекті, Жарма, Глубокое аудандарында тұратын қоныс аударушылардың жанұялары белсенді қатысады. Бірақ Шемонаиха, Бородулиха аудандары мен Риддерде репатрианттар мемлекеттік бағдарламаларға қатыспайды. Форум барысында келіп түскен кейбір аудандардың өзектілігі бірдей мәселелер кейбір аудандарда репатрианттардың мүмкіндіктерін түсіндіру бойынша әлсіз жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсеткен. Мысалы, Семей қаласының тұрғыны қоныс аударушылардың балаларына мемлекеттік тілді тереңдетіп оқытуға көмек көрсетуді сұрады. Мұндай курстар репатрианттарға көмек көрсету орталығында жүргізіледі, олар әр аудан мен қалада да бар. Қытайдан келген этникалық қазақтар орыс тілі мен кириллицаны білмегендіктен қиындықтарға тап болады. Сондықтан жазбаша ақпараттардан гөрі халық арасындағы қарапайым қарым-қатынас арқылы түсіндіру жұмыстары әрдайым жетпейді. Мемлекеттік бағдарламалармен ұсынатын қызметтерге жұмыссыз этникалық қазақтардың арасында еңбек қызметін таңдайтындығын көрсетеді, яғни жалақысының аздығына, қатынайтын жолдың алыстығын сылтаулатып жұмысқа шықпайтындарда кездеседі. Бірден жоғары жалақы алатын жұмыстарға орналасу бәріне бірдей болмайтын жағдай және де жұмыс өтіліміне орай жалақы тағайындалады. Ол Шығыс кентіндегі азаматтарға тән қасиет. Олар Шығыс кентінен облыс орталығына барып қатынап жұмыс жасауды алыс санайды, дегенмен ауылдан маршруттар әр жарты сағат сайын таңертеңгі жетіден кешкі сегізге дейін жүреді.

Репатриант азаматтар үшін тағы бір күрделі мәселе. Шетел қазақтарының балаларын елге білім алып, өз атамекеніне қызмет жасау мақсатында білім алуларына жағдай жасау. Осы мақсатта шетел қазақ жастарының білім алуына жағдай жасап, ЖОО-на түсем деуші азаматтар үшін бір жыл немесе біржарым жыл көлемінде Қазақстанның әр облысында дайындық курстары жұмыс жасайды. Осы заңнама жобасы негізінде Шығыс Қазақстан аумағы бойынша Өскемен қаласындағы С. Аманжолов атындағы университетте және Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университеті, Қазақ инновациялық - гуманитарлық заң университетінде шет елдерден оралушы азаматтар үшін жергілікті халықтың жазуын, орыс тілін үйрете отырып, өз таңдаған

мамандықтар бойынша білім деңгейін көтеру мақсатында дайындық курстары жұмыс жасап, тегін дәрістер жүргізіліп тұрады және де баспанамен (жатақханамен) толықтай қамтамасыз етілген.

Егемендік алғалы Шығыс Қазақстанға 60 мыңнан астам қандастар қоныс аударған. Қазіргі уақытта аймақта олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша бірқатар игі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Белсенді қоғамдық қызметтерге араласып жүрген жастардың да қарасы көп. Солардың бірі 2011 жылы тарихи Отанына келген Серік Қуанғанмен 2019 жылы зерттеу жұмыстары барысында сұхбат жүргізілді. Ол Моңғолияның Баянөлгей аймағында дүниеге келген. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінде курстан өтіп, аталмыш оқу орнының қазақ филологиясы мамандығына грантқа оқуға түскен болатын. Студент кезінен қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, ақындық өнерімен көзге түскен. Университет барысында ақындар мектебіне алынып, тәрбиеленіп, республикалық, халықаралық жас ақындар додасында бас жүлделер мен марапаттарға ие болған. Ақынжанды азамат шығармашылығын да жетілдіруге уақыт табады. Оқу бітіргеннен кейін репатрианттардың дайындық бөліміне қызметке тұрған. Елге келіп білім алуын жалғастырып жүрген жастарға бейімделулері мен қоғамға кірігу шараларында үлгі болып жүр. Елге келген шеттегі қандас тарихи Отанына келіп жұмыс істесе де, оқу оқысада, тұрақтап тұратын ойлары болса да, қазіргі уақытта барлық жағдай жасалған – деп атап отыр. Моңғолияға барып жастарды Қазақстанға дайындық бөліміне оқуға жинап жол көрсетіп жүр. Айтуынша жастардың көбі азаматтық алып болашағын Қазақстанмен байланыстырғысы келеді дейді. (I) Сол себепті оқуға келген жастармен жұмысты кеңінен атқарып толық қанды бейімдеу шараларына қосу керектігі маңызды. Облыста білім алып, мамандық иесі атанып, өз саласында үздік танылып жүрген осындай жастар да баршылық. Атамекенін аңсап жеткен қандастарға жасалатын жақсылық осымен тоқтамайды. Осындай мысалдар көрсететін азаматтар көп. Олар келген өңірге бейімделіп қана қоймай, қоғамда өз орындары бар, мемлекеттік қызметкерлер, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалығының басшылары, өз ісінің мамандары екендігін көрсетіп жатыр. Мемлекеттің қойған саясатындағы демографиялық жағдайдың алғы ілгерлеуі, еңбекке жарамды жұмыс күштерінің әсерінен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың дамуына өзіндік үлестерін қосып жатқандығын баса айтуға болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126 қаулысымен бекітілген 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасына сәйкес Өскемен қаласында 463 үй салынып, пайдалануға берілді. 463 жанұяның 319 жанұя барлық қажетті шарттар жасасты, 144 жанұя баспана комиссиясы арқылы оң шешім алды және де қажетті шарттар жасауды жалғасқан [162].

«Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша салынып қоныстандырылмаған баспана мәселесі облыс әкімдігінің 2012 жылғы 13 тамыздағы № 187 қаулысы шеңберінде, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 875 қаулысына

сәйкес, осы бағдарлама шеңберінде салынған баспананы коммуналдық меншіктен республикалық меншікке беру жөнінде шешіледі. Осыған сәйкес, іске асырылатын бағдарламалар шеңберінде жалдамалы баспана түрінде кезектілік тәртібімен қоныстандыру жалғастырылған. Шығыс Қазақстан облысы Өскеменнің іргесінде 2011 жылы «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша - репатрианттарға арналған Шығыс ауылын салғызып, біртұтас көтерген республикадағы алғашқы аймақ болды. Осыған орай шет елдерден келген азаматтарды бір жерге біртұтас біріктіріп орналастыру бойынша біршама мәселелердің шыққандығы алғашқы уақыттардан бастап көріне бастаған.

Дегенмен «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша репатрианттарға арналып салынған Шығыс кентіндегі үйлердің сапасы мен үйдің жағдайына тұрғындардың көңілі толмай жатқанын бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазған болатын. Тұрғылықты халық тарапынан наразылық туындап, өздерінің наздарын айтуға халық көшеге шыққан болатын. *365 INFO.KZ порталы Репатрианттарға арналып салынған үйдің сапасының нашар екендігін және де олар банктің кепіліне де жарамайды- деп бұқараға жариялаған болатын. Салынған үйдің сапасының сын көтермеуінен тұрғындардың жылу мен электр жарығына қарызға белшесінен батқандарын жазған. Тек үйді ғана беріп қойып толықтай жұмыспен және жер телімдерімен қамтамасыз етімін деген жергілікті әкімдіктердің уәделерінің орындалмай жатқандары туралы тұрғындардың шағымдарын көрсеткен болатын [163].* «Шығыс» ауылының тұрғындары жарық үшін 46 миллион теңге қарыз екені белгілі болған. Аталмыш қаражатты 170 жанұяға бөлгенде, әр жанұяға орта есеппен 300 мың теңгеден шығады екен. Қарызы көбейгеннен кейін Шығыс өңірінің электр энергиясын таратушы компаниясы қарызды төлемегені үшін бұл адамдардың жарығын өшіргенін сол кездегі облыс әкімі Бердібек Сапарбаев атап өтіп, мәселенің шешімін шығаруға комиссия бекітіліп, талқылап, анықтайтынын айтып, қарыздан құтылу шараларын көрсететіп өткен болатын.

Бұқаралық ақпарат құралдарының Шығыс ауылындағы оралман ағайындардың наразылық көрсетіп, жолға шығып жылу қарызы үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына көтерген наразын қоғамдағы жергілікті халықтардың бірі түсінумен қараса, кейбір топтар оларды жақтырмай, мемлекет тарапынан беріліп жатқан көмектерге қанағат тұтпайтын «оралмандар» - деген теріс көзқарасты көрсетті. Әрине бұл мәселеге келсек биліктің өз айтары бар, пайдаланған электр энергиясын уақтылы төлеу керектігін қарастырса дейді, елге келуші «Нұрлы көш» бағдарламасының тұрғындарының назы бойынша салынған үйдің сапасы төмен, қыстың суық күндерінде үй жылымай тұруға пана болмай кеткендігін айтады. Әрине Шығыс ауылының тұрғындарының басым көпшілігі Моңғолиямен Қытайдан келген азаматтар дәстүрлі түрде отынмен пеш жағу арқылы пайдаланған халықтың электр энергиясымен жылынатын жылудың ерекшеліктерін және де оны ұқыпты пайдаланбаса қалтаға соғарын өте жақсы түсіне қоймағанын байқауға болады. Дегенмен үйдің жылдам салынып, сапасы жағынан сын көтермейтін мәселелердің бар екендігін көруге де болады және тұрғылықты халықтың наразылығына сай

келетін көрінеді. Осы мәселе төңірегінде тек бұқаралық ақпарат құралдары ғана емес бірлі-жарым Шығыс ауылын зерттеушілердің де көзғарастарын көрсек болады.

Солардың бірі Ресей елінің зерттеушісі И.Поправко 2013 жылдың тамыз айында Шығыс Қазақстан облысындағы Шығыс ауылындағы далалық зерттеулер кезінде автор репатрианттардың мәселесі мен оларға қарым-қатынасын зерттеді. Осылайша, зерттеу барысында бірнеше санатты белгілеген -«біз – олар» оппозициялық жұпты көрсетті: орыстар – қазақтар; орыстар – репатрианттар; жергілікті қазақтар – репатрианттар; Моңғолиядан келген репатрианттар – Қытайдан келген репатрианттар; 1990-шы жылдары келген репатрианттар – 2000-шы жылдары келген репатрианттар, қаладағы репатрианттар – ауылдағы репатрианттар (Шығыс); Қытайдың Алтай ауданынан – Тарбағатай ауданынан келген репатрианттар деп, - бөліп көрсеткенін көруге болады [47, с. 206-214]. Зерттеуінде тұрғылықты халықтарды бірнеше санатқа бөліп қарастырғанын байқауға болады. Әрине мүмкін сырт көзбен қарағанда немесе бөлгісі келетін адамдарға Қазақстан халқын бұл санаттардан да көп бөлікке бөліп қарастыруға болатын шығар. Дегенмен келген елдің саясаты репатрианттар үшін өзіндік әсерін беретіндігі ол да бар. Оларды бейімдеуге келгенде ортақ орта қалыптастырғанның орнына келген елдерімен бөліп қойсақ, оларды шеттету мен оқшаулау кері әсерін береді. Дегенмен Қазақстан жерінде көптеген жылдар бойы түрлі ұлыстармен этностар өмір сүріп жатқанын тарих жоққа шығармайды. Қазақстанның негізгі түпкі ұлты қазақ халқы өзге ұлт өкілдерін түрлі бөлікке бөліп шеттетіп, мәдени, әлеуметтік салаға бөліп жарып қарастырмағынын айтып кетуге болады. Түрлі тарихи оқиғалардың салдары мен солақай саясаттың кесірінен өзінің ата қонысынан айырылып немесе тастап кетуге мәжбүр болған қазақ халқы үшін Отанына оралау ол үлкен мәртебе, туған жерінде тұруға толық хақылары бар екендігі ол да бар. Қазақстан Республикасында әлемдік тәжірибеден үлгі ала отыра, Отаным – деп, елге оралып келген қандас бауырларды жатсынбай, олардың атамекенге көшуіне жағдай жасалынуы басты назарға қойылған. Әрине Қазақстанға қай елден келсе, сол елден келген қазақ деп, – айдартағып, ат қойғанымен Қазақстанға тұрғылықты тұруға келген қазақ ол жергілікті тұрып жатқан қазақпен құқығы тең, бір салт пен дәстүрді ұстанатын, бір тілде еркін сөйлеп түсінетін тәуелсіз қазақ екендігін ұмытпаған жөн – деп ойлаймын.

Аймақтың сол кезеңдегі басшысы Б. Сапарбаевтың айтуынша, тұрғындар арасында туындаған мәселелерді тиімді шешуге жиі кездесулер көмектесетінін айтып, барлығын біріге жұмыс жасауға шақырған. «Біз, билік барлық мәселелерді шешуге көмектесеміз, дегенмен сонымен бірге тұрғындардың өздері бізге көмектесуі керек: аумақтарды абаттандыру мен көгалдандыруға көмектесу және де қоғамдық жұмыс күндерін ұйымдастыруға қатысу қажеттігін атап өткен. Айта кету керек, аймақ басшысымен болған кездесуде ауыл тұрғындары негізінен баспана-коммуналдық шаруашылығы – сумен жабдықтау және де жол сапасына қызығушылық танытты. Шығыс ауылының әкімі, репатриант Нұрбақыт Атанның айтуынша, 2009-2011 жылдар

аралығында осы ауылда репатрианттарға 463 үй тапсырылған. «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы аясында бүгінде тағы 150 үй салынууда.«Бүгінгі таңда ауылда 12 293 адам репатрианттар тұрады. Оның ішінде 273 адам толық уақытты жұмыс істейді, 117 адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр», – деді. Сонымен қатар, Ұлан ауданы, Айыртау ауылында репатрианттарға 200 га егістік жер және де мал шаруашылығын дамыту үшін 70 га жер бөлінді (II).

Өскемендегі Шығыс ауылында 2013 жылы маусым айында онлайн-орталықтың тұсаукесері өтті. Бұл БҰҰ-ның «Өңірлік жоспарлауға және де халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуге инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру» бағдарламасы аясында «Кәсіпкерлікті қолдаудың онлайн орталығы» жобасын іске асырудың арқасында мүмкін болды. «Онлайн орталықтың негізгі міндеті – нақты және де виртуалды режимде халықтың әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыру. Компьютерлік сынып, интернетке қосылу ауыл кәсіпкерлеріне, халықтың осал топтарына және де жергілікті тұрғындарға тұрақты түрде ақпараттық және де консультациялық қолдау көрсетеді. Жаңа технологиялар саласындағы білім беру, түрлі онлайн-сервистерді қолдану арқылы оқу семинарларын ұйымдастыру, бизнес-кеңесшілермен, адвокаттармен, несие ұйымдары мен қорлар өкілдерімен кездесулер – барлығы мектеп оқушысы мен студенттен бастап зейнеткерлерге, үй шаруасындағы әйелдерге, мүгедектерге дейін барлығына ғаламдық ақпараттық кеңістікке көбірек еруге мүмкіндік берген» іске асқан жобалардың бірі болды. Бұл Шығыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан 32-ші орталық [164]. Семейде осындай орталық компьютермен жұмыс жасауды үйрету мақсатында репатрианттарға мақсатты курстар өткізеді. Цифрлы Қазақстанды дамыту үшін осындай жобаларды көбейте отырып, әлеуметтік салаларды қолдау қажет.

ШҚО әлеуметтік наразылыққа келетін болсақ, 2012 жылы репатриация тарихында наразылық жағдайлармен есте қалды. Мысалы, Курчатова келген репатрианттар «Нұрлы көш» бағдарламасы олардың үміттерін ақтамағанын мәлімдеді. Қоныс аударушыларға жайлы баспана және де жақсы жұмыс орындарына орналастыруға уәде бергендерге шағымдармен репатрианттар бас көтерді. Жергілікті биліктің айтуы бойынша, репатрианттар жұмыс істегісі келмейді екен. Репатрианттар болса, жұмыс жасауға шынымен де ниеттері жоқ екендігі, оларға төленетін мекемелердегі төменгі санаттағы жұмысшылардың жалақысы өте аз және де ол жанұяны асырап, бала шағаны бағып-қағуға жетпейтінін айтқан. Сонымен қатар даудың басын репатрианттарға деп салынып жатқан жаңа көп қабатты үйге бюджеттік қызметкерлерді орналастырумен де орайластырылады. Алайда өзара мәмілеге келген болатын. Алдағы уақытта 2014 жылы Курчатоваға жағдай жақсара бастады. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша Бесқарағай ауданының Долон ауылдық округінен 4700 гектар жер «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша келген отандастарға бөлінді. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша несие алып, 11 шаруа қожалығын құрды. «Кәсіпкерлердің бір бөлігі мал өсірумен айналысып, бес шаруа қожалығы қызанақ, қияр, қырыққабат, картоп өсірді. Бұл

өнім қаланың дүкендері мен базарларында, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде сатылады. Осылайша, репатрианттар негізгі азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға өз үлестерін қосуда», - екендігін жергілікті билік атап отыр. Естеріңізге сала кетейік, бұрын Курчатов қаласы ауылшаруашылығы аймағы болған жоқ, онда полигонның ұзақ өмір сүруін ескере отыра, репатрианттар келген кезде осындай жағдайдың болуын болжау қиын болған жоқ. Дегенмен Курчатов қаласына орналасқан оралман азаматтар әлі де болса сол тұрғылықты жерлерінде тұрып жатыр, ортаға үйреніп, жетіліп, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық жағдайды көтеріп, бейімделу шараларынан өткенін байқауға болады. Курчатов қаласына жеке қазақ мектебі, балабақша жаңадан салынып, оқу орындарын бітіріп келген бірқатар азаматтар мұғалімдік қызмет жасап жүр.

Репатриация саясатында жүргізіліп жатқан бағдарламалардың ішінде оралман азаматтардың жанұясына беріліп жатқан көмекті өз қалталарына жымқырғысы келген фактілердің де кездескен өкінішті жағдай болған. Мысалы, ШҚО-да алаяқтар қазынадан шамамен төрттен бір миллиард теңге жымқырып, репатрианттардың жанұялары үшін қағаз рәсімдеп, өзіне барлық әлеуметтік төлемдерді алған. Алдау амалдары төлем орталығын тексеру кезінде кездейсоқ ашылған. Құжаттардағы сәйкессіздік тексерушілерге күмән тудырып анықталды. Алаяқтарға орталық қызметкерлерінің бірі көмектескен екен. Жалған құжаттар бойынша ол репатрианттардың 17 жанұясын көшіп келу квотасына енгізген. Құжаттар бойынша олар Қазақстанға Моңғолиядан оралды. Мемлекет оларға көмек пен оңалтуға 24 миллион теңгеден астам қаржы бөлді. Тергеушілер алаяқтық жұмыс істеген сызбаны анықтаған. Міне, ШҚО - да осындай да жағдайлар кездескенін көруге болады. Қылмыскерлер тіпті Отанына оралып келіп жатқан азаматтарға тиесілі қаржыны жымқыру фактісіне алып келген [165]. Бұл жағдайда мемлекеттік бағдарламаның жүргізілуіндегі тексеру амалдарының әлсіздігі мен қатаң тәртіптен босап кеткен сала ма? – деген ой келді. Облысқа келген оралмандарға жасалып жатқан қаншама әлеуметтік көмек, көңіл, жағдайдың бәрі дерлік осы бір істің шайып тастағанындай көрінеді. Осының бір кесірі қылмыс шыққан мекемедегі басшының жауапкершілігінің әлсіздігін сонымен қатар қылмыстық топ құрған адамдардың ар-ұят пен ұжданнан жұрдай екендігін көрсеткендей. Осы жағдайдан кейін жергілікті басқару органдары үлкен сабақ алған болуы керек. Қазіргі уақытқа осындай фактілер әзірге тіркелмеді, тіпті тіркелмегені абзал.

Академик А.Нысанбаевтың пікірінше, Моңғолиядан келген қазақтарды этникалық бірлестікті сақтау мақсатында Қазақстанда жинақы, бір жерде орналастыру қажет. «Мәселен, Моңғолиядан мыңдаған қазақ келді. Осы қандастарды орналастыруды ғылыми жүйеге этникалық қауымдасу құрылымын сақтау қажет. Оларды ауылдарға бөліп орналастырғаннан қарағанда бір аймаққа топтастырып қоныстандырылған жөн – деп атап өткен болатын [69, б. 4-7]. Әрине бір жерге топтастырып орналастыру олардың өзішілік бірегейлігін көрсетіп, ұлттық салт пен дәстүрдің қазақи құндылықтарды дамытуына мүмкіндіктер көбірек болуы мүмкін. Дегенмен

«Нұрлы көш» бағдарламасы арқылы Шығыс ауылына жаппай дерлік Қытайдан келген, Моңғолиядан келген т.б. елден келген қазақтарды бір жерге топтастырып орналастыру жағдайында ол мәдениетті жақсы ұстанып қалуына үлкен орта болды. Бірақ олардың әлеуметтік тұрғысынан қоғамға бейімделуінде ұзақ уақытты алатынын және де жекелей оқшауланып қалатынын көруге болады. Бір ауылға жекелей қоныстандыру жағдайы жекелей бір әлеуметтік топтың қалыптасуына әкеліп тұрғанын көрсетеді. Олардың бір ортаға топтасып, өз орталарында басшы сайлап, қоғамдық пікірлер мен саяси жағдайларға қарсы шығатын оппозициялық топтың пайда болуына әкеліп соқтыруы да мүмкін. Өскемен қаласында Шығыс ауылындағы болған жағдайды осыған жатқызуға болды.

Тарих ғылымдарының докторы А. Алексеенко «Казахстанская репатриация: причины, особенности, перспективы» – атты еңбегінде репатриация саясатындағы келесідей мәселелерді көтерген болатын. Көші-қон саясатының негізгі мақсаты келесі мемлекеттік мәселелерді шешу: тарихи әділеттілікті қалпына келтіру; Кеңес дәуірінен мұра еткен этнодемографиялық теңгерімсіздікті жою; бос аумақтарды қоныстандыру; демографиялық жағдайды тұрақтандыру; сыртқы көші-қонның оң сальдосына қол жеткізу нәтижесінде халықаралық аренада елдің беделін арттыру және т.б. Алайда жағдайдың болашақта қалай дамитыны жөнінде нақты түсінік жоқ. Мемлекет репатрианттарға белгілі бір дәрежеде ерекше көңіл бөлуде. Иммиграцияның маңызды проблемаларының бірі – жергілікті халықтың репатрианттарға деген көзқарасы. Айта кету керек, орыстар (жалпы қазақтар емес) көбінесе «репатрианттар» тақырыбына немқұрайды қарайды. Ал қазақтар мұны жақын қабылдайды, оны белсенді және де эмоционалды түрде талқылайды. Оның үстіне пікірлер ауқымы өте үлкен. Нәтижесінде автор негізінен қазақ этностарының өкілдерімен сұхбаттасқан. Зерттеудің барысында респонденттер таңдаған нақты мәселелер бойынша ауылдар мен Шығыс Қазақстан облысының және де Қазақстан Республикасының өзге де облыстарының тұрғындарымен әңгімелесу болды. Қазақстан халқының әр алуандылығы тұрғысынан көпшілігі мемлекеттің репатриация жолында жүргізіп отырған саясатын қолдайды. Дегенмен, халық арасында келесі стереотиптер қалыптасқанын көруге болады, «репатрианттар - тарихи Отанын сатқындарының ұрпақтары, қиын кезеңдерде елді тастап кеткендер», «репатрианттарға сенуге болмайды!- себебі проблемалар пайда болған жағдайда олар жақсы өмір сүруді іздеуде Қазақстаннан тағы да кетіп қалады», репатрианттар - негізінен жәрдемақы, мемлекеттің материалдық қолдауына орай Қазақстанға келгендер, «репатрианттарға берілген көмекті мемлекеттің жергілікті қазақтарға беруі керек» - деп көрсеткен пікірлер бар. Репатрианттар – «нағыз қазақтар» емес, өйткені олардың тілінде, мәдениетінде, менталитетінде келген елдерінің әсерін көруге болады [92, с. 567]. Осындай жағдайларды жоғарыда айтып кеткендей, әрине қоғамда түрлі ойлар мен пікірлердің салдары сонымен қатар нарықтық экономикалық жағдайда елге оралған қандастарға беріліп жатқан көмекті теріс қабылдауы бірінші кезекте көрінеді, бұдан халықтың әлеуметтік-экономикалық

жағдайының әлі де болса, басым көпшілігінің төмендігін байқауға болады. Бізге емес, неге - оларға көмек жасалынады!, – деген теріс пікірдегі азаматтардың бар екендігі рас. Бұл үрдіс қабылдаушы халықтың арасында тоқтамауы да мүмкін, себебі елге келген қандастардың арасында ауылдық жерлерде көпшілігі жұмысқа бекем азаматтар, өз ісін дамытуға, ауылшаруашылығы мен малшаруашылығын дамытып, тұрғылықты халықтың кейбіреулерінен жағдайлары жақсы болып отырғанан көруге болады. Сондықтан еңбек етіп, нәтижеге жетіп отырған қандастарды әрмен қарай қолдау да маңызды. «Отанның тастап қашты» - деген ойлары өз елінің тарихын жақсы білетін адамдардың пікіріне сай келмейді. Осы тұрғысында БАҚ арасында кеңінен насихаттау шаралары, қарапайым халықтың тілінде тарихты жеткізу аздық етіп жүргенін көруге болады.

Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарын қызметін түзету және де тұжырымдарды таңдауда этикалық тәсілді әзірлеу бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу қажет. Мысалы, репатрианттар жайында мынадай тақырыптар бар, «Вот и пялится оралман на новые ворота», «Чужой среди своих?», «Ад для оралманов», «Оралманы – не просто фактор риска. Это уже стопроцентный риск!» және де т. б. Мақалалар қоғамда репатрианттар жөнінде оң түсінік қалыптастыруға, олардың жаңа қоғамға кірігуіне, жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимыл жасауына ықпал етпейді. Рейтингті көтеру жолында жекелеген жағдайларды барлық қоғамға немесе жалпы репатрианттарға жабуға болмайды. БАҚ осы тақырып бойынша оң материалдар бере отырып, тепе-теңдікті сақтау қажет, өйткені репатрианттардың қоғамға табысты интеграциялануы, олардың өңір мен жалпы елдің дамуына қосқан үлесінің көптеген мысалдары бар. Теріс ақпараттық материалдар азаматтарды санаттарға кемсітушілікке бөлуге ықпал етеді және де осының әсерінен криминогендік фактор қалыптастырады. «Оралман» ұғымын азаматтардың белгілі бір санатына қолдану мүлдем дұрыс емес, бұл мәртебе уақытша болып табылады және де тек азаматтық алғанға дейін қолданылады [93, с. 170-171].

Бұқара халыққа мемлекеттік саясаттың дұрыс насихатталуы мен оны тиесілі бағытта жеткізу жолында бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор. Бірақ кейбір басылымдар тарихи отанына оралған қандастарды нарықтық экономикалық заманда елге масыл болды деп есептейтіндердің (ауыртпалық түсірді), идеясын дәріптеген материалдар жариялады. Тіпті қандастарды беттен қағып, кеудеден итеруге, жергілікті халықты репатрианттарға қарсы қойып арандатуды көздейтін бірен-саран материалдардың ішінде «Қазақстан» телеарнасының «Көктөбедегі кездесу» бағдарламасынан 2005 жылы берілген «Репатрианттарға беріліп жатқан үй баспана немесе квоталық жәрдемақылық көмектер Қазақстан халқының табан ет, маңдай терімен құралған дәулет. Біз кешегі ел басына күн туған заманда шетелдерге қашып кеткендерді ұрпағына не үшін өз жалақымызды бөліп береміз» – деген пікіріне де бірде-бір басылым арқылы наразылық танытқан жоқ. Ал, осындай кереғар пікір туғызатын, шетелдерден келген ағайындарды сыртқа теуіп шеттету мақсатын ұстанған мақала біздің нысанадағы қазақ баспасөздері ішінде «Алтын Орда» газетінде

«Қияндағы қандастардың оралуы 51 люмпенизация әкеле ме?» жарияланды [167, б. 21-25].

Әлемдік түрлі одақтастық, қауымдастықтың бүгінгі ахуалында мәселені бұлай шешу мүмкін емес екендігі белгілі. «Қалың елім-қазағым!» деп, - ата жұртқа қоныс аударған ағайындарға жасалып жатқан мемлекет саясат аясындағы қамқорлық, қолдау көмекке орай теріс көзқарасты, кері пікір қалыптастырып, ушықтыру мен түсініспеушілік тудыру жолында жарияланған материалдар болғанымен олардың саны жағынан сирек шығады. Ол бұқаралық ақпарат құралдарының да мемлекеттік саясатты дұрыс жолда насихаттау жүргізуге үлестерін қосатынын атап өтуге болады. Бірақ сирек болса да бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің елге келген репатрианттар жайында жазылған теріс пікірдегі мақалалары қоғамда кері резонанс тудырып отыр. Ақпараттық кеңістікте ақпараттың шынайылығын қадағалап отыру маңыздылыққа айналды [25, б. 51]. Қазіргі таңда ақпараттың жалғандығы мен шынайылығына көз жеткізу үшін, ел ішіндегі саяси жағдайды жақсы білмесең, жалған ақпараттардың желеуінде кетуде әбден мүмкін. Осы тұрғысынан елге енді қоныс аударып келген қандастар жайында рейтинг қуған басылымдар мен ақпарат құралдарының репатрианттар жайында тек шалыс басқан әрекеттерін көрсетіп жатқаны, қабылдаушы тұрғындармен келген репатрианттар арасында кері пікірдің қалыптасуына әсер етеді. Ол бейімделу мен қоғамға кіріктіру шараларын тежейтіні анық. Осы тұрғысында елге келіп, өз ісін ашып, ғылым-білім жолында, өңірлерде ауылшаруашылығы мен малшаруашылығы, қоғамның басқа да саласында белсенді қызмет жасап жүрген қарапайым еңбек азаматтарын мадақтап репатриация саясатының жемісі екендігін жиі бұқараға шығарып отыру керек. Алдағы уақытта көші - қон бағытындағы мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарында бір жүйелендіруді қажет етеді.

Шығыс Қазақстанға оралған репатрианттардың қоғамдық ортаға бейімдеу ерекшелігіне байланысты оларды зерттеудің қажеттілігі бар. Өңірге әр уақытта қоныс аударған этникалық қазақтардың бейімделу жолындағы күнделікті өмірлеріне арнайы сұхбаттар мен сауалнамалар жүргізілді. Осындай әдістерді қолдану көші-қон стратегиялары мен практикаларының әр түрлі нұсқаларын сипаттауға және салыстыруға мүмкіндік береді. Өз өмірінің тарихын баяндай отырып, мигрант зерттеуші үшін өзінің күнделікті өмірін, бейімделу тарихын баяндайды, жүргізілген сұхбаттардан көші-қон процесіне үніле қарауға мүмкіндік береді. Елге бірінші болып Отанына көшіп келген азаматтар әлеуметтік қоғамға толығымен енгендігін, мемлекеттің дамуы жолындағы қосқан үлесін орналасқан мекеніндегі жасаған еңбектерімен байланыстыруға болады. Елге алғаш келгенде оралған әр азамат мамандығына қарамастан жұмысшы қатарына қосылып елдің азаматтарымен бірлесе еңбек етті. Осылайша қоғамдық ортаға бейімделіп өзінің күндерін көру, тіршілік қамымен жанұясын асырап, балалы-шағалы болды.

Респондентпен 2019 жылы сұхбат жүргізілді. Досбол Қазақстанға Моңғолиядан 1995 жылы көшіп келді. Баян-Өлгейде мектепті бітіріп, 1992

жылы жанұя құрған. Оның ата-анасы, басқа да қазақ жанұялары сияқты мал шаруашылығымен айналысқан. Досболдың айтуынша, олар жанұямен бірге Қазақстанға көшу жөнінде шешім қабылдады: 1995 жылдың жазында біз ұшақпен Өскеменге ұшып келдік. Әуежайда бізді әкімшілік өкілдері қарсы алды. Барлық қоныс аударушылар ауылдарға қоныстанды. Бізді Жарма ауданына жіберді. Сонда бізге баспана берілді. Басында ауа райының құбылмалдылығына үйрене алмадық. Дегенмен жергілікті климатқа көп ұзамай үйрендік. Әрине, ауылда біз ешкімді білмедік, дегенмен көршілердің қарым-қатынасы жақсы болғанын айтады. Репатрианттардың ауылда өмір сүргісі келудің себептері бар. Біз елде ауылда, тыныштыққа үйрендік дейді. 1997 жылдары Қазақстан ауылдары құлдырап кетті, кері қайтып жатқан қандастарды да естідік, шыдап осында қалуды жөн көрдік. Біз Қазақстандағы қоғамдық жүйе мен ортадан мүлдем өзгеше ортада өстік. Бұл ортаға әсер ету және де үйрену өте қиын болды. Бізге бәрін басынан бастауға тура келді. Қазақстанға келген қандастар мен жергілікті халықтың арасынан айырмашылық байқадыңыз ба? Қытай мен Моңғолиядан келген қазақтар әртүрлі деп жатады. Иә, біз қазақтар, бізде тамыр бір, дегенмен менталитет әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан келген елдің саясаты да әсер ететіні бар. Бізге де алғаш келгенде жергілікті халықтың тілі шұбарланған, құндылықтары бөлек көрінетін. Біршама уақыт өткелі үйренісіп, сіңісіп кеттік. Ұлттық құндылықтар мен салт пен дәстүрлердің кейбір жұрнақтарын жергілікті халықпен бөлісіп, олардан алып, дәстүр мен мәдениет бір-бірін толықтырды. Әрине басында сырттан келген біз түгелі, жергілікті халықтың өзінің жағдайлары жақсы болмағанын көрдік. Жергілікті халықпен бір нанды бөліп жедік деп айтсам да болады. Сонымен қатар бізді жақтырмай, шеттетіп, монғол қазақтар, қытай қазақтар - деп, атау қойып сырттан сөйлейтіндерді де кездестірдік. Елге келіп алып, күн көре алмадық, аш - жалаңашпын деп айту қазақ халқының менталитеніне жат жағдай. Сондықтан, алғаш келгенде тірлік жасап, белсенділік таныта отырып, қоғамға кірігу шараларын бірінші кезекте өзіңнен бастау керектігін үнемі қандас бауырларға айтып жүремін дейді. Әрине түрлі пікірлерге көнісуге тура келді, бірақ қазір бәрі өткінші, балалар өсті, қызметте, жанұя құрған, құдаларда жергілікті қазақтардан болды. Салт-дәстүр мен ырым-жоралғыларды толық қолданып құда түсіп, той жасалды. Елге келіп қызмет жасап, топырағын басып, ауасымен тыныс алып жүргеніне ризашылығын білдіретінін айтты (III).

Респондентпен 2019 жылы зерттеу жұмыстары барысында сұхбат жүргізілді. Асқарбек 1967 жылы ҚХР дүниеге келген. Мал өсірумен айналысатын қарапайым жанұяның тумасы. Барлығы жанұяда 7 бала болды. Асқарбек орта білім алғанымен одан әрі оқуын жалғастыра алмаған. 1990 жылы жанұя құрды, мал өсірумен айналысты. 2006 жылы ол Қазақстанға көшуге шешім қабылдады. Қалған бауырластардың бәрі Қытайда қалды. Асқарбек жанұясымен Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданының ауылына қоныстанды. Оған жергілікті билік пен көршілер көмек көрсетті: «Біз жергілікті тұрғындармен жылы қарым-қатынаста болдық» - дейді. Басында елге келгенде құжат мәселесінде, қоғамға кірігіп кету, ортаға сіңісу сияқты бірқатар

қиыншылықтар болды. Әрине олардың бәрін қазір өткердік. Алғаш келгенде арнайы білімі болмағандықтан, жергілікті азаматтарға жалданып, түрлі жұмыстарды атқаруға мәжбүр болған. Ауылда тұрып тіршілік етуді қалаға барып тұрудан гөрі дұрыс шешім деп қабылдадық. «Біздің балалар жергілікті жағдайға, тілге, мәдениетке тез бейімделді», - дейді Асқарбек. Айтуынша қоғамға бейімделудегі тілдік түсіну мен қарым-қатынасқа түсудің өзіндік ерекшеліктірі бар: «Қытайдан келген репатрианттар қытай тілінен енген сөздерді, моңғолдан келген репатрианттар моңғол тілінде сөздерді қолданады, орыс халқы немесе жергілікті халықтың кейбіреулері орыс тілінде сөйлейді. Дегенмен біз, әрине, бір-бірімізді түсінеміз». Себебі біз ортақ елде Қазақстанда өмір сүріп жатқандықтан бір-бірімізге түсінушілікпен қарау керек дейді. Ол қоғамға толықтай бейімделген, малшаруашылығымен, бау-бақшамен айналысады, мұндағы елге келген қандастардың басым көпшілігі осылай тіршілік жасайды. Кейбіреулері жеке кәсіппен шұғылданып, сауда-саттық, орта кәсіпкерлік түрлерімен, қызмет көрсету саласымен айналысады. Басында әрине қиыншылық кезеңдерді өткердік дейді. Бірақ мемлекет тарапынан азаматтық алу мен белгіленген жәрдем ақыны уақтылы беріп, басында халыққа демеу болса әрімен қарай тіршілігі бар адамдар алып кететінін айтты. Қазіргі уақытта қоғамға үйреністік, тіршілік әрекеттеріне бейімделдік деп атап отыр (IV).

Келесі респондентпен 2018 жылы зерттеу жұмыстары барысында сұхбат жүргізілді. Шығыс ауылынан Бердібек - Қытай Халық Республикасы Іле-қазақ автономиясының Тарбағатай аймағында 1962 жылы туған. Жанұясында жеті бала болды. Балалық шағында ата-анасына отбасылық кәсіп мал шаруашылығын өсіруге көмектескен. Арнайы білімі жоқ. Тарихи отанына оралуға деген ниеттерінің жоғары болған. Ол 2008 жылы жанұясымен Қазақстанға көшіп келді. Басында олар Зайсан ауылында тұрды. Алғашқыда жергілікті жағдайға үйрену қиын болатын сияқты көрінген, дегенмен тез үйреніп кеткен және тарихи Отандарына көшкендеріне өкінбейді. Ауылды жерлерге қоныстанған репатрианттар үшін шаруашылық жүргізуге жайылымдық пен егістік жерлердің болмауы олардың өзін-өзі қамтуларына қиындық туғазады. Себебі Қытайдан келген репатрианттардың негізгі бөлігі - егіншілер және де малшаруашылығымен айналысатындар» - дейді ол. Біз бұл жерге көшкенде бізге арнайы білімсіз қиын болды. Ірі қара мал ұстау қиындық туғызды, себебі жер жеке меншікте болды. Жер сатып алуға бізде қаражат болмады. Оларды жергілікті тұрғындар жалдап, шөп шабу мен жинаумен әртүрлі физикалық жұмыстармен айналысқан. Дегенмен біз балалардың болашағы жөнінде ойладық, сондықтан «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша біз қалаға жақындай бастадық. Әрине, қалалық репатрианттар ауылдан гөрі жақсы тұрады, мәдениеті басқа. Қалада өмір сүру ауылдан гөрі жақсы. Егер сіз жалқау болмасаңыз, жақсы ақша таба аласыз, бастысы – тынымсыз еңбек ету керек дейді. Қала адамды мәдениетке, ерекше қарым-қатынасқа дағдылайды, мұнда адам жергілікті жағдайларға тезірек бейімделеді. Міне, 90-шы жылдарға көшкен репатрианттар, олар жергілікті жағдайларға жақсы бейімделді, орысша

жақсы сөйлейді, олардың балалары жергілікті қазақтардан ерекшеленбейді. Дегенмен, елге келген қандастар ауылда, қалада болсын, алғаш келгенде қоғамға кіріктіру шараларын мемлекеттің тарапынан қолдау керектігі айқын. Қоғамға сіңісу шараларын уақтылы қолға алынуы маңызды. Бейімделу шараларында басты мәселе құжаттанулары мен баспана, жер болып қала бермек (V)

Келесі респондентпен 2019 жылы зерттеу жұмыстары барысында сұхбат жүргізілді. Жаңагүл Қазақстанға Қытайдан 2013 жылы Семей қаласына оқуға келіп, кейінен азаматтығын алып өзінің болашағын Қазақстанмен байланыстырып тұрғылықты тұруға қалған. Оның туған туыстары әлі Қытайда тұрады. Болашақта елге көшіп келуге ниеттері барын айтты. Жаңагүлдің айтуынша қоғамдық ортаға бейімделу кезінде тұрғындармен қарым-қатынас, орыс тілін білмеу, жазу әліпбиін толық меңгермеу салдары қиындық туғызғанын айтты. Ол тек менде ғана емес, елге оралған әрбір қазаққа тән қасиеттер екендігін атап өтті. Студент болған кезде қатарластарымның бірімен жақсы тіл табысып жатсақ, кейбіреулері бізді жақтырмайтынын ашық айтатындар болды. Осындай жағдайларда өкпе назы кернейтінін айтады. Мысалы, Қазақстанға өзге ұлт өкілі тұрақты тұруға келсе жергілікті халықтың оларға деген көзқарастары дұрыс болады. Ал өзінің қазағың келгенде жатқырмай қарайтын әрекеттерді көргенде өкініш кернейді. Мәдениеті жағынан салт-дәстүрлердің негізі ұқсас болғанымен кейбір тұстарынан айырмашылықтар көріп жатамыз. Бірақ бұл жағдай бізге кедергі бола алмайды. Бізде шай ішкенде қанттың орнына тұз салып ішеміз, сары май қосамыз осындай жағдайлар менің қатарластарыма жат көрінеді. Бізде қызбен ұл кездескенде беттен сүйіп амандаспайды, қыз баламен қыз бала болсада бет сүйіп қол алысып амандаспайды. Ол жағы маған өрескел көрінген. Кейінен оған да үйренісіп кеттік дейді. Бірақ дегенмен мен қоғамдық ортаға жылдам бейімделуге тырыстым, жергілікті қазақтармен жиі араласып тұрдым. Ол жағдай менің ортаға енуіме мүмкіндік берді (VI).

Келесі респондентпен 2019 жылы зерттеу жұмыстары барысында сұхбат жүргізілді. Қасиет Қазақстанға Қытайдан 2009 жылы көшіп келген. Жанұясымен, ата-анасымен елге келіп «Нұрлы көш» бағдарламасымен бір топ репатрианттармен Курчатов қаласынан пәтер беріп тұрғылықты тұруға жіберген. Алғашқы кезеңде азаматтық алу, құжаттар мен тұрақты тұру жағдайына келгенде қиыншылықтар туындады. Курчатов қаласына биік үйлерге орналасып, қала өміріне кірігуге келгенде екінші мәселе пайда болды дейді. Келген елде ауылшаруашылығы, малшаруашылығымен айналысып келген халық үшін, қала өміріне бейімделу қиындыққа ұшыратқан. Басында қандастар қаладағы мекемелерге қара жұмысшы болып орналасып, тірліктерін жасай бастады. Дегенмен арнайы мамандық иесі болмағаннан кейін алатын жалақы төмен болды. Кейінен шаруашылықпен айналысуға жер беріліп бау-бақша мен мал шаруашылығымен айналысып жүргендер де бар. Тіл білмеу, жазумен сызу жағдайы ол алдынан шықты. Осы кезеңдерде ШҚО, Семей қаласында орналасқан БҰҰ даму бағдарламасы арқылы орыс тілі, қазақ тілі,

компьютерлік сауаттылық курстарын мектепте арнайы оқытып, сауат ашу курстарын жүргізді. Курчатов қаласында өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған, орыс тілін қарым-қатынас тілі болып әлі де болса қалып отыр. Тілді жетік меңгеріп кетпегендер қаншама. Артынша жеке қазақ мектебі мен бала - бақшасы ашылып балалардың білім алуына жағдай жасалынды. БҰҰ даму бағдарламасы өз ісімен айналысқысы келетін азаматтарды бизнес бастаумен шаруашылық жүргізу курстарын өткізді. Арнайы кіші гранттар ұсынып бастамаларын қолдау шаралары өткерілді. БҰҰ даму бағдарламасы қолдау мақсатында репатрианттар тығыз орналасқан аудандар мен қалаларда репатрианттарды бейімдеу шараларымен айналысатын репатрианттардың өздерінің ішінен басшы сайлап қоғамдық бірлестіктер ашылған болатын. Курчатов қаласынан 2010 жылы «Нұрлы Көш-Атамекен» ҚБ ашылып жұмысын жүргізді. Қоғамдық бірлестіктің жұмысының жүруіне бенефицияр болған БҰҰ даму бағдарламасы арқылы кіші гранттар бөлді. Осы арқылы бизнес ашушыларға қолау көрсетіп, қоғамдық әлеуметтік бейімделу шараларына елге келген қандастарды тарту арқылы іс-шаралар атқарылған болатын. Қазіргі кезеңде БҰҰ даму бағдарламасы 2015 жылы жұмысын тоқтатқанан кейін қоғамдық бірлестікті қолдайтын мемлекеттік мекеме мен арнайы ұйымдар қалмағандықтан жұмысын тоқтатты. Себебі Курчатов қаласында репатрианттардың бейімделу шараларына әлеуметтік гранттар қарастырылмаған, материалдық және де марольдық көмектің болмауы салдары әсерінен жұмыс жасамайды екен. Басында Курчатов қаласына тұрудың қиын болғанын басымыздан өткердік, бірақ әлі де болса осы қалада тұрып жатырмын, кеткендер де бар, келгендер де бар. Қоғамға үйренісіп қалдық. Жастар оқу орындарын бітіріп келіп мамандықтары бойынша мектепте, бала-бақшада қызметтерін жасап жатыр. Өз елімде өмір сүріп жатқанымға қуанамын, жағдайым орташа, дегенмен болашақта жақсы болуына қолдаулар жасалынатынына сенемін дейді (VII).

Келесі респонденттермен 2019 жылы зерттеу жұмыстары барысында сұхбат жүргізілді. 1959-1970 жылдары Қытай шекаралық аумағынан Қазақстанға оралған бір отбасының бейімделуіндегі жеке тарихын алып қарастырып көрейік. Шолтынов Нұрахмет Манапұлы мен Шағанова Нүрзия Шағанқызы отбасының басынан кешкен оқиғалары жайында отбасының жеке естеліктерінен алынған ауызша тарих. Жергілікті мекендеген жерлеріңіз қайда? Қытай елінің шекарасына қалай қалып қойдыңыздар? Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарбұлақтың бергі жағында Еміл деген өзен бар соның жоғары жағында отырдық. 1917 жылы мал бағып ары да бері көшіп өтіп жүрдік ғой. Ол кезде шекара деген әңгіме болмады жүре беретін едік. 1917 жылы Еміл бойындағы Шағантоғай жерінде мекендеген болатынбыз. Қандай шаруашылық түрімен айналастыңыздар? Мал шаруашылығымен айналысқанбыз қазіргі Шәуешектің Шағантоғай деген жерінде отырдық. 1917 жылы Қытайдың шекаралық аумағы саналатын жерінде қалып қойдық. Осы кезеңдерде қытайлықтар малымызды тартып алып есімізді шығарған кездерге тап болған жағдайларда болды. Қытайда тұрғанда біздің қызмет ол ата бабадан қалған мал

шаруашылығымен айналыстық, Әкем Шолты сол жергілікті жердегі беделді бай адамдардың бірі болған, оның әкесі Манап менің аталарым аудан бойынша 4-ші бай саналатын ауқатты отбасы болған. Елге қашан оралдыңыздар? Қандай қиыншылықтарға тап болдыңыздар? Қай жерге келдіңіздер? Біз Қытайдан 1962 жылы 21 қазан айында паспорт жасатып шекарадан өттік. Шағантоғайдан тұрған байлар малдарымен қоса оның ішінде Манах менің әкемде шекарадан өткенде мал жанымызбен бірақ келген болатынбыз. Бізді шекарадан өтерде малымызбен өткізбей 28776 тиынға 40 бас сиыр, 56 жылқы, 4 түйе, 1500 қой, 150 ешкіні тартып алардай алды ғой кеңес өкіметі өз қарамағына. Шекарадан өткенде біздерді әр жерге бөле бастады. Жақындары туыстары барлар келіп өздері орналасқан совхоздарына әкетіп жатты. Бізді Қарағанды облысына бөліп сол жаққа жібермекші болғанда, жауапты адаммен сөйлесіп Ұржар ауданының Аксаковка деген жеріне қалып қалдық. Аксаковқадан шешендер көшіп жатыр екен сол жерден үй сатып алдық. Отбасымызда бір үйде бауыр қарындастарыммен 10 адам болдық. Сол кезде жасым ақыл есімді тоқтатқан 32 келген болатынмын (VIII).

Елге қашан оралдыңыздар? Қандай қиыншылықтарға тап болдыңыздар? Қай жерге келдіңіздер? Шағанова Нүрзия Шағанқызы – Бізде Қытайдан 1962 жылы сәуір айында қашып өттік өз жерімізге Қазақстанға. Әкем Шәуешекте атарба айдайтын сол арбасымен өтіп кеттік. Шекарадан өткеннен кейін әр совхоздан келіп туыстары өздері тұратын жерлеріне алып кетіп жатты. Совхоздан машина береді екен туысымыз келе жатыр десе, себебі ауылдарға жұмысшылар қажет болған ғой. Басқаларымызды мамыр айында Аягөз ауданына әкеліп әрімен қарай бөлді. Одан әкемнің туыстары табылып қазіргі Жарма ауданы Михайловка совхозына барып орналастық. Әкем өлгеннен кейін туыстарды іздеп әкемнің ағайы Нұрсапа атамның қолына Ұржарға келдім. 1967 жылы мына қазіргі шалым Нұрахметпен кездесіп екеуміз отбасы құрдық. Қытайда Шәуешекте жүн-тері зауытында 16 жасымнан бастап жұмыс жасағанмын. Жетім бала болатынмын шешем қайтыс болған. Қоғамдық ортаға қалай бейімделдіңіздер? Қоғамда бізді бөлу болды ғой. Біздерді қытайлықтар деп бөлу болатын. Ол кезде жергілікті қазақтардың жағдайы жаман еді. Бейімделу жағдайына келгенде бізге біраз қиындау болды ғой, себебі өзіміз не балалар тіл білмедік орыс тілін айтам. Балалар арасында орыс тілін білмейсін деп мазақ қылған кездер де болды. Ұлдар әскерге барғанда қиыншылықтар көргенін айтатын. Біздер бірақ, дегенмен жергілікті қазақтарға жылдам сіңісіп, тіпті туысып кеттік. Көршілермен жиналып, бір шәугім шайімізді бөлісіп ішіп жүрдік. Бірақ орыс тілді өзге ұлт өкілдерінен біраз қиыншылықтар кешкен кездеріміз болды. Тіпті билет алуға барған кезде танауларын көтеріп сатпаған кездерді көрдік. Әрине оның бәрі дерлік тіл білмегеннің кесірінен болатын. Елге келгеннен кейін қандай тірлік жасадыңыздар? Елге келгеннен кейін бізді қара жұмысқа пайдаланды. Шекарадан өткен қазақтар шөп шапты, жұмысшыларға тамақ жасады, мал бақты, колхоздағы қара жұмыстың бәрін істеді ғой. Маған келетін болсақ бірден ата-баба кәсібі мал бағуға сұранып қой бақтым. 1963 жылдан бастап Ұржардың Тасбұлақ деген ауылында мал бағып

өкімет тарағанға дейін 35 жыл шопан болып қызмет атқардық. Жағдайымыз бірден жақсы болды. Мал баққанда бала-шағанын ырыздығына жетті. Меншік малымызды жылдар бойы өсірдік. Сол кезде ел алмаған машинаны алдық, шүкіршілік жақсы өмір сүрдік. Келісімен мал баққан адамдар жағдайы жақсы болды. Жергілікті қазақтар қышқыл суға жақын екен. Жинаған тергенін жаналып ішеді екен. Мен олай жасамадым, арақ ішпедім, үнемдедім. Бірақ дегенмен, өзгеде қызметтерде шөп шаланда қара жұмыста жүргендердікі өздеріне жетінкіремей жүргендер де жеткілікті болды. Қытайда туыстарыңыз қалды ма? Елге оралу ойлары бар ма? Қазақстанға келгеннен кейін 10 жылдай жыл сайын Қытайға барып тұрдым туыстарыма. Паспортпен ары бері 10-15 күнге өтіп жүрдім. 1962 жылдан кейін туыстардан ешкім келген жоқ. Оларды шақырмадым да, оларға шақырғанда қазіргі кезде берерім де жоқ. Бірақ олардың жағдайы жаман емес. Келуі де мүмкін. Қазақстан жайында сұрайды, қызығушылықтарын танытады. Елге оралғандарыңызға 50 жылдан асқан екен, отбасыңыз жайында айтсаңыз? Менің елім мәмбет, оның ішінде төрт туады, оның бірі Малбикеден тарағанбыз. Әйелім Нүрзия екеумізден отбасымызда 11 баланың 8-і қыз, 3-і ұл дүниеге келді. Оның үшеуі дүниеден өтіп кетті. Қазір балалардың бәрі қызметте Астанада, Алматыда, Семейде, Ұржарда, Аягөзде орналасқан. Қазіргі күні құдайға шүкір өсіп өркендедік ата-әжеміз балаларымыздан 25 немере, 13 шөбере сүйіп отырмыз. Құдалардың бәрі өзіміздің қазақтар оның ішінде сырттан келгендері де жергіліктісі де жетерлік. Бақыттымын деп айтуға негізім бар. Бала шағаны тәрбиелеп өсіріп жетілдірдік. Ендігі күні олардың қызығын қызықтап отырған жайымыз бар (IX).

Осылайша, Шолтыновтар әулетінен алынған сұхбаттан көретініміз, елім-жерім деп отанына қайта оралған көптеген отбасылардың бірегейі ретінде мысалға алып қарастыруға болады. Дәл, осы бір отбасыдан қанша ұрпақ өрбіп, қоғамдағы маңызды әлеуметтік салаларда еңбектерін атқарып толық қанды ел азаматтарына лайықты еңбек етіп, еліміздің дамуы жолында өз әрекеттерін қосуда. Қазіргі біздің қоғамдағы этникалық репатриаттарға деген түсініспеушілік әрекеттер тек уақыт емшісіндегі дүние екендігіне көз жеткізуге болады. Этникалық репатрианттардың ең басты проблемаларының бірі олардың әлеуметтік мәртебесі болып табылады. Кейбір адамдар оларды қоғамның толық қанды бөлігі ретінде санамай, этникалық репатрианттарды мемлекеттің асырауындағылар ретінде теріс көзқарастар қалыптасқан. Елге оралушы азаматтарды қоғамдық ортаға тез бейімделу үшін олармен қарым-қатынасты жақсарту керек және ұлттық жетілудің бір саласы ретінде репатрианттар мәселесіне аса жауапкершілікпен қарау маңызды. Аталған мәселелер тек жоғары жақпен ғана шектеліп қалмай жергілікті халықта оларға қолдау көрсетуі шарт. Репатрианттар қазақ ұлтының ажырамас бір бөлігі болып табылғандықтан және ел экономикасының дамуы мен демографиясын көтеруге үлес қосып отырған Қазақстан азаматтары ретінде елге қоныстанғаннан кейін бейімдеу орталықтарының қызметтерін одан әрі кеңейтіп, халықпен байланысқа тез түсуге жағдай жасау қажет. Себебі мәдениеті де, қоғамдық ортасы да мүлдем жат жерден қоныс аударып келген азаматтардың жергілікті

ортаға бейімделіп кетуі көп уақытты талап ететін іс-әрекет. Мысалға, кеңес өкіметі кезінде тарихи отанына оралған азаматтар олар өздерін толық қанды Қазақстанның азаматтары ретінде санайды. Олар жергілікті халықпен тікелей араласып толығымен бейімделіп кеткендігін көруге болады. Осыдан кейінгі түйетін жағдай қоғамдық ортаға кірігу мен бейімделу белгілі бір жылдардан кейін толық қалпына келетін процестердің бірі ретінде бағаланады [174].

Сұхбаттардан тарихи Отанына келген репатрианттар арасында кездесетін біршама мәселелерді алып қарастыруға болады. 1990 жылдары елге қоныс аударғандардың басым бөлігі ауылдық жерлерге қоныстандылып шаруашылықпен айналысуы үшін мал берген. Бірақ оралған репатрианттар арасында басқа шаруашылық түрлерімен айналысқандар мен қалалық жерлерден келгендер үшін ауылшаруашылығын жүргізу үшін жаңа климаттық жағдайлар біраз қиындықтар туғызған. Қоғамдық ортаға бейімделу үрдісі көбінесе қалаға жақын орналасқан репатрианттарда сәтті және жылдам жүріп өтті. Бірақ қалада кездесетін негізгі мәселе орыс тілін білмейтіндерінде болатын. Сол жылдары қала тұрғындарының басым бөлігін орыс тілі болып табылатын орыс және де басқа ұлт өкілдері құрады. Ресми тіл болып табылатын орыс тілін білмеу репатрианттардың мансаптық сатымен көтерілу мүмкіндіктерінде шектейді. Сонымен қатар, Қытайдан келген қандастар Моңғолияға қарағанда үлкен тілдік қиындықтарды бастан кешуде. Олардың айтуынша, Моңғолиядан келген қоныс аударушылар орыс немесе қазақ тілінде жазылғанын оқи алса, ал Қытайдан келген репатрианттар үшін оқып түсіну уақытты талап етеді.

Сондай-ақ қазақ-репатрианттар мен жергілікті тұрғындар арасындағы мәдени айырмашылықтар да рөл атқарды. 1990 жылдардың кейбір репатрианттары Қазақстанда 2-3 жыл өмір сүргеннен кейін жергілікті ортаға және де табиғи-климаттық жағдайларға үйренбей келген елдеріне оралғандар да болған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ауылдық жерлерде жұмыс орны тапшы өмір сүру деңгейі нашар болуының салдары да әсерін тигізген болатын. Олар жаңа жағдайларға бейімделу үшін көптеген кедергілерден өтті. Бұл кедергілер бүгін де бар. Дегенмен жағдай өзгерді. Репатрианттар арасында жаңа ортаға бейімделу мен кірігу жолында ересек адамдар мен егде жастағылар үшін баяу болғанымен жастар үшін қоғамға бейімделулері жылдам жүргенін байқауға болады. Көптеген қарт репатрианттар әлі күнге дейін өздерін толыққанды бейімдеуден өткендігін сезінбейді. 2000 жылдан кейін Қазақстанға көшіп келген репатрианттардың бейімделу процесі сәтті өтуде бұған мемлекет тарапынан жасалып жатқан бейімдеу бағдарламалары мен қоғамға кіріктіру шаралары. Сондай - ақ қоныс аударушылардың негізгі проблемаларының бірі-шетелде қалған туыстарымен байланыс үзілуі. Қазақстан-Қытай шекараларының талаптары бойынша 10 жылдап өз туыстарымен кездеспеген репатрианттар бар, бұл жағдайда репатрианттар арасындағы туыстық қатынастың үзілгендігі байқалады. Көптеген репатрианттардың жақын туыстары Қытайда өмір сүруге қалды және олар өздері туысқандары тарапынан қандай да бір көмекке үмітсіз өмір сүреді. Репатрианттардың басты

мақсаты – балаларға жақсы білім алуға жағдай жасау арқылы балалар жергілікті жағдайларға тез үйреніп, жылдам бейімделеді - дейді репатрианттар. Өз балалары үшін өмір сүретін қазақтар олардың жарқын болашағына сенімді. Тәуелсіздік жылдары репатриация саясаты барысында елге келген 1990 жылғы, 2000 жылдың басы мен 2000 жылдың аяқ кездері келген қандастардың сұхбатынан жанұялардың күнделікті тарихындағы өмір жолдары қарастырылды.

Тарихи Отанына оралу идеялары мен көші-қондық әзірленетін бейімдеу практикалары әртүрлі ұрпақ, түрлі елдер мен қоғамдардан шыққан адамдар үшін ерекшеленетін жаңа өмірлік стратегияларды іске асыру құралдары ретінде қаралуы керек. Репатриациялық процесс негізінде жоғарыда көріп отырғандай, репатрианттардың жаңа ортаға әлеуметтік-экономикалық, бейімделуіндегі мәселелерді әр кезеңдегі келуші қандастардың сұхбатынан көруге болады. Ең бастысы алғашқы келген қандастарға құқықтық және де заңнамалық жағынан орнығуы мен құжаттарын жылдам алуына және де азаматтық мәселесін уақтылы шешуге жәрдемдесу кезек күттірмейтін мәселелер болып отыр. Басында келгендегі алғашқы қолдаулар мен кіріктіру шаралары қоғамға бейімделу мен сіңісіп кетудің мақсатты жолы болып табылады. Зерттеу жұмысы барысында қазіргі біздің қоғамдағы этникалық репатриаттарға деген түсініспеушілік әрекеттер тек уақыт емшісіндегі дүние екендігіне көз жеткізуге болады. Елге келгенде этникалық репатрианттардың қоғамдағы басты мәселелері олардың әлеуметтік мәртебесінде болып отыр. Қоғамда тұрғылықты адамдар арасында түрлі көзқарастар мен репатрианттарды мемлекеттің асыруындағылар деген пікірлер қалыптасқан. Тарихи Отанына оралған азаматтарды Қазақстан қоғамға бейімделу мен кіріктіру үшін олармен байланысты жақсарту арқылы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары екендігіне жауапкершілікпен қарау маңызды. Репатрианттардың күнделікті өмірінде жергілікті халықтың оларға деген оң көзқарастары мен қолдаулары қажеттілік етеді. Елге оралған қандастар қазақ ұлтының ажырамас бір бөлігі болғандықтан, олардың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, этно-мәдени жағынан қоғамға тигізер әсері де зор. Өзге мәдени ортадан келген қандастарға біздің қоғамға жылдам сіңісуі біршама мөлшерде уақыт пен қарым-қатынасты талап етеді. Осы мақсатта орналасқан аймақтарында оларды әлеуметтендіру мен мемлекеттік қолдау шараларын тоқтатпай, бейімдеу орталықтары арқылы қоғамға кірігу шараларын үнемі жетілдіріп отыру маңызды.

Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және де әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мәліметі бойынша Жарма, Зайсан, Қатон-Қарағай, Күршім және де Тарбағатай аудандарына репатрианттар қоныстануға жиі келеді. Қазір осы аудандарда қоныс аударушылар үшін баспана салу мәселесі шешілуде. Жобалық-сметалық құжаттама дайындалған. Соңғы үш жылда өңірге тұрақты тұруға ҚХР, Моңғолия және де ТМД елдерінен 2237 оралман келді. Өскеменде репатрианттарды уақытша орналастыру орталығы жұмыс істейді. Этникалық қазақтарды оларға оралман

мәртебесін бергенге дейін осы орталыққа ресімдейді. Дегенмен көбісінің орталыққа жатып құжат күтетіні аз. «Қарға тамырлы қазақ» - елге келгенде өздерінің бұрын келген туған-туыс, рулас жақындарына барып паналай тұруды жөн санайды. Айта кетейік, аймақ үшін Үкіметтің арнайы қаулысымен қабылдау квотасы белгіленген.

Шығыс Қазақстанға 2017 жылдың басынан бері «оралман» мәртебесі бар өңірге Моңғолия, Өзбекстан, Ресей, Ауғанстан және де Қытайдан екі жүзден астам жанұя келді. ШҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және де әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінде барлығы 403 этникалық қазақ Отанына оралды, оның 353– Қытайдан келген. Ең көп қоныс аударушылар саны – 100 адам Үржар ауданында орналасқан. Тарихи Отанына оралғандар саны бойынша екінші орында Өскемен тұр. Облыс орталығында 52 жанұя орналасады. Үшінші орында-Зайсан ауданы 47 жанұя келді. Бір жанұядан Шемонаиха, Курчатова және де Алтай(Зырян) ауданына қоныстанды [162].

Қорытындылай келсек, обылыс аудандарында орналасу көрсеткіші 1991 жылдан бері Үржар, Зайсан, Тарбағатай, Жарма, Күршім аудандарда репатрианттардың сандық көрсеткіші жоғарлай бергені көрінеді. Зерттеу жұмыстары барысында, осы ақпараттардан көргендей халықтың көпшілігін үйреншікті бір аймақтарға орналастыру шараларын байқауға болады. Осыған орай Шығыс өңірінің ұлттық ерекшеліктері бойынша халықтың орналасуына орай делік, Шығыс Қазақстанды шартты түрде оңтүстік және де солтүстік аймаққа бөліп қарастырып көрейік. Кеңес үкіметі кезеңінен бері солтүстік аймақта (Алтай, Бородулиха, Шемонаиха, Глубокое, Риддер, Серебрянск т.б.) басым көпшілік орыс ұлты мен өзге ұлт өкілдері немесе орыс тілді қазақтар көп орналасқан ерекшеліктері бар. Оңтүстік аймағында (Үржар, Тарбағатай, Аягөз, Абай, Зайсан т.б.) басым көпшілігі қазақ ұлты тығыз орналасқан көрсеткіштер жоғары. Ендігі кезекте аймаққа келіп орналасып жатқан репатрианттар тек қазақ халқы тығыз орналасқан аймаққа орналасуға көптеп ниет білдіріп жатқанын көруге болады. Оған дерлік бірнеше себептер бар, олар туыстық қарым-қатынас, қазақи ортаға орналасу, тіл білмеу ерекшеліктері. Дегенмен алдағы уақытта осы аймақтарға жаппай келген азаматтарды орналастыра берсек, болашақта оларға қарапайым жұмыс тауап беруге, тіпті шаруашылықтарын жүргізуге, бау-бақша салуға жер тапшылығын көру мәселелері шығуы әбден мүмкін. Ендігі кезекте өңір басшылығы арнайы қосымша жеңілдіктер беріп, немесе бейімдеу шараларын жетілдіріп, Шығыс қазақстанның халық сирек орналасқан солтүстік бөлігіне репатрианттарды көптеп орналастыруды қолға алғаны маңызды деген ұсынысқа келдік. Ендігі кезекте елге келген репатрианттарды келген елдеріне жақын шекаралас аймақтармен орай орналастырып қоныстану жолдарын ұсыну маңызды. Негізгі мақсат географиялық, климаттық жағдайдың жақындығы, шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне орай қоныстандыру. Дегенмен, бұл саясат Шығыс Қазақстанда жақсы қолға алынған іске асып жатыр. Яғни, елге келіп қоныстанушылар Қытайдан мен Моңғолиядан келгендер шекаралас Үржар, Зайсан, Тарбағатай, Жарма, Күршім аудандары тығыз орналасқан. Әрине осында келген азаматтар

ауылшаруашылығымен, жеке кәсіпкерлікпен аймақтың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық жағдайын біршама үлес қосып келеді. Осы аудандарға келген репатрианттардың тығыз орналасып, басым көпшілігі ата кәсіп мал шаруашылығымен айналысқанан кейін, ауылшаруашылық жері мен малшаруашылық жерлерінің тапшылығына әкеліп, жұмыс орындарының аздығына әкеліп отыр. Ендігі кезекте өңірдің Ресеймен шектесетін Бесқарағай, Бородулиха, Алтай аудандарына орналастыру ұсынылады. Репатрианттарды ауданға орналастыру демографиялық жағдайлардың шешімін табар еді. Өзге ұлт өкілдерінің көшіп кеткен өмір сүру жағдайына қолайлы елді мекендерге репатрианттарды орналастыру жолын қолға алу керек. Көші-қон саясаты жүргеннен бергі көрсеткіштерге қарағанда осы өңірлерде репатрианттар аз орналасқан. Оған себептің бірі орыс тілді аудандар, бейімделудің, ортаға сіңісіп кетудің баяу жүруінің салдары болуы мүмкін. Осы аудандарда ауылшаруашылығымен, мал шаруашылығымен айналысатын жерлер мен жұмыс орындарының қол жетімділігін айта кетуге болады. Алдағы уақытта көрсетілген аймақтарға орналастыру шараларын кеңінен қолға алу қажет. Осы мақсатта өңірдің әлеуеттілігі мен жұмыс жасау мен табиғатының қолайлығын кеңінен насихаттап, елге келген қандас азаматтарды Шығыс Қазақстанның солтүстік аймақтарына тарту шараларын атқару маңызды. Оған түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, елге ерте келіп бейімделген, істерін бастап жетілген азаматтар арқылы тартып, солардың көмегімен қоғамдағы азаматтық ұстанымы белсенді азаматтардың қолдауымен, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тереңінен насихаттау шараларын қолға алуды ұсынар едім.

Шығыс Қазақстанға тұрғылықты тұруға келген қандастарға көші-қон саясаты барысында мемлекеттік бағдарламалар арқылы берілген көмектер талданып, талқылау шаралары кеңінен көрсетілді. «Нұрлы көш» бағдарламасы кеңінен талданып, баспаналы болған репатрианттардың орналасу деңгейі мен өзара әрекеттесу қызметтері көрсетілген. Бағдарлама арқылы баспаналы болу барысындағы олқы тұстары талданған. Олардың аймақтарға орналасу деңгейі мен қоғамға кірігу жолында мемлекеттік мекемелер мен халықаралық бағдарламалар арқылы қандастарға бейімдеуге жәрдемдесу қызметтері кеңінен талқыланды. Облысқа келген қандастардың басым көпшілігі еңбекке жарамды, қоғамда белсенді азаматтар екендігі көрсетілді. Олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайдың дамуына қосқан үлестері мен көші-қон саясатын дамыту жолында берілген ұсыныстары да қарастырылды. Бұқаралық ақпарат құралдарының елге келген қандастармен жергілікті халық арасындағы өзара қарым-қатынаста дұрыс ұстанған саясаттың олар жайында берілген ақпараттардың маңыздылығы көрсетілген болатын. Репатриацияны зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі қандастардың қоғамға бейімделуі мен өзара әрекеттесу шаралары талданып, пікірлерге талдау жұмыстары көрсетілген болатын. Шығыс Қазақстанда репатриация саясаты өз деңгейінде қызметін атқарып келетінін көруге болады. Зерттеу жұмысы барысында қоғамдық ортаға бейімдеу мен кіріктіру шараларын атқарудағы біршама нәтижелі іс-шараларды әрімен қарай жалғастыру маңызды. Себебі

елдегі репатриация саясатын тоқтамайынша алғашқы елге келген репатрианттарға атқарылған шаралардың барлығы ендігі келетін қандастардың бейімделуіне қажетті болмақ. Осы негізде БҰҰ даму бағдарламасының атқарып кеткен іс-шаралары мен ұсыныстарын қолға алып, әрімен қарай дамыту жолын негіздейтін «бір терезе» қызметін атқаратын мемлекеттік орган мен қандастар арасындағы көпірге айналатын орталықты жандандыру маңызды.

Президент Қ. Тоқаев «Egemen Qazaqstan» және де «Aiqyn» басылымдарына берген сұхбатында репатриант азаматтардың жайы назардан тыс қалмайтынын атап өткен болатын. Сонымен қатар «оралман» сөзіне қарсылығын білдіріп, «қандас» сөзін қолдануды айтып кеткен болатын. Қазақстан Республикасының көші қон саясаты мен репатрианттарды Отанына әкелу бағдарламалары жақсы нәтижелер беріп 1 миллионнан астам қазақ ұлтының Отанымен қауышып жатқаны дұрыс саяси ұстаным екендігіне көз жеткізуге болады. Отанына келген репатрианттардың бейімделуіне келгенде республикадағы қоныстанған өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, көп жағдайда келген орталарына орай тұрғылықты халықпен бірге тығыз орналастырса қоғамға сіңісу деңгейі де жоғары болатынын көруге болады.

2.3 Қоныс аударушылардың материалдық мәдениетінің ерекшеліктері және репатрианттарды қабылдаушы қоғамның ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграция мәселелері

Күнделікті өмір әлемінің жетекші параметрлері: тұрмыстық қызмет көрсету және тұрмыстық тәжірибе, өндірістік тәжірибе және еңбек қатынастары, бос уақыт және белсенді демалыс түрлері, отбасылық тәжірибе және отбасылық стратегия және т.б. қарастырылған. Күнделікті өмір тарихы бойынша ақпарат берушілердің куәліктері арқылы өзінің бастапқы базасын кеңейтуге, яғни өмір тарихын жинау және жазу әдісін - сұхбаттың барлық түрлерін қолдануға мүмкіндік алады. Дереккөздер арқылы халықты азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлармен қамтамасыз ету проблемалары, балалар мекемелерінің тұрғын үй жағдайлары мен жағдайы, тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету сапасы және бос уақыттың мәдени формаларын ұйымдастыру деңгейі, сондай-ақ күнделікті өмірдің басқа аспектілері көрсетіледі. Микро-тарихи тәсіл құралдарын қолдану арқылы репатрианттардың әлеуметтік – экономикалық жағдайында күнделікті өмірдің аз зерттелген жақтарын, тарихының әдеттегі және форс-мажорлық кезеңдерінде қарапайым өмір сүру тәжірибесін қарастыруға мүмкіндік береді. Күнделікті өмірді зерттеудің зерттеу процесі жеке элементтерді бір жүйеге біріктіруді көздейді [62]. Осыған байланысты күнделікті өмір тарихы микротарихи тәсілдер мен әртүрлі дереккөздер топтарымен жұмысты синтездеу арқылы зерттеудің базасын айтарлықтай кеңейтеді. Әлеуметтік тәжірибені құрастырудағы қарым-қатынастардың, өзара әрекеттесу бейімделу формасы жаңа бағыт аясында репатрианттарды қабылдаушы қоғамның ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграциясын анықтауға мүмкіндік береді.

Шетелдегі қандастарды елге көшіріп әкелу, оралмандар мәселесін реттеу мемлекеттің басым бағыттарының бірі, репатрианттарды (қандастарды) қоныстандыру, олардың экономикалық жағдайының көтерілуі мемлекет тарапынан бөлінген квотаға тікелей байланысты болды. Қазіргі таңда репатрианттардың Қазақстанның қандай аймағына қоныстанса да, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы шешімін табуды қажет ететін мәселелер барлық облыстардағы қандастарға ортақ. Осы негізде облысқа қоныстанушыларды жұмыспен, баспанамен қамтамасыз ету, шаруашылыққа ыңғайлы жер берумен қатар, шаруашылық жүргізуге мүмкіндік жасау (несие беру) мәселелері үкімет тарапынан жүзеге аса бастады. Репатрианттардың жоғарыдағы аталған көмектерге қолдарын жеткізіп экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік туғызатын және елге оралғаннан кейін қиындық тудыратын ең негізгі екі мәселе тұрды. Олар, біріншісі, азаматтық алу болса, екіншісі квота мәселесі болды.

Азаматтық алудағы алғашқы бастама «Оралман» атауына 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» заңының 1 бабында көрсетілгеніндей: «Оралмандар» деген – мынадай сипаттамалары бар шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар: біріншіден, бұл ұлты қазақ азаматтар; Екіншіден, 1991 жылғы 16 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде тұрақты тұрған адамдар; Үшіншіден, тұрақты мекен ету мақсатында Қазақстанға келген адамдар [105].

Осы тұжырымдарға сәйкес келген шетелден оралушы «оралман» болып саналады. Алайда, Қазақстан Республикасының Халықаралық көші-қон заңына орай оралман мәртебесін алу үшін арнаулы көші-қон полиция басқармаларына барып құжаттар тапсырады, егер тапсырылған құжаттар барлық заң талаптарына сай болған жағдайда оған «Оралман куәлігі» беріледі. Бұл құжат азаматтық алудың бастамасы десекте болады. Оралман куәлігін алған жан мемлекет тарапынан жеңілдіктер, өтемақы, көмекақы және де т.б атаулы көмектің басқа да түрлерін алуға құқылы. Бұл құжат үш жыл мерзімінде беріледі. Азаматтық алған жағдайда оралман мәртебесі тоқтатылады. Ал, Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын беретін құжат – Ыхтиярхат [94, б. 35-36]. Ыхтиярхатпен жүргендердің қатарын Қазақстанның толықтай азаматтығын алмаған Қытай, Моңғолия мемлекеттерінен келген елдегі ЖОО-да білім алып жатқан студент жастар құрайды.

Жоғарыдағы көрсетілген құжаттарды заңдастыру мақсатында және республикалық бюджет тарапынан бөлінетін қаржы мен көмекке қол жеткізу үшін Шығыс Қазақстан аумағы бойынша оралман орталықтарына немесе көші-қон департаментінің көмегіне жүгінуге мүмкін болды. Тұрақты тұру құжаты заң жүзінде рәсімделгеннен кейінгі шешуді талап ететін тағы бір мәселе оралман азаматтардың көшіп келуіне бөлінген квота. Көші-қон заңына сәйкес квота алу жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы бойынша әр облыстарға жекелей көшіп келудің квотасын белгілеген болатын.

Оралмандардың көшіп келу квотасына ену туралы өтініштерін қарау мақсатында облыста комиссия құрылды, оның құрамына облыс әкімдігінің,

Еңбек министрлігінің облыстық Департаментінің, көш-қон полициясының және қоғамдық мекемелердің өкілдері кірді. Сол кезеңде Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» заңы негізінде облыстық басқарма оралмандарды көшіп-келу квотасына енгізу жұмыстарын жүргізді. Оларға бір жолғы жәрдемақы, көлік шығындарымен тұрғын үй сатып алуға қаражат төленді. Сол кезде елде бұл бағытта қыруар жұмыс атқарылды. 2011 жылғы 22 шілдеде №477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңы өмірге келді [106].

1991 жылдан бастап 2011 жылға дейін заң қабылданып толықтырулар енгізілгенге дейін 221,3 мың жанұя немесе 860,4 мың этникалық қазақ тарихи Отанына оралған болатын. Квота арқылы 127,7 мың отбасы келген, квотадан тыс өз күштерімен 94,2 мың отбасы келген. Осы орайда, келген оралмандардың жалпы санының 51%-ы 2004-2008 жылдары келгендер (439 430 адам) болған. Оралмандардың елге келудегі қарқыны бесжылдықтар кезеңінде келесідей болған: 1991-1996 жылдары – 12,1% (104 009 адам), 1997-2001 жылдары – 9,6% (82 335 адам), 2002-2006 жылдары – 44,8% (384 106 адам), 2007-2011 жылдары – 33,5% (287 710 адам) [169].

Шығыс Қазақстанға репатрианттардың саны жағынан көп орналасқан кезеңі 2005 жылы 7381 адам, 2007 жылы 7346 адам және 2009 жылы 7245 адам келіп қоныстанды. Ал 2015 жылы Шығыс Қазақстанға бұл көрсеткіш 54 көшіп келуші оралман ғана болды. 2017 жылы облысқа 1007 адам, ал 2018 жылы – 459 адам ғана келген. 2019 жылдың мамыр айында облысқа 11 адамнан тұратын 8 этникалық қазақ отбасы көшіп келді. Жыл сайын Қытай Халық Республикасынан келетін репатрианттар олардың жалпы санының 80% – на дейінін құрады. Соңғы екі жылда олар негізінен Үржар, Тарбағатай, Зайсан аудандарында, сондай-ақ Өскемен қаласына белсенді қоныстануда [170].

Шығыс Қазақстан облысы Көші - қон және демография жөніндегі бөлімнің 2000 жылы репатрианттар отбасыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмысы туралы ақпараты бойынша Семей қаласы және оған қарайтын әкімшілік ауданының аумағында 97 оралман отбасы, яғни 398 адам тұрды. Репатрианттардың негізгі бөлігі 1991-1993 жылдары Моңғол Халық Республикасынан қала кәсіпорындарына, бұрынғы Жаңасемей және Абралы аудандарының совхоздарына еңбек келісімдері бойынша келген еді. 1995 жылдан бастап республикалық бюджет есебінен репатрианттардың отбасыларына 53 үй сатып алынды, олардың 18-і қаладан болды. 1999-2000 жылдары 12 пәтер сатып алынды. Семей қаласында 2000 жылдың 16 маусымында «Оралмандар күні» өткізіліп, оған 100 репатриант қатысқан. Іс-шараға қала мекемелері мен ұйымдарының басшылары қатысты. Барлық қойылған сұрақтарға толық жауап алынды. Кеңес соңында барлық 100 оралмандарға 1000 теңгеден материалдық көмек берілді, демеушілер есебінен тегін түскі ас ұйымдастырылды. Көші-қон және демография бөлімі жұмыссыз репатрианттарды жұмысқа орналастыру бойынша іс - шаралар жоспарын әзірледі. Сол күні 4 оралман жұмысқа орналастырылды. Арнайы мамандығы


жоқ және 2 арнайы білімі бар педагог жұмысқа орналастырылды. Осы кезеңде оралмандарды Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға ресімдеу негізінен аяқталды. ІІБ паспорт бөлімімен бірлескен жұмыс нәтижесінде облыстық басқармаға 336 оралман ісі жіберілді. Шағын несие беру туралы мәселе шешілді. Кезекте тұрған 10 оралманның ішінен біреуі шағын несие алып, қалғандарына қаражат түскеннен кейін берілетін болады. Ай сайын Қазақстан Республикасының негізгі заңдарын түсіндіру бойынша оралмандарға оқу жүргізілген. Оралмандар алдында Халық банкінің, Ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары және Семей мемлекеттік университетінің ғалымдары сөз сөйледі. Оралмандар арасында еңбекке жарамды 137 адам, 24 зейнеткер, 27 көп балалы отбасы, 78 кәмелетке толмаған балаларға жәрдемақы алып, 48 еңбекке жарамды оралман еңбек биржасында есепке тұрғызылды. 27 студент қаланың жоғары оқу орындары мен колледждерінде оқыды. Мектеп жасындағы 113 бала оқумен қамтылды. Сонымен қатар, репатрианттардың өмір сүруінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартудың жекелеген мәселелері тиісті шешімін таба алмады. Мәселен, жатақханада тұратындарға коммуналдық қызметтерді төлемеу салдарынан жылу, жарық және су өшірілді. Ауылдық жерлерде тұратын отандастар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіруден ауылда тұру жағдайының нашарлауына байланысты, қалаға көшіп келіп өздеріне тұрғын үй сатып әперуді талап еткен жағдай болды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының Көші-қон және демография бөлімі әрі қарай өз жұмысын алға қойылған міндеттерді шешуге бағыттайтын қызметтерін атқаруға жұмыс жасады [171].

Осы негізде Шығыс Қазақстан аумағы бойынша қоныстанушыларға мемлекет бюджетінен 2006 жылы бөлінген квоталардың саны біршама басым болды. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы «Халықтың көші-қоны туралы» заңының және Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 6 қаңтардағы №15 Үкіметтің Қаулысына сәйкес көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарға Көші-қон комитетінің басқармасымен республикалық бюджеттен келесі жеңілдіктер мен өтемақылар төленеді: Қазақстан Республика Президентінің 2004 жылғы 27-желтоқсандағы №1508-і «Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы» Жарлығына сәйкес 2006 жылға Шығыс Қазақстан облысына 875 отбасы белгіленген, оның ішінде Қытайдан – 550, Моңғолиядан – 85, Ресейден – 50, Түркіменстаннан – 5, Өзбекстаннан – 165, Қырғызстаннан – 10, ТМД-ның басқа елдерінен 10 отбасы болып белгіленген. Мәселен, сол жылдың квотасына енгізілген 875 оралман отбасы болса, 2005 жылдың жарты жылында 450 отбасы құрамындағы 2107 адамға заңнамада көрсетілген жеңілдіктер мен өтемақылар басқарманың қаржылық жоспарына сәйкес төленді. 2008 жылғы 15 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 137 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан аумағы бойынша 1100 оралманға квота белуге шешім шығарылған [172].

Осы кезеңде репатрианттарға мемлекет тарапынан бөлінетін біршама жеңілдіктер қарастырылды:

- отбасының отағасына он бес еселенген айлық көрсеткіш есебінде – 19400 теңге төлеу;
- отбасының әрбір мүшесіне он еселенген айлық көрсеткіш – 12460 теңге;
- тұрғын үйді алуға қаражат оралман отбасының әрбір мүшесіне жүз еселенген айлық көрсеткіш – 129600 теңге;
- оралман отбасыға жолақысын төлеуге он еселенген есетпик көрсеткіш 15960 теңге;
- жеке мүлкін апаруға ақы төлеу оралман отбасының әр мүшесіне – 64800 теңге.

Жоғарыда репатрианттарға мемлекет аумағына келгенде үкімет тарапынан бөлінетін жеңілдіктің (Квотаның) нақты анықтамасы көрсетілген. Сондай-ақ, репатрианттар арасында отбасы мүшесінің не әйелі не болмаса күйеуі өзге ұлт өкілдері болғандары да кездеседі. Олар көбіне, Өзбекстан, Моңғолиядан оралған отбасылардан байқалатын болған.



Сурет 6 – Шығыс Қазақстан облысындағы репатрианттарға қоныс аудару бойынша мемлекет тарапынан көрсетілген көмектер

Ескерту – Диаграмма ШҚО бойынша жүргізілген сауалнама қорытындылары негізінде автордың басшылығымен құрастырылды [173]

Бұл көрсеткіштерден (сурет 6) облыс аумағына қоныс аударшылардың жартысы мемлекет тарапынан бөлінген квотамен орналасқанын және қалған бөлігі өз қаражатымен қоныс аударғанын көруге болады. Осы негізде оралмандардың көпшілігінде азаматтыққа ие болу мен квота алудың мәселелерінде біршама кедергілер болған. Сол себепті, отбасындағы өзге ұлт өкілін квотаға қоспай, мемлекет тарапынан жеңілдік ала алмайтын жағдайлар кездесті. Осы мақсатта Шығыс Қазақстан облысы негізінде сауалнама жүргізілді. Осы сауалнама нәтижесінде: «Көшіп келуге мемлекет тарапынан көмек болды ма (квота)?» деген сауалға 50% – иә, мемлекет тарапынан көмек болды десе, 47% – өз қаражатыммен қоныс аудардым деп жауап берген. Алайда, квотасыз келгендердің ішінде тұрғын үйді өз күштерімен салғандарға

миграция және демография басқармасының арнайы комиссиясы арқылы мүмкіншілігіне орай көмек көрсетті.

Сол кездегі елге оралған этникалық қазақтың қиындық тудыратын мәселелерінің бірі ол – тұрақты тіркелу болды. Қалалық жерге келген оралман өзінде баспанасы болмағандықтан қиындық тудырған. Белгіленген тәртіпке сәйкес оралман куәлігін алудың шарттарына тұрақты тіркеу болмаса оралман куәлігі берілмейтін болған, сонымен қатар квотаға да кірмей қалуы мүмкін болған. Осы бір құжаттандыру барысындағы әлеуметтік көмекті алу шараларындағы тәртіптің кейбір тұстары тарихи Отанына оралуға кедергі жасаған болатын. Сондықтан, осы мәселемен айналысқан мемлекеттік қызметкерлер алда қабылданатын заң жобасында Көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар мен ішкі істер органдарымен бірлесіп елге келен этникалық қазақтарды тұрғылықты мекен-жайы болмаған жағдайда он күндік уақыт аралығында бейімдеу орталығына тіркеуді ондай болмаған жағдайда арнайы бір мекен-жайға тіркеуді ұйымдастырулары керектілігі аталып өтілген болатын. Осы мәселеге байланысты Семей қаласындағы «Оралмандарды бейімдеу және әлеуметтік кіріктіру орталығы» елге оралушылардың тұрақты тіркелуіне барынша жағдай жасады [163, б. 7-15].

Квота алып, азаматтыққа қол жеткізгеннен кейін туындайтын тағы бір мәселе - тұрғын үймен қамтамасыз етілуі болды. Осы мақсатта жауапты мекемелердің алдында оралмандарды тұрғын үймен қамтудың мәселесі шықты. Квотаға енген оралмандарды үймен қамтамасыз етілуі керектігіне байланысты квота санының көбеюі оларды баспанамен қамтуды ұйымдастырудың қиыншылығын туындатты.

Мемлекет осы мәселені шешу үшін Шығыс Қазақстан аумағы бойынша біршама іргелі істерді жүзеге асырды. Аталған бағдарлама бойынша елде 2014 жылға дейінгі құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдары өндірісін дамытудың жаңа бағдарламасы бекітілді. 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша тұрғын үйлерді салуға тапсырыс беру өкілеттілігі жүктелген болатын. Жобаны іске асыру мақсатындареспубликалық бюджет тарапынан толықтай қамтамасыз етіліп, оралман азаматтарға Курчатов қаласынан баспанамен жұмыс беріліп арнайы шаралар жүргізіле бастады.

ШҚО бойынша Көші-қон комитетінің департаменті ҚР-ның үкіметінің 02.12.2008 жылғы қаулысымен бекітілген «Нұрлы көш» бағдарламасымен Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 26.03.2009 жылғы қаулысына сай Курчатов қаласына 200 тұрғын үй қолданысқа беріліп, оларға этникалық қазақтар 124 отбасы қоныстандырылып, баспанамен қамтылды. Сондай-ақ, әр отбасының бір мүшесін жұмыспен қамту да көзделді [95, б. 2]. Бұл бағдарламаның іске асу негізі Шығыс Қазақстан әкімдігінің, «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы және «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының арасындағы үш жақты келісімшарты аясында іске асырылды. Осы мақсатта әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация 51 оралманмен Курчатов қаласында баспана алу туралы келісімшарт-міндеттеме жасады. «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік

корпорациясы «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасының аясында Курчатовта төрт тұрғын үйді қайта жаңарту жөніндегі жобаны жүзеге асырды. Жобаның құны 768 миллион 300 мың теңгені құрады. Бір шаршы метрдің құны 40 мың теңгеден астам «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша Курчатовта 2012 жылы 4 көпқабатты үй қайта жаңартылып, 300-ге жуық оралман отбасы қоныс аударды [116]. Осы жоба аясында 200 оралман отбасын баспанамен қамтылуына жағдай туғызды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126 қаулысымен бекітілген, 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасына орай, Өскемен қаласында 463 үй салынып, пайдалануға берілді. 463 отбасының 319 отбасымен барлық қажетті шарттар жасасты, 144 отбасы тұрғын үй комиссиясы арқылы оң шешім алды және қажетті шарттар жасауды жалғастырды. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша салынған қоныстандырылмаған тұрғын үй мәселесі облыс әкімдігінің 2012 жылғы 13 тамыздағы №187 қаулысы шеңберінде, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №875 қаулысына сәйкес, осы бағдарлама шеңберінде салынған тұрғын үйді коммуналдық меншіктен республикалық меншікке беру туралы шешіледі. Осыған сәйкес, іске асырылатын бағдарламалар шеңберінде жалдамалы тұрғын үй түрінде кезектілік тәртібімен қоныстандыру жалғастырылатын болды. Шағын аудан толығымен су құбыры мен электрмен қамтамасыз етілген. Жалпы, ауылды жылумен, электр және сумен жабдықтау мәселелері шешілді. Ауылдың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінің жұмысындағы іркілістер уақытында жойылды.

Курчатов қаласында «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша 7 үй (200 пәтер) қалпына келтірілді және пайдалануға берілді. Бүгінгі күні 3 үй (140 пәтер) пайдалануға берілді, 1 үй (60 пәтер) дайын үй орналасушыларды күтіп тұрды, 2011 жылдың желтоқсанында пайдалануға берілуіне байланысты, «Нұрлы көш» бағдарламасы 2011 жылдың аяғында аяқталған болатын. Осы үй толық сатып алынып, жергілікті атқарушы органдарға қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде іске асыру үшін берілді. Курчатов қаласына 578 адамнан тұратын 138 отбасы көшіп келді. Оның ішінде 208 адам – балалар болса, олардың 74-і Қазақстан Республикасында туылды. Келген оралмандардың 23-і жоғары білімді, 24-і орта арнаулы, 191-і орта білімді болды [156].

Тұрғын үймен қамтамасыз етушілерді жұмыспен қамту ісі екі бағытта жүзеге асырылды. Бірінші, жоғары білімі жоқ, айналысқан бір кәсібі бар адамдар, екінші жоғары білімді, қолында қандай да бір мамандығы барлығын растайтын дипломы бар адамдар. Мамандығы жоқ адамдарды арнайы кәсіпке даярлады. Шығыс Қазақстанда кейбір аудандарда оралмандарды кәсіпке баулу ісін кәсіптік-техникалық училищелерде жүзеге асырылды. «Нұрлы көш» бағдарламасында әрбір аудан әкімшілігі өздеріне қажетті мамандықтар жайында сұраныс жасап отырды. Сол кезде облыстағы үлкен қалаларда жұмыс күші жетіспей жататын. Егер, қажетті мамандықтар бойынша шақырылып барса, оларға тек жәрдемақы ғана емес, басқа жағдайларда жасалды.

Сонымен қатар, «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша этникалық қазақтардың арасында тұрғын үймен қамтамасыз етілген отбасыларға келесідей жеңілдік түрлері көрсетілді:

– тұрғын үй құрлысын несиелеу және ақша жинау жолымен тұрғын үй сатып алу;

– білімі, мамандығы және жұмыс тәжірибесі бар оралмандар көшіп келу квотасына алдыңғы қатарда болып енгізіледі;

– бір жолғы жәрдемақы, жол жүру мен көлік шығындарын өтеу [95, б. 2].

Курчатов қаласының аумағынан жалпы ауданы – 3120 га, оның ішінде – 120 га. суармалы егістік пен 300 га мал жайылымдары оралман азаматтарға бөлінетін болды. Сонымен қатар, Бесқарағай ауданының әкімшілігі тарапынан 13892 га – ауылшаруашылық жер телімдері, 2289 га суармалы егістіктер мен 11603 га шабындық жерлерді мал жайылымдарынан бөлінуі қарастырылған.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру мақсатында арнайы комиссия құрылды. Осы негізде облысқа көшіп келушілерді «Ертіс» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы және «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» Акционерлік қоғамы арасындағы келісім-шарт негізінде Өскемен қаласынан 10 километр қашықтықта орналасқан Ново-Явленка ауылына елге оралушы азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында 363 оралман мемлекет қаржылық есебінен тұрғын үй және жұмыспен қамтамасыз ету қарастырылды, бұл бойынша бір қабатты үйлердің саны 215 дана, екі қабатты үйлер саны 83 дананы құрады. Бағдарлама бойынша алғашқы тұрғын үйдің салынуы 2010 жылдың 18 сәуірінен басталып, 2010 жылдың 20 қыркүйек айында аяқталады деп жоспарланды. Сонымен қатар, 2011 жылдары 1 балабақша 280 орынға, орта мектептің 600 орынға салынуы және клинико-диагностикалық емхананың ашылуы қарастырылды. Жаңадан салынған тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы – 646992 теңге. Баспана алушы төмендегі келісім шарт негізінде үкіметке тұрғын үйдің қаржысын өтеу керек:

Кесте 14 – «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша Ново-Явленка кентіндегі 3 бөлмелі тұрғын үйдің есебі

Жинақ шарттары	
1	2
Келісім - шарт сомасы	5 110 164
Жинақ мерзімі	5 жыл 6 ай
Ай сайынғы төлем	38 326
Жинақ мөлшері	50%

14 – кестенің жалғасы

1	2
Тұрғын үй займы	
Заем сомасы	2 555 164
% өсім мөлшері	4,5%
Несие мерзімі	120
Айлық төлем	0

14 – кестеде негізінде қоныстанушыға тұрғын үй шығынын өтеу негізінде осындай талаптарды орындау жоспарланған. Осы негізде оралман отбасыларын баспанамен қамту жоспарланды. Ал пәтерлердің бағасына келсек, үш жақты келісім негізінде атап айтқанда, Әлеуметтік корпорация, Құрылыс жинақтау банкісі және оралман өзара келісімшартқа отырады. «Нұрлы көш» бағдарламасына бойынша тұрғын үй алуға жаңа келгендерден бөлек, оралман мәртебесі бар 2007, 2008, 2009 жылдары көшіп келгендердің де бағдарламаға қатысуға мүмкіндіктері болған [95, б. 2].

Сол кездегі оралмандарды алаңдатқан бүгінге дейін негізгі төрт мәселеге тоқталсақ:

- кеден мәселесі (баж салығынан босату, т.б.);
- құжаттарды заңдастырудағы қиыншылықтар (тіл білмеу, жазу үлгісіндегі ерекшеліктер, т.б.);
- жұмысқа орналасудағы қиыншылықтар (сол елмен келісім шарт болмаған жағдайда дипломның жарамсыз болуы);
- әлеуметтік жәрдеммен қамтылуы (оралман азаматтарды еңбекке орналастыру, яғни жұмыспен қамту мәселесі);

2010 жылы 363 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. Шығыс Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті Көші-қон полициясы басқармасымен тұрғын үй комиссиясына тапсыру үшін 446 адамға арналған резервтік тізім жасалынды. Сол кезеңде 192 отбасы орналастырылды, оның ішінде 270 адам еңбекке жарамды жаста болды. Жұмыспен қамту бөліміне 255 адам хабарласып, еңбек ақы төленетін жұмыстарға-16, тұрақты жұмыс орнына 145 адам жолданды. Жастар практикасы бойынша 5 адам, қоғамдық жұмыстарға 162 адам. Барлығы 87 адам орналастырылды. Өскемен қаласының 28 тұрғын ауданында 100 жеке тұрғын үйдің құрылысы қолға алынды. Жұмыстар кесте бойынша жүзеге асырылды. Олардың сапалы болуына көңіл бөлінді. Объектідегі жұмыс жүргізілген жерлерді тексеру кезінде, газоблоктардан жасалған қабырғаларға сылақ жұмыстары жүргізілуде және үйлердің төбелері тұрғызылуда. Жұмыстар кесте бойынша жүзеге асырылды.

Ново-Явленка (Шығыс) ауылын пайдалануға беру мерзімі 2011 жылдың желтоқсаны деп көрсетілді. Осы үйлерге инженерлік жүйелердің құрылысы іске асырылды, соның ішінде:

- 65 үйге инженерлік жүйелердің құрылысы (1 кезекте) 2011 жылы басталған. Септиктер құрылысы, сым тарту, темір бетон тіректерін монтаждау

жүргізілуде және су құбырлары, жол бөлігі құрылысы бойынша жұмыстар орындау;

– пәтерішілік жүйелер құрылысында «Б» кварталдағы тұрғын үйлерді кешенді электрмен жабдықтау;

– пәтерішілік жүйелер құрылысында «Б» кварталындағы тұрғын үйлердің кешенді су құбырлары мен канализация жүйелерінің құрылысы: канализациялық септиктер бойынша жұмыстар жүргізілуде, су құбырларын жүргізу басталды.

«Б» кварталдағы тұрғын үйлердің кешенді бас жоспарының құрылысы бойынша жер жұмыстары жүргізілді. Сол сияқты 280 орынды балалар бақшасының құрылысы 30.06.2011 жылы мемлекеттік қабылдау комиссиясы бекітті. Онда қыруар жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде осы 280 орынды балалар бақшасының құрылысы аяқталып, оны мемлекеттік қабылдау комиссиясы бекітті. Сонымен бірге 600 орынды мектеп құрылысы басталып пайдалануға берілді.

Оралмандардың негізгі саны Өскемен қаласында тіркелгендігі анықталды, осыған байланысты қала аумағында «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оралмандардың тұруы үшін «Шығыс» кенті (бұдан әрі -кент) деп аталатын 1950 адам тұратын 463 жеке тұрғын үй салынды. Сонымен қатар кентте 600 орындық орта мектеп құрылысы салынып (КММ № 33 орта мектеп) 2012 жылы 74 оралман бала, 2013 жылы 102 оралман бала, 2014 жылдың 1 жартыжылдығында 110 оралман бала келді. 210 оралман бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, 10 балаға мектеп формасын алуға көмек көрсетілді, оқу жылының басында мектепте даярлық шаралары жасалды. Жылына 2 рет «Қамқорлық» акциясы өткізілді, онда оралман балаларға киім, кеңсе тауарларын сатып алуға көмек көрсетілді. Мектеп жанында мектептен алыс тұратын оралман балаларға арналған мектеп автобусы қызметін жасады. Сондай-ақ, кентте 280 орындық балабақша бар, бос уақыт орталығы құрылды, онда пошта бөлімшесі, фельдшерлік-акушерлік пункт, учаскелік полиция пункті орналасқан. Кент орталықтандырылған су құбырымен қамтамасыз етілген, әр үйде канализациялық септиктер бар, 295 көше жарығы жұмыс істейді, 2 автобус бағыты іске қосылды, жабдықталған павильондары бар. Сонымен қатар, тұрақты негізде көшіп келген оралман отбасыларын әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта әкімшілік-бос уақыт орталығында мемлекеттік және орыс тілін оқыту, компьютерлік сауаттылыққа оқыту үйірмелері, ақсақалдар кеңесі, әйелдер кеңесі, жастар орталығы, өзін-өзі басқару кеңесі жұмыс істеді. Тұрғындардың қатысуымен кент тұрғындарын жұмысқа орналастыру, оқыту және басқа да әлеуметтік қорғау шараларын көрсету бойынша жұмыстар жүргізілді. 2011 жылдан бастап кентте тұрақты түрде жұмыс берушілердің қатысуымен және кеңес беру тобының қатысуымен шағын-жәрмеңкелер өткізіліп отырды [156].

ШҚО тұрақты тұруға келген қандастар аймақтарында мемлекеттің көмегін ғана күтіп отырған жоқ, барлығы дерлік өз істерімен айналысып жер өңдеп, егін салып, бау-бақшамен айналысып, малшаруашылығын дамытып отыр деп айтуға

болады. Сонымен қатар олардың мемлекеттік қызметкерлер қатарында жұмыс жасаушылар аз болғанымен олардың ішінде дәрігерлер мен мұғалімдер әлеуметтік салада қызметтерін атқаруда. Нарықтық заман талаптары сай өзін-өзі қамтып, сауда саттықпен, шағын бизнеспен айналысып жүргендерде аз емес. Сол кезеңдегі кейбір деректерден оралмандардың кейбірінің мемлекеттік қызметкерлер арасында бұлардың көрсеткішінің төмен екендігіне қынжылатынын байқатады. Біздің ойымызша бұл уақытша нәрсе. Оралмандар жергілікті жерге толық бейімделгеннен кейін олардың да мемлекет қызметшілер қатарына келулеріне жол ашық. Бүгіндері біз көптеген мемлекеттік органдардан қызмет жасап жүрген қандастарды көреміз. Сонымен бірге сол кездерде мемлекеттік қызметшілер арасында оралмандар өкілдерінің аз болуы «Халықтың көші-қоны туралы» заңында оралмандардың еңбек ету құқығын қамтамасыз ететін баптардың жоқтығына байланысты болуы да мүмкін.

«Көш» газетінің 2005 жылғы 1-наурыздағы санында оралмандар тірлігіне қатысты мақалада олардың арасындағы жұмыссыздық, жер телімдерінен қамтамасыз етілуі мен ұзақ мерзімді жеңілдік несие субсидиялар мәселелері көтерілді. Осылармен қамтамасыз етуде кедергілірдің қатарына азаматтық мәселесі және кепілге қоятын мүліктерінің болмауы көрсетілген [29, б. 132]. Осындай өз істерін ашуға кредит алуға ниетті қандастардың осындай қиындықтармен кездесетіні жиі айтылады. Тұрақты қызмет жасамай өзін-өзі шаруашылықтармен қамтып отырғандарға қосымша қаржы тарту көздерін алу қиындықтары бар.

Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен 2014 жылы 28 тұрғын ауданның тұрғындарын жұмысқа орналастыру және мемлекеттік қолдау бойынша жұмыстар жалғастырылды. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Өскемен қаласының 28 тұрғын ауданында («Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша) 1950 адам тұрды. «Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасы бойынша үшінші бағыттың екінші компоненті аясында Өскемен қаласының 28 тұрғын ауданында 150 жеке тұрғын үй салынды, онда 676 адам тұрады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне 28 тұрғын ауданның тұрғындары ішінен 424 адам өтініш білдірген. Оның ішінде 112 адам жәрдемақы рәсімдеу бойынша мектепте және мектепке дейінгі балалар мекемесінде тегін тамақтануға анықтама алу мәселесі бойынша өтініш берген. 28 тұрғын ауданның тұрғындарын жұмысқа орналастыру, оқыту және басқа да әлеуметтік қорғау шараларын көрсету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілген. 2011 жылдан бастап кентте жұмыс берушілердің қатысуымен және кеңес беру тобының қатысуымен шағын бос орындар жәрмеңкелері тұрақты түрде өткізіліп келеді. 2014 жылы Жұмыспен қамту қызметімен 28 жұмыс берушінің қатысуымен 19 шағын бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді, оған 28 тұрғын ауданның тұрғындары ішінен 97 адам қатысты. Ағымдағы жылдың басынан 505 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, оның ішінде «Жұмыспен қамту 2020

Жол картасы»бағдарламасы бойынша – 313 адам, қоғамдық жұмыстарға 45 адам жіберілді.

Өскемен қаласының аумағын дамыту Бағдарламасын және жұмыспен қамту 2020 Жол картасын орындау шеңберінде ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап әлеуметтік жұмыс орындарына 33 адам, кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға 38 адам жіберілді (тігінші, газэлектрденекерлеуші, аспазшы, жиһаз жинаушы мамандықтары бойынша), жастар тәжірибесіне 2 адам, 1 адам 2 500 000 теңге сомасына несие алды (жиһаз жасау үшін). Қазақстан Республикасының заңнамаға сәйкес әлеуметтік қорғау шаралары әр түрлі әлеуметтік көмек төлемдерін төлеу арқылы көрсетілетіні белгілі. 2015 жылдың 1 қаңтарына 132 отбасына 8 858 700 теңге сомасында тұрғын үй көмегі тағайындалды: ондағы 39 отбасына – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 2 678 000 теңге сомасында, 79 отбасына - 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға 2 369 300 теңге сомасында мемлекеттік жәрдемақы тағайындалды. Сонымен қатар 6 тұрғынға 150 000 теңге көлемінде біржолғы әлеуметтік (материалдық) көмек көрсетілді. Әр түрлі әлеуметтік көмек түрлерін төлеуге жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы 2014 жылы 14 056 000 теңгені құрайды.

Қазіргі уақытта тарихи Отанына келетін оралмандардың санының азаюының негізгі факторларына мемлекеттен бөлінетін квоталардың тоқтауы, арнайы жер учаскелерінің бөлінбеуі және екінші деңгейдегі банктердің жеңілдікті кредит беруді ұсынбауы жатады.

Уәкілетті органның мәліметтеріне сәйкес 2010 жылы 252 оралман жұмысқа орналастырылды, қоғамдық жұмыстарға 143 оралман, әлеуметтік жұмыс орындарына 10 оралман және 65 оралман кәсіптік даярлауға жіберілді.

– 2012 жылы 98 оралман жұмысқа орналастырылды, ақылы қоғамдық жұмыстарға – 93 оралман, әлеуметтік жұмыс орындарына 4 оралман және 10 оралман кәсіптік даярлауға жіберілді.

– 2013 жылы 69 оралман жұмысқа орналастырылды, ақылы қоғамдық жұмыстарға – 57 оралман, әлеуметтік жұмыс орындарына – 25 оралман және 4 оралман кәсіптік даярлауға жіберілді.

– 2014 жылдың өткен кезеңінде 19 оралман жұмысқа орналастырылды, ақылы қоғамдық жұмыстарға – 21 оралман, әлеуметтік-жұмыс орындарына 1 оралман және 4 оралман кәсіптік даярлауға жіберілді.

- 2015 жылдың 1 жартыжылдығында 22 оралман жұмысқа орналастырылды, қоғамдық жұмыстарға 25 оралман жіберілді, әлеуметтік жұмыс орындарына 4 оралман және 2 оралман кәсіптік даярлауға жіберілді [156].

ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы «Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2016 жылға арналған өңірлік квотасын белгілеу туралы» қаулысын іске асыру шеңберінде 1259 оралман отбасын елдің еңбек күші мол өңірлерінен еңбек тапшылығына қажет ететін өңірлерге көшіру жоспарланған. Тарихи Отанына оралған этникалық қазақтарды қоныстандыруға арналған өңірлік квоталар былайша бөлінген: Павлодар облысында – 690

отбасы, Шығыс Қазақстан облысында-260 отбасы, Ақмола облысында – 123 отбасы, Солтүстік Қазақстан облысында – 108 отбасы, Батыс Қазақстан облысында – 29 отбасы, Атырау облысында – 28 отбасы, Қостанай облысында – 21 отбасы [117].

2019 жылдың басында 800-ден астам этникалық қазақ отбасы жаңа пәтерлерге көшірілді. Сондай-ақ, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бұл кәсіпкерлерге көмек көрсету жаңа бағдарламасымен 500-ге жуық адам жеңілдетілген несие алды. Несиелердің жалпы сомасы 600 мың теңгені құрайды [175]. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бүгінгі күнге дейін тұрақты жұмыс орындарына 13 репатриант, тағы бір – бірден әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар тәжірибесіне және қоғамдық жұмыстарға жіберілді. «ШҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына негізінен жұмыс істегісі келмейтін жұмыссыз оралмандар келетін болған. Негізінен репатрианттар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып саналады. Бірақ қазір олар үшін мемлекеттік қызметтер ХҚКО арқылы жүргізіліп жатыр. Ведомствоның мәліметінше, квота беруге құжаттар тапсырған барлық оралмандар мемлекеттен 100% алғашқы әлеуметтік көмек беріледі. Әр адамға 35 АЕК (88375 теңге) мөлшерінде қоныс аударғаны үшін және отбасы мүшелерінің санына байланысты 12 айда тұрғын үйді жалға алғаны үшін ақша алады.

Қазір Шығыс Қазақстан облысында қоныс аударушылардың басым бөлігін экономикалық белсенді адамдар құрайды. Этникалық қазақтар мемлекеттік тілді, салт-дәстүрлер мен тұрмысты тереңдетіп үйренуде көмек алуды жалғастыруда. Өңірлік квотаға енгізілген оралмандар мен қоныс аударушыларға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне көшкен кезде көмек көрсетіледі, сондай-ақ жұмысқа орналасу мәселелерінде, оның ішінде «Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау қарастырылады. Аймақтық квотаға өтініш беруге оралман куәлігі бар, тарихи Отанына келген этникалық қазақтар қатысатыны көрсетілген. Оралман мәртебесін алу және квотаға енгізу қажеттілігі үшін тұрғылықты мекен-жайы бойынша Астана және Алматы, немесе облыстардағы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының көші-қон бөлімдеріне жүгіну қажет.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының қатысушылары жұмыссыз, ішінара жұмыспен қамтылған, табысы аз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ оралмандар және бағдарламаға қатысуға басымдық белгіленген өзге де санаттағы азаматтар болып табылады.

«Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде көшіп келгендерге келесідей мемлекеттік қолдау көрсетіледі:

1) көшуге байланысты шығыстарды өтейтін субсидиялар беру;

2) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден қоныс аударғандарға тұрғын үйлермен – қызметтік тұрғын үйлермен немесе жатақханалардағы бөлмелерді еңбек жолындағы жастарға беру қарастырылған.

Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден қоныс аударатын Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға келесідегідей мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады:

1) қажет болған жағдайда кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту;

2) жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға жәрдемдесу [119].

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді. 2019 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысында 30 866 адам жұмыспен нәтижелі қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болды. 20171 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 14 332 адам немесе 71% тұрақты жұмысқа орналасқан [120]. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты аясында еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіби дағдыларды қалыптастыру мақсатында азаматтардың жекелеген санаттары үшін қысқа мерзімді курстар өткізу қарастырылған. Шығыс Қазақстан облысында 3 746 адам оқытумен қамтылған [121]. Сондай-ақ, ШҚО үшін 1250 адам қоныс аударушылар мен оралмандарды қабылдау бойынша квота белгіленді. Іс жүзінде Шығыс Қазақстан облысына 2019 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 1333 адам (572 отбасы), оның ішінде 1083 қоныс аударушы (478 отбасы) және 250 оралман (94 отбасы) келді. Қоныс аударушылардың жалпы санынан 722 адам еңбекке жарамды, 585 (81%) оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің әртүрлі жоспарлы шараларымен қамтылған, атап айтқанда: 496 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды, 42 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына және қоғамдық жұмыстарға орналастырылды. 23 адам кәсіпкерлік қызметпен айналысады, 6 адам жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алды, 1 адам өз ісін дамытуға микрокредит алды, 17 адам оқуға жіберілді. Еңбекке қабілетті жастағы қалған 137 адам қатарына 71 үй шаруасындағы әйел, 36 студент және бала күтімі бойынша әйел, 1 денсаулық жағдайы бойынша еңбекке жарамсыз адам кірді. 29 қоныс аударушымен тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Қоныс аударған 250 оралмандардың 100-і еңбекке жарамды, оның ішінде 59 адам жұмыспен қамтылған [176].

2020 жылы ҚР аумағына өз күшімен кірген этникалық қазақтар, сондай-ақ республикадан тыс жерлерде тұратын адамдар оралман мәртебесін ала алады. Бүгінгі күні мәртебе беру былайша атқарылады: жергілікті атқарушы органға өтініш беру, республика аумағында тұрақты тұруға рұқсат алу, куәлік алу. Қазіргі заңға сәйкес оралман мәртебесін алған этникалық қазақтар жеңілдіктерге, өтемақыға және өзге де көмекке құқылы екендігі қарастырылған. Барлық құжаттар, 2020 жылға сәйкес, әкімдік қызметкерлеріне беріледі. Өтініш пен құжаттар пакеті берілгеннен кейін оралман мәртебесін алуға үміткер этникалық қазақтар мыналарға міндеттенеді: уақытша орналастыру орталығына қоныстануға (бұл тиісті жолдаманы қолдарына ала отырып, жасау керек), заңды

білдіретін тәртіппен аумақтық ІД-на тіркелуге, заңмен белгіленген тәртіпті ұстануға, медициналық тексерулерге ұқыпты баруға және дәрігерлердің талаптарын орындауға, өтінішті уақытында қарау үшін өзекті маңызды мәліметтерді хабарлауға [175].

ШҚО бойынша Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының филиалына қаржыландыруға әсіресе «Еңбек» жаппай кәсіпкерлікті және Өнімді жұмыспен қамтуды дамыту бағдарламасы бойынша өтінім бергендер арасында басым көпшілікті оралмандар құрайды. Олардың арасында қазір «Еңбек» бағдарламасы бойынша несие алуда көп балалы аналар, табысы аз адамдар, мүгедектер басым. Бағдарлама бойынша клиенттердің 90% оралмандар. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау Қоры ШҚО бойынша филиалы – «Еңбек» бағдарламасы бойынша несие алу үшін барлығы кәсіпкерлік негіздерін оқып, жұмыспен қамту орталығынан жұмыссыз болып, қарыз есебінен жұмыс орындарын қамтамасыз етулері тиіс. Тек құжаттар берілгеннен кейін ғана қаржыландыруға жіберіледі. Бұл мемлекеттің үшжақты қолдауы. Бағдарлама бойынша қаржыландырудың негізгі бағыты Ірі қара мал, ұсақ мал, түйе, басқа да ауыл шаруашылығы жануарлары, құстар, бал араларын сатып алуға «Игілік» несие өнімі болып табылады. Мысалы, Зайсан қаласының жеке кәсіпкері Байжұма Мәулет-ҚХР келген оралман. Қор қаржысына ол 14 бас ірі қара мен құрама жем сатып алды. Қарыз алушының сатып алынған мал басын жаю үшін мал ұстауға және жайылымға арналған жеке үй-жайы бар. Қордың несиелік қолдауы есебінен ол өз мал басын көбейтіп, кем дегенде екі жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр (X). Ұлан ауданы Бозанбай ауылының тұрғыны, «Қайсар» ЖК құрған репатриант Ұлықпан Қуанған ШҚО бойынша Ауыл шаруашылығын қолдау қорының филиалымен 14 бас ірі қара мал және құрама жем сатып алуға қаржыландырылды. Ол сондай-ақ мал мен жайылымға арналған қорасы бар. Алдағы уақытта мал басын көбейтіп, жұмыс орындарын ашқысы келеді. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша Қуанған қордан 4 млн теңге алып 10 бас асыл тұқымды мал сатып алған. Әрине осындай ауыл шаруашылығын дамытуға арналған бағдарламамен мал алуға көптеген репатрианттардың ниеттері болғанымен, олардың тұрып жатқан жерлерімен малды ұстауға арналған қора мен жайылым жерлердің өз бастарында болмағандары кедергі болып отыр (XI). Әрине, Шығыс Қазақстанға бірнеше жыл бұрын келген, ҚР азаматы мәртебесіне ие болған кейбір этникалық қазақтар өзін бизнестің басқа түрлерінен көрсете алды. Моңғолиядан келген Бақыт Кеңшілік қазақ ою-өрнегін пайдалана отырып, ағаштан жасалған кәдесыйлар жасап өз ісін дамытып отыр. Ол Ұлан-Батордағы «сурет өнері» факультетін, Ресей Федерациясының Брянск құрылыс колледжін бітірген. Халықаралық өнер фестивалінің лауреаты (XII). «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша Өскеменге жақын орналасқан. Шығыс кентінде Қытайдан келген Самғау Нәсіпхан бірнеше жыл бұрын аяқ киім, белдік және былғары аксессуарлар өндірісі бойынша 2 млн теңге көлемінде несие алып, өз кәсіпорнын ашты (XIII). Тағы бір мысал ШҚО Кәсіпкерлер палатасында болды. Қолөнерші Нұрлан Досмұрат Шығыс Қазақстанға өз

отбасымен Қытайдан 10 жыл бұрын келді. ШҚО ауыл шаруашылығы Ғылыми зерттеу институтында марал шаруашылығы бөлімінде жұмыс істеді. Ұлттық стильдегі ағаштан жасалған пазлмен ойыншықтарды жасаумен әуестенеді, содан кейін киізден және фетрден киім шығара бастады. Нұрлан туған-туыстары мен достарынан сандық бағдарламалық басқарылатын лазерлік станокты сатып алуға қарызға ақша алды. 2018 жылдың соңында ол «Еңбек» жаппай кәсіпкерлік және Өнімді жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 250 мың теңге көлемінде грант алып, осы қаражатқа тағы бір шағын ЧПУ станогын сатып алды. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша қуатты құрал-жабдықтарды сатып алу және осы мақсаттарға грант алу үшін Нұрлан Досмұрат ШҚО Кәсіпкерлер палатасында «Бизнес-Кеңесші» бағдарламасы бойынша оқып, бизнес-жоспар дайындап, сертификат алды. Нұрлан балаларға арналған ойыншықтарды жасап шығармақ. Конкурстық комиссия кәсіпкерге станокты сатып алуға 2,6 млн теңге көлемінде грант берді(XIV). Оған Ленин ауылында арнайы цех салынууда. Жаңа жабдықтары бар өнім түрлері 200-ге дейін өседі, цехта үш адам еңбек етеді, ал кәсіпкердің өзі әкімшілік мәселелермен айналысады. Бұл қолөнер түрінің ерекшелігі-бұл жұмыстың 90% компьютерді жасайды [170].

Шығыс Қазақстанда елге келген оралмандар қоғамда әлеуметтік-экономикалық бейімделіп жұмыстарын атқарып, қабілеттері мен еңбектері арқылы қызметтерін жасауда. Бірақ дегенмен елге алғаш келгенде бастапқы уақыттарда олардың қоғамға сіңісіп кетуіне жергілікті басқару органдары жауапкершілік танытып, жол сілтеп отыруы маңызды. Осыған орай БҰҰ Даму бағдарламасының аясында, зерттеу жұмысы барысында, сауалнамаға қатысқан немесе жекелей респондент болған оралмандар тарапынан біршама мәселенің әлі де болса бар екендігін атап отырған жайлары бар.

Кесте 15 – Көші-қон саясатындағы репатрианттардың қоғамға бейімделуі мен кірігуі барысындағы берілген мәселелер мен ұсыныстар

Репатрианттармен қызмет барысында көрсетілген мәселелер	Көрсетілген мәселелерді шешуге ұсыныстар
1	2
Аудандық жұмыссыздық орталығында ауыл тұрғындары тіркелмеген немесе тіркелуді білмейтіндер санының көптігі	Ауылдық елді мекендерде түсіндірме жұмысын және жер учаскелерін беру жұмысын күшейту
Аймақтардың ауылдық елді мекенге көшіп барғандардың ауылшаруашылығымен, малшаруашылығымен айналасуға жер	Ауылдық елі мекенге көшіп барған қандастарға ауылға жақын жерлерден ҚР заңнамасына сәйкес жайылымдық жер және
телімдері тапшы, ауылдағы жерлер көп жағдайда барлығы дерлік үлкен бір - екі шаруа қожалығына беріліп қойған.	егістік жерді конкурссыз берілуін қарастыру қажет. Ол болашақта көшіп барғандарға егін шаруашылығын дамыту үшін, мал шаруашылығын көтеруге ет, сүт өндіріні дамытуға жол ашады

15 – кестенің жалғасы

1	2
<p>Қандастар жұмыспен қамту орталығына (биржаға) тіркеліп, қоғамдық жұмыстарға орналасу үшін банктен есеп-шот ашулары керек. Бірақ келгендердің көбінде тегі (фамилия) болмауына байланысты кейбір жерлерде әлеуметтік жеке код алу бойынша қиындықтар туындайды және оның себебінен олар зейнетақы қорларына ақша аударма алмайды. Оған қоса коммерциялық банктерде есеп-шот ашу үшін тегі немесе әкесінің аты болуын талап етеді</p>	<p>ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан жергілікті атқарушы органдар мен зейнетақы төлеу орталықтарына және ҚР Ұлттық Банкі тарапынан екінші деңгейлі коммерциялық банктерге түсіндірме хат түсірілсе</p>
<p>Көшіп келген оралман отбасылар өздерімен бірге әкелген техникаларының (трактор, мотоцикл) тіркемеу себебінен қазіргі кезде сол көліктерімен жұмыс істей алмай отыр</p>	<p>Өз бетінше құрастырылған және жасалған көлік құралдары техникалық регламентте белгіленген рәсімдерді өткен және агрегаттарын сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда тіркеледі</p>
<p>ҚХР-нан жүргізуші мамандығын оқып келген, жүргізу куәлігі бар қандастардың оны Қазақстанда айырбастау мүмкіндіктерін білмеу себебінен жұмысқа орналасуына қиындық келтіруде</p>	<p>Мемлекеттік автоинспекция және мемлекеттік техникалық қадағалау органдарына жүгіну керектігі жайында ақпараттық жұмыстарын жүргізу</p>
<p>Жергілікті жерлерде оралмандар өздерінің мүлкін шекарадан өткізген кезде «Халықтың көші-қоны туралы» заңының 29-4 бабына сәйкес мемлекет оларды қандас мәртебесін алған және көшіп келу квотасына енгеннен кейін кедендік төлемдерден босатқанымен өте жоғары кедендік төлемдердің алынатындығына жиі шағым білдіреді</p>	<p>ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау Комитеті, шетелдегі қазақ диаспоралары мен қоғамдық ұйымдарға қандастардың құқықтық сауаттылығын жоғарылату үшін кең үгіт-насихат жұмысын жүргізу қажет; кеден бекеттерінде оралмандарды кедендік төлемдерден босатылғаны туралы ақпараттық тақталар орналастыру</p>
<p>Көшіп келетін қандастар негізінен ауылдарға қоныстанғандықтан мал шаруашылығымен айналысады, бірақ көпшілігіне жер учаскелері әлі берілген жоқ. Көпшілік ағайын жер берілген жағдайда өкімет тарапынан ешқандай арнайы жұмысқа орналастырудың қажеті жоқ, дербес өздері әлеуметтік қамтамсыз етудегі қызметтермен айналысар еді</p>	<p>ШҚО әрбір ауданында БАҚ арқылы қандастарға ауылшаруашылық жүргізетін бос жерлердің шығуы мен оларды алудың тәртібі жайында үнемі ақпараттандыру отыру қажет. Жер телімдерін пайдалану жолдарын ұсыну маңызды.</p>

15 – кестеде БҰҰ жобасы аясында қандастардың қоғамға бейімделуі мен кірігуіне қатысты негізгі мәселелер мен ұсыныстар ашылып көрсетілген [158].

Зерттеу жұмыстары барысында қоныс аударушылардың материалдық мәдениетінің ерекшеліктеріне байланысты оларды қабылдаушы қоғамның

ұстанымдарына орай әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан бейімдеудің маңыздылығы көрсетілді. Шығыс Қазақстандағы қызмет түрлері мен оларды кәсіпорындарға қызмет жасауға қайта оқыту жұмыстарын дамыту маңыздылығы бар. Себебі келген елдердегі қызмет түрлері бойынша нақты мамандықпен жұмыс табылмайтын жағдайлар да кездеседі. Осыған орай репатрианттарды мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға, ауылшаруашылығын қолдауға арналған түрлі бағдарламалар жайында айтқанда көбісі олар жайында хабардар екендігін жеткізді. Облыс аумағына келген репатриант азаматтардың жеке дара кәсіпкерлікпен айналысып мемлекеттік бағдарламаларды кеңінен пайдаланып жатқан мысалдардың көп екендігін атап өтуге болады. Сауалнамалар арқылы өз істерін ашып, арнайы мемлекеттен гранттар алғандар өзінің қызмет түрлерін ауыстырғандардың ісінің алға жылжығанын көруге болады. Репатрианттар арасында ісін ашып, өзін-өзі қамтып отырған азаматтардың көбі дерлік мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар бойынша жеңілдетілген несие алуға әліде болса үміттері зор. Бірақ арнайы жоба жазып, сертификат алуға оқуды алға қойғанда көбісі өз армандарынан бас тартады. Елге алғаш келгендегі азаматтық алуға немесе құжаттарын жасап көмектерді уақытында алуға кеткен қағаз жұмыстарын көрген қарапайым халық екінші дәл сондай әуреге түскісі келмейтінін айтады. Бұл жағдай алдағы уақытта әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан бейімделу үрдісін тежейтіні анық. Ендігі кезекте жергілікті атқару органдары келесі мәселені алға қоюы керек деп ойлаймын. Тарихи отанына оралған қандастардың келген елдерінің ерекшеліктеріне байланысты олардың материалдық мәдениеті мен шаруашылық түрлерінде ерекшеліктер бар. Олардың басым көпшілігі мал шаруашылығы мен қолөнермен дәстүрлі шаруашылық түрлерін дамытуға ниетті. Ауыл шаруашылығымен айналысатындар арнайы жеңілдіктерін алғаннан кейін, қазақтар көп шоғарланған өңірлерге орналасып, малшаруашылық түрін дамытуды көздейді. Алайда ол белгілі бір жағдайда қабылдаушы қоғамдағы адамдарға қиындық туғызады. Себебі қазіргі уақытта ауылдық жерлерде де жайылымдық жерлердің тапшылығы байқалуда. Осындай жағдайлар олардың шаруашылық түрлерін дамытуға тежеу келтіретіні анық.

Облыс аумағының Солтүстік өнеркәсіп салалары дамыған жұмыс орындары бар аудандар мен кіші қалаларға қандастарды қоныстандыру жұмыстарын жандандыру керек. Өнеркәсібі дамыған қалалардағы еңбек күшінің сұранысын облысқа келген қандастармен толықтыруды қолға алу маңызды. Оларды осы мақсатта Өскемен, Риддер, Алтай, Шемонайха сияқты аудан мен қалаларға орналастырып, жұмыспен қамту бағдарламалары бойынша қажетті мамандықтарды оқытып, өнеркәсіптер мен кәсіпорындарға жұмысқа тартуға болады. Оларға қалалық жерлерден үймен қамтамасыз ете алмаған жағдайда, үй салуға жер телімдерімен қамтамасыз ету шаралары қолға алынуы керек. Осы тұрғысында олардың шаруашылық түрлері мен материалдық мәдениетіне өзгерістер енгізу арқылы қабылдаушы қоғамның ұстанымдары мен интеграциялық құрылымдарына бейімделу шаралары атқарылады. Осы

жағдаймен жұмыссыздық шараларын тоқтатып, олардың үлкен ортаға сіңісіп кетулеріне жағдай жасар едік. Әрине осындай ұсынылатын шараларға бірінші кезекте елге оралған репатрианттардың өзіндік сана сезімдеріменде жұмыс жасау керек. Мемлекет көші-қон саясатында жүргізіліп жатқан бағдарламаларға өздері қоса жәрдемдесіп, ұсыныстарын айтып, елге келгендегі қойған басты мақсат бірегейліктерін көрсету керек. Өйткені қандастардың ішінде де кертартпалық ойлар мен оппозициялық көзқарастардың қалыптасқанын көруге болады. Осы орайда қоғамда елге келген қандастар арасында азаматтық қоғамды дамытатын қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық қорлардың жұмысын әр аудан мен қалаларда ашып, мемлекет тарапынан әдістемелік, қаржылық жағынан қолдау көрсетіп жұмыстарына демеу беру шараларын ұсынар едім.

Алайда Шығыс Қазақстан облысының этникалық құрамының әр түрлілігіне, тілдік қиыншылықтарға, географиялық, табиғи климаттық жағдайына қарамастан осы өңірге келген репатриант азаматтар әлеуметтік-мәдени бейімделу шаралары жылдам болмаса да, жылдар өткен сайын егеменді елдің толық қанды азаматтары болып қалыптасты. Осы мәселені зерттеу барысында елге оралғаннан кейінгі Шығыс Қазақстан облысындағы оралмандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы зерделенді. Қазір облыста 60 мыңнан астам репатрианттар тұрады және олар Қазақстанға көшкен сәттен бастап аймақтың экономикалық және мәдени дамуына, елдегі демографиялық жағдайдың жақсаруына өз үлестерін қосуда. Бұл Қазақстан Республикасының бірыңғай біртұтас мемлекет ретінде сақталуына ықпал ететін күрделі процесс. Сонымен бірге репатрианттар демографиялық мәселені де шешуде белгілі орын алады. Сондықтан, мемлекеттік бағдарламалар репатрианттарды орналастыру жүйесіне барынша назар аударғанда, облыс өңірлері бойынша қоныстандыру жұмыстары көші-қон заңының барлық жоспарланған мақсаттарына жете көңіл аударғанда іске асады. Жоғарыда көрсетілген репатрианттарды көшіп-қонуы жөніндегі бағдарламаларға олардың Отанына оралуына жағдай жасау, елге келгеннен кейін оларды әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету, қоғамдық ортаға бейімдеу және экономикалық жағдайды арттыру кіреді. Жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар мен дала жұмыстары нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысы репатрианттарының күнделікті өмір жолында материалдық мәдениетінің ортаға бейімделу мәселелері, олардың экономикалық жағдайы талданды. Сонымен қатар, қандастар қай елден келгені маңызды емес, оларға бүкіл халық болып, бейімдеу шараларына жәрдемдесіп, сырттан келген этникалық қазақтарға елдің, жердің азаматтары болуға лайықты екендігін жиі айтып жылы қабақ танытса, репатрианттардың көңілдері өсіп, мәртебелерінің жоғарылай түсетіні анық. Қазіргі уақытта зерттеу жұмысы барысында репатрианттарға қатысты кейбір мәселелердің сақталғаны атап өтілді, бірақ Қазақстанда оларды шешу мен жүйелеу үшін барлық мүмкіндіктер бар. Елге келген қандастардың жағдайын жауапты қызметкерлерге қатысты шаруа ретінде қарамай, барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет.

3 РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - МӘДЕНИ БЕЙІМДЕЛУІ

3.1 Қоныс аударушылардың этномәдени бірегейлігінің өзіндік ерекшелігі және өзге мәдени үрдістерге енуі

«Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, сал-санасы, әдет-ғұрпы барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасын да бөліп карауға жатпайтын ортақ байлық» – деп, Тұңғыш Президент Н. Назарбаев дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайында атап көрсеткен болатын. Қазақстан да әлемдік тәжірибеден үлгі алып, елге келген қандастарды қабылдап ортаға бейімделулерімен кірігулеріне, олардың атамекенге оралуына жағдай жасалынуы басты назарға қойылған [157].

Зерттеу жұмысы елге оралған репатрианттардың күнделікті өмір тарихымен тығыз байланысты. Күнделікті өмір тарихының теориялық және әдіснамалық мәселелерін зерттеу тың бағыттардың бірі болып қалыптасып отыр. Күнделіктілік тарихын зерттеуде пәнаралық байланыстармен жүзеге асырылады. Онда тарих және басқа да қоғамдық ғылымдардың (әлеуметтану, антрапология, мәдениет, этнология, психология және т.б.) жаңа көзқарас тұрғысынан қалыптасқан тұжырымдары мен ұстанымдары негізге алынады. Зерттеу нысаны болып бір тарихи кезең аралығындағы репатрианттардың күнделікті өміріндегі әлеуметтік - мәдени бейнесі мен саяси өмірдегі көріністі қалыптастырушы, жаңартушы және өзгертуші басты тұлға ретінде қарастырылады. Репатрианттардың жаңа қоғамдық ортаға келгендегі әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан бейімделуіндегі күнделікті өмір тарихын зерттеу арқылы репатриация саласындағы негізгі мәселелерді ашып көрсетуге мүмкіндік беріп отыр. Этникалық-мәдени жақындық пен ұлттық менталитеттің бірлігіне қарамастан, қоныс аударушы және қабылдаушы қоғамдағы өзара іс-қимыл шетелдік мәдени және саяси ықпалының әсерінен ұлттық-азаматтық бірегейліктің айырмашылығы көрсетілген. Репатрианттар өмірін зерттеп білуде күнделікті тарихтың әдіснамасы арқылы қандастардың қоғамдық ортаға кірігуі және жергілікті халықпен қарым-қатынасымен әлеуметтік мәртебесін сауалнамалар мен жекелей сұхбаттар барысында анықтаудың маңызы зор.

Дегенмен атап өтетін жағдай, қазіргі таңда репатриант азаматтардың мәселелеріне талдауда негізгі көңіл аударатын жағдай шетелден қоныс аударған қандастардың келген елдеріне байланысты өзіне тән ұлттық санасының әртүрлілігі мен олардың дүниетанымындағы өзгерістерді зерделеу мен қатар қоғамдық ортаға бейімделуі өте күрделі әрі қиын үдерістердің бірі. Себебі, ол халықтың күнделікті өмірінде көптеген жылдар бойы бейімделген қоғамдық түсінуі, түйсінуі, сезінуі, игеру әдеттері мен мүмкіндіктерінің жүйеленуі, бейнеленуі болып табылады. Өзі біршама жыл мекен еткен қоғамдық орта мемлекеттен тыс өмір сүру отандастардың қал-жағдайы, салт-дәстүрі, тілі мен мәдениеті, діні және де менталитеті сол өмір сүріп жатқан елдердің саяси-әлеуметтік жүйелерінің, әлеуметтік-экономикалық құрылымдарына белгіленген салт-дәстүрлеріне тәуелді болғандары заңды

құбылыс [88, б. 352]. Елге оралу басты міндет, алайда қандастардың қоғамдық кірігуіндегі күнделікті өмірінде қоныс аударып келгеннен кейінгі шешімін табуға тиісті біршама мәселелер бар. Атап айтсақ, қазіргі уақытта репатрианттардың тарихи отанына оралғаннан кейінгі олардың қоныс аударған мемлекеттердің әртүрлі саяси жүйелері мен әлеуметтік жағдайы, дәстүрлерінің ерекшелігі тәуелсіз Қазақстанның этно-әлеуметтік кеңістігіне үйренісуге күнделікті қоғамдық өмірге ену көптеген қиыншылықтар туғызады. Сол себепті, аталған мәселені жан-жақты зерттеп, ғылыми тұрғыдан талдау жасау - бүгінгі күннің басты бағыттарының бірі.

Тарих ғылымдарының докторы, қытайтанушы, Н. Мұхаметханұлы пікірі бойынша репатрианттар өздерінің шыққан мәдени орталарының ерекшеліктеріне орай төрт түрін (негізінен әлеуметтік-саяси) практикада назар аударды қажет екендігін көрсетеді. Бұл моңғол мәдени ортасының, Қытай, кеңес және де ислам (мұсылмандық) әсері туралы. Исламдыққа Ауғанстан, Иран және де Түркиядан келген қазақтарды жатқызады [70, б. 157-162]. Осы атап көрсетілген репатрианттардың шыққан мәдени орталықтарын 4 түрінен бөлек Түркия арқылы батыс Еуропа елдеріне қоныс аударған қазақ диаспорасының санасына Батыс елдерінің мәдени ерекшеліктерін сіңіргенін атап өтуге болады. Қытай, Түркия, Моңғолия келген репатрианттарда қазақ алфавитінде жазу қиындық тудырып жатыр. Алыс шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерінің айтуынша, олардың жастарына қазақ тілінде сөйлеудің өзі қиыншылық тудырады. Себебі, мәдени тілдік орта жақсы дамымаған. Соңғы кезде Қытай елінде қазақ диаспорасы тығыз орналасқан орталарда қазақ, ұйғыр тіліндегі мектептерді жауып тек қытай тілінде білім беруді және де тұрмыста қолдануды қатаң талап етіп жатқан шараларды байқауға болады. Бала-бақшадан бастап тәлім-тәрбие тек қытай тілінде жүргізіле бастаған. Сондай-ақ, ислам дінін ұстанушыларға деген шектеулер мен тыйым шаралары да бар. Осы үрдіс жалғасын таба берсе біраз жылдардан кейін жастар тарапы салт-дәстүр, мәдениет, исламдық сенім мен тілдің ұлттық құндылық бейнесінен айырылып қалу шаралары тұр. Осы кезекте Моңғолия елінен келген қазақ диаспорасы тығыз орналасқан репатриантпен Моңғолияның Ұланбатор аймағында, солтүстік бөлігінде монғол халқы тығыз орналасқан ортадағы жұмыс бабымен барып, тұрақтап қалған қазақтардың қазақылық бейнесі мен ұлттық құндылық, салт-дәстүр, қазақ тілін ұстануы мен қолдануында айырмашылықтар бар. Сондықтан қазақ диаспорасының неғұрлым келген елдерінде негізгі ұлттың тығыз орналасқан жерде тұруы, олардың сана сезіміне жүргізіліп жатқан саясаттың салдары көп әсер ететіні анық. Елге келгенде бейімдеу мен қоғамдық ортаға кіріктіру осы негізде елге келуге ниет білдіруші репатрианттарды жаппай көшіріп, елге шақыру саясатын әрімен қарай, жеңілдетілген көші-қон саясаты арқылы жүргізген абзал.

Алайда, қазіргі келіп жатқан қандастардың әртүрлі мемлекеттерде және де әртүрлі саяси жүйелерде өмір сүре отырып, этникалық қазақтар дәстүрлі мәдениетке бейімділігін және де ұлттық құндылығын сақтап қалды. Бұл оларды тарихи Отанда біріктіріп, бірыңғай қазақ халқын қалыптастырып отыр.

Репатрианттардың әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі үлкен өзгешілік қоныс аударуға дейін тұрақты мекен етіп келген аймақпен тұрмыс-тіршілігінің, салт - дәстүрінің, мәдениетінің өзгеше болуы әрбір елден келген азаматтардың өзіндік ерекшеліктері бар. Себебі, сол мемлекеттің саяси басқаруы, ұстанған бағыттары барлығы да санаға тікелей әсер ететіні белгілі. Шығыс Қазақстан облысына көшіп келу саны жағынан жоғары көрсеткішке ие Қытай, Моңғолия, Өзбекстан мемлекетінен қоныс аударушылардың қоғамдық ортаға бейімдеу жағынан өзгеше әлеуметтік-мәдени үрдістерін қарастырып талдау жасасақ:


Егер Қытайдан көшіп келген қазақтардың өзіндік сана-сезімінің сипаты туралы айтатын болсақ, олар негізінен Шығыстық мәдениетке сондай-ақ мұсылман әдет-ғұрыптарының көптеген белгілеріне жақын. Ежелгі мал шаруашылығының дәстүрлерін сақтап қалды. Ол ауызша және де жазбаша әдебиетте өзінің қасиеттерін жақсы жандандырды, өнерді құрметтейді. Бірақ әлеуметтік салада этникалық бәсекелестіктің артта қалуына әкелетін көптеген құбылыстар бар. Алайда, Қытайдан келген қазақтардың ұлттық санасында болашаққа деген сенімділік біртіндеп беки түсуде, бірақ қазіргі кезеңде екі ел арасында кейбір саясиленған, халықаралық деңгейде шешімін табуды қажет ететін проблемалар бар. Болашақта шешімін күттіріп тұрған мәселелерде баршылық. Соның бірі ақпараттық деңгейдің өте төмендігі, мәдени қатынастың шектеулілігі болып табылады. Осы орайда, Қытайдан келгендердің тұрмысында Моңғолиядан келген оралман азаматтар арасында ұқсастықтығы көрінеді [125, б. 142].

Облыс бойынша сандық көрсеткіші жағынан басымдылыққа ие қандастардың тұратын елдердің ішінде алғашқы қонысты тарихи отанына аударып, Қазақстанға белсенді көшуді бастаған Моңғолиядан келген этникалық қазақтар болатын. Олар ШҚО бойынша елге келген қандастардың мөлшермен 40% – дық көрсеткішіне жетті. Осы елден көшіп келген азаматтардың менталитетінде қандай ерекшеліктер бар. Ең алдымен, бұл елдің кешегі коммунистік партия кезінде көрген салдарын ескеру керек, яғни демократиялық мемлекеттің жоқтығынан Моңғолия қазақтары Қазақстанмен өзара оқшаулануда әлсіз байланыста өмір сүрді. Моңғолияда елдің 6% – ын құрайтын қазақтар олардың тұратын ауданында 90% – ға жуық тығыз орналасқан. Сондықтан қазақ тілі мен дәстүрлері жақсы сақталған. Бірақ дінге атеистік көзқарас тұрғысынан мұсылман тұрмыстық деңгейінде сақталды. Негізінен, мал шаруашылығымен айналысатын бұл аймақта өркениетті тұрмысқа қарағанда халықтың табиғи экономикаға бейімділігі сақталды. Қазақ мектебінде қазақ тіліндегі сабақтардан гөрі моңғол тіліндегі сабақтар басым. Бірақ жастар моңғол тілдерін қазақ тілімен шатастырмайтынын атап өтуге болады. Бұл қазақ халқының табиғаты әртүрлі тілдерді үйренуге бейім екенін көрсетеді. Қазіргі уақытта Моңғолия қазақтары елімізде болып жатқан саяси және мәдени жаңалықтарымен толық қамтамасыз етілген. Оның себебі Қазақстандық теле арналарды еркін көруіне қол жетімділігін атап өтуге болады.

Облыстың үшінші аймағы бойынша 5% – Өзбекстаннан келген репатрианттар құрайды. Бұл мемлекеттен келіп қоныс аударған азаматтардың

өзіндік санасына келер болсақ, бұл мемлекеттегі қазақтар, өздерінің ұлттық келбетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын, тілін, дінін (мұсылмандық діни сананың да ықпалы зор) және бұл рухани құрылымдарды қоғамда негізінен жақсы сақтай білгенін байқауға болады және әлеуметтік қоғамдық қиыншылықтарға байланысты кейбір қазақ азаматтардың өзі ата-тегін өзбек деп, өзгерткендері де бар. Әрине елдегі этникалық үлкен және түпкілікті халық – өзбектердің өмір салты, мәдениеті мен салт-дәстүрлері, өзінің ықпалын этникалық топтарға тигізуі заңды құбылыс. Бірақ кезінде тарихи тұрғылықты қазақтармен қоса аштық заманында көшіп барған қазақ жұртының өз тілінде мектептерден сауат ашуға мүмкіндіктері аз жерлерде өзбекше білім алу, тіпті өзбек ұлтының азаматы деп, жаздыру деректері айтылған [122, б. 296]. Түркиядан келген қазақтардың менталитеті мүлдем өзгеше, олар барынша батыс мәдениетіне таяу, әрі қоғамдық ортаға тез бейімделіп кететіндігін және этникалық сананың биік деңгейін, тұтастануға талпынысын көрсетеді. Алайда, шығыс аймақтарда осы мемлекеттерден көшіп келген азаматтардың саны өте төмен. Сондықтан бұл мәселеге назар аударылып, зерттеулер жасалынғаны абзал деп ойлаймын. Осыған орай ғылыми зерттеулердің қолға алынбай келгенін және де алғашқы бастау кезеңінің өз қиыншылықтары болатынын атап өтіп, мемлекет тарапынан мардымды көмек қажет екендігін ұмытпаған абзал.

Осы мәселені тереңдей талдау барысында ШҚО бойынша жүргізілген сауалнамада «Өзінің бұрын тұрған аймақпен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағында ұқсастық байқадыңыз ба?» деген сауалға 60%– айырмашылық бар, бірақ салыстыруға келмейді, 23% – тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі ұқсас, 15% - мәдениет жағынан ұқсастығы аз деп жауап берген [177, р. 154-169].



Сурет 7 – Өзінің бұрын тұрған аймақпен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағында ұқсастық көрсетілген

Репатриант азаматтарды қоғамдық ортаға бейімдеудің тағы бір үлкен қиыншылық жазу ерекшелігі мен жергілікті халықтың тілі. Шетелден келген қандастар үшін ортаға бейімделуінде мәселелердің бірі ол қазақ әліпбиін олардың меңгермеуінде. Қазақ ұлтының ауызекі сөйлеу тілінде қиындықтар тұмағанымен, қандастар арасында бір-бірінің жазу тіліне келгенде түсінбейтін жағдайлар кездеседі.





Алыс және жақын шетелден келген қандастардың төл ортаға бейімделуіне кедергі келтіретін үлкен мәселе - қазақтардың әліпбиінде болып отыр. Қазіргі таңда дүниежүзі қазақтарының ауызекі сөйлеуінде ешқандай айырмашылық жоқ, бірақ әрбір елде тұратын қазақтар бір-бірінің жазуын түсінбейтін жағдай қалыптасып отыр. Осы негізде шет елдегі қазақтар алфавиттің үш түрін қолданады. Олар: кириллица, латын, араб алфавиті. Мысалы, Өзбекстан мен Түркменстаннан келгендер латын әрпінде және де Еуропада тұратын қазақтар латын алфавиті негізінде сауат ашқан. Қытайдан қоныс аударушылар қазақтың көне төте жазуы араб алфавиті негізіндегі жазу түрін қолданады. Моңғолия, Ресей және де ТМД аймағындағы мемлекетінен қоныс аударушы қазақтар кириллица қолданады, сол себепті бұл аумақтан қоныстанушылар үшін жазу үлгісіндегі қиыншылық көп кездеспейді [81, б. 352]. Осы қиындықты жеңу барысында Қазақстанда мемлекет тарапынан барынша жағдайлар жасалынууда, елге келуші азаматтарға жергілікті халықтың жазуы мен тілін үйрету мақсатында облыс аймақтарында арнайы қандастар орталығы жұмыс жасайды және де еліміздің ЖОО-на түсем деуші жастар үшін бір жыл немесе бір жарым жыл көлемінде дайындық курстары жұмыс жасап, ол азаматтар үшін тұратын баспана толықтай қамтамасыз етіліп, тегін дәрістер оқытылады. Шет елдік қандастардың әрмен қарай орта білім беретін оқу орындары мен жоғары оқу орындарына білім алуына жағдай жасау, олардың бейімделуін жеңілдететін үдерістердің бірі болып табылады. Әрине бұл дегеніміз тегі қазақ жастарының оқу білім алуына мемлекет тарапынан жасалған үлкен мүмкіндік болғанымен алған дипломдары қазақтардың келген елдерінде (Моңғолия, Қытай т.б.) жұмыс жасауына жарамсыздық танытып жатқаны тағы бар. Ал ендігі кезекте алған дипломдарымен елде Қазақстанда мамандық бойынша жұмыс жасауға орын таппай жатқан мәселелерді жастардан жиі естиміз, осының салдарынан алған білімін сырт қойып басқа салаларда жұмысшы болып жүргендердің де қарасы жеткілікті. Жоғарыда айтылған мәселеде мемлекеттің жасаған білім алуы мүмкіндігіне міндетті жұмыспен қамту шараларын қолға алса оң нәтижеге қол жеткізуге болар еді. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) аймағынан келген қазақтар үшін Қазақстан қоғамына бейімделу жеңіл, оған басты себеп Кеңес үкіметінің құрамында болған елдерде жазу үлгісі кириллица және де ортақ тілді болғандықтан әлеуметтік-қоғамдық ортаға бейімделу үдерісі оңайға түседі. Ал, Қытай, Моңғолия, Түркия мемлекеттерінен қоныс аударушылар үшін қоғамдық ортаға тілдік жағынан болсын, әлеуметтік тұрмыс жағдайындағы өзгешіліктің көптеп кездесуі бейімделу барысында қиындық тудырады. Ол үшін қандастарын тарихи мекеніне жинаушы Германия, Ресей мемлекеттерінің тәжірибесінен үлгі алуымыз шарт [178, б. 33]. Қазіргі кезеңде Қазақстан мемлекеті мен шетел қазақтарының арасында қатынасты әлі де болса жоғарылату қажеттілігі бар. Дегенмен, осы биікке көтерілуге деген талпыныстарда кездеседі. Мемлекетке оралушы азаматтың қоғамдық ортаға бейімделуі, жергілікті халықпен жақын араласуы үшін қиындық тудыратын негізгі мәселелер: заң білмеу, жергілікті халықтың тілін білмеу (орыс тілі), жазу ерекшелігі көрсетілген. Осы мәселелерді шешу мақсатында қазіргі уақытта

республиканың әрбір аймағында қандастарды бейімдеу орталықтары ашылып, іске аса бастады.

Қазіргі кезеңде әртүрлі елдерден келген репатрианттар үшін әрбір халықтың ғасырлар бойы қордаланған рухани әлемі болады. Қоныс аударғаннан кейін олардың қоғамдық ортаға енуі мен этникалық бірігуі де басты әлеуметтік мәселе ретінде мемлекет тарапынан көп көмекті қажет етеді. Олардың көп жылдар бойы басқа этникалық ортада тіршілік етуі әлеуметтік-мәдени жағдайдың әрбір алуандығы көптеген өзгешелік тудырады. Осы негізде жаңа ортаға бейімделу маңызды фактор болып отыр. Алдағы уақытта атамекеніне оралған қандастардың тарихи отанындағы тұрмыс пен мәдени өмірге бейімделіп кетуі біршама уақытты, төзімділікті қажет етумен бірге ұйымдасқан түрде белгіленген әлеуметтік көмектер мен мәдени тұрғысынан қоғамдық ортаға бейімдеуді үнемі жүргізуді қажет етеді [96, б. 113]. Психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделу мен әлеуметтену этникалық ортаға ену күрделі процестердің бірі. Осыған орай маңызды мемлекеттік, әлеуметтік және де демографиялық саясат қажеттілігі туындайды.


Елге оралушы репатрианттардың жас ерекшеліктеріне орай бейімделу үдерісін төрт топқа бөліп қарастырамыз: жасөспірімдер, жастар, орта жастағылар және де егде жастағы азаматтар. Осы негізде қоғамдық ортаға бейімделу жетістіктері жеке және де топтық факторлармен бейнеленеді. Жеке факторларға (жасы, жынысы, білімі) және де адамның тұлғалық ерекшеліктері, оның өмірлік біліктілігі, коммуникациялық жаңалықтарды меңгерулеріне орай болады.

Кесте 16 – Репатрианттардың қоғамдық ортаға бейімделуіндегі жас ерекшеліктері көрсетілген

Репатриант азаматтардың қоғамдық ортаға бейімделу үдерісі	
	Бірінші топ – жасөспірімдер. Олар қоғамдық ортаға тез бейімделгіш, ата-аналарға қарағанда әлдеқайда ілгері жаңа ортаға сай мәдени нормалармен құндылықтарды қабылдайды.
	Екінші топ – жастар. Жастар жасөспірімдерге қарағанда күрделілік бейімделеді. Қоғамдық ортасы өзгереді. Киім үлгісі, іс-әрекетінің, тілдік құрылымның өзгешілігі бейімделуіне көп қиыншылықтар туғызуы мүмкін.
	Үшінші топ – орта жастағы қандастар. Олар үшін әлеуметтік-мәдени ортаға кірісу, қоғаммен тығыз байланыс орнату жастарға қарағанда да жергілікті халықтың жазуын, тілін үйрену қиынға түседі.
	Төртінші топ – егде жастағы азаматтар. Олар үшін мәдени ортаның өзгеруі күрделі сын болып табылады. Ол жастағы қандастардың түрлі мәдени-рухани ортаға бейімделуге талаптары жоқ, олар үшін қазақи дәстүрді ұстанып қалған ауылды аймақта қоныстану тиімді.
Ескерту – Сызба «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерлету» БҰҰ ДБ/БҰҰ жобасынан алынған мәліметтер негізінде автордың басшылығымен құрастырылған	

16 – кестеде көрсетілгендей әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуде репатриант азаматтардың жас ерекшелігі маңызды рөл атқарады. Жасөспірімдер жаңа ортаға тез бейімделгіш келеді. Ал жастарда бейімделу үдерісі баяу жүреді, ортаға кірісіп кетудің салдарынан олардың жергілікті азаматтармен байланыс орнатуы бәсеңдеп, өз араларында жеке араласу негізі қалыптасады. Орта жастағылар үшін де қоғамға кірісіп кету, байланыс орнату қиынға түсетін күрделі үдерістердің бірі. Қарт адамдардың мәдени ортасының өзгеруі тым күрделі сын болып табылады. Үлкен жастағы оралмандардың әртүрлі мәдени ортаға бейімделуге талаптары жоқ және де оларға «жат» мәдениетпен тілді, соның ішінде орыс тілін меңгерудің кейбір қажеттілігі туындайды. Бұл жағдайда қария адамдарға өзінің тұлға қасиеттерін бағаламау, сенімінің, сезімнің төмендеуі, келер ұрпақ алдында өз билігін жоғалту өзгерістері болады [90, б. 156].

Аталған келеңсіздіктерді жою үшін арнайы жоспарлар жасалынып, бүгінде басқа мемлекеттен қоныс аударған қандастардың қоғамдық ортаға бейімделуіне орай мемлекет тарапынан біршама қаржы бөлініп, қандастарды бейімдеу орталықтары әрбір облыстарда жұмыстарын жүргізуін тоқтатпау қажет. Әлеуметтік-мәдени бейімделудегі күрделі мәселе – жергілікті халықтың оларға жат түсіністік танытып, нашар қарым-қатынас орнатуы. Бұл үдеріс елге енді ғана қоныстанып, қоғамдық ортаға қалыптаспай жатқан азаматтар үшін психологиялық жағынан өте ауыр тиетін құбылыстардың бірі. Елге қоныстанғанға дейінге шешілмеген проблемалардың үстіне айналадағы қоғамның өзіне деген төмендетушілік пен жатсынуды байқаған қандай азамат болмасын жігерінің басылып, рухани дүниесіне қайғы әкелу ғажап емес. Себебі, басқа бір қоғамдық ортадан, мемлекеттен келген тұлға үшін бұл құбылыс оның жан дүниесіне өте ауыр әсер етуі мүмкін. Бір ғана қарапайым мысал құжат қабылдаудағы азаматтардың жылы жүзбен қарсы алып, сұрағаны туралы толық ақпарат беруі де олар үшін өте маңызды. Осы мақсатта облыс бойынша жүргізілген сауалнамада *«Сізге жаңа мәдениетке бейімделу қай жағынан ауыр тиді?»* деген сауалға репатрианттар келесідегідей жауап қайтарған.




Сурет 8 – Жаңа мәдениетке бейімделу қай жағынан ауыр тигені көрсетілген

ШҚО репатрианттарының елге қоныс аударғаннан кейінгі бейімделуінде қиындық көрген мәселелері психологиялық тұрғыдан 47%, экономикалық тұрғыдан 28%, әлеуметтік тұрғыдан 23%, басқа да жауаптар 2 % құрағаны көрсетілгендей, елге оралушылардың Қазақстан қоғамына оралу үдерісі барысында көп азаматтар экономикалық жағдайынан немесе әлеуметтік деңгейдің төмендігінен емес жергілікті халық, яғни тұрғылықты қазақтар тарапынан психологиялық төмендетушілікті көп көргендерін айтады [177, р. 154-169].

Сізге адамның діни тәуелділігі қанишалықты маңызды? деген сауалға келесідей жасауап берген. Респондеттердің 39 % адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде дін мен үшін маңызды емес деп көрсеткен. 24 % адамның діни көзқарасына мүлдем назар аудармайтынын атап өткен. 28 % мен әрқашан адамның діни көзқарасына назар аударатынын белгілеген. 9 % жауап беруге қиналатынын көрсеткен. Елге келген репатрианттар Қазақстанның зайырлы қоғамына бейімделгіш келетінін анықтауға болады. Олардың 63 % дерлік адамдармен қарым-қатынас кезінде діни көзқарастарына аса мән бермейтіндігін атап өткен. Сырттан келген қандастардың арасында да дінді тұрмыстық деңгейде ұстанатындығын көруге болады.

Сіздің жергілікті тұрғындармен қандай қарым-қатынастарыңыз бар?



Сурет 9 – Жергілікті тұрғындармен қарым - қатынастары көрсетілген

Респондеттердің жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасы бойынша 47 % жақсы, достық, 41% орташа қатынаста, 8% мейрімді емес, 4% жағымсыз деп белгілеген. Осыдан шығатыны 88 % респонденттер қоғамға бейімделген, 12 % қандастардың қоғаммен үйлесе алмай жүргенін көруге болады. Жағымсыз бағытындағы қарым-қатынасты белгілеуге оларға қатысты жергілікті тұрғындардың көзқарастарынан туындауы мүмкін.

Осы қарым-қатынас салдарынан қандас азаматтардың әлеуметтік қашықтық орнатқаны белгілі. Мысалы, тұрғылықты Қазақстандықтармен байланысуының нашарлауы. Өздерінің арасындағы қарым-қатынас, олардың бұл үдерісі Шығыс Қазақстандағы облысы халқына бейімделуіне кері әсерін

тигізері анық. Өзара байланыстан гөрі, қоғаммен байланысқа түскен кезде ғана олардың Қазақстан қоғамына бейімделіп кету үдерісі тез қарқынмен жүреді деген ойдамын. Бұның барлығы өтпелі кезеңнің өткінші құбылысы. Сондай-ақ шет елден келген азаматтармен құрылымдық байланыс: тілді, мәдениетті, руханилықты, діни негіздердің ортақ екенін сезінуі керек. Бұған басты себеп, тоталитарлық саясаттың салдарының да көп кері әсер тигізгені де айқын. Сол себепті, шет елдегі қазақ ұлтының өкілдерімен ешқандай байланыс орнамауы көп қиыншылық туғызады. Бұндай шараларға мемлекеттік бағдарламаның көмегімен ғана қол жеткізуіміз азшылық етеді, оған жалпы халық, Қазақстан болып біріккенде ғана толықтай мақсатқа жетуімізге болады. «Тек мемлекеттік жұмыс» деп қарамау керек, мәселелер этнопсихологиялық, саяси үдерістер қатарына жататын күрделі үдерістердің бірі.

Қазақ халқы ата-баба дәстүрін берік ұстанатын, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа бай мұралары бар ұлт екендігі мәлім. Репатрианттардың күнделікті өмір тарихын зерттеу жұмыстары барысында шет елден келген қазақтардың осы ата-бабадан қалған ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді берік ұстанатыны байқалды. Осы тұрғысынан жергілікті халықпен шет елден келген этникалық қазақтар арасында салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа орай кімнің нағыз қазақ екендігін анықтайтын белгі секілді өзара сырттай тартыс пен әңгіменің жүретіндігін байқауға болады. Зерттеу жұмысы барысында қандастардың күнделікті өмір сүру жағдайын талдау жүргізілді. Шығыс Қазақстанда көп қоныстанған Қытай мен Моңғолиядан келген қазақтардың тұрмыс - тіршілігін алып қарастырып көрейік. Ең бірінші кезекте ауыз-екі тілде сөйлеуге келгенде екі елден келген этникалық қазақтар бір-бірін еркін түсініп, қарым-қатынас жасауларына еш кедергі болмайды. Тек көптеген жылдар өзге мемлекетте өмір сүргендіктен сөйлеу мәнерлерінде айырмашылықтардың бар екендігін көруге болады. Әліпиді қолдану кезіндегі жазу мен сызуға келгенде қиыншылықтарға тап болып жүргендігін айтады. Қазақстанға келгенде екі елден келген қазақтар үшін жергілікті жерлерде өзге ұлттар тығыз болғандықтан, немесе қалалық жерлерде орыс тілінде сөйлейтіндер тарапынан қоғамдық ортаға бейімдеу мен кіріктіруге келгенде қиындықтар туғызып жүргендігін көруге болады. Елге келген қандастар арасында шаруашылық-тұрмыстық жағдайына келетін болсақ, Шығыс Қазақстанға келген қандастардың басым көпшілігі аудан мен ауылдық жерлердегі орналасқан. Моңғолия мен Қытайдан келген этникалық қазақтарға ата-бабадан қалған мал шаруашылығымен айналысу кәсібімен шұғылдану тән болып келеді. Ауылдық жерлерде төрт түлікті баптап, төлдетіп, мезгілімен жем-шөптерін дайындап, өсіріп, мал басын көбейтіп, қажеттіліктеріне сатып қызметтерін жасауда. Жергілікті ауылдың халқымен салыстырмалы түрде қарағанда осы шаруашылық түрін дамытуға бейім және де өте пысық келетінін жергілікті тұрғындардың өзі растайды. Ауылдық жерде бірден көзге түсетіні елге көшкенде Қытайдың кіші тракторларын өздерімен бірге алып келгендігін көруге болады. Сол тракторды шаруалықтарына пайдаланып, жалданбалы қызметтер жасап, өзін-өзі қамтып отырғандарын да байқауға болады. Ауылшаруашылығы мен жеміс-жидектер, көкөніспен айналысатындар саны

көп. Бірақ бір айта кететіні жеміс-жидек бау бақшамен айналысу Қытайдан келген қазақтарға тән екендігін көруге болады. Көктемде жерін жыртып, дайындап, жеміс-жидектерін салып, жазы бойы суғарып, шөптеп, қарайды. Күзде жемісін нарыққа сатып, еңбектері үшін ақшаларын алып, қыстың қамына кірісіп, қыстың мезгіліне дайындалады. Осындай шаруашылық түрлерімен жыл мезгілдерін қарсы алып күнделікті өмірлері өтіп жатыр. Ал, Моңғолиядан келген қазақтар шаруашылықтың осы түрімен аз мөлшерде шұғылданады. Осы көрініс қандастардың келген елде қандай шаруашылық түрімен айналысқандарын байқатады. Жергілікті халықпен сұхбаттасу барысында, қандастар жайында келген елдеріне орай келесідей пікірлер береді. Моңғолиядан келген қазақтар көбіне шаруашылықтың бір түрімен айналысып, шаруашылықта жәймен, асықпай қызмет жасайды және де мемлекеттік қызметтерге орналасуға жақын көрінеді. Қытайдан келген қазақтар ауылшаруашылығы немесе мал шаруашылығы болсын, бәрімен айналысып, өте жылдам, өзіне – өзі қызмет жасауға, сауда – саттықпен айналысуға жақындығын талдау барысында көруге болады. Еліміз үшін ауылшаруашылығы, малшаруашылығын дамыту осы саламен айналысатындардың қатарын көтеру маңызды болып табылады. Қандастарға қызметтеріне мемлекеттік бағдарламаларды пайдаланып, шаруашылықтарын дамытуға жергілікті басқару органдары тарапынан қолдау көрсету ұсынылады.

Қандастар жанұялық жағдайда салт-дәстүр мен ырым-жоралғыларды жақсы ұстанады. Көбінің үйінде дөңгелек дастарханды пайдаланып, малдас құрып отырып ауқаттанады. Әрбір жанұяның үйінде салт-дәстүрдің жұрнақтары, ою-өрнектелген текемет, көрпе, жастық, сырмақ секілді тұрмыстық заттарды көресің. Бұрыштарда ілінген қамшы, үкінің қауырсыны бірден көзге түседі. Қазақтың қара домбырасы мен қобызы төрде ілулі тұр. Қонақтарға асым етті бешбармақты жіліктеп тартып, дастархан басында турап, бала-шаға мен қонақтарға таратып беру рәсімі сақталған. Қазіргі уақытта жергілікті жерде етті жіліктемей, бешбармақты турап әкелетінін байқауға болады. Моңғолиядан келген қандастардың асханасы бешбармақтан бастап, ет өнімдерімен дайындалған тағамдарды жиі пайдаланады екен. Қытайдан келген қандастардың асханасы да бешбармақты қолданғанмен, көкөністер қосылған ащы тағамдарды жиі қолданады. Қандастардың дастарханын молайтып тұрған бауырсақсыз дастарханды жаймаймыз дейді. Бауырсақтың ши тәрізді, үлкен, кіші, домалағын пісіреді. Дастарханда күнделікті қолданады. Құдаласу мен қыз алу қыз беру рәсімдерінде жергілікті халықтан аса айырмашылығы жоқ, берілетін ырымдар мен жоралғылар бірыңғай сақталған десе болады. Тек атауларында айырмашылықтар кездескенімен мән-мағынасында өзгерістер жоқ. Қалың мал, ана сүті деген дәстүрлер малдай, заттай берілсе, бізде нарықтық заманда осының көбі қаржылай әкеліп жатқан жағдайлар бар екендігін көруге болады. Үйдің үлкен баласының келісімінсіз кіші бауыр, қарындастары жанұя құруға немесе тұрмысқа шығуға болмайтынын ұстанады. Екі жақтың рұқсатымен қызды алып қашу дәстүрін әлі де жиі қолданады. Жеті ата өтпейінше қыз алысып, қыз берісуге болмайтын салтымызды қатты

ұстанады. Қазіргі кезде елге келген қандастар мен жергілікті қазақтар арасында қыз алысып, қыз берісіп жатқандығы бар. Бұл иісі бір қазақтың бірігейлігі мен ұлтжандылығының арқасы деп білуге болады. Сенімдеріне келетін болсақ барлығы дерлік өздерін ислам дінін ұстанушылар ретінде санайды. Бірақ ислам дініндегі шарифат жолымен жүріп, бес уақыт намазын оқитындар саны көп емес. Көбінесе жасы үлкен адамдар мен жастардың арасында дінге деген қызығушылықтарын көруге болады. Жерлеу рәсіміне келгенде барлық ырым-жоралғылар атқарылады. Өлімді естірту, жуындыру, оң жаққа салу, қонақ асы, жаназа, жаназа асы, жетісі, қырқы, жылдық ас беру негізгі жоралғылар атқарылады. Жерлеу рәсімдерінде аз адамдар жиналады туған туыс жақындары. Ол елге келген қандастардың елімізге келгенде толық қанды етек жайып қоғамдағы халықтармен тығыз қарым-қатынасқа түсе қоймағандығын байқауға болады. Жерлеу рәсіміне аз адамның келуі көбінесе қалалық жерлерге тән белгілер. Зиратты көтергенде ауылдық жерлерде таудан әкелінген тастармен көтереді немесе қарапайым қылып, кірпіштен басын көтереді. Жергілікті халықтың арасында зираттың басын көтеруді мазар қылып, бір-бірінен асырып жасап жатады. Осы орайда айырмашылықтар кездеседі.

Қазақ диаспорасын зерттеуші ғалым Г. Мендикулова «репатрация идеясы жалпы қазақтардың этникалық келбетін нығайта түсуге қызмет ете түсуі қажет» деген пікір айтады [3, б. 1]. Қандастар ұлттық мәдениет пен рухани мұраны жаңғыртуға және оны бекітуге өзіндік үлесін қосары анық. Белгілі бір этно-әлеуметтік кеңістікте тығыз орналасқан қандастар ұлттық өнер мен дәстүрді, әдет пен ғұрыптардың бір бөлігін сақтаған. Репатриант – мәселесінің өрбуіне тоталитарлық жүйе өз ықпалын тигізбей қоймады. Шет елдегі қазақ ұлтының өкілдерімен бұрын сонды тығыз байланыс болмауы, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінен жырақта жүруі, төл тарихын білмеу, туған тілінің баға жетпес құндылығынан айыру қаупі туды. Шетелден келген қандастар әрбір елден қоныс аударуына орай олардың тіліндегі, мәдениетіндегі айырмашылықты көптеп кездестіруімізге болады. Себебі, өмір сүріп жатқан қоғамдық орта адамды өзгертуі мүмкін. Әсіресе, тілдік жағынан ассимиляцияға ұшырау мәселесі қазақ репатрианттарының арасында кездеседі.

Әлем елдерінде тұратын этникалық қазақтармен қарым-қатынасты әрдайын жетілдіру керек. Сонымен қатар әлем деңгейінде қазақ диаспораларының жан-жақты тарихын баяндайтын еңбектер жазылып оларды әр түрлі тілдерде баспадан шығарып насихаттау жұмыстарын жүргізу қажет. Репатрианттарды елге шақыру жұмыстарын жетілдіру маңызды. Диаспора өкілдерінің өз тілдері мен мәдениеттерін сақтап қалуына этномәдени орталықтарға жәрдемдесу жұмыстарын жүргізу керек. Осыған мемлекет те аса назар аударып әлем қазақтарының осымен бес құрылтайын өткізген болатын. Біз үшін шет елдегі қандастардың тариха отанына оралулары аса маңызды. Олардың өз отандарына оралуларына әбден құқылы. Қандастардың елге оралғаннан кейін заңнама аясында балаларының мектепке дейінгі мекемелерге кезексіз, ақысыз орналасуы, бейімделу жолында тілдік курстарды жетілдіру,

оларды қайта даярлау, квота негізінде пәтерге қол жеткізулерін әлі де болса жетілдіру керек [103, р. 545].

Репатрианттардың келген орталарына енуі мен ондағы қоғамдағы ортаға орнығуы мен қалыптасуы ұзақ бейімдеу процесін қажет етеді. Осы негізде репатриант жанұяларды топтастырып орналастыру қолға алынған, мәселен, оралмандарға арнап салынған ШҚО баспаналар, Курчатов, Шығыс (Нова-Явленко) аймақтарындағы салынған мектептер мен балабақшалар соның айғағы. Дегенмен бір жерге жалпылама жинап орналастыру бейімделу мәселесіне келгенде тежелудің баяу жүрудің белгілерінде талдау жұмыстары барысында байқауға болады. Шеттен келген ағайынды бейімдеу деген үлкен мәселе. Әсіресе, психологиялық жағынан бейімдеу. Қоныс аударушының қызметі, тұрмыс-тіршілігі барлығы өзгеріске түседі. Оған басты себеп, қарапайым ғана үйдегі жиһаздар, жатын орындарын ауыстырғанның өзінде адамдарда жағымды немесе керсінше жағымсыз жағдайлар пайда болатын көрінеді. Сондықтан шетелден көшіп келу, басқа ортаға кірігу қиын үдерістердің бірі. Ол адамның дүние жинауы, ортаға бейімделуі белгілі бір көмекті, арнайы қолқорлықты қажет етеді.


Осыған орай республикада бейімдеу орталықтары жұмыс жасады. «Нұрлы көш» бағдарламасының басты мақсаты – репатрианттарды әлеуметтік ортаға бейімдеудің жеңіл жолдарын табу. Осы негізде 2009 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы аясында Семей қаласындағы «Оралмандардың әлеуметтік және экономикалық ықпалдасуын ілгерлету орталығы ашылған» [179]. Шығыс Қазақстан облысында бейімдеу орталығы өз жұмысын 2009-2016 жылдары аралығында атқарғанда репатрианттармен жүргізілген тығыз қарым-қатынасы мен әлеуметтік бейімделу жолындағы жұмыстары үлкен нәтиже берді. Дегенмен әрімен қарай осы істің баяулап қалу қаупі байқалады. Қоғамдық ортаға әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, құқықтық негіздерде бейімдеу шаралары белгілі бағдарлама аясында үнемі жүргізуді қажет ететін маңызды үдерістердің бірі екендігін тәжірибе көрсетіп берді [125, б. 142].

Ендігі кезекте, Шығыс Қазақстан облысындағы репатрианттар тарихындағы елге бірінші болып көшіп келген Моңғолия қазақтарының күнделікті әлеуметтік-мәдени бейімделуімен сол елдегі этникалық қазақтарының көші-қондық көңіл күйін анықтау мақсатында автордың тікелей қатысуымен далалық зерттеулер атқарылды. Осы мақсатта Шығыс Қазақстан облысына жалпы Қазақ еліне көшіп келушілердің ішіндегі көш бастап тұрған Моңғолия қазақтарын жергілікті мекендеріне Баян-Өлгей аймағына (102 мыңдай қазақ тұрады) барып талдауды жалғастырдық. Қазақтар өздері орналасатын аймақта тоқсан пайыз тығыздықта өмір сүреді. Моңғолия елінде 257 мыңнан аса қазақтар өмір сүрген, оның ішіндегі 120 мыңдайы Қазақстанға қоныс аударған деген мәліметтер бар. Ол қазіргі елге келген қандастардың 11,3 пайызын құрап отыр. Бірақ көшіп келген қазақтардың 10 мыңға жуығы алғашқы нарық заманына аяқ басып жатқан кезеңде Қазақстанға үйренісе, сіңісе алмаумен қатар ауа-райы денсаулығына жақпай, Моңғолияға келген

аймақтарына қайта оралған фактілерде кездесіп тұрады. Ендігі кезекте олардың Қазақстан жайында көзқарастары мен қалыптасқан пікірлері елге келем деуші халыққа қаншалықты әсерін тигізгенін анықтау мақсат етілді. Талдау жұмысының барысында Моңғолия қазақтарының миграциялық көңіл-күйі мен Қазақстан жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Моңғолия елінің Баян-Өлгей қаласында тұратын қазақтар арасында «face to face» әдісімен сауалнама жүргізілді. Әлеуметтік талдаудың негізгі мақсаты: жалпы Қазақстан жайында миграциялық үдерістері нәтежиесінде елімізге Моңғолия қазақтарының Қазақстанда келуі және де олардың көңіл-күйлерін анықтау көзделген.

Қазіргі таңда тарихи Отанға оралған азаматтар әлеуметтік-экономикалық және де әлеуметтік-мәдени, сондай-ақ азаматтық – құқықтық сипатындағы мәселелер туындағаны белгілі. Аталмыш мәселелерді шешу мақсатында мемлекет арнайы нормативті-құқықтық және де арнайы мемлекеттік бағдарламалар бекітіп іске асыруда. Осы жағдайды негізге ала отырып, жалпы миграциялық сипаттағы Моңғолия қазақтарының көңіл-күйлерін зерттеп, оlaraға баға беру өзекті мәселелердің бірі болып тұр.


Сауалнаманың бірінші бөлімінде жалпы әлеуметтік - демографиялық және де туыстық қарым – қатынас жайлы мәлемет алу жоспарланды. Сауалнамаға жалпы 100 респондент қатысты. Гендерлік бөлінісі бойынша 49% ерлер, 51% әйелдер қатысты. Олардың ішінде 53% жастар (14-29 жасты қамтиды), орта жастағы азаматтар (29-59 жасты қамтиды) 45%, ал қалған 2% 60 жастан жоғары азаматтар болды. Респонденттердің ішінде басым көпшілігі қазақ тілін (91 адам) және де моңғол тілін (52 адам) түсінеді және де сол тілдерде сөйлейді, күнделікті осы екі тілді пайдаланады. Сондай-ақ, орыс тілінде 15 респондент және де 3 респондент ағылшын тілдерін түсініп, сол тілдерде сөйлей алатындары анықталды.



Сурет 10 – Респонденттердің білім алу деңгейлері

Жалпы сауалнамаға қатысқан Моңғолия қазақтарының 45% орта білімдері бар, 37% – жоғары және де 18% арнайы орта білімдері бар екендігі көрсетілген.

Осы диаграммадан орта білімді мамандық иесі атанбаған азаматтардың пайыздық көрсеткіштерінің жоғары екендігін көруге болады. Елге оралушылармен жұмыс жасағанда мамандық беру мен қайта даярлау шаралары маңыздылығын жоғалтпайтын жұмыстардың бірі екендігі анықталды [168].




Сурет 11 – Респонденттердің айналасатын кәсіптерімен шаруашылық түрлері

Респонденттердің 27% пайызы мемлекеттік мекемелерді қызмет жасайтыны, 21% жеке кәсіппен айналысады, 15% ауыл шаруашылығымен, 16% студенттер, 2% зейнеткерлер құрады. Моңғолия қазақтарының арасында да түрлі саланы игеріп қызметтер жасауға бейім, қоғамда белсенді азаматтарды көруге болады [168].

Сауалнама барысында респонденттер **Моңғолияда қанша уақыт тұрып келгені бойынша 43 респондент** «Осында дүниеге келген (1-70 жыл)», 30 респондент «Ата-бабаларым осында тұрған (50-90 жыл)», Қазақстаннан көшіп келгендер – 8 және тарихи Отаным деп 20 респондент атап өтті.

Сондай-ақ, Қазақстанда туыстық қатынас жайлы ақпарат алу барысында тек 4 респондент ғана туысының жоқтығын атап өтті, ал 9 респонденттің жергілікті тұрғын туыстары болса, 49 респондентте 10-20 жыл Қазақстанда тұрып келе жатқан туысы бар екен, соңғы 5-10 жыл бойы біздің елімізде тұратын туыстарын 38 респондент белгіледі.

Сауалнаманың келесі бөлімінде респонденттердің жалпы көңіл-күйлері және де болашақ жоспарлары жайлы ақпарат алынды. Осы жайды анықтау үшін келесі сауал қойылды **«Айтыңызшы, жақын болашақта тұрғылықты жеріңізді өзгерткіңіз келе ме? Сіз және де сіздің жанұяңыз тарихи отан Қазақстанға көшіп келгенді қалайды ма?»**.



Сурет 12 – Көші-қондық көңіл күйі туралы ақпарат берілген

Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттер дерлік барлығы Қазақстанды тұрақты мекен ретінде қарастырмайтыны анық болды. 100 респондент ішінде 84-і көшу мүмкіндігін ойластыруда. Олардың ішінде 11 респондент қазіргі жақын уақытта көшуге даяр екенін айтты. Тек 15 респондент ғана тұрақты Моңғолияда тұруды жоспарлайды екен. Сондай-ақ, **Қазақстанға қандай себептер бойынша көшіп келу туралы шешім қабылдар едіңіз?** – деген сұрақ қойылды. Жауап ретінде респонденттер келесі себептерді көрсетті:

- Тарихи Отанға оралуға деген ниетпен – 34
- Өмір сүру деңгейінің жоғары болған жерге бару ниетпен – 33
- Тіл мәселесінің әділетсіз шешілуі – 3
- Жанұямен, туыстарымен бірігуге ұмтылу – 13
- Балаларға даму болашағы жоқ – 5
- Ұлтаралық қатынастардың нашарлауы
- Тарихи Отаны тарапынан жеңілдіктер алуға үміттену – 2
- Барлық этнос өз тарихи Отанында өмір сүруі тиіс болғандықтан – 5
- Мен толыққанды азаматтық алып және де өз жерімде өмір сүргім келеді – 3

3

Себептерді талдайтын болсақ, негізінен олар тарихи Отанға оралу және де өмір сүру деңгейін жоғарлату мақсатпен көшіп келетіндерін атап өтті.

Сауалнама жалғасында Моңғолия азаматтары жалпы **«Қазақстанға келгенде қандай мәселелер қиындық тудырады деп ойлайсыз?»** деген сауал қойылды.

Негізгі *бірінші* толғандыратын мәселе, ол тұрғын - үй (баспана) мәселесін – 47 респондент белгілеп өтті.

Екінші мәселе, денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік жоқ, деп 17 респондент атады.

Үшінші мәселе, ол жалпы экономикалық жағдайдың өмір сүруге қиындығы, және де жұмысқа орналасу мәселесі, оны 14 респондент атап өтті.

Келесілер:

- 8 респондент - азаматтық алудың қиындығы;

- 5 респондент – қоғамға үйренісе алмаймын;
- 4 респондент – орыс тілін білмеу;
- 3 респондент – тұрғылықты халықпен тіл табысу қиын;
- 1 респондент – балаларға білім алу қолжетімсіз және дежанұя мен балаларға болашақ жоқ.

– 9 респондент – жауап беруге қиналатындарын көрсетіп кетті.

Талдау барысында сауалнамаға қатысқандар **Қазақстанда қандастар қоныс аударуы туралы өз пікірлерін білдірді:**

– Қандастарды Қазақстан территориясына жергілікті халықпен араластырып тең көлемде орналастыру қажет – 30

– Қандастарды қалада орналастыру қажет – 20

– Жергілікті тұрғындардан басқа ықшам жерде тұру керек – 15

– Қандастарды орналастыру шаруасын жергілікті басқару органдары шешу керек – 11

– Орналасу мекенді репатрианттардың өздері таңдау қажет – 10.

Келесіде респонденттер **Қазақстанға келгеннен кейін өмірлері қандай өзгеріске ұшырауы мүмкін** деген сауалға жауап берді:




Сурет 13 – Қазақстанға келгеннен кейін өмірлері қандай өзгеріске ұшырауы туралы ақпарат

Респонденттердің басым көпшілігі (65) Қазақстан жеріне келген уақыттан бастап өмірлері біршама немесе әлдеқайда жақсаратынын білдірді. 15 респондент өмірлері өзгеріссіз, сол қалпында қалатыны атып өтсе, 8 респондент өмірлері «біршама немесе әлдеқайда» нашарлайтынын айтты [168].

Болжау ретінде егер «**Қазақстанға келсеңіз қандай іспен айналысып өз үлесіңізді қосар едіңіз?**» деген сауал қойылды. Жауаптары келесідей болды:

- Қазақ тілін дамытамын, қоғамдық өмірге араласамын – 34 респондент;
- Ауылшаруашылығы, малшаруашылығы – 25 респондент;
- Мәдениет саласына үлес қосар едім – 20 респондент;
- Ұлттық құндылықтарды, қол өнерді – 18 респондент.

Талдаудың келесі бөлімінде респонденттер Қазақстанға деген көзқарастары анықталды. Ол үшін «Қандастар Қазақстанда жылдамырақ бейімделе алу үшін мемлекет қандай мәселелерді шешуге тиіс?» сауал қойылды.




Сурет 14 – Қоғамдық ортаға бейімдеудегі мәселелерді шешу жолдары

Сауалнаманың нәтижесі бойынша негізінен толғандыратын мәселе, ол азаматтықты алу тәртібін жеңілдету (44), келесі мәселе «Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету» және де «Баспана мәселесін шешу» 23 және де 24 респонденттер көрсетті. 6 адам «Шағын және де орта бизнесті дамыту» кәсібін атаса, 5 адам «Ауыл шаруашылығымен айналасуға жағдай жасау» атап өтті. 2 респондент «Қайта даярлау және де кәсіптік оқыту» мәселесін көтерсе, 1 респондент «Табиғи және де климаттық жағдайлары бар аймақтарға қоныс аудару» мәселесін белгіледі [168].

Елімізге қоныс аударуға ниетті Тарихи мекеніне келгенде азаматтардың «патриот» дегенді қалай түсінетінін және де Қазақстанның патриоты болу деген нені білдіретін анықтауды көздедік.

Әлеуметтік талдаудың нәтижесі бойынша респонденттердің жауаптары келесідей болды:



Сурет 15 – Қазақстанның патриоты болу қандай мағынаны білдіреді

Сауалнамаға қатысқандар негізінен жоғарда айтылған анықтама шеңберінде жауап берді. 55 респондент патриот ол «Отанды сүю және де оны қорғау», сондай-ақ өз еліне, халқына қызмет ету деп түсінеді. Сауалға қатысқандардың тек 9 ғана осы мәселе жайлы ойланбапты [179].

Ендігі кезекте жалпы алғанда Қазақстанға оралған азаматтарға қандай атау беру мәселесі елімізде түрлі пікірлерге ұласып жатқанын ескере отырып, келесідегідей сұрақтарды сырт елдегі азаматтардың көзқарасын білу мақсатында жүргізілді. Сауалнаманың соңғы сұрағында респонденттер *«Қазақстанға келген азаматтарға қолданатын «Оралман» терминін қалай өзгертуге ұсыныс жасар едіңіз?»* деген мәселе көтерілді.



Сурет 16 – «Оралман» терминіне балама атау ұсыну көрсетілген

«Оралман» терминін тек 9 респондент қолдады, негізінен аталмыш терминді 31 респондент – «Отандас», 37 – «Қандас», 27 – «Бауырлас» – деп атауды ұсынды. Нәтижесін көріп отырғандай нақты бір пікірдегі «Орламан» сөзіне балама термін аталмады, біраз басымдықпен «Қандас» сөзін

қолдағанымен респонденттер пікірлері түрлі нұсқаға бөлініп кеткенін байқап отырмыз. Бұл мәселені зерделеп, нақты ұсыныстарды болашақтың еншісіне қалдыруға тура келіп отыр [177, р. 154-169].

Тарихи мекеніне келген қандастарды жұмысқа орналастыру, баспана мен азаматтық алу мәселелеріне алаңдаулы. Осы мақсатта мемлекет тарапынан қандастарды жұмысқа орналастыру бойынша белгілі бір жұмыстар атқарылды. Олардың шаруашылық қызмет түрлеріне байланысты шаруа қожалығын құру үшін жер және де құрал бөлінді. Шағын несиелеу бағдарламасы жүзеге асырылуда. Баспана бөлу, көшіп келушілерге қарыз беру жайында «Тұрғын үй» кодексінде көрсетілген. Бірақ бұл шаралардың іске асырылуы баяу жүргізілуде.

Зерттеу жұмысы барысында байқағандай, әлі де болса Қазақстанға тарихи Отандарына ораламын деуші халықтың қарасы көп екендігін байқауға болады. Кейбір азаматтар мен түрлі пікірлер көрсеткендей Моңғолия қазақтары елге өздерінің жағдайын жасау үшін немесе тұрғылықты жерінде күн көрудің төмендігімен байланыстырғанын көруге болады. Мүмкін мұндай себеп - салдар алғашқы көш кездерінде байқалған болар. Қазіргі уақытта Моңғолия қазақтары, оның ішіндегі Баянөлгей халқының тұрмыс жағдайының жаман еместігіне көз жеткізіп қайттық. Мекендерінде елге тән бай, ауқаттылары мен орта таптағылардың кедей өмір сүріп жатқандармен салыстырғанда көп екендігі байқалады. Қазақстанда болып жатқан саяси, әлеуметтік - экономикалық ішкі жағдайларды Моңғолияда көрсететін Қазақстан телеарналарынан көріп отыр, бәрінен хабардар. Елге оралған қазақтардың күй жағдайы мен олардың мәселелері мен атқарылып жатқан көмек шаралары жайында жақсы ақпараттандырылған. Бір сөзбен айтқанда өздерінің тарихи Отаны Қазақстанның тыныс-тіршілігін бақылып, көшіп келмегендері балаларын елге оқуға жіберіп тақымдарын қысып отыр деуге болады.

Зерттеу жұмысын саралау барысында шет елден келген қандастардың орналасуындағы топтасып бір ортаға немесе аймақтарға шоғырлануы, ол қазақ халқының жүзіне, руына, туысқандық қарым-қатынасына орай қоныстануында болып отыр. Дәл осындай жағдай Шығыс Қазақстанда да көптеп орын алған десе болады. Бір ауданға немесе ауылға орналасу ол осы туысқандық әрекеттердің салдарынан болады. Әрине бұл жақынын алыстатпаған қазаққа тән қасиеттердің бірі. Бұдан ұтатын жағдайлар салт пен дәстүрдің, әдет пен ғұрыптың, ұлттық құндылықтардың бір қазақи ортаға сіңісіп жетілуіне үлкен мүмкіндік беріліп, әрімен қарай дамуына жағдай жасалынады. Дегенмен нарықтық экономикалық жағдайда шамадан тыс бір ауданға көптеп шоғырлану әлеуметтік – экономикалық мәселелердің туындауына әкеліп соқтыруда. Жұмыссыздық салдары, ауылшаруашылық пен мал шаруашылығындағы жердің тапшылығы, жанұяның әл-ауқатының төмендеуіне әкелетін жағдай. Қоныс аударушылардың этномәдени бірегейлігінің өзіндік ерекшелігі және өзге мәдени үрдістерге енуі бойынша оларды Шығыс Қазақстанда орыс тілді, өнеркәсібі көп шоғырланған, репатрианттар аз орналасқан ортаға орналастыру қажет. Бірақ бірден көшіру үшін әрине біршама бейімдеу шараларын атқару

қажет етеді. Талдау жұмыстары барысындағы әлеуметтік сауалнамадан көргеніміздей елге келген азаматтардың 60% дерлік психологиялық бейімделудің ауыр тигендігін көрсетеді. Тек 40 % әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсеткен болатын. Осыдан ой түйетін жағдай Отанға келген қазақтарға моральдық жағынан көмек беру қажет. Тіпті жылы қабақ таныту мен сұраған мәселелері бойынша жол сілтеп жіберудің өзі үлкен көмек. Сондай-ақ өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған аймақ ретінде тілдік мәселе оны меңгеру алдағы уақытта да кезек күттірмейтін бейімдеу мен оқыту шараларының бірі болып қала бермек. Осы тұрғысында қандастардың орыс тілін меңгермегенін біле тұра жергілікті қазақтардың өзі орыс тілінде жауап қатып, түсінбегендей күй кешетін әрекеттер де байқалады. Осының өзі кейбір азаматтар тарапынан елге келген қазақтарға қырын қарап, қоғамда олардың жылдам бейімделуінде дисбаланс тудырып отыр деуге болады. Сондықтан мемлекеттік жүргізіліп жатқан саясатты жетелейтін азаматтық қоғамның өкілдерінің қызметтерін пайдалану қажет. Сонымен қатар қандастарға қоғамдық ортаға бейімдеу мен қолдау көрсетудің жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретін облыста бейімдеу шаралары, әлеуметтендірудің жолдарының бірі ретінде жұмыстарын әлі де жетілдіруді ұсынар едім. Семей өңірінде БҰҰ даму бағдарламасы арқылы Оралмандарды кіріктіру мен бейімдеу орталығының 2009-2016 жылғы жұмысының оң нәтижесін бергенін ескерген жөн. Облыстың орталығында және де қандастар тығыз орналасқан қалалар мен аудандарда шетелден жаңадан келген қандастарды қабылдап, тегін кеңес беретін, құжаттарын дайындайтын, тегін тіл мен әріп үйрететін, оқуға дайындап, ортаға бейімдейтін «Қандастар орталығы» ашылып жұмыстарын жүргізсе, мемлекет тарапынан қаржылай қолдаулармен мен қадағалауды жетілдіргенде көптеген мәселенің басы қайырылатын еді. Себебі аудандар мен қалаларда қандастар мәселесімен айналысатын арнайы орган жоқ. Жұмыспен қамтылуымен бір бөлім, жер мәселесімен екіншісі, мәдени-шығармашылығымен үшіншісі, көші-қон мәселесімен – көші қон басқармасы, қоғамдық-саяси жағдайға қатысты ішкі саясаты сияқты жергілікті басқару органның әрқайсының жауапкершілігі бір орталықтандырылмаған. «Қандастар орталығын» құру қоғамға бейімдеу мен кіріктіру жағдайында оң нәтиже беріп, көші қон үрдісіндегі атқарылып жатқан жеңілдіктер мен қолдаулардың басы бірігіп, нәтижелі жұмыс атқарылады деген ұсыныстар бар.

Жоғарыда көрсеткендей, елге оралған репатриант азаматтар келген елдерінен белгілі мөлшерде саяси, мәдени, әлеуметтік ахуалын бойына сіңіргенімен, олар бірінші кезекте қазақ ұлтына тән салт-дәстүр мен қазақи құндылықтарды жоғалтпай елге жеткізуде. Осы арада екі түрлі мәселе туындаған жағдайлар кездеседі, елде тұрып жатқан әсіресе қала халқының салт-дәстүрді толық ұстанбайтынын көрген репатриант азаматтардың ойынша салт пен дәстүрді, қазақылықты сақтаған «нағыз қазақ» біз боламыз,- деген ой-пікірлердің таралып жүргендігі бар. Салт пен дәстүрдің, әдет пен ғұрыпты кеңінен ұстанып келген ауыл халқының репатриант азаматтарға деген көзқарасы басқаша. Олар нағыз ұлттық құндылықпен салт-дәстүрді ұстанушы

жергілікті қазақтар екендігін айтады. Ендігі мәселе келген қазақтар мен қабылдаушы қазақтардың арасында ортақ тіл, салт пен дәстүр мен әдет пен ғұрып тұрғысында үлкен бір мәселе көтеретін аса бір айырмашылықтың жоқтығы және олардағы тіпті екі жақтың ұстанымдары бір-бірін толықтырып тұратындай көрінеді. Осы тұрғысынан кімнің ұлттық құндылық пен қазақылықты мықты ұстанатыны жайындағы бәсекелестікті арадан жою қажет. Сондықтан, қандастардың жаңа өмірге сіңісіп кетуі, этникалық кірігуі өте күрделі үдерістердің бірі және де көшіп келушілерге жергілікті халықтың өз қандастарымен байланыс орнатуы үлкен мәселеге айналып отыр. Осы орайда халықтың ұлттық бірегейлік сана сезімін арттыруға жұмыс жасау керек.

3.2 Күнделікті өмір сүру кеңістігін қалыптастыру негізіндегі ұлттық және халықаралық бағдарламалар

Этникалық репатрианттардың қазақстандық қоғамға бейімделуі мен интеграциясы біршама уақытты талап ететін, көп деңгейлі және тікелей мемлекеттің құқықтық актілерінің жүйесі мен әкімшілік басқарудың араласуын қажет ететін күрделі аспектілік үрдіс. Бірақ, осы саладағы ұзақ уақыттық және нысаналы саясаттың жүзеге асуы мен дамуы үшін репатриация үрдісінің заманауи теориялық және тәжірибелік сараптамаларының жетістіктерін (отандық және шетелдік) сыни бағалау мен зерттеу негізінде құрылған ғылыми ізденіс қажет. Қандастардың тарихи Отанына оралуы және бейімделуі тек Қазақстанның ғана емес, басқа шет елдерінің көптеген демографиялық, сондай-ақ экономикалық мәселелердің шешімі болып табылады [23, с. 5].

Бұл жерде, негізінен Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесі репатрианттардың күнделікті өмірі, олардың әлеуметтік-коммуникативтік іс-әрекеттер арқылы Отанның әлеуметтік-мәдени кеңістігінің құрылымына кірігуі, өндірістік-еңбек қатынастары, жеке және көпшілік шараларға, оның ішінде күн сайынғы және ерекше мерекелік форматтағы шараларға қатысуы және т.б. қарастырылады. Этникалық репатрианттар мәдени-психологиялық сілкіністі бастан кешіріп және тәжірибе жинақтап, бұрынғы өзгеше ортадан, қазіргі күнделікті өмірлік кеңістік қалыптасқан ортаға көшті. Күнделікті өмір тарихының әдіснамалық құралдары, этникалық репатрианттардың оларды өзге елде сақтап, тарихи Отанында бейімдей алған этникалық құндылықтар жүйесінің трансформациясын байқауға мүмкіндік берді.

Егемендікті алып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін халықтың тарихи санасында ерекше қасиеттер пайда болды. Елге келген қандастардың қоғамдық ортадағы қарым-қатынастарын байланыстыратын қызметтер атқарыла бастаған. Осы негізде елге оралушылардың келгеннен кейінгі қоғамға кірігуі мен бейімдеу шараларымен айналысатын «оралман орталықтары» жұмысын ұйымдастыру алға қойылды. Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру» орталығы мемлекеттік мекемелерін құру туралы Қазақстан Республикасының

Үкіметінің қаулысы негізінде әр мемлекеттен қоныс аударушылар үшін, репатрианттар көп қоныстанған облыстарында бейімделу орталықтары құрылып қызмет атқаруда. 2008 жылы шыққан Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысында: «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру» орталығы мемлекеттік мекемесі құрылсын және Маңғыстау облысы, Ақтау қаласының аумағында орналассын делінген. Ол заңнамаға сәйкес бейімдеу қызметтерін іске асыратын мемлекеттік мекеме болып табылатыны айтылған. Қаржыландыру көзі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне республикалық бюджеттен бөлу арқылы іске асырылады [98, б. 9-10] – деп көрсетілген. Осы қаулы негізінде Шымкент қаласы жанындағы Ақсу кентінде, Қарағандыда, Ақтау қаласында Оралмандарды қоғамдық ортаға бейімдеу орталықтары құрылды. Орталықта келісім-шарт бойынша отбасымен 5-6 ай тұратын, оларға қазақ және орыс тілдерін үйрету, қажетті кәсіби мамандықты үйретумен қатар, ҚР негізгі заңнамаларын оқытып-үйрету, жұмыспен қамту, шағын кәсіпкерлікпен айналысуға жағдай жасау сынды бейімдеу жұмыстары, келісім-шарт мерзімі біткен соң үй немесе жер алып, түбегейлі орналасуы үшін квотаға енгізу шаралары жүргізіледі. Сондай-ақ, орталық жанынан оралмандар үшін шаштараз, тігін, сағат және аяқ киім жөндеу шағын шеберханалары секілді тағы да басқа кішігірім кәсіпкерлік орындары ашылған. Орталықта кітап оқу сыныбы, мәжіліс залы мен спорт залы, орталық алдында балалардың ойын алаңы бар. 150-200 адамды әлеуметтік ортаға бейімдеп, кіріктіруге бағытталған қонақ үй түрінде барлық жағдайлары жасалған және жабдықталған бұл орталықтардың негізгі мақсаты – шетелден келген ағайындарға тіл үйрету, Қытай, Ауған, Түркиядан келгендерге кириллицамен жазу үйрету. Тігінші және компьютерші мамандықтарын оқытып, олардың қоғамдық ортаға жылдам бейімделулеріне мүмкіндік жасады [98, б. 9-10]. Шеттен келген қандастар үшін құжаттарын заңдастыруда, мемлекет тарапынан берілетін көмектерге жету үшін облыстағы осы орталықтардың қызметіне жүгінуге болатын.

Осындай орталықтардың бірі Шығыс Қазақстан облысы бойынша Семей қаласында 2009 жылдың қазан аралығынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының агенттігі – БҰҰ (Біріккен ұлттар ұйымы) Даму бағдарламасы мен БҰҰ Еріктілер бағдарламасы ұлттық серіктестік – Семей қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Оралмандарды бейімдеу және әлеуметтік ықпалдастыру орталығы» ашылған болатын. Орталықтың қызметіне – оралмандарды қоғамдық ортаға бейімдеу мен оларды кәсіптік оқытып, қайта мамандандыру. Сондай-ақ, жобада – әлеуметтік әлсіз топтарға әсіресе, әйелдер мен балаларға, мигранттар мен босқындарға, жастар мен қарттарға, сондай-ақ мүгедектерге көмек көрсету. Ол Қазақстанда алғашқы болып ашылған үшінші орталықтың қызметін жүзеге асырды. Олардың бірі - Ақтауда болса, екіншісі - Қарағанды қаласында ашылған. Мұндай игі істің басталуына 2008-2015 жылдары Еңбек және әлеуметтік сақтау министрлігі дайындаған «Нұрлы көш» бағдарламасы себеп болды. Негізгі мақсаты - оралмандар қауымдастығын қолдау және елде бейімдеу орталықтарын ашуға бағытталған. Орталықтың негізгі өткізетін іс-

шаралары оралмандарды кәсіби оқыту және қайта дайындауға көмек көрсету [98, б. 9-10].

Орталық ресми түрде 2009 жылы 30 қыркүйекте ашылғанымен, оралман азаматтармен жұмыс қаңтарда басталып, мамандар барлық қажетті келіссөздер, әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, тамыз айынан бастап оқыту курстары басталды. Оралмандарға компьютерді меңгеру және орыс тілін үйрету мүмкіндіктері берілді. Сондай-ақ, 2009 жылы қыркүйектен бастап орталықта заңгер маманы Семей қаласында және одан тысқары аймақтарда тұрақты тұратын оралмандарға және ШҚО әр аймақтарына арнайы барып орталықтың негізгі қызметі мен жоба мақсатын түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Сурет 17 – Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерілету орталығының негізгі қызметі

Ескерту – Дереккөз [179]

Оралмандар орталығы осы негізде жұмыс жасап, шет елден келуші азаматтарға жоғарыда атап көрсетілген қызметтер бойынша көмек көрсетеді. Қалаға қарасты ауыл және аудан тұрғындары осы орталықтың қызметіне жүгінеді.

2009 жылы БҰҰДБ Семей қаласында, облыстың 7 ауданындағы филиалдарымен: Тарбағатай, Ұлан, Зайсан, Күршім, Үржар, сондай-ақ «Шығыс» кентінде оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығын ашты. ШҚО оралмандар көп шоғырланған аймақтарында БҰҰ Ұлттық еріктілері ретінде қызмет істегендер Қадеш Мақсат – Ұлан ауданы (9000 оралман), Камельхан Қуанышбай – Үржар ауданы (5000 оралман), Искакбаева Бакытгүл – Зайсан ауданы (7000 оралман), Мұратбек Асқар – Шығыс ауылы – (1000 оралман). Мақсаты – жаңадан келген оралмандардың бейімделу кезеңінен

өтуін жылдамдататын және жеңілдететін үздіксіз жұмыс жасауды алға қойған. Көшкен кездегі кезектегі проблемалар: қазақ тілінде кириллицамен жаза алмау, компьютермен жұмыс істей алмау, құжаттарды алу процедуралары туралы көшіп келген адамдарға нақты ақпараттың жетіспеуі, репатрианттарға қатысты орналасқан аймақта бастапқыда болған қоғамдық теріс көзқарастар секілді маңызды шараларды іске асыруға арналған бағдарламалық жұмыстарын бастаған.

Оралман азаматтардың азаматтық алу, мемлекет тарапынан бөлінетін жеңілдіктерге құжаттар толтырып, оны рәсімдеуге байланысты мәселелерге орталық қызметкері, оралман, тәжірибелі маман Шәріп Табылтай көмек көрсетті. Сонымен қатар, орталық БҰҰДБ еріктілер қызметкерлері репатрианттардың құқықтық сауаттылығына да мән берілген. Елге оралған репатрианттардың құқықтық сауаттылығын қамтамасыз ету барысында ай сайын ҚР-ның заңнамасына сай «ҚР Конституциясына сәйкес оралмандардың құқығы мен бостандығы, «ҚР Еңбек заңнамасы» т.б тақырып негізінде семинарлар мен тренингтер өткізіліп тұрды [179].

Облыс аумағына қоныстанған репатрианттардың басым көпшілігі мал шаруашылығы мен өзін-өзі қамтумен айналысып, кіші сауда саттықпен, жеке кәсіппен айналасуға бейімделгендіктен оларға кәсіпкерлікті дамытуға арналған арнайы семинарлар желісін өткізу жоспарлы іске асырылды. Ондағы негізгі мақсат оралман азаматтарға жер телімдері бойынша өздерінің жеке шаруа қожалығын ашып экономикалық-әлеуметтік жағдайын көтеруге септігін тигізу. Қатысушылар шағын несе беру және лизинг мәселелеріне қатысты теориялық білімге ғана емес, тәжірибе тұрғысынан қызығушылық білдіреді. Облыстан немесе қаладан алыс елді мекендегі оралман азаматтарға ең көп орналасқан ірі аудандарда орталықтың негізгі басшылығымен алты ауылда оқу үрдісінің мониторингі өткізіліп, Қазақстан заңнамасының негіздері бойынша семинарлар жүргізіліп отырады.

2010 жылдары орталықта елге оралушы азаматтар үшін арнайы мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, орыс тілін репатриант жастарға үйрету мақсатында тілді үйренулеріне және компьютерлік сауаттылық бойынша әр жыл сайын курстар өткізіліп тұрды, ауылдарда 12 курс өткізу жоспарланған [179].

Шығыс Қазақстан облысына көшіп келген оралмандардың шамамен бір жарым мыңы Семейде орналасқан. Жаңа орынға бейімделуге және репатрианттарға тұрақты табыс табуға БҰҰ-ның «Оралмандардың экономикалық және әлеуметтік кірігуін ілгерілету» бағдарламасы көмектеседі. Бұл жоба оралмандарға тұрақты жұмыс табуға, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен шаруаларға өз ісін ашуға, ал жұмыс істеп жүргендерге бизнесті кеңейтуге көмектесті. Осы жылдан бастап БҰҰ жобасы аясында репатрианттар 50-ден 500 мың теңгеге дейін шағын несиелерді пайдалана алды. Оларды қалай алу және мақсатты түрде басқару туралы аз нәрсе біледі. Сондықтан қалада үш күндік семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Тәжірибе көрсеткендей, оралмандар ауыл шаруашылығы қызметіне қызығушылық танытуда. Оған кеңес беру және ақпараттық көмек «Қазагроомаркетинг» АҚ облыстық филиалы көрсетеді, ол өз

сайтында ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы туралы ақпаратты, сондай-ақ өңірде жұмыс істейтін фирмалардың мекен-жайларын орналастырады. Мамандардың айтуынша, оралмандардың жетістіктері айқын. Мысалы Мұхаметхан отбасы 2003 жылы ол Қытайдан келді. Үш жылдан кейін отбасы мүшелері Қазақстан азаматтығын алды. Осы уақыт ішінде әйелі Айлиман шаруашылықпен айналысып, шағын бизнес ашты. Ал ағымдағы жылдың көктемінен бастап Тарбағатай ауданында орналасқан оралмандарды қолдау жөніндегі БҰҰ жобасын алып алға жылжыта бастады. Болашақта Айлиман мал шаруашылығын дамыту үшін шағын несиені пайдалануға ниетті. Алайда, оның үлкен жоспарлары бар. «Менің арманым – Тарбағатай ауданының мүгедектері үшін шеберхана ашу», - дейді репатриант (XV). Болашаққа арналған қызықты жоспарлары бар осындай репатрианттар жеткілікті. Семинарларда оларға бизнес-жобаны қалай құру, оны ұсыну, салық салу мәселелерін шешу және т. б. түсіндіріледі. БҰҰ бағдарламасы оралмандарға өздерінің жеке проблемаларын шешуге ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Өйткені, шағын несиелерден басқа экономикалық бейімделу аясында гранттар да қарастырылған. Бұл қолдау денсаулық сақтау, білім беру, оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру, экология жобаларына қатысты болуы мүмкін. Бұл салалардағы проблемаларды шешуге қайтарымсыз қаржылық көмекті үш мың долларға дейін, ал ауыз сумен жабдықтауды жақсартуда алты мың долларға дейін жұмсауға рұқсат етіледі. БҰҰ жобасы бойынша шағын гранттар оралмандардың үкіметтік емес ұйымдарына ғана беріледі. Алғаш рет Семейде алты адам жұмыс істеді. Олар әділет органдарында тіркеуден өтіп, өз жобаларын ілгерілетуде жұмыс істеді. Осы уақытта бұл ұйымдардан жалпы сомасы 100 мың доллардан астам 20-дан астам өтінім келіп түсті [180].

Облыстан алыс аймақтарда тұрып жатқан оралмандарды кеңінен қамту және олардың қажеттіліктерін айқындау үшін жоба бойынша жер жерлердегі оралмандарға ауқымды сауалнамалар жүргізілді. Осы негізде репатриант азаматтар тығыз орналасқан аудандар: Ұлан, Үржар, Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандары болып табылады. Осы аудандарда тұратын, облыс аймағынан алыс елді мекендерде орныққан орталыққа барып оқуға мүмкіндігі жоқ оралман азаматтарды қамту үшін жоба бойынша оралмандар тығыз орналаспаған ауылдарда оқыту курстарын жүргізу мақсатында жергілікті әкімдермен келісім шарт жасалынған. Ауылды аймақтағы оралман балаларға қосымша сабақтар жүргізу үшін облыстағы төрт ауданның 12 ауыл мектептерінің мұғалімдеріне арнайы тренингтер өткізіп, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті (бұрынғы Семей мемлекеттік педагогикалық институты) әзірлеген арнайы оқыту әдістемесі қолданылды. Жоба барысында мұғалімдермен шарт жасалынып, 176 оралмандарға арналған сабақтар жүргізілді [179]. Оралман азаматтардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету барысында ШҚО аудандарынан келген белсенді оралмандар мен бастама топтардың көшбасшылары үшін әлеуметтік жобалар жөнінде семинарлар өткізілді. Семинардың басты мақсаты – оралмандардың ең өзекті

проблемаларын бірлесіп анықтау және оған қатысушылар өз ойларымен әлеуметтік жобаларда дұрыс рәсімдеуді үйреніп қана қоймай, өздерінің жергілікті мәселелерін шешу мүмкіндігіне ие болады. Сондай-ақ, елге оралушылардың Қазақстан қоғамындағы өздерінің атқарар ролін сезініп, жергілікті Қазақстандықтармен өзара ықпалдасу процесін жеделдетуге септігін тигізеді.


Оралмадардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне ықпал ету орталығы ШҚО бойынша ірі құрылымдық ұйымдардың бірі болып табылды. 2009 жылы орталық ашылғаннан бастап төмендегідей іс-шаралар жасалынған: 12000 репатриантқа 10800 құқықтық бейімдеу кеңестері мен әлеуметтік кеңес пен қолдау түрлері берілді [179].

Кесте 17 – Әлеуметтік көмек түрлері мен қоладау алған репатрианттар

Әлеуметтік көмек түрлері мен қоладау шаралары	Көмек түрлерін алған репатрианттар саны
Заңды кеңестер беру, денсаулық сақтау, жер телімін беру, мемлекеттік бағдарламалар аясында тұрғын үй алу құқықтары туралы кеңес көрсетілген	300 репатриант
тілдік және компьютерлік оқу курстары	2000 астам адам өтті
8 семинарда экономикалық қызметтерге қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған білім беру жиналыстары өткізілді	213 репатриант
жұмысқа тұрғызылды	28 репатриант
жер телімдерін алды	4 адам
өздерінің жеке істерін ашты	9 адам
тұрақты тұру мәртебесін және Қазақстан азаматтығын алды	116 оралман
көші-қон квотасы бойынша жәрдемақы алды	6 адам
азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету барысындағы тіркеу кітабына тіркелуге рұқсат алды	31 адам
тұрғын үй мәселесін шешті	14 адам
жеке білім беру квотасын алды	2 адам
мамандық алу курстарын өтті	22 адам
зейнетақы, жәрдемақы рәсімдеп тиесілі көмектерін алды	9 адам
әлеуметтік көмек алды	17 адам
оқу орындарына түсті	7 адам

17 – кестеде БҰҰ жобасы аясында репатрианттардың бейімделуі барысында әлеуметтік көмек шараларының тізімі мен көмек түрлерін алғандардың саны көрсетілген [158].

ШҚО репатрианттарға жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде «Сізбен жергілікті халықтың тілін, жазуын үйрету үшін арнайы орталықтар жұмыс істей ма?» деген сауалға төмендегідей көрсеткіш негізінде жауап берген.



Сурет 18 – ШҚО бойынша бейімдеу орталықтардың қызметін пайдаланған азаматтар көрсеткіші

Суретте көретілгендей репатриант азаматтардың 55% — бейімдеу орталықтары жұмыс жасайды деп жауап берсе, 26% жоқ, ешқандай бейімдеу орталығы қоғамдық ортаға бейімдеу үшін көмек көрсеткен емес, ал 1,1 % әр түрлі деңгейде жауап қайтарған, Орталықтың қызметін қажет етпеймін т.б. [173]. Орталықтар жұмыс жасайды, деп жауап берген оралман азаматтар көбінесе қалада оқып жүрген студенттер немесе қалада тұрып жатқан оралман отбасылар, алайда ауылда тұратын азаматтар бұл орталықтың қызметін толықтай біле бермейтінін көруге болады. «Оралмандардың әлеуметтік және экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» орталығында оралмандарды құқықтық оқытуға көңіл бөлінеді, әр апта сайын басқармадағы бөлім басшылары оралмандармен сабақтар өткізеді, онда заңнамада көрсетілген оралмандардың көші-қон және басқа да мәселелерін шешу жолдары бойынша түсініктемелер жүргізілді. Қажеттілігіне қарай Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінен, ШҚО жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаментінен, мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығынан, көші-қон полициясынан және басқа да мемлекеттік органдардан өкілдер шақырылып отырған. Орталықта 2011 жылдың жарты жылында өткізілген 19 сабаққа 1405 оралман қатысқан [179].

Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерілету орталығында жәрдемдесуімен (мемлекеттік қызмет пен жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау жөніндегі бастама) оралмандарға арналған 5 арнайы тақырыптық брошюралар әзірленген. Олардың әрқайсысынан білім беру, медицина, жұмысқа орналасу, азаматтық алу және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасау саласындағы сауалдарға түсінікті әрі толық мәліметтер алуға болады.

«Оралмандардың әлеуметтік және экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» орталығынан күтілетін басты нәтижелер:

– бейімдеу және әлеуметтік іріктеу үшін пилоттық орталық құру жолымен оралмандардың әлеуметтік қызметтерге және әлеуметтік ықпалдасуын жақсарту;

– еңбек нарығы мен әлеуметтік кіріктіруге қол жеткізуді жақсарту үшін қажетті оқыту жолымен БҰҰ еріктілері мен оралмандардың еріктілерін тарту;

– даму мақсатында әлеуметтік кіріктіру мен еріктілік қызметті қосатын тиісті саясатты жүзеге асыруда ұлттық үкіметке қолдау беруді қамтамасыз ету;

– әлеуметтік кіріктіруді күшейтудің тетігі ретінде еріктілік қызметті көрсете отырып, еріктілердің әрекеттері арқылы қоғамды жұмылдыру.

Орталықтың бастамасымен репатриант азаматтардың елге келегеннен кейінгі жеке құқықтарын толық сақтау мақсатында «Қазақстандағы оралмандар» деген кітаптар негізінде «Еңбек ету құқығы, денсаулық құқығы, азаматтық алу құқығы, білім алу құқығы» жеке құқықтарының сақталуына байланысты заң талаптарына сай мағұлмат алауға мүмкіндіктері бар. Осы кітаптарды басшылыққа ала отырып, елге оралушы азамат өзінің жеке бас құқықығының сақтай отырып, азаматтық алу үшін құжаттар толтырылу үлгісін, мемлекет тарапынан оралман азаматтарға қандай көмек қарастырылғаны туралы мағұлмат алуға болады. Сондай-ақ, Қытайдан келген оралман азаматтар үшін кітапшалар «төте жазу» негізінде де жазылған.

Бүгінгі күнде Қазақстанға тікелей әсерін тигізетін даму мәселелерінің бірі мемлекеттің өңірлері арасындағы айтарлықтай теңсіздіктер мен айырмашылықтар. 2008 жылдың есебі бойынша тұтынуға күнкөріс минимумынан төмен табыс алатын тұрғындардың бөлігі 12,1% құраса, ал тұтыну қоржынының құнынан төмен табыс табатын тұрғындардың бөлігі 1,2% құраған болатын. Бұл тұрғындардың тобы жұмыс орындарының кепілсіздігі, жасырын жұмыссыздық, баспана және әлеуметтік қызметтердің қолжетімсіздігі мәселелеріне тап болады. Репатрианттардың басым бөлігі әлі де күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарды тұтынады, соның нәтижесінде тұрғылықты жердің, әсіресе халықтың тұрмысы төмен және үй шаруашылықтары мекендерінің әл-ауқатының төмендеу қаупіне әкеліп, экологиялық деградацияға ұшырайды. Халықтың басым бөлігі экономикалық жағдайды қалыпқа келтірудің тәжірибесі туралы ақпараттандырылмаған [181, с. 6-7].

Тәуелсіздік алғаннан бастап, Қазақстан 1 миллионнан астам этникалық қазақтар мен «оралмандарға» ортақ үй болды. «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасына сай, республикада әлеуметтік интеграция мен бейімделу орталықтары ашыла бастады, сонымен қатар Семей қаласының Әкімдігі мен БҰҰДБ қолдауымен жоғарыда аталған орталық Семей қаласында да жұмыс жасаған болатын. Мұндай орталықтар оралмандардың басым бөлігі тұрып жатқан Шығыс Қазақстан облысының басқа да өңірлерінде қажет екендігі мәлім. Оралмандарға экономикалық мүмкіндіктер жасау қазақстандық қоғамдағы жедел интеграцияға көмегін тигізеді. Сонымен қатар, БҰҰДБ мен БҰҰЕБ бірігіп, Семей қаласындағы оралмандардың әлеуметтік интеграция мен бейімделу орталығына қолдау көрсетеді және Шығыс Қазақстан облысындағы

аудандардың қызмет етуінің кеңеюіне көмектеседі. Қазақстанның шығысында 2011 жылғы көрсеткіш бойынша 25 мыңнан астам репатрианттар өмір сүреді. Олардың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрып жатыр. Оралмандардың интеграциясы мен бейімделуінің үлкен мәселелерінің бірі қазақ тілінің жазбаша жазылуын, Қазақстандағы ұлтаралық тіл болып саналатын орыс тілін жетік білмегендігі. Репатрианттардың басым бөлігі компьютерлік сауаттылықтың негіздерін білмегені де жұмысқа ораласуда қиындық туғызады. Аудандарда тұрып жатқан оралмандарда аталған курстардың қажеттілігі байқалады, бірақ ауылдық жердің тұрмыс-тіршілігіне байланысты олар «Оралман орталығына» (Семей қ.) бару үшін үй шаруашылығын ұзақ уақытқа (1-2 ай) қалдыра алмайды. Сондықтан, білім алу мен сауаттылықты арттырудың қолжетімділігі үшін ауылдық жерлерде тұратын оралмандарға арналған оқыту курстарын ауыл мектептерінде ұйымдастырып, сол мектептердегі оқытушылармен келісімге келу туралы шешім қабылданды. Осы мақсатты іс-шараларды іске асыруға тікелей қатысып, тығыз қарым-қатынасқа түсу жолына «Семей Жастар Ассамблеясы» қоғамдық бірлестігі басшылық жасай жүріп арнайы бейімдеу, оқыту бағдарламасы аясында атқарған жобаның мақсат міндеттерін атқаруда қандастармен тікелей жұмыс жасау тәжірибе жүзінде іске асырылды.

Оқыту курстарының мақсаты – қазақстандық қоғамдағы оралмандардың интеграциясы мен бейімделуі. Бұл курстар тыңдаушылардың кириллицада оқу, жазу, әртүрлі іс-құжаттарды толтыру білімін арттыруды, қоғамда еркін түрде тіл табысу және компьютерлік техникамен қолдануды үйретеді. Білім беру курстары Шығыс Қазақстан облысының оралмандар тығыз орналасқан жерлерде (Үржар, Зайсан, Тарбағатай, Ұлан аудандары мен Семей, Курчатов қалаларында) ұйымдастырылған. Аталған курстардың өзектілігі болатын тағы бір жағдай – 2012 жылдың 27 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті өзінің халыққа жыл сайынғы жолдауында мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру үшін тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын көтеру мен әртүрлі қайнар көздерді жұмылдыру қажеттілігін ескерген болатын [189, с. 134-145].

БҰҰДБ жобасы аясындағы «ШҚО оралмандарға қазақ, орыс тілдерін оқыту және компьютерлік сауаттылықты арттыру курстарын ұйымдастырудағы қызмет көрсету» жобасы бойынша: «Әлеуметтік және экономикалық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту». «ШҚО оралмандарға қазақ, орыс тілдерін оқыту және компьютерлік сауаттылықты арттыру курстарын ұйымдастырудағы қызмет көрсету» жобасы аясындағы «Семей Жастар Ассамблеясы» қоғамдық бірлестігінің әрекеті 2012 жылдың 7 наурызында бекітілген №2012-014s\а «Әлеуметтік және экономикалық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту» келісімшарты бойынша жүзеге асырылады. Жобаның 2012 жылдағы мақсаты – Семей, Курчатов, Өскемен қалаларындағы және зардап шеккен ШҚО басқа да аудандарындағы осал топтарға әлеуметтік және экономикалық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту. Оқыту курстарының мақсаты – қазақстандық қоғамдағы оралмандардың интеграциясы мен бейімделуі. Бұл курстар тыңдаушылардың кириллицада оқу, жазу, әртүрлі

іс-құжаттарды толтыру білімін арттыруды, қоғамда еркін түрде тіл табысу және компьютерлік техникамен қолдануды үйретеді. «Оралмандардың әлеуметтік және экономикалық интеграциясының алға жылжуы» БҰҰДБ/БҰҰЕ мәресіне жеткен жобасы аясындағы құрамдас іс-шаралар әлеует құру, ұйымдарды мобилизациялау және мүдделерді қорғау «Өңірлік жоспарлауға инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету» (Семей өңірінің үлгісінде) жаңа бағдарламасының «Семей, Курчатова, Өскемен қалаларындағы және зардап шеккен ШҚО басқа да аудандарындағы осал топтарға әлеуметтік және экономикалық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту» құрамдас бөлігінде қамтылған. Сонымен қатар, 3 құрамдас бөлігі бойынша іс-шаралар 2011 жылы өткізілген болатын.

Жобаны жүзеге асыру мерзімі – 2011 жылдың қаңтар айы - 2015 жылдың желтоқсан айы. Ұлттық серіктес: ШҚО әкімдігі мен Семей қаласының әкімдігі. Жоба БҰҰДБ/БҰҰЕ, ШҚО Әкімдігі және Семей қаласының әкімдігімен бірлескен жұмыс нәтижесінде жүзеге асты. Қазақстандық қоғамда оралмандардың экономикалық және әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ және БҰҰДБ негізгі әріптестерімен бірлесіп Шығыс Қазақстан облысы мен Семей қаласының әкімдіктеріне келесі бағыттар бойынша қолдау көрсетті:

Әлеуетті арттыру. Пилоттық серіктестерге, жергілікті басқару органдарына және ҰЕҰ жеке секторына арналған оқыту семинарлары мен тренингтерін ұйымдастырудың жұмыс жоспары мен қажеттілігін бағалау жұмысын жүргізді. Жергілікті басқару органдары мен БҰҰ еріктілерінің көмегімен ашылған Оралмандарды қолдау орталығының жұмыс күші Семей қаласының ерікті тұрғындары мен оралмандардың өздері арқылы жүзеге асады. Атқарылған жұмыстардың құрамдас бөлігі ретінде оралмандарға жеке бизнесті бастауға арналған шағын гранттар берілді.

Қоғамды жұмылдыру. Компонент оралмандардың осал топтарына бастапқы бағалау жүргізіп, оралмандардың мәселелерін шешуге бағытталған диалогты жақсартуға көмектесу үшін тренингтер мен пікірталастар ұйымдастырды. Бұл компонент жергілікті халықты жұмылдыру және өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін волонтерлік іс-шараларды ынталандыру жұмысы жүргізілді.

Эдвокаси. Бұл компонент қоғамды ақпараттандыру бойынша ақпараттық кампанияларды ұйымдастырды және әлеуметтік интеграция және адам құқықтары жөніндегі басқа да іс-шараларды ұйымдастырды. Сонымен қатар, компонент тәжірибе алмасу, семинар және БАҚ, орталық үкіметпен және басқа да мүдделі тараптармен бірлесіп жұмыс істеді, сондай-ақ жоба нәтижелері бойынша қоғамдық пікірталастар мен дебаттар ұйымдастырды.

Курстар жергілікті орта мектепте жексенбіден басқа күндері күнделікті сағат 13:00-ден 18:00 аралығында ұйымдастырылды. Мектеп әкімшілігі оралмандарды оқыту кезінде электр энергиясына ақы төлеу және техперсонал қызметтеріне ақы төлеу бойынша барлық міндеттемелерді өзіне алып, курстарды өткізуге жәрдемдесті. Курстың барлық қатысушылары конкурсқа

қатысуға өтінімде көрсетілген талаптарға сай болуы керек, яғни 2000 жылдан кейін Қазақстанға келгендер қатыса алды. Бұл оқыту курстарымен 378 адам қамтылған, оның ішінде «Орыс тілі» пәні бойынша 121 қатысушы, «Қазақ тілі» пәні бойынша 107 қатысушы және «Компьютерлік сауаттылық» пәні бойынша 150 қатысушы. Аталған курстар Семей мемлекеттік педагогикалық институтымен әзірлеген жұмыс бағдарламасымен өткізілді. Білім беру курстары Шығыс Қазақстан облысының оралмандар тығыз орналасқан жерлерде (Үржар, Зайсан, Тарбағатай, Ұлан аудандары мен Семей, Курчатов қалаларында) ұйымдастырылған. БҰҰДБ жобасы аясындағы «ШҚО оралмандарға қазақ, орыс тілдерін оқыту және компьютерлік сауаттылықты арттыру курстарын ұйымдастырудағы қызмет көрсету» жобасы оралмандардың қазақстандық қоғамға бейімделуіне бағытталған. Бұл курстар тыңдаушылардың кириллицада оқу, жазу, әртүрлі іс-құжаттарды толтыру білімін арттыруды, қоғамда еркін түрде тіл табысу және компьютерлік техниканы қолдануды үйретеді [181, с. 7]. Жобаны іске асыру барысында көптеген пікірлер берілді, бұл осындай жобалардың қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік берді. Курс тыңдаушылары оқу жобасының өзектілігін тағы да растайды, өйткені алынған білім тәжірибеде белсенді қолданылады және жұмыста көмектеседі. Бұл жоба табысты іске асырылды және одан әрі қатысушыларды саны мен географиясы кеңейтіліп, оралмандарды қазақ және орыс тілдері мен компьютерлік сауаттылыққа оқыту жөніндегі келесі жобаларды жүзеге асыру үшін пилоттық алаң болып қызмет етті. Қазақстан Үкіметінің қолдауымен барлық іс-қимыл жасай отырып, біз адамдардың мүмкіндіктері мен құқықтарын кеңейту және орнықты мемлекеттің құрылысы жөнінде жұмыс істеуге дайын екендігін жобаны атқарған «Семей Жастар Ассамблеясы» қоғамдық бірлестігі атап өткен болатын. Қоғамдық бірлестік Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасына сенім мен қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірген.

2009-2014 жылдары оралмандарды қолдау үшін БҰҰДБ қолдауымен «Семей қаласындағы оралмандарды бейімдеу және әлеуметтік ықпалдастыру орталығы» қызметі бойынша игі істер атқарылған болатын. Аталған орталықпен 5586 оралмандар үшін 6397 кеңес берілді: оның ішінде 101 адам жұмысқа орналастырылды, 196 адам ҚР азаматтығын алды, 1037 адам әлеуметтік көмек алды, 103 адам жер телімдерін алды, 929 адам ПМЖ мәртебесін алды, 537 адам оралман куәлігін алды, 578 адам әлеуметтік төлем алды, 15 адам жоба дайындауға көмек алды, 282 адам тұрғын үй мәселелерін шешті. Зайсан, Үржар аудандары мен Шығыс ауылдарында қазақ, орыс тілдері және компьютерлік сауаттылық бойынша 2000 оралман үшін тренингтік топтар құрылды. 90%-дан астам сөз сөйлеу және құжаттарды толтыру дағдыларын игерді. Сонымен қатар, кәсіпкерлік негіздері бойынша 293 оралман үшін 9 білім беру семинары өткізілді (ҰКП және «Даму» Қорымен, Салық басқармасымен және Семей қ.ШБ бірге). Бағдарлама бойынша кәсіптік техникалық оқыту курстары өткізілді (зооветеринария, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және т.б.) – 23 өзін-өзі жұмыспен қамтыған оралман, 8 жұмысқа орналастырылды [182].

Шығыс Қазақстан облысындағы БҰҰ Бірлескен бағдарламасы барысында өңірдегі репатрианттарға ақпараттық, құқықтық, консультативтік, азаматтық алу мәселесі, әлеуметтік-экономикалық қолдау, оқыту, бейімдеу, бизнес бастаулар арқылы қолдап қоғамға әлеуметтендіру мен бейімдеу шараларын кеңінен атқарды. Осыған орай аудандарда атқарылған кейбір іс-шаралармен қолдауларды атап өтуге болады. 2013 жылы Үржар ауылданда тұрғындары оралмандармен БҰҰДБ-ның бейімделу және құқықтық мәселелер жөніндегі консультанттарының қатысуымен жиналыс өткен. Кездесу барысында ауыл тұрғындары құжаттарды рәсімдеу, азаматтық алу, әлеуметтік жеңілдіктер, жеке бизнесті дамыту және жұмыспен қамту мәселелері бойынша топтық және жеке кеңестер алды. Сондай-ақ, отырыста шығыс қазақстандық оралмандар арасында кәсіптік оқуға деген қажеттілікті анықтау бойынша сауалнама нәтижелері жарияланды. 2013 жылдың қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облысының 4 аймағында жұмыс істеп тұрған колледждер базасында таңдалған мамандықтар бойынша үш айлық оқу курстары ашылады деп жоспарланған. ШҚО БҰҰ Бірлескен Даму Бағдарламасының қолдауымен сәуір айында оралмандар үшін кәсіптік - техникалық оқыту курсы басталған. Тренингке үш ауданнан 23 адам қатысқан. Оқытудың мақсаты кәсіби-техникалық оқыту арқылы оралмандардың кәсібилігін, кәсіби ұтқырлығын, бәсекеге қабілеттілігін және әлеуметтік қорғалуын арттыру болып табылады. Үржар ауданынан оралмандар ауыл шаруашылығы негіздеріне, Зайсан ауданынан мал дәрігерлік санитария негіздеріне, Шығыс ауылынан мал дәрігерлік өңдеу негіздеріне оқытылды. Курсанттар ірі шаруа қожалықтарының базаларына барып, теориялық білімдерін тәжірибиеде жетілдірген. Шығыс кентімен тренингке қатысушылар мал дәрігерлік өңдеу негіздерін өндірістік практикада үйренген.

Оралмандардың бейімделуіне және әлеуметтік интеграциясына ықпал ететін «Әлеуметтік-экономикалық қызметтерге қол жетімділікті жақсарту» компоненті аясында оралмандарға бизнесті ұйымдастыру, маркетинг және несиелеу мүмкіндіктері бойынша консультативтік қолдау көрсетілді. Жобаны іске асыру мақсатында 2013 жылдың 16 шілдесінде «Атамекен» ұлттық экономикалық кеңесі, Ауылдық кәсіпкерлікті қолдау қоры және «Семей» несиелік серіктестігі өкілдерінің қатысуымен оралман кәсіпкерлерге арналған семинарлар ұйымдастырылды. Семинар-тренинг аясында кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы ақпарат берілді. «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасы бойынша кеңестер, сонымен қатар мемлекеттік бағдарламаларға несие беру шарттары туралы ақпарат берілген. 2015 жылы БҰҰДБ Шығыс Қазақстан облыстық филиалында ҚХР келген азаматтарға кезекті кеңес беру кездесуі өткен. Кездесуге қатысушыларды оралмандар мәртебесін алу және ҚР азаматтығын алу мәселелері қызықтырған. Олар құжаттардың үлгілерімен, ҚР Көші-қон заңнамасының нормалары мен талаптарымен таныса алды. Сонымен қатар құқықтық мемлекетке өмір сүріп жатқандықтан оралмандар (этникалық қазақ-репатрианттар) үшін ақпараттық-құқықтық брошюралар БҰҰ-ның ШҚО-дағы Бірлескен даму бағдарламасының тапсырысы бойынша әзірленген. Брошюралар репатрианттардың негізгі

әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуі, оралмандардың құқықтық сауаттылығын арттыру, кәсібилік пен ұтқырлықты күшейту туралы баяндайды. БҰҰДБ бенефициарлары мен серіктестерінің пікірлері бойынша мұндай брошюралар оралмандардың құқықтық сауаттылығын арттыруда және жедел бейімделуі мен интеграциялауда маңызды рөл атқарады. Кітапша тақырыптары арнайы жүргізілген сауалнама барысында репатрианттардың қажеттіліктеріне сүйене отырып анықталды. Жұмыстарды «Семей Жастар Ассамблеясы» ҚБ арнайы сала мамандарының қатысуымен әзірледі. Сонымен қатар «тілдік кедергілерді» ескере отырып, аймақтардағы БҰҰ-ның үш бірлескен бағдарламасы аясында араб, қазақ тіліндегі жазбаларда оралмандарға арналған маңызды заңдарды түсіндіру бойынша брошюралар шығарылған.

2011-2013 жылдары БҰҰ-ның «Әлеуметтік-экономикалық қызметтерге қол жетімділікті арттыру» компонентін іске асыру аясында «Өңірлік жоспарлау мен халыққа әлеуметтік қызметтерді ұсынудың инновациялық тәсілдерін енгізу арқылы аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру (Семей облысының мысалында)» бойынша «Семей Жастары Ассамблеялары» қоғамдық бірлестігі, Шығыс Қазақстан облысының оралмандарына қазақ, орыс тілдерін және компьютерлік сауаттылық курстарын ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету» жобасын жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты – оралмандардың қазақстандық қоғамға бейімделуі және интеграциясы. Бұл курстар оралмандарға кириллицада оқу және жазу қабілеттері туралы білімін кеңейтеді, әртүрлі формалар мен құжаттарды өз бетінше толтырады, қоғамда еркін түсінеді және сөйлесе алып компьютер қолданады. Оқу курстары Шығыс Қазақстан облысының оралмандары тығыз қоныстанған аймақтарда: Үржар, Зайсан аудандары мен Шығыс ауылында ұйымдастырылған. Әріптестер аудандық әкімдіктер, ауылдық әкімдіктер, орта мектептер болды. 2015 жылы Семей өңірі бойынша 70 оралман қазақ, орыс тілдері және компьютерлік сауаттылық курстарынан өтті. Негізінен, бұл Қытай мен Моңғолиядан жоғары оқу орнына дейінгі дайындық курстарына келген 17 және 18 жастағы оралмандар. Оқу бағдарламаларын сәтті игергендер талапкердің кешенді тестілеу – 2016 ж. тапсыруға жіберіледі. Балаларға курстар олардың өз білімдерін күшейтуге және талапкердің кешенді тестілеуге дайындалуға өте қатты көмектескенін атап өтті. 2011 жылдан бастап облыс көлемінде 2000-нан астам оралман осындай курстардан өткен. Зерттеуші ретінде мен М. Карибаев «Семей Жастары Ассамблеялары» қоғамдық бірлестігінің басшысы қызметін атқару арқылы оралмандарды қоғамдық ортаға кіріктіру мен бейімдеу жолындағы әлеуметтендіру шараларына тікелей қатыстым. БҰҰДБ оралмандарды әлеуметтік-экономикалық қолдау шараларының стратегияларын жүргізгендігін көруге болады. Әрімен қарай, 2014 жылы осы бағыттағы жұмыс қорытындысы Семей қаласындағы оралмандарды біріктіру және бейімдеу орталығы 6000 оралманға қатысты бірқатар сұрақтар бойынша кеңес берді. 2000-нан астам оралман білім беру семинарларынан және қайта мамандандыру курстарынан өтті. Оралмандар 8 Үкіметтік емес ұйым құрып, өңірде әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асырып, әлеуметтік жобалардың іске

асырылуына тікелей қатысты [183]. Сонымен қатар, БҰҰДБ өңірлерде ұлттық қолданбалы өнердің дамуын белсенді қолдайды. Семей шеберлеріне киізден дайындалып жасалған түрлі қол өнерді дамытуға жолдар ұсынады. 2015 жылы, БҰҰДБ қолдауымен ШҚО-дан 11 шебер Тараз қаласында «Асыл Design» жетекші сән үйінде оқудан өткен. ШҚО - ның тағы 2 өкілі Ұлан-Батырда өткен халықаралық конференция жұмысына қатысып, халық шығармашылығын дамыту бойынша өз жұмыстарын таныстырды.

Елге келген репатрианттардың арасында белгілі бір деңгейде өз араларында бірегейліктің бар екендігін зерттеу барысында байқауға болады. Қолдарынан келіп жатса бір-біріне еңбегімен жәрдемдесіп, асар жасауға дайын тұратындарын байқауға болады. Әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға олар өздеріннен артылып жатпаса да, жылу шараларын жасауға бейімделген. Осындай мысалдың бірі, Үржар ауданының Егінсу ауылында оралман Додан Аманғазы отбасының найзағайдың салдарынан үйдің төбесі мен мүліктің бір бөлігі жанып кеткен. Қаржылық жағдайы оған үйді қалпына келтіру мәселелерін өз бетінше шешуге мүмкіндік бермейтіндіктен, Додан Аманғазы БҰҰДБ кеңесшісі К.Қуанышбайға зардап шегіп қалғанын айтқаннан кейін көмек акциясын ұйымдастырған. Үйдің шатырын қалпына келтіруге көмектесу үшін еріктілер тобы құрылып, үйді қалпына келтіруге қаражат жиналып оралмандардың отбасына берілген. Осындай мысалдар облыстың төңірегінде атқарылып, айтылып жүреді. Осыдан келе, қазақ халқы қиын-қыстау кезеңде бір-біріне қол ұшын беруге дайын болатынын, жетімін жылатпағанын салт-дәстүрге берік ұлт екендігін көрсетеді. Осындай елге келіп жатқан қандастардың ең бірінші кезекте қазақылық кейпінің сақталғанына қуанышпен қарауға болады (XVI).

Шығыс Қазақстан облысында, Шығыс кентінде оралмандар мен кент әкімдігінің арасында іскерлік қарым-қатынас жасалынған. Әкімдікпен халыққа оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы жұмыстарының нәтижелерін халыққа жеткізіп отырады. Осылайша, БҰҰДБ орталығымен бірге жұмыс шаралары таныстырылды. 540-тан астам оралмандарға кеңес берді, осы қолдаудың арқасында 137 оралман мәртебесін алды, 42 адам жұмысқа орналасты, 71 жер учаскесін алды, 50-ден астам оралманға зейнетақы тағайындалған. Орталық оралмандарды ықпалдастыру мен бейімдеуде одан әрі қолдау көрсетіп, сондай-ақ кәсіби техникалық оқыту курстарын ұйымдастырды. Сонымен қатар, «Шығыс» кентінде оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының консултанды Моңғолиядан келген репатриант Асқар Мұратбектің жергілікті басқару органымен бірге оралмандар Наурыз мейрамын өткізуді дәстүрге айналдырғанын атап өтті. «Арқан тартыс», «қазақша күрес», «асық» халық ойындарын ұйымдастыруды өз мойнына алады, сондай-ақ, қолмен жұмыс жасайтын бұйымдар жәрмеңкесін, түс кигіз, алаша, кесте және т.б. заттар көрмесін ұйымдастырған. Оралмандарды бейімдеу жөніндегі кеңесшілері Өскемен қаласының әкімдігі жариялаған «денсаулық апталығы» аясында оралмандар арасында футбол турнирін ұйымдастырып өткізген. Спорттық ойындарды жиі өткізіп тұруды дәстүрге айналдырған

(XVII). Шығыс ауылындағы азаматтық қоғамды дамытуда өзара әлеуметтену салаларына жергілікті басқару органдарымен бірлесіп қызмет атқарған ішаралар әлеуметтік бейімделу шараларының алға жылжығанын көрсетеді. Осының ілгері басуына БҰҰ даму бағдарламасының белгілі бір деңгейде көмектері тигені анық.

Шығыс Қазақстанда Даму бағдарламасының жұмысы барысында өз істерін дамытуға, кәсіпкерлікпен айналысам деген азаматтарды оқытып ғана қоймай, тіпті арнайы әлеуметтік жобаларды ұсынып істерін жетілдіруге бастама жасаған. Осындай мүмкіндікті пайдаланған репатрианттарды кейбіреуіне тоқталып өткелік. Шығыс ауылының жас кәсіпкері Насыпхан Самғау БҰҰ Даму бағдарламасы мен Финляндияның Сыртқы істер министрлігінің «саудаға жәрдемдесу» жобасы бойынша гранттық көмек алды. Құны 1 500 000 теңге болатын оның бизнес-идеясы заманауи былғары аяқ киім шығаратын цех ашуға бағытталған. Самғау және оның отбасы қолөнермен 20 жылдан астам уақыт бойы айналысады. Өндіріс процесінде заманауи автоматтандырылған машиналарды қолдануға мүмкіндік беретін аз операциялық технология пайдаланылатыны өндірілетін өнімнің сапасы мен санын арттыруға мүмкіндік берді. Міне, адамның бастамасы өзіне қалай көмектесуге және кәсіпкер болуға болатындығы туралы керемет мысал. БҰҰДБ гранты арқасында Қытайдан келген 24 жастағы оралман Самғау Насыпқан өзінің аяқ киім бизнесімен айналыса алды. Өзінің жеке басында елге келгенде бәрі өте күрделі басталған екен: Ұлттық бірінғай тестілеудің сәтсіздігі, ақша жетіспеушілігі сияқты жағдайды басынан өткізген. БҰҰ Даму бағдарламасы арқылы бизнес ашу курстарынан өтіп, қоғамда әлеуметтеніп, бейімделу шараларынан өту арқылы жеке кәсіпкерлікпен өз ісімен айналысуда [183].

Осындай мүмкіндікті пайдаланған репатриант Бекен Есбол - Зайсан ауданынан бастаушы кәсіпкері. Есбол өзінің мүмкіндігі шектеулі болғанына қарамастан өмірге деген құлшынысы жоғары азамат. Зайсан қаласында ұялы телефон жөндеу цехын ашты. Оған ноутбук, ұялы телефондарды жөндеуге арналған үстел және бизнесті іске қосу үшін қажетті басқа да заттар сыйға тартылды. Есболға жеке кәсіпкерлікті ресімдеуге көмектесті. Есбол жұмысқа орналасқаннан кейін отбасын құрғаны ерекше қуантады. 2015 жылы БҰҰДБ грантын «Елімай Зайсан» ҚБ мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша жобаны жүзеге асыруға жеңіп алды. Зайсан ауданында 2013 жылы «Елімай Зайсан» қоғамдық бірлестігі шаштараз, тігін қызметтерін және аяқ киім жөндеу қызметтерін көрсететін халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орталығын ашқан (XVIII). Мемлекеттік органдардан (үй-жай берілді), БҰҰДБ (3000 АҚШ доллары көлемінде шағын грант берілді), қоғамдық ұйымдар (жобаны іске асыру), БҰҰ-ның Зайсан ауданындағы ұлттық еріктісі Б. Ысқақбаева мен Зайсан ауданы әкімдігінің оралмандар ісі жөніндегі уәкілетті маманы М. Киямазанов және волонтерлердің бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде жұмыс орындары мен кіріс көздері құрылды [183].

2015 жылы Бесқарағай ауданының тұрғындары су құбыры жүйесіне қызмет көрсету үшін арнайы техника, трактор мен ассенизатор, сонымен қатар

Қоянбай ауылындағы малдарды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін генераторлар мен сорғылар сатып алды. Бұл аудандағы ең басты мәселелердің бірі болып шықты. БҰҰДБ тұрғындарың қажеттілігі бойынша қажетті жабдықтарды сатып алуға көмектесті. Айта кету керек, жергілікті халық жиналыстарға қатысып қана қоймай, нақты мәселелерді шешуді ұсынды. Бұл жергілікті өзін-өзі басқарудың мәнін көрсетеді. 2015 жылдың аяғында БҰҰДБ оралмандарға білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, азаматтық мәселелері және үкіметтің өтініштері туралы 25 заңдық брошюралар шығарды. Брошюралар оралмандардың көші-қоны мен тұруына қатысты соңғы заңнамалық өзгертулерді ескере отырып шығарылды.

2013 жылы репатрианттар 8 Үкіметтік емес ұйым құрды, 4 ҮЕҰ жалпы сомасы 11,4 млн.теңгеге 8 әлеуметтік маңызды жобаны іске асырды. Өңірде оралмандарды біріктіру және бейімдеу орталығы құрылды, онда өмірлік маңызды мәселелер бойынша кеңес берді, оларды оқытып, әлеуетін, біліктілігін арттырды. ҮЕҰ ашуға және гранттар алуға, бизнесті ашуға және дамытуға көмектесті. ШҚО серіктестері ретінде ШҚО әкімдігі, аудандық және ауылдық әкімдіктер, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Ішкі істер басқармасы, Шекара Қызметі, Көші-қон полициясы, кеден органдары, салық басқармасы, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, «Даму» қоры болды. БҰҰДБ жобасы бүкіл Қазақстан аумағында пилоттық жоба болды. Оның жоспарында оралмандар тұратын Шығыс Қазақстан облысы өңірлерінің әлеуметтік мәселелерін шешу үшін үкіметтік емес ұйымдарға гранттар беру және аз уақыт аралығында экономикалық бейімдеу мен ықпалдастыру үшін оралмандарға шағын несиелер беру көзделген.

Бүгінгі таңда БҰҰДБ Қазақстанда өз қызметін қаржыландыру болмағандықтан тоқтатты. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оралмандарды біріктіру үшін үйлестіруші жүйе жоқ екендігі үлкен проблема болып табылады. Олардың басым бөлігі ҮЕҰ-ны аша отырып, өз қызметін дербес жүзеге асырды:

- Семей қаласы – «Отансүйгіш Оралмандар» ҚБ
- Тарбағатай ауданы – «Киелі Ақсуат» ҚБ
- Үржар ауданы – «НарАр» ҚБ
- Ұлан ауданы – «Шығыс Қыраны» ҚБ
- Зайсан ауданы – «Елімай Зайсан» ҚБ
- Күршім ауданы – «Бірлік Күршім» ҚБ
- Курчатов қаласы – «Нұрлы Көш-Атамекен» ҚБ
- Шығыс ауылы – «Шығыс Шуағы» ҚБ

Семей қаласындағы оралмандарды бейімдеу және әлеуметтік ықпалдастыру орталығы арқылы оралмандардың әлеуметтік кірігуі мен бейімдеу қызметтеріне қол жеткізуін жақсарту қызметтері барысында көптеген іс-шаралар атқарылған. Оралмандардың үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) әлеуметтік жобаларынан басқа ШҚО өңірлерінде шағын волонтерлік акциялар өткізуге, БҰҰ жобасының қаржылай қолдау көмегімен көмек көрсетуге ықпал етті. Мысаалы, Зайсан ауданында - адамдар көп жерлерге 2 автобус аялдамасы

орнатылды. Зайсан ауданында – «оралмандар күні» өткізілді. Зайсан ауданында – қарттар күніне арналған қайырымдылық шарасы ұйымдастаралды. Үржар ауданы, Қарабұлақ ауылында -халықаралық маңызы бар трассада 2 аялдама жөнделді. Үржар ауданы, Қарабұлақ ауылында – жол арқылы өтетін көпір жөнделді. Үржар ауданы, Үржар ауылында – қарт адамдарға үй шаруашылығына көмек берілді. Үржар ауданы, Үржар ауылы – Фурманов көшесіндегі жолдың жүру бөлігі жөнделді. Күршім ауданы Сарыөлең ауылында көшеттер отырғызылып және қоғамдық саябақ жөнделді. Ұлан ауданы, Молодежный кентінде мектептің спорттық снарядтары мен қоршаулары сырланған. Ұлан ауданы, Мамай ауылында 100 га астам жер суару үшін ұзындығы 5 шақырым канал тазартылды. Қарабұлақ ауылында малды дәрілеп егу алаңы салынды. ШҚО оралмандарының құжаттарын жеңілдікпен ресімдеу және аудару орталығы құрылды. Абай ауданының тұрғындарына әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтарға қол жеткізуіне жағдай жасалды. Ұлан ауданының Мамай батыр ауылында көкөніс қоймасы салынды. Семей қаласының Мұқыр ауылында ұсақ малды күту бойынша жабдықпен қамтамасыз етілді. Семей қаласының Мұқыр ауылында ұлттық қолөнерге қолдау жасалды. Ұлан ауданының Сағыр ауылының тұрғындары таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Зайсан қаласының тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Тарбағатай ауданының Құмкөл ауылында су құбырлары орнатылды. Үржар ауданының Елтай ауылында малды дәрілендіру бойынша мамандандырылған жерді жөндеу және қалпына келтіру шаралары атқарылған. Көрсетілген әлеуметтік-экономикалық жобаларда 200 ерікті қатысып ауыл тұрғындарына қызмет түрлері пайдалануға берілді [183]. Осындай еріктілердің қызметтерін ұйымдастырып, іс-шараларға бастама жасаған аудандарда БҰҰ даму бағдарламасы қолдауымен ашылған қоғамдық ұйымдар мен бастамашыл топтардың қоғаммен бірігіп атқарған шараларының бірі болған. Өздерінің тұрып жатқан жерлерінде ерікті түрде маңызды деп танылатын әлеуметтік мәселелерге жұмылдырылғанан көруге болады. Оралмандардың, жергілікті тұрғындар мен билік құрылымдарының бірлескен волонтерлік акциялары қоғам игілігі үшін еріктілік бойынша өзара іс-қимылдың оң тәжірибесін көрсетті.

Мемлекеттік репатриация орталықтарында құрылған үкіметтік емес ұйымдар: Курчатов қаласында – «Нұрлы Көш-Атамекен» ҚБ, Новоявленка ауылында – «Шығыс Шуағы» ҚБ, Ұлан ауданында – «Шығыс Қыраны» ҚБ, Күршім ауданы – «Бірлік Күршім» ҚБ, Зайсан ауданы – «Елімай Зайсан» ҚБ, Үржар ауданы – «Нара» ҚБ, Тарбағатай ауданы – «Киелі Ақсуат» ҚБ қолдау шараларының жоқтығынан, жұмыс жүргізулері бәсеңдеген. Тіпті қазіргі уақытта БҰҰДБ жанынан құрылған жоғарыда көрсетілген қоғамдық ұйымдардың қызметі тоқтатылды, себебі бенефициарлар жоқ. Енді БҰҰ Даму бағдарламасы арқылы ашылған қоғамдық ұйымдар мен бастамашыл топтардың жұмысын жетілдіру шараларын жергілікті басқару органдарының қарастыратын мәселелері. Себебі Шығыс Қазақстанға келген қандастардың облыстың 8 ауданы мен қаласында ашылған қоғамдық бірлестіктер өз арасында бейімделу шараларына қатысып, әлеуметтік жобалармен айналысып, маңызды

әлеуметтік шаралардың атқарылуына белсене қатысқандарын бұқаралық ақпарат құралдарында жиі талқыланған болатын. Қазіргі кезде ұйымдардың дерлік барлығы жұмысын тоқтатқан. Себебі жергілікті әкімдіктер тарапынан бенефициарлық қызметтер жасалынбайды. Келесідей жағдайлар әсер еткен ҮЕҰ үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың ШҚО-ның ҮЕҰ үшін қандастардың қоғамдық орталарға бейімделуі мен кіріктіру шараларына арналған жобалар қарастырылмаған. Облыстық мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста репатрианттарды бейімдеу және кіріктіру мәселелерін шешуге бағытталған лоттардың болмауындағы мәселе. Жергілікті деңгейде шешімдерді қабылдау үрдісіне оралмандардың қол жеткізуіне жағдай жасауды қарастырғанды алға қою керек. Осы кезеңдегі қоғамдық ұйымдардың жұмысын жетілдіріп, бейімдеу шараларына оралмандардың өздерін кіріктіріп арнайы жобалардың іске асырылуына жағдай жасау қажет деп ойлаймын.

2009-2015 жылдар ішіндегі Шығыс Қазақстан облысында бірлескен жұмыстың нәтижесінде БҰҰДБ Қазақстанға жалпыұлттық және өңірлік деңгейлерде негізгі стратегиялық құжаттарды дамытуға, заңнаманы әзірлеуге, түрлі деңгейлерде мемлекеттік органдардың ұйымдық әлеуетін институттандыру мен нығайтуға, сондай-ақ этникалық репатрианттарды біріктіру мен бейімдеу бағдарламасы бойынша қолдау көрсетті. Қазіргі уақытта БҰҰДБ-ның Шығыс Қазақстандағы қызметі тоқтатылды, барлық жұмыстар Ұлттық басымдықтарға сәйкес келгенін және елдің негізгі стратегиялық мақсаттарын іске асыруға өз үлесін қосқанын атап өткен жөн.

Ұлттық серіктес – Семей қаласының әкімдігі жәрдемдесуі арқылы БҰҰ ДБ Оралмандардың бейімделу және кіріктіру орталығы қызметтері аясында келесідей репатриация саясаты мен әлеуметтік-экономикалық бейімдеу мен қоғамға кіріктіру шараларын атқарған болатын. Олар:

- оралман мәртебесін алу, көшіп келу квотасына, тұрақты тұруға, ҚР азаматтығын алу туралы құжаттарды ресімдеу бойынша кеңес беру, жұмысқа орналастыру, құқықтық білімдік семинарлар өткізу, қазақ тілі, орыс тілі, компьютерлік сауаттылық курстарын ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетілді;

- мемлекеттік билік органдары, бизнес қауымдастық және азаматтық қоғамның әлеуметтік әріптестік негізінде аудандарда еріктілік қызмет тетігі қалыптастырылды;

- шағын гранттар бағдарламасы негізінде халықтың таза ауыз суға қол жеткізуін жақсарту, ауыл шаруашылығын қолдау, ұлттық мәдени дәстүрлерді жаңғырту мәселелері шешілді;

- шағын несиелеу бағдарламасы арқылы ауыл шаруашылығын дамыту, қызмет көрсету, сауда бойынша бизнес жоспарларды қаржыландыру арқылы табыс көздері мен жұмыс орындары құрылды;

- зерттеу жүргізу арқылы бенефициарлардың қажеттіліктерін анықтау негізінде азаматтық алу, мемлекеттік органдарға жүгіну, денсаулық сақтау, білім алу, еңбек нарығы мәселелері бойынша «Оралман жадынамасы» әзірленіп шығарылды;

– БАҚ мақалалар жариялау мен телеарналар арқылы халық пен мемлекеттік органдардың оралмандардың бейімделуі мен ынтымақтасуының өзекті мәселелері бойынша хабардар болу деңгейі жоғарылатылды;

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында анықталғаны, БҰҰ ДБ Оралмандардың бейімделу және кіріктіру орталығы олардың мәселесімен айналыса келе Қазақстандағы репатрианттардың күнделікті өмір кеңістігін қалыптастыруда олардың бейімделуі мен ықпалдасуы бойынша өзекті мәселелерді көрсетіп кеткен болатын. Репатрианттардың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін жақсарту бойынша өзекті мәселелер мен ұсыныстар:

1. Құқық қолдану тәжірибесі мен мемлекеттік жоспарлау.

Мәселелер:

– халықтың көші-қоны туралы Заңының нормаларына белгілейтін заңға тәуелді актілердің болмауы,

– кедендік одақ шекарасы арқылы автокөлікті өткізу үшін кедендік баж салығын алу бойынша құқықтық қайшылықтың болуы мәселесі;

– аумақтардың дамыту бағдарламалары мен аудандар және қалалардың мемлекеттік органдарының стратегиялық жоспарларында қандастарға байланысты мәселелерінің жоқ болуы ;

– қандастардың уақытша орналастыру орталықтарында бос алаңдардың жоқ болуы.

2. Мемлекеттік органдардың қызметтеріне және ресми ақпаратқа қол жеткізу

Мәселелер:

– уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттарында ескі ақпараттың болуы;

– көші-қон полициясында өзінің жеке сайтының болмауы;

– оралмандар мен жергілікті билік арасында келіссөз алаңдарының болмауы;

– бос жер учаскелерінің туралы ресми ақпаратқа қол жеткізудің қиындығы;

– ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредитациялық орталығының облыстарда өкілдіктерінің болмауы.

3. Қытайдан келген оралмандардың бейімделуі мен ынтымақтасуы

Мәселелер:

– кіру визаларын алудың ұзақ мерзімдері мен мәселелері;

– құжаттар мен еңбек стажын заңдастырудың құқықтық тетігінің болмауы.

4. Шетелдегі отандастармен жұмыс жүргізу

Мәселе: ҚР көшіп келудің мүмкіндіктері мен тетіктері туралы шетелдегі отандастарды ақпараттандыру мәселелері бойынша үйлестірудің болмауы.

Құқықтық қолдану тәжірибесі және мемлекеттік жоспарлау:

– ҚР ПИМ және ҚР СІМ оралман мәртебесін алу, көшіп келу квотасы бойынша жәрдемақыларды, тұрақты тұруға рұқсат алу тәртібі туралы Халықтың көші-қоны туралы жаңа заңның нормаларын нақтылайтын заңға тәуелді актілерді шұғыл түрде қабылдау қажет;

– кеден шекарасы арқылы өткізілетін автокөліктер мен олардың тіркемелерін кедендік баж салығынан босатуға қатысты құқықтық қайшылықты жою керек;

– мемлекеттік органдар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларына оралмандарды бейімдеу және ынтымақтасуы мәселелерін қосу;

Мемлекеттік органдардың қызметтеріне және ресми ақпаратқа қол жеткізу:

– қалалық және аудандық деңгейлерде «Қандастар кеңесін» құру;

– уәкілетті органдардың сайттарын үнемі жаңартып отыру;

– ҚР ІІМ Көші-Қон комитетінің сайты немесе ҚР ІІМ сайтында жеке бөлім ашу;

– кедендік бекеттерде репатрианттарға түсінікті тілде ақпараттық тақталарды орнату;

– бос жер учаскелері бойынша ақпаратты жер бөлімдері мен БАҚ жариялау;

Қытайдан келетін қандастарды бейімдеу және кіріктіру:

– әлеуметтік қамсыздандыру және халықтың көші-қоны туралы үкіметаралық келісімді жасасу [183].

Осындай репатриация саясатындағы қандастармен жұмыс барысында анықталған негізгі мәселелердің бар екендігі анық. Алдағы уақытта біртіндеп қолға алынып, заңнамаларға өзгерістер енгізіліп жатқандығын байқауға болады. Бірақ дегенмен зерттеу жұмысы барысында репатрианттардың осындай қиыншылықтарды басынан өткергендігін, алдағы уақытта өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қандастардың жоғарыдағы мәселелерінің шешілуіне ниетті екендігін көруге болады. Елге келген қандастар өздері толық құжаттарын алып азаматтықты алса да, алдағы уақытта елге келетін қандастардың көші-қонындағы жағдайы мен кедергілері аз болса екен деген ниеттерін жиі білдіреді.

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен БҰҰ бірлескен жұмысы аясында Шығыс Қазақстан облысына арналған «Өңірлік жоспарлауға инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету» (Семей өңірінің үлгісінде) бағдарламасы аясында репатрианттардың күнделікті өмір сүру кеңістігін қалыптастыру негізінде атқарылған шаралар білім, кеңес беру және жобаларды жүзеге асыру арқылы әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету моделі құрылды. Өңірде орналасқан репатрианттарға көші-қон заңнамалары мен тәртіптерін түсіндіретін кеңес беру орталықтары арқылы семинарлар мен жекелей қабылдау қызметтерін жүргізді. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстанда қандастар тығыз орналасқан аудандар мен қалаларда өкілдіктерін ашып, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу мен кіріктіру шараларын кеңінен атқарды. Мемлекеттік мекеме мен қандастардың өзара әрекеттесу қызметтерін қалыптастыру мақсатында қандастар тығыз шоғарланған аймақтарда 8 қоғамдық бірлестік қандастардың өздерінің тарапынан ашылды. Қоғамдық ұйымдарға Біріккен ұлттар ұйымы қандастарды әлеуметтік-экономикалық жағдайда бейімдеу мен кіріктіру шараларында

арнайы гранттық қаржылық қолдаулар көрсетіп қызметтер атқарған тәжірибе оң нәтиже берген. Біріккен ұлттар ұйымының еріктілер жобасы аясында қандастар өздері тұратын ауылдар мен аудандарда әлеуметтік-экономикалық жағдайда шаруашылыққа қажетті қызметтерді ұйымдастыра отырып бірігіп ерікті қызметтерді ұйымдастыру шараларына да белсенді қатысты. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Семей қаласында орналасқан 2009-2016 жылдар аралығында Біріккен Ұлттар Ұйымының агенттігі – БҰҰ (Біріккен ұлттар ұйымы) Даму бағдарламасы мен БҰҰ Еріктілер бағдарламасы ұлттық серіктестік «Оралмандарды бейімдеу және әлеуметтік ықпалдастыру орталығы» қызметінің қандастарды әлеуметтік-экономикалық қолдау мен қоғамдық ортаға кірігу мен бейімдеу жолында қызметтері мол тәжірибе берді. Осы атқарған қызметтердің оң тәжірибесіне сүйене отырып, ендігі кезекте Шығыс Қазақстан облысында мемлекеттік мекемелердің Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында атқарған қызметтерді мемлекеттік бағдарламалармен байланыстыра жүргізуге арнайы «Қандастар орталығы» секілді балама мекеме қандастардың қоғамдағы мемлекеттік қызметтерді алуымен бейімделу шараларын жалғастыратын орталықтың ашылуына ұсыныс жасалынады.

Осы мақсатта репатрианттарға қатысты мемлекеттің декларацияланған көші-қон саясатының тетіктері мен құралдарын тиімді пайдаланған жағдайда, репатрианттардың экономикалық және әлеуметтік-мәдени бейімделу проблемалары қазіргі уақытта осындай ауқымды болмас еді. Қазақстанға оралған кезде қандастардың жиі кездесетін басты проблемалары – жұмысқа орналастыру және баспана алу қиындығы болып табылады. Маңызы жағынан екінші мәселе блогы тұрғылықты жерді өз бетінше таңдау және Қазақстан азаматтығына қабылдау мүмкін еместігі мәселелерімен байланысты. Сондай-ақ репатрианттардың қайтып келу және одан әрі өмір сүруін регламенттейтін нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеу мәселелері, тарихи Отанына оралған этникалық қазақтардың әлеуметтік-мәдени және экономикалық бейімделуінің күрделі жағдайлары өзекті болып табылады. Проблемаларды алдын алудың басты мақсаты-атқарушы биліктің назарын көші-қон саясатын орындау жөніндегі жұмысты жандандыру қажеттілігіне, қандастарды, этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін ұлттық заңнама шеңберінде қолдау қажеттілігіне аудару, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мүмкін болатын қақтығыстардың алдын алу, сондай-ақ репатрианттарды іс-шаралар туралы хабардар ету. Мұндай мәселелерді шешу үшін оралмандарға ШҚО аудандық, қалалық ішкі саясат бөлімдеріне этникалық репатрианттардың бейімделуі мен ықпалдасуына ықпал ететін, экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларды дамыту мақсатында жобалар бөлуге жәрдемдесуі керек. Сондай-ақ, оларға қандастардың өздерін қатыстыру және осы бағдарламаларды дамытуға қызығушылықтарын арттырған жөн. Қандастарды қоғамдық ортаға бейімдеу мен кіріктіру жолында жоғарыда көрсетілген бейімдеу тәжірибесін қолға алудың маңызы зор.

3.3 Кроссмәдени бейімделу және жастар саясаты

Этникалық репатрианттардың күнделікті өмір тарихының басты назарында бейімделу стратегиялары жан-жақты антропологиялық өлшемде, мінез-құлық, мәдениет көріністерін талдау мен бағалауда, яғни ішкі саналы және бейсаналық іс-әрекеттерде, өзара қарым-қатынас тәжірибесінде және басқа мәдениетте өмір сүру кезінде бірегейлікті сақтауда, тарихи Отанның әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі этномәдени трансформациялануда көрініс табады. Кроссмәдени бейімделуді белгілі бір мәдениетке жататын адамның басқа мәдениетпен ұзақ, үздіксіз және тікелей байланысы кезінде пайда болатын бейімделу процесі ретінде анықтады. Осылайша, мәдениаралық бейімделу екі мәдениеттің тікелей, үздіксіз және ұзақ мерзімді байланысына негізделеді, нәтижесінде бір немесе екі жағынан өзгерістер болады, алдыңғы мәдени модельдер өзгереді және басқа мәдени модельдер қабылданады. Кросс-мәдени бейімделудің диалектикалық моделі циклдік процесс ретінде қарастырылады. Яғни, мәдени айырмашылықтардың жаңа сын-қатерлеріне тап болған репатриант мінез-құлқын, таным ерекшеліктерін, эмоциялық реакцияларды өзгертіп, сол арқылы өздерін өзгертеді. Жастардың кроссмәдени бейімделу мәселелері бойынша мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды талдау нәтижесінде өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары айқындалады. Жастармен жүргізілген арнайы сауалнама мен сұхбаттар олардың қазіргі әлеуметтік жағдайын жақсартуға деген ынтасы мен бейімделу стратегиясын көрсетеді. Олардың қоғамдық ұйымдардың қызметтеріне қатысу жұмыстары, әлеуметтік-мәдени бейімделуге салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Зерттеу жұмысын жүргізуде жалпы ғылыми әдістерге, оның ішінде теориялық және эмпирикалыққа сүйенілді. Әлеуметтік талдау адаммен адам арқылы қол жеткізген әл-ауқатты және оның одан арғы тұлға ретіндегі дамуын қарастырады. Бұл әдістер қосындысы зерттеу мәселесін тұтас тарихи құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда елге оралушы азаматтардың басым бөлігі жастар болғандықтан Атамекенім, Отаным деп, елге оралушы қандас студенттердің саны жыл сайын артып келеді. Осы негізде елге оралушы азаматтардың қоғамға бейімделуі үшін арнайы ұйымдар мен бірлестіктер жұмыс жасауда. Соның бірі белсенді оралман жастарының бастамасымен құрылған «Алтай» жастар қоғамдық бірлестігі ШҚО бойынша оралман студенттердің басын қосатын ұйым болып табылды. Ұйымың негізін қалап, басшылық жасаушы «Қазақ тіл» ұйымының төрағасы болған Ерғали Кәкімұлы. Ұйым Семей қаласында 2007 жылы негізі қаланып, бүгінде «Қазақстан халқы Ассамблеясының» қарамағында жұмыстарын жалғастыруда. Ұйымның құрылудағы негізгі мақсаты, біріншіден, әр елден келген оралман студенттердің басын қосып, дарынды жастардың өнерлерін одан әрі дамуына жағдай жасау болса, екіншіден, қазақтың ұлттық өнерін, салт-дәстүрін жоғары дәрежеде дамытып, Қазақстан қоғамына бейімдеу болып табылады, үшіншіден, студенттердің бір-біріне деген таныстықтары көбейіп, сан алуан қиыншылықтарды бірігіп жеңуге септігін тигізеді. Ұйым алғаш бой көтерген уақытта отыздан астам студент

мүшелікте болса, кейін келе елге оралушы азаматтар саны өскен шақта бұл көрсеткіш жоғарлап, қазіргі таңда 300-ден астам бала жұмыс жасаған. Онда басым көпшілігі Қытай елінен келген оралман жастар (60%), екінші орында Моңғолиядан (35%), сондай-ақ Қырғызстан, Өзбекстаннан (5%) келген жастар құрайды. ШҚО бойынша бірлестік Өскемен қаласы және аудандармен тікелей байланыс жасап тұрады. Ұйым төрағасы болған Ерзат Қапатай. ҚХР-нан келген қандас. Төрағаның айтуынша әр елден келген азаматтың мәдениетінде, тілінде, психологиясында ерекшеліктерді көптеп байқауға болады. Мысалы, Қытайдан келген жастар белгілі бір қатаң заңда өскендігі байқалса, ал Моңғолиядан келген қандастардан сол елдің тарапынан қатаң қыспақтың болмағанын сондай-ақ, заңдарында сәл де болсын еркіндік болғандығын көрсетеді – дейді. Ұйым ШҚО бойынша алғашқы жалғыз бірлестік болғандықтан Өскемен қаласымен және аудандармен тікелей байланыс жасап тұрды (XIX). Ұйымға мүше студент жастар қазақтың мемлекеттік және ұлттық мейрамдарын «Тәуелсіздік күні, Наурыз, 9 мамыр» т.б. мерекелерін ұйым басшылығымен өте жоғары деңгейде өткізіп тұрған. Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысының 65 жылдық меркесіне орай қарттар үйлеріне барып арнайы концерт өткізген болатын. Бірақ, қазіргі таңда бірлестіктің жұмысы тоқтап тұр. Оған негізгі басты себеп жастардың сабақ барысының қиындауы әсер етіп отыр, сол себепті қосымша қоғамдық жұмысқа қатысу қарқыны баяулауда және мемлекет тарапынан арнайы қаражаттың бөлінбеуі басты себеп, егер бөлінген жағдайда қазақтың ұлттық өнерін дамытып ауыл және аудандарда арнайы концерт беру ісін жандандыру негізге алынған. Қазақтың айтыс, күй, ұлттық би, халық әндерін ұлттық құндылығын шет елден оралушы студенттер жергілікті халықпен салыстырғанда өте жоғары деңгейде сақтаған. Бірақ дегенмен алға қойған жоспарлардың көбі дерлік қаржымен қолдаудың аздығынан іске асырылмай қалып жатқандығы бар [99, б. 3].

Репатрианттар мәселелерін кешенді зерттеу жұмысында елге келген қандастардың көшіп келген елдеріне байланысты сана сезімдері мен ерекшеліктерін және де олардың күнделікті өміріндегі көріністерін этникалық дүниетанымындағы күрделі өзгерістерін зерттеу. Сондықтан, қандастардың жаңа жерге сіңісіп кетуі, этникалық кірігу өте күрделі процестің бірі және көшіп келушілерге жергілікті халықтың өз қандастарымен байланыс орнату үлкен мәселеге айналып отыр.

Репатриант азаматтар үшін тағы бір күрделі мәселе – шетел қазақтарының балаларын елге білім алып, өз атамекеніне қызмет жасау мақсатында білім алуларына жағдай жасау мәселелері 2002 жылғы қазан айында Түркістанда болған Дүние жүзі қазақтарының құрылтайында қазақ диаспораларының балаларын оқуға қабылдау бойынша ұсыныстар жасалған. Талқыланған істер толықтай қоғамға тиімді жүзеге асатын болса, онда шетелдегі қазақ диаспорасымен өзара қатынас біршама биік деңгейге көтерілері анық. Бірақ ұсыныстар айтылу бар да оларды әлеуметтік салада іске асыру тетіктері яғни, механизмдерін қосу баяу болды [90, б. 156]. 2014 жылы білім беру үрдісінде этникалық қазақ жастарына бағытталған мемлекеттік тапсырыстың өсуі

өзгерістер енген болатын. Осыдан кейін дайындық бөлімін қабылдайтын оқу орындарының саны 10 – нан 14 – ке дейінге артқан. Бірінші кезекте елдің солтүстігі мен шығысында орналасқан жоғары оқу орындарына мемлекеттің көші-қон саясатындағы этикалық иммигранттарға қатысты өзгерістерге сай орындар бөлінді. Алғаш рет Павлодар және Петропавл жоғары оқу орындарының шетелдік тыңдаушыларын қабылдады. Қазақ диаспорасы мен репатрианттардың жастар санатын қабылдайтын жоғары оқу орындарының арасында енді жеке меншіктегі ЖОО жоқ және олар тек мемлекеттік университеттермен ұсынылған. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы дайындық бөлімдеріне шетелдік қазақ диаспорасының өкілдерін қабылдау мәселелері бойынша шетелдік қазақ мәдени орталықтарын хабардар етеді, келушілерге кеңес береді және Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі мен Сыртқы Істер Министрлігі, сондай-ақ құрылымында дайындық бөлімшелері жұмыс жасайтын жоғары оқу орындарымен тығыз жұмыс істейді. 2014-2015 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырысты орындау үшін қауымдастық 2014 жылғы 5 тамызда Білім және ғылым министрлігіне сабақтың 1 қазан күнінен басталуын сақтай отырып, құжаттарды қабылдауды 20 тамыздан 20 қыркүйекке дейін ұзарту туралы ұсыныс жіберді. Министрлік 2014-2015 оқу жылына дайындық курстарына қабылдау туралы бұйрыққа өзгерістер енгізіп, Моңғолияда емтихандарды қабылдау мерзімі қыркүйек айына ұзартылып, 6 ЖОО базасында тестілеуді – 2014 жылдың 25 қыркүйегіне дейін белгіледі.

Қауымдастықтың бұл ұсынысы диаспораның тіршілік әрекетінің объективті жағдайымен және виза алумен байланысты болды. Атап айтқанда, Қазақстан СІМ-нің Қытайдағы (Үрімші қаласы) паспорт-визалық қызметі Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығына 2014 жылғы 3 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстанға виза алу кезегі 5 000 адамды құрайтынын хабарлады (әрбір келуші талон нөмірін алады). Виза алу кезегі Қазақстан Республикасы СІМ-нің 2013 жылғы 5 наурыздағы № 08-1-1/71 және Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 175 бірлескен бұйрығына сәйкес бір жыл мерзімге этникалық қазақтарға виза берудің жаңа тәжірибесіне байланысты туындаған. 2014 жылдың жазына қарай визаны аяқтаудың және ұзартудың бірінші мерзімі келді, бастапқыда құжаттарды қабылдау кезінде аса назар аудармағандықтан кезекте тұрған жастарды ығыстыру қиынға соғып, кезекке өз әсерін тигізді. Сонымен қатар, паспорттық-визалық қызметтегі саны аз штат (төрт адам) және демалыс уақыты мәселені шешуді қиындатты. Тек арнайы тексеруден өткізу және құжаттарды ресімдеуге ғана бір аптадай уақыт кетеді. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Салық кодексіне сәйкес шетелдік этникалық қазақтар консулдық алымдардан босатылды [19, с. 55].

Мұндай ақпаратты алғаннан кейін қауымдастық Қазақстан Республикасы СІМ Консулдық қызмет департаментіне құжаттарды қабылдау және тестілеу мерзімін ұзарту туралы Үрімшідегі паспорт-визалық қызметке ресми түрде хабарлап, Қытайдың жоғары оқу орындарының үйлестірушілеріне, мектеп және

колледж түлектеріне этникалық қазақ ретінде виза беруге көмек көрсетуге өтінішхат жолдады, өйткені оқу визасы талапкер қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы бойынша рәсімделеді. Сондықтан 2014 жылдың тамыз және қыркүйек айларында қауымдастықтың өтініші бойынша Сыртқы істер министрлігі Үрімші қаласында қазақ жастарының құжаттарын қабылдау және рәсімдеу үшін бір күн (бейсенбі) бөлді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі көптеген жылдар ішінде алғаш рет қабылдау мәселелеріне жетекшілік етті. Нәтижелер бірден байқалды – соңғы төрт жыл ішінде диаспора үшін берілетін білім беру гранттары асыра орындалды. Осылайша, 2013 жылмен салыстырғанда Қытайдан келген талапкерлер саны екі жүз сексен екіден алты жүз жетпіс адамға дейін, яғни 2,4 есе өсті. Сол кездегі министр А.Б. Сәрінжіповтың бұйрығымен жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне бір мың төрт жүз талапкердің орнына шетелдік қазақ диаспорасының 1 433 өкілі қабылданды. М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ, Х.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Астана филиалы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің педагогтарымен бірге Қытай мен Өзбекстанға барып жұмыс жүргізді. ОҚМУ-дың шетел қазақтары арасынан ҚХР-дағы өз өкілі арқылы әлеуетті талапкерлермен жұмыс істеу бойынша жаңа тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы 2013 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында дайындық бөлімдерінің қызметтері мен жастардың бейімделуі тақырыбында «дөңгелек үстел» өткен болатын. Қазақ диаспоралары өкілдеріне білім берудің сапасын арттыру мен жоғары оқу орындарының тәжірибелерімен бөлісу болды. Баяндамаларды талқылау кезінде дайындық курстарының қызметінде бірыңғай стандарттар, бірыңғай оқу жоспары жоқ екені анықталды, кейбір ЖОО-да тыңдаушылар жатақханаларды өздері төлейді. Мемлекеттік тапсырыс бойынша сабақтар жыл сайын 1 қазанда басталса да, Білім және ғылым министрінің бұйрығы бойынша қабылданған тыңдаушылар қысқа мерзімде Үрімшіге виза алып, Қазақстанға оқуға шыға алмайды. Көбінде Қазақстанда болу визалары оқуға тіркеу алдында аяқталады. Қырғызстанға шығып Қазақстан елшілігі арқылы визаны ұзарта алатын еуропалық елдердің қазақтарынан айырмашылығы мұндай мүмкіндікке Қытайдан келген қазақтар ие емес. Паспорт режиміне байланысты кейбір талапкерлерге Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары әкімшілік айыппұлдар салады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті басшыларының ақпараты бойынша, тіпті Білім және ғылым министрлігінің оқуға қабылдау туралы бұйрығын ұсынған жағдайда да Қытайдан Алматы қаласындағы дайындық бөлімінің тыңдаушыларына визаны ПМ желісі бойынша ұзарту туралы мәселе шешілмейді.

Бұл жағдай қазақ диаспорасы қатарындағы шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының заңнамасын, қазіргі қазақ жазуының кестесін білмегенін көрсетеді. Кейде тыңдаушылар тұрақты тіркелуіне және шетелдіктің Қазақстанда тұруға ықтиярхатына байланысты гранттан бас тартуға мәжбүр

және жатақханада орын алуға мүмкіндік болмағандықтан қауымдастыққа үндеу жіберген жағдайлар болды. Кешенді тестілеу қазақ тілінен жазбаша емтихан түрінде өткізіледі. Сонымен қатар, ана тілін жақсы меңгерген қытай қазақтары Қазақстан қазақтарының қазіргі заманғы жазбаларын білмейді. Сондықтан кіші курстардың міндеті-шетел қазақтарын кириллицада оқуға және жазуға үйрету, Қазақстан тарихы бойынша білім негіздерін беру, ана тілін білуді тереңдету, оларға білім берудегі дайындығының деңгейін арттыру, жоғары оқу орындарынан бөлек, сонымен қатар білім беру бағдарламаларын орындайтын колледждерде, кәсіптік лицейлерде әлеуметтік бейімделу және білім беруді жалғастыру үшін жағдай жасау. Сондықтан жоғары оқу орны тарапынан тыңдаушылар арасында кәсіби бағдар беру жұмысы маңызды. Қазақ диаспорасы тұратын елдердің білім министрліктерінің тарапынан рұқсат беру рәсімін қажет ететін осы диаспораны арнайы оқу құралдарымен қамтылуы да күн тәртібінен шығарылмайды.

Жаңа оқу жылына құжаттарды қабылдау 20 тамызда аяқталады, ал сабақтар тек 1 қазанда басталады, яғни бір жарым айда алшақтық визалық режимнің тәжірибесін ескермей жасалғандығы анықталған. Қазақстанда болған және оқуға тіркеуге алуды күту уақыты үшін шетелдік қазақтардың қаржылық шығындары назарға алынбаған (қалалардағы және т.б. тұрғын үйді жалға алу). Бұл проблеманы қауымдастық 2014 жылы БАҚ-та белсенді түрде жария етіп, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі мен Білім және ғылым министрлігін хабардар етті. ҚХР-дағы білім және ғылым министрлігінің өкілі Бейжіңде орналасқан, онда қазақ диаспорасы жоқ, сондықтан ол дайындық бөліміне қабылдауды ұйымдастыруға қатыспайды. Әлбетте, оның Үрімші қаласына іс-сапарына қаржы қарастыру қажет. Оқу көші-қонының кеңеюі, студенттермен халықаралық алмасу және тағы да басқа байланыстар Қазақстан мен ҚХР білім министрліктері арасында шарт жасасудың қажеттілігін білдіреді. Талапкерлердің ұлттық ерекшеліктерін назарға алмай, емтиханды ұйымдастыру жұмыстары мен шетелде емтихан тапсыруға құқықтық негіз құруы тиіс. Сонымен қатар, байқаудан өткен шетелдік қазақтар Қазақстан Республикасының бюджеті есебінен, ал ҚХР - ның басқа да ұлттары өз қаражаты есебінен білім алуға мүмкіндік алады. Білім және ғылым министрлігі мен оның ҚХР-дағы өкілдігі тарапынан қарастырылған мұндай ұйымдастыру жұмысы, Білім және ғылым министрілігі мен Сыртқы істер министрлігінің үйлесімді жұмысына, Үрімшіден виза алу үшін талапкерлердің ресми тізімін қалыптастыруға ықпал етер еді. Бірқатар мәселелердің ішіне, Қазақстанда шетелдік қазақтар дайындық бөлімдерінде оқитын қазақстандық студенттердің шәкіртақысының 80% мөлшеріндегі стипендиясын алады (14 мың теңге), ал Ауғанстаннан, Тәжікстаннан келген тыңдаушылар – 26 мың теңгеден артық алады. Бұдан дайындық бөлімдерінде оқып жатқан шетелдік қазақ жастарының шәкіртқысының мөлшерін көтерудің орындылығы бар. Аталған мәселе бойынша Қауымдастық пен Білім және ғылым министрлігінің хат алмасуында да көрсетілген.

Қазақ диаспорасы жастарының білім алу мақсатында көшіп келу мәселелері қазақтардың IV Дүниежүзілік құрылтайында Қазақстан Президенті этникалық қазақтарды тарихи Отанымен біріктірудің бірегей мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Дәл осы жастар қазақ диаспорасының аға буынына жол ашты. Алайда, Қазақстанға ЖОО-на оқу үшін көшіп келетін қазақ диаспорасының жалпы саны, жыл өткен сайын төмендеуде: 2008 жылы – 2040 адам, 2009 жылы – 1678 адам, 2010 жылы – 1430 адам, 2011 жылы – 1287 адам. Жалпы орта білім беру ұйымдарында 2011 жылы 24 725 оқушы – репатриант болса, оның ішінде 9 658 – бастауыш, 1 379 – негізгі, 3 679 – жалпы білім беретін мектептің жоғары сатыларында. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, көп нәрсе қазақ диаспорасы үшін білім беру қызметінің саяси құрамдас бөлігін түсінетін жергілікті басшыларға, мектеп директорларына, ректор корпусына байланысты. Егер шетелдік қазақ диаспорасы өкілдерінің жеке және әлеуметтік даму деңгейін анықтайтын психологиялық-педагогикалық диагностика жүзеге асырылса, бейімделу қарқыны неғұрлым тиімді болады. Қазіргі уақытта қазақ ұлтының репатрианттарының жеке ерекшеліктерін психодиагностикалық зерттеу үшін бейімделген Фрайбург жеке сауалнамасының қазақ тіліндегі нұсқасы әзірленді [37, б. 159]. Педагогтар шетел азаматтарының бейімделуін қиындататын мәселелерді білуі, бейімделу процесін оңтайландыру үшін жағдай жасауы тиіс. Сондықтан, табысты педагогикалық тәжірибені енгізу өзекті болып табылады, мысалы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ университеттері Қазақстанда оқуға табысты бейімделу моделін әзірлеу бойынша алдыңғы қатарда. Педагог пен білім алушының диалогы, оқыту, сабақтан тыс жұмыс процесінде герменевтикалық көзқарас курсы тыңдаушыларының өзін-өзі дамытудың зияткерлік, адамгершілік әлеуметтік механизмдерін қалыптастыруға бағыттайды. Табысты бейімделу – педагогикалық басқарылатын, жүйелі ұйымдастырылған үрдіс қарапайым бейімделумен емес, ерекше еңбек, шығармашылық ізденіспен сипатталады және тұрақты үлгеріммен, жоғары социометриялық мәртебемен, жақсы көңіл-күймен, білім алушылардың субъективті әл-ауқатын сезумен сипатталады [31, б. 127].

Қазақ диаспорасы Қазақстанның мемлекеттік гранттары есебінен қазақ жастарының жоғары және орта кәсіптік білім алуы, шекара маңындағы аудандарда мамандандырылған колледждер ашу, студенттердің практикадан өтуі, дарынды шетелдік жастарды «Болашақ» бағдарламасына тарту, қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру, қазақ жастары үшін Қазақстандық университеттерде және шетелдік университеттерде магистратура мен докторантурада (PhD) оқуға квота бөлу мәселелерін қояды, білім беру мемлекеттік шекаралармен бөлінген біртұтас қазақ ұлтының капиталы болып табылады. Бұған дейін Түркияға бағытталған еуропалық қазақ жастары Еуропаның қазақ мәдени орталықтары қауымдастығы федерациясының мақсатты жұмысының арқасында қазақтардың дүниежүзілік және кіші құрылтайларына тарихи Отаны жағына бетбұрыс жасалды, мысалы, қазақ тілін, Англиядан, Швециядан, Австриядан келген қазақтардың Қазақстан тарихын зерттеу үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

дайындық бөліміне, соның ішінде кейіннен Қазақстанда екінші жоғары білім алу мақсатында Қазақстанға келу фактісін куәландырады.

Мемлекет шеттен келген қазақ ұлты өкілдеріне жыл сайын жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы санының 2% – ын бөледі. Ғалымдарының пікірінше, бұл бүгінде жеткіліксіз және квотаны бес пайызға дейін ұлғайту ұсынылады [105]. Репатрианттар тарапынан білім беру грантының жалпы санынан 4 пайызға көбейту мәселесі осығанға дейін жиі көтеріліп жүргендігі бар. Осы тұрғысынан елге келген жастарды мамандық алуға жағдай жасап, тұрақты тұрып қалуына мүмкіндік ашатын маңызды жолдың бірі болып табылады.

Профессор Досан Баймолда да біздің сауалға жауап бере отырып, дәл осындай пікірді ұстанады:

– Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарына түсу кезінде оралмандарға берілетін жеңілдіктер қанағаттандыра ма?

– ЖОО-ның қасынан дайындық курстарын ашып, оқыту дұрыс жолға қойылып келеді. Осыны бітірген жастарды көбірек грантпен оқыту арқылы Қазақстанға қажет мамандарды даярлап, олардың атажұртта қалып, мамандығы мен жұмыс істеулерін барынша қолдау керек деп ойлаймын. Оралман жастарға берілетін 2 пайыздық квота меніңше өте аз. Бұны көбейту керек. 2014-2015 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қазақ диаспорасы үшін квота жоғары білімді мамандарды даярлау күндізгі оқу нысаны бойынша 572 орынды, оның ішінде «Техникалық ғылымдар және технологиялар» – 230 орынды, «Білім беру» – 102, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету» (медицина) – 78, «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» – 40, «Жаратылыстану ғылымдары» – 28, «Қызметтер» – 18, «Гуманитарлық ғылымдар» – 16, «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» – 14, «Ветеринария» – 12, «Өнер» – 4, «Құқық» – 2 орын. Сонымен қатар, бес жүз жетпіс екі орыннан тұратын 28 орын алты жоғары оқу орнына бөлінген: Қазақ ұлттық өнер университеті – 6 орын, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы – 4, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы – 4, Қазақстан-Британ университеті – 4, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті – 8 және Қаржы академиясы – 2 орын [184].

Қауымдастық бірнеше рет Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қабылдау комиссияларын ЖОО-ның дайындық курстарына қазақ жастарын қабылдау үшін шетелдік қазақтардың жинақы тұратын аудандарына жіберу туралы, контингентті қабылдау бойынша ұйымдастыру жұмысының болмауына байланысты мемлекеттік тапсырыстың бұзылуы туралы жазбаша өтініш жасады. Соңғы жылдары қазақ диаспорасы арасында тестілеу тек Моңғолияда ғана қолданылады. Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін реттейтін Білім және ғылым министрлігінің нақты нормативтік-құқықтық құжаттарының болмауы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы басшыларының алаңдаушылығын тудырады [106]. Шетелдік қазақтарды Қазақстан Республикасының оқу орындарында азаматтық алу үшін Қазақстан аумағында міндетті тұру мерзіміне оқыту уақытын енгізу орынды

болып табылады. Шетелдік білім туралы дипломдарды нострификациялаудың ұзақ тәжірибесі және осы процедураның қымбат болуы жөнінде қоныс аударушылар тарапынан шағымдар айтылды. ЖОО нострификацияға құжаттарды дайындауда бірыңғай әдісті ұстанбайды. Мысалы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шетелдік студенттер қабылданғаннан кейін бұл процедураларды ұйымдасқан түрде өткізеді. С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің қабылдау комиссиясы шетелдік талапкерлерден нострификацияланған құжаттарды талап етеді, бірақ нострификациядан өту үшін Білім және ғылым министрлігіне білім туралы шетелдік құжаттардың түпнұсқалары ұсынылуы тиіс. Бұл ретте құжаттар уақытында алынатынына кепілдік жоқ.

Біздің ел БҰҰ-ның негізгі халықаралық құқықты қорғауға арналған шарттарында белгіленген пактінің келесі шарттарындағы әлеуметтік және мәдени, құқық, экономикалық бағыттарына қатысушы болып табылады. Өз тәжірибесінде мемлекеттік органдар объективті жағдайды негізге алуы тиіс: қазақ диаспорасында басқа орталық жоқ, қазақ менталитетін, ана тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақтауға тірек және үміт болатын Қазақстан Республикасынан басқа мемлекет жоқ. Қазақ диаспорасы оның проблемаларына мемлекеттік көзқарастың сапалы өзгеруін, Қазақстан Республикасының министрліктері мен мекемелерінің жүйелі шешімі мен үйлестірілген іс-қимылдарын, тарихи Отаннан нақты көмек көрсетуді күтеді.

2013 жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында Семей қаласының оқу орындарында оқитын репатрианттармен кездесу өткен болатын. Кездесу барысында көтерілген сұрақтар оралмандардың жұмыспен қамтылуына, шығармашылықтың дамуына, уақыттарын тиімді өткізуге, көші-қон заңында азаматтық алуға және жеңілдіктерді пайдалануға қатысты қолдаулар, жұмыспен қамту мәселелері мен жастар саясаты аясында жастарға мемлекеттік қолдау көрсету түрлері түсіндірілді. Репатрианттар өз кезегінде мемлекет басшысына репатрианттарға қатысты жоспарлы саясаты үшін алғыстарын білдіген. Сондай-ақ, репатриант студенттерге қолдау көрсету саласындағы оң үрдісті атап өтіп алып жатқан білімдеріне, ақысыз тұрып жатқан студенттер үйіне, осыны ұйымдастырған оқу орны басшылығына алғыстарын білдірді [185]. Бірақ дегенмен дайындық бөлімінде оқыған тыңдаушылардың барлығы дерлік оқу орындарына мемлекеттік грантқа иелене алмаған жағдайлар жиі кездеседі. Оған бір себеп дайындық бөліміне оқуға ниеттілірдің санының өсуі мен мемлекеттік жеңілдікпен бөлінген 2 пайызбен репатрианттарға бөлінген грант аздық жасағанын айтып отыр.

Елбасының қатысуымен Астанада 2017 жылдың маусым айының 22-25 күндері Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы қорытындысы бойынша жиында Президент бірқатар тапсырмалар берген болатын. Солардың бірі қандастарға арналған білім гранты 2 еседен 4 есеге өсетін болып белгіленген. Ол білім грантының ұлғаюы 2017-2018 оқу жылына іске асырылатыны айтылған. Сонымен қатар шет елдерде тұратын қандастарды ақпараттық қолдау мен оқулықтар мен әдебиеттермен қамту шаралары да ұсынылған болатын

[186]. Жоғарыда репатрианттар мен арнайы зерттеушілердің оқу орындары тарапынан жасалған өтініштер оң шешімін бергені репатриация саясатының әрімен дамуына мүмкіндік бермек. Мемлекеттің білім грантының пайыздық көрсеткішін көтеруі, ол репатрианттар тарапынан білім алуға ниетті жастардың көп екендігімен алдағы уақытта мамандық алуға оларды әлеуметтік-экономикалық бейімдеу шараларына таруға жол ашпақ.

Осыған дейін елге оралған қандастар тарапынан орталықтандырылған бір мекемеден өздеріне қатысты бағдарламалар мен көмек түрлерін алу бойынша басқа да бейімделу шараларына қатысты мәселелерді шешуге арналған арнайы орталықтың болуына көптен қолқа салып жүрген болатын. Ендігі кезекте «Отандастар» қоры қандастарды тікелей сауалдары бойынша қабылдайтын байланыс орталығын ашты. Онда қандастардың өздерін мазалайтын барлық сұраққа жауап алуына мүмкіндігі болады. Алғашқы бастама Алматы мен Астана қалаларында қолға алынған, болашақта басқа да өңірлерге ашылуын қарастырып отыр. Республика көлемінде оралмандардың құқықтарын қолдайтын бастамашыл топтар мен қоғамдық ұйымдар жұмысын жүргізіп келеді. Солардың бірі «Атажұрт ерікті жастары» тіркелмеген қоғамдық ұйымының жетекшісі Қыдырәлі Оразұлы Қазақстанда 2017 жылдың сәуір айынан бастап жұмыс істеп келеді. Қытайдағы қазақтардың мәселелерін көтеріп, елдегі оралмандардың мәселелерімен айналысады. Сонымен қатар мұқтаж жандарға жекелеген адамдар арқылы көмек көрсетеді. Қытайға қайтуға қорқып жүрген студенттерді туған туыстарына баруға жәрдемдескен. Өзекті мәселелер туындағанда жоғары басшылықтарға дейін жеткізіп көтеріп келеді. Келесі бір ұйым «Ел-аманат» қоғамдық бірлестігі 2007 жылы құрылып, Қазақстанның Әділет министрлігінен тіркеуден өткен. Ұйым жетекшісі Ырысбек Тоқтасынның айтуынша, бірлестік Қытайдан келген азаматтарға жәрдем көрсету мақсатымен құрылған. Негізгі мақсаттары алғашқы кездері елге келген азаматтардың құжаттарын жасау, рәсімдеу тұрғысынан, заңнама бойынша мәселелерімен айналысқан. Қазіргі уақытта Қазақстанда тұрып жатқан азаматтардың туыстары Қытайдағы қазақтардың «саяси үйрену орталығына» жіберілу салдарынан туыстарымен қауыша алмау шараларымен айналысып келеді. Азаматтардың арыз, шағымдарымен уәкілетті органдарға жеткізеді. Алматы қаласында «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің аясында жұмыс істеп жатқан «Отан - оттан да ыстық» жобасының үйлестіруші Құрметолла Мұқаметханұлы 2018 жылы жобаның Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен іске асырылып жатқаны бар. Жоба Алматы қаласындағы қандастардың мәселелерімен айналысады. Жобаның мақсаты оралмандарды бейімдеу. Сонымен қатар оралман куәлігінің уақыты өтіп кетіп елден Қытайға өте алмай екі ортада қалып қойған ағайындардың мәселелерімен айналысады. Қытайдан келген қазақтарға заңгер құқықтық кеңестер беріп, басшылыққа хат жолдап, шетелден атамекенге оралған қазақтармен жұмыс жасайды. Келесі ұйым Шетелден келген қазақтар мәселесімен айналысып жүрген ұйымдардың тағы бірі – 2007 жылы құрылған «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігі. Бірлестікте өз жұмыстарын елге келген қандастардың бейімделу шараларына

қатысты мәселермен айналысады. 2017 жылдан бастап Қытайда қысым көріп жатқан қазақтардың мәселелерімен айналысып жүр. Ұйымға шағымда елге оралған қандастар Қытайдағы этникалық азшылық өкілдерінің «саяси лагерьлерге» жабуы жайында бұқаралық құралдарына хабарлап, мемлекет тарапынан белгілі мөлшерде көмек түрлерін жасауға ақпараттар жеткізеді.

Семей өңірінде тұратын оралман ағайындармен жергілікті басқару органдары арнайы кездесулер ұйымдастырып отырады. 2017 жылдың 28 наурызда Семей қаласы әкімінің бұрынғы орынбасары Н. Шарова қандастарға насихаттау жұмыстары бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Ал 4 сәуірде ШҚО Семей қаласы әкімдігі, «ШҚО Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ және «Оралмандарды бейімдеу орталығы» ҚБ төрайымы Айнұр Тәбілтаймен ынтымақтастық туралы үш жақты меморандумға қол қойылған. Кездесу барысында атамекенге оралған қандастардың бүгінгі тұрмыс-тірлігі, өтініш-ұсыныстары ортаға салынды. Сұрақтардың басым бөлігі жұмыспен қамту, еңбек нарығындағы сұранысы жоғары мамандықтарға оқыту, әлеуметтік көмек, тіл үйрену, тұрғын үй, денсаулығы нашар адамдарға дәргерлік көмек, шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселесі төңірегінде қойылды. Сондай-ақ кездесуде Дүние жүзі қазақтарының құрылтайында көтерілген мәселелер де жан-жақты талқыға салынды. Көкейдегі сауалдары мен мәселелерін айтып, тиісті кеңестерін алды [187]. Оралмандарды әлеуметтік бейімдеу бағытындағы репатрианттардың өздері тарапынан ашылған қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарымен санасып, қоғамға кіріктіру бағытында ұтымды пайдаланудың жақсы орталығы ретінде санаймын. Өкінішке орай, оралмандарды бейімделуі бағытына арналған әлеуметтік жобалардың қарасы азайып баратыны осы саясатты қолдау көңілден шығып бара жатқанға келетін сияқты.

Моңғолиядан келген қандастар бас қосып, 2011 жылдан бастап Шығыс қазақстан облысының «Бірлік» жастар этноклуб қоғамдық бірлестігін ашып жұмыстарын атқарып келеді. Қоғамдық бірлестіктің басшысы тарих ғылымдарының кандидаты Шуршитбай Бейбитгүл сайланған. Достық үйінде орналасқан орталық облыстағы этно бірлестіктермен тығыз қарым-қатынас орнатып отырады. Негізгі мақсаттары жастарды бейімдеу мен оларды жан-жақты қолдау шараларын атқару болып табылады. Оларға яғни, құқықтық білім беру, әлеуметтік шараларға белсене қатысу жолдарын ұйымдастыру. Арнайы кездесулер өткізіп студент жастардың мәселелерін талқылау жұмыстарын жүргізу шаралары да атқарылады. Маңызды мерекелерді атап өтіп, азаматтық қоғамның дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген бірлестіктердің жұмысын әрімен қарай жалғастырудың мағызы зор (XXI).

Елбасы Н. Назарбаев бастамасымен шеттегі және елге көшіп келген қандастарға жан-жақты қолдау, көмек жасау үшін «Отандастар қоры» КЕАҚ құрылған болатын. Осы қор негізінде біршама істер қолға алынып соның ішінде елге келуге ниетті шетелдегі жастарға бағытталған жобалар жайында «Отандастар қоры» басшысы Нұртай Әбіқайұлының келесі іс-шараларды атап өткенін көруге болады. Осы қордың жұмысы барысында әлеуметтік жобалар

аясында балаларға арналған тарихи сәулет ескеркіштеріне саяхат жүргізілген. Республикалық жазғы лагерлерге қандастардың балалары да қатысып білімдерін жетілдіруге жағдай жасалғаны көрсетілген. Өздерінің бизнес жобаларын ұсынып оларды жүзеге асыру мақсатында жеңімпаз атанып қаржылай қолдау алған қандастар да бар. Жастарды елдің тарихымен таныстыруға және де олардың бастамаларын қолдауға арналған түрлі жобалардың іске асырылуы қандастардың бейімделуі мен дамуына келгенде зор мүмкіндік береді [188]. «Отандастар қоры» алдағы уақытта өңірлерде де жұмыстар атқаратынын айтқан болатын. Ендігі кезекте қандастардың мәселесін көтеріп, құқықтық, әлеуметтік жағынан қолдау шаралары жасалатынына сенеміз. Кейбір мәселелерді бүгіп қалмай, ғылыми тұрғыдан мән беріп, шешу жолдарын басшылыққа ұсынатын ұйым ретінде өзін танытарына үміт зор.

Шығыс Қазақстан облысындағы БҰҰДБ Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы 2009-2015 жылдағы атқарған қызметіндегі жұмыстың нәтижелері олардың тұрақтылығымен бағаланады. Тұрақтылық – бұл БҰҰДБ-ның маңызды қағидасы болып саналды. Бұл жағдайда тұрақтылық Біріккен бағдарлама қызмет жасаған жылдар ішінде тек құрылып қана қоймай, институционалдандырылып, сонымен қатар байыпты жұмыстың қажетті әлеуетін көрсете білген жас үкіметтік емес ұйымдарды тәрбиелеу арқылы қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта БҰҰДБ азаматтық сектордағы шектеулі тәжірибесіне қарамастан, бірқатар әлеуетті және ықпалды жобаларды жүзеге асырған алғашқы үш ұйымды айта алады. Бұлар негізінен оралмандардан құралған «Отансүйгіш Оралмандар», «Елімай Зайсан» және «Шыңғыс қыран». Бұл ұйымдар Семей қаласы әкімдігімен БҰҰДБ Шығыс Қазақстан облысындағы оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының міндеттері мен функцияларын орындайды, жаңадан келген оралмандарға оқыту және кеңестер беру бойынша толыққанды жұмысты жалғастырады. «Отансүйгіш Оралмандар» ұйымды «Шығыс Қазақстан облысындағы оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» деп өзгерту процесін жүргізген.

Жалпы, Біріккен бағдарламаны іске асыру барысында БҰҰДБ бастамасымен 8 үкіметтік емес ұйымдар пайда болды.

- Семей қаласы – «Отансүйгіш Оралмандар» ҚБ
- Тарбағатай ауданы – «Киелі Ақсуат» ҚБ
- Үржар ауданы – «НарАр» ҚБ
- Ұлан ауданы – «Шығыс Қыраны» ҚБ
- Зайсан ауданы – «Елімай Зайсан» ҚБ
- Күршім ауданы – «Бірлік Күршім» ҚБ
- Курчатов қаласы – «Нұрлы Көш-Атамекен» ҚБ
- Шығыс ауылы – «Шығыс Шуағы» ҚБ

Осы ұйымдардың ашылуына, әлеуметтік жобаларды жазуға, олармен айналысуға, қоғамға бейімделіп қана қоймай өздері тарапынан бейімдеу шараларына тікелей қатысқан белсенді қандастардың жұмыстары Шығыс Қазақстанның аудан, ауылдарында жақсы бастамаларды атқарды. Өз

қызметтерін БҰҰДБ тарапынан бөлінген, жергілікті басқару органдары мен Даму қоры арқылы алған жобалардың негізінде атқарған болатын. Осы ұйымдардың ашылуына жанашыр болған БҰҰДБ қызметін тоқтатқанан кейін аталмыш ұйымдар шетінен жабылып қалғанын көруге болады. Қызметтерін тоқтатудың бір себебі консультативтік, ақпараттық органның болмауы, жергілікті басқару органдары қала мен аудандар тарапынан олардың бейімделу тарапынан бастамаларын қолдайтын әлеуметтік жобалардың болмауы кесірінен қоғамдық бірлестіктер жұмыстарын уақытша тоқтатқан. Тек жұмысын әрімен жалғастырып келе жатқан екі ұйымның біреуі Семей қаласында орналасқан басшысы Айнур Табилтай «Отансүйгіш оралмандар» ұйымын БҰҰ бағдарламасы жабылғаннан кейін «Шығыс Қазақстан облысындағы оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» деп атауын өзгертіп жұмысын жалғастыруда. Репатриант қоғамдық ұйымның басшысы Айнур Табилтаймен оралмандардың күнделікті тарихы бойынша сұхбат жүргізіп, қоғамдық бірлестіктің қызметтері мен мемлекет тарапынан жасалынатын көмектер мен көші -қон саласындағы мәселелер бойынша тәжірибесімен бөлісті. Қоғамдық бірлестіктің қызметінің негізгі мақсаты әр түрлі бағыттар бойынша қандастарға көмек көрсету. Олар құжаттарды рәсімдеу кезінде көмек көрсету, кириллицаны, орыс және компьютерлік сауаттылықты оқыту, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және туындаған мәселелер бойынша заңгерлік кеңес беру. Барлық қызметтерді этникалық мигранттарға тегін көрсетеді. Мемлекет этникалық қазақтардың бейімделуі мен кірігуі үшін барлық мүмкін жағдайларды жасап жатыр. Алайда, барлық этникалық мигранттар кеденнен өту, құжаттарды ресімдеу, түрлі әлеуметтік мәселелерді шешу және жұмысқа орналастыру кезінде кедергілерге тап болады (XX). БҰҰ даму бағдарламасы кезеңіндегі бейімдеу бағытындағы жобалар қоғамға кіріктіру барысында көп көмек жасалынатын. Оралмандарды бейімдеу орталығы 2009-2015 жылдары Семей қаласында БҰҰДБ қолдауымен оралмандарды әлеуметтік-экономикалық бейімдеуге бағытталған жобаны жүзеге асырды. Жобаны Шығыс Қазақстан облысының барлық аудандарымен, Семей қаласы, Зайсан, Тарбағатай, Үржар аудандарында басымдылық жасалды. Жобаны іске асыру кезінде әртүрлі мәселелер бойынша 22000 астам өтініш тіркелген. Нәтижесінде 282 отбасы тұрғын үй мәселесін шешті, 578 адам зейнетақы төлемдерін алды, әлеуметтік жәрдемақыларға 1037 құжат тапсырылды және қазіргі уақытта мемлекеттен төлемдер алуда, шаруа қожалығына жер телімдері бөлінді, сондай-ақ орталық арқылы 101 адам жұмысқа орналасты, 28 этникалық мигранттар жеке кәсіпкер ретінде өз ісін ашты.

Қазір БҰҰ даму бағдарламасы жұмысын тоқтатқанан кейін бейімдеу барысындағы жобалардың тапшылығы көрінген. Арнайы қоғамға бейімдеу мен кіріктіру шаралары үнемі атқарылу керек, себебі жыл сайын қандастар елге оралуда олардың әр қайсына бастапқы кезеңде қолдау мен бағыт-бағдар ұсынатын ұйымдардың қызметінің керектігін атап өтті. Қоғамдық бірлестік ақырғы екі жылда мемлекеттен ешқандай қаржы алмасада өз мәселелерімен жолығып, көмек сұраған қандастарға ақпараттық болса да көмек шараларын

жасап отырғанын жеткізді. Көп жылғы тәжірибенің арқасында тұруға ықтиярхатты рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды аудару, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға тапсыру сияқты дағдылар игерілген. Қазіргі уақытта «оралмандарды бейімдеу орталығы» қоғамдық бірлестігі мен Семей қаласының әкімдігі арасында меморандум жасалды. Мұндай байланыс этникалық мигранттардың жаңа ортаға мемлекеттік органдар мен халық арасындағы көпір қызметін атқарады. Алайда меморандум толық қанды жұмысын атқармайды, тек жиналыстар мен дөңгелек үстел төңірегінде қалып отыр, екі арадағы бейімдеу шараларына қаржы мен қолдау кең көлемде атқарылмай жатыр. Шетелден келген этникалық қазақтар орталыққа Facebook желісіндегі парақшасы арқылы жиі қосылады. Мұндай байланыс оларға кететін елде тұруға және азаматтығын алуға рұқсат алғаннан кейін барлық қажетті құжаттарды дайындауға мүмкіндік береді. Этникалық мигранттарға мемлекеттік квота бөлінетін аймақтар туралы ақпарат алады. Бізге құжаттарды рәсімдеу мерзімі туралы хабарлайды. Бұл жерде біз оралман куәлігін беру мерзіміне тоқталдық. 2016 жылдан бастап оралман куәлігі тек 1 жылға беріледі, қайта жаңарту құқығынсыз және қайта шығару құқығынсыз.

«Оралмандарды бейімдеу орталығы» ҚБ төрайымы Айнур Тәбілтай келеседей мәселелер мен ұсыныстарды атап өткен болатын. Егер біз әртүрлі проблемалар мен кедергілерге тоқталатын болсақ, онда төмендегіні келтіруге болады. Бірінші кезекте оралмандардың құжаттары. Көші-қон туралы 2018 жылғы мамырдағы заңның қабылданған күнінен бастап жүргізілген статистикалық талдауларына сәйкес, бұл 2011 жылдан бастап заң шығарушы Қазақстан Республикасында тұруға рұқсат алуды жетілдіруде – 7-бапта (4 түзету) болған. Оралман мәртебесін беруге өтініш беру және (немесе) оралмандарды аймақтық квоталарға енгізу тәртібі – 18-бапта (4 түзету) болған және оралмандардың құқықтары мен міндеттері – 26-бапта (4 түзету). Бұл талдау осы заңдылықтың тұрақты емес екенін түсінуге мәжбүр етеді (XX). 2016 жылға дейін, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын елдің аумағында тұрақты негізде кемінде төрт жыл қабылдағаннан кейін ала алады. Бүгінгі күнге дейін сол кездегі мигранттардың жартысы әлі құжатталмаған, дәлірек айтсақ, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған жоқ. Олардың көпшілігі Өзбекстан мен Қытайдан келген этникалық мигранттарды құжаттау мүмкін болмады, өйткені бұл елдер өз азаматтарына Қазақстан азаматтығын алу үшін қажетті анықтамаларды бермеген. Біршама этникалық көшіп-қонушылардың оралман куәлігінен уақыты өтіп кеткен. Тіпті осы уақытқа дейін олар Қазақстан азаматтығын алу үшін барлық қажетті құжаттарды жинастырған, этникалық мигранттар оралманның мерзімі өтіп кеткен мәртебесінен кейін Қазақстан бодандығын да ала алмайды. Мәртебені қалпына келтіру мүмкін емес. 2018 жылғы 16 сәуірдегі өзгертілген көші-қон туралы заңның талаптарына сәйкес келмейді.

Қытайдың көптеген этникалық мигранттарында Қытай Республикасы берген паспорттар мерзімі өтіп кеткен. Қытайдағы жағдай салдарынан

этникалық мигранттарға жаңа паспорт алу мүмкін емес. Осыған байланысты бізде қандастар арасында тағы бір проблема туындайды. Жақында бізде мигранттар арасында жаңа термин - «оралман босқын» пайда болады,- деп ойлаймын дейді. Жағдай осы күйге қарай жылжытуда. Адамдар Қытайға оралудан гөрі босқын мәртебесін алуға дайын, ол жаққа барып түрме камераларында жазықсыз тұтқын болудан қашады. Қазақстан Республикасына келіп, осында жүрген отандастарға көмектесуді мемлекет тарапынан қолдау шараларын жасауды үнемі жалғастыру керек. Тағы бір мәселенің төңірегі денсаулық сақтау саласында шығып отыр. Тегін медициналық көмек тек оралман мәртебесі бар адамдарға ғана көрсетіледі. Мерзімі өткен мәртебесімен барғандардың көпшілігі өз қаражаттары есебінен емделеді. Бұл жағдайда, әсіресе, жүкті әйелдер үшін қиын. Тіркеуден бастап, барлық қажетті сынақтар және перзентханаларда тууды қабылдау ақысы төленеді. Өртүрлі клиникалардағы бағалар әр түрлі. Орташа алғанда, сома 160 000-нан 200 000 теңгеге дейін. Әрине, бұқараның мұндай мөлшерде төлеуге мүмкіндігі жоқ, бұл әйелдердің сәбилерін үйде туып, содан кейін дәрігер шақыруына әкеледі. Бұл әйелдер үшін де, бала үшін де қауіпті. Оралман мәртебесінің төңірегінде жұмыспен қамту, әлеуметтік төлемдер және т.б. сияқты бірқатар мәселелер бар, оларды да шешуге болады. Бүгінгі таңда бірінші орында отандастарды құжаттандыруда болып отыр. Қазір келген елдеріне қайта оралғандар мәселесі кездеседі. Таныс қандастар арасында 15 отбасы Моңғолияға оралғанын – Айнур Табилтай атап өтті. Олардың Қазақстан азаматтығын ала алмайтындығына байланысты. Олар білім алған жас отбасылар, мұғалімдер, медицина қызметкерлері, техникалық білімі бар мамандар. Еңбек нарығында бізге қажет адами ресурстар. Мен достарымды көндіре алмадым, олардың мәселелерін шешуге мемлекеттің шамасы жетеді деп ойлаймын дейді. Олардың елден кетіп бара жатқанына өте өкінішті жағдай. Моңғолияда елге оралуға ниетті репатрианттарға көші-қон жағдайында кері көңіл күй тудыратыны сөзсіз. Елге келіп, болашағын Қазақстанмен байланыстыруға ниеттенген азаматтарға дерлік барлығына жекелей мәселелерін қарастырып азаматтығын алуға, қоғамға кірігіп кетуіне барлық жағдайды жасау басты міндетке айналуы керек. Азаматтық қоғамды дамыту жолында оралмандарды бейімдеу шараларына ертеректе елге келіп азаматтық алып қоғамға толықтай еніп кеткен азаматтардың күшімен, мемлекет тарапынан қолдаулармен бейімдеу шараларына тарту маңызды. Осыған орай, түрлі бағыттағы ойын сауықтарға бөлген қаржыны оралмандарды қазақстан қоғамына кіріктіру мен бейімдеу шараларына бөлсе олардың жылдам әлеуметтелуіне мүмкіндік берері анық.

Осыған байланысты келесідей ұсыныстар жасалынады:

– қандастар тығыз қоныстанған өңірлерде олардың қоғамға бейімделулері мен кірігу шараларына қатысты мемлекеттік мекемелерде әлеуметтік тапсырыстарды жоспарлай отыра Үкіметтік емес ұйымдарға беру арқылы бейімдеу қызметтеріне тартудың мүмкіндіктерін қарастыру;

– Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қаражатының 50% ауылдық жердің әлеуметтік проблемаларын шешуге бағыттау, халықтың 50% жуығы ауылда

тұратынын және аудандық бюджеттердің мүмкіндіктері шектеулі екенін ескере отырып осындай мүмкіндіктерді қолға алуды алға қойылу шаралары жасалынған дұрыс.

Зерттеу жұмысы барысында репатриант студенттермен дайындық бөлімі тыңдаушыларымен қызмет жасап жүрген қызметкерлер мен репатрианттар тарапынан келесідей мәселелер көтеріледі.

– елге шетелден оқуға келетін қазақ студенттеріне, оқушыларға ЖОО-нан колледждерден, мектептерден тегін шақыру қағазын беру сұралады. Яғни, оқуға келетін студенттерге, оқушыларға Қазақстанның университеттерінен, колледждерінен, мектептерінен жіберілген шақыру қағазы бойынша кезексіз виза берілсе, себебі олар Қазақстандағы оқу орындарына үлгеріп келе алмауда.

– қытайдағы саяси мәселелерге байланысты, өткен жылғы тәжірибиені ескере келе, алдағы оқу жылына арналған дайындық курсының емтиханын қазан айында өткізілсе (себебі олар шілде айында мектепті тамамдап, төлқұжат жасату, виза алауға көп уақыт кетеді).

– қандас студенттерді оқытып немесе дайындық курстарын жүргізіп отырған мекемелер тарапынан репатриант жастардың бейімделуі мен кіріктіру мәселелерімен айналысатын бөлімше немесе «Қандастар орталығы» ашылса. Осы арқылы ортаға бейімдеп ғана қоймай жастардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, қоғамға кірігу шараларын жетілдіруге негіз болар еді. Себебі олардың бәрі дерлік оқу орындарында белсенділік таныта бермейді, қазақилық тәрбиеге тән ұяңдылық жағдайлары басым. Қоғамдық өмірге белсене араласатын жастарды мадақтап, үлгі көрсетіп, белсенді қоғамдық өмірге тарту арқылы ортамен тіл табысу қабілеттерін дамытар едік. Барлығын дерлік пайдалану үшін арнайы бастарын біріктіретін орталықтың болғаны дұрыс шешім болар еді. Осы арқылы шығармашылық қабілеттерімен талаттарын ашатын, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын бейнелердің көрінісін көретін едік.

Шығыс Қазақстанда елге оралған 60 мыңға жуық репатриант азамат тұрғылықты тұруда десек, олардың республикаға қоныс аударғаннан бастап, республика халқының өсіп-өркендеуіне, демографиялық жағдайдың да жақсаруына үлес қосуын да атап өтуге болады. Ендігі мақсат жастарға толық қанды оқу орынға түсіп маман атануына жағдай жасау мақсатындағы дайындық курстарының жұмысының маңызы зор. Осы мақсатта шетел қазақ жастарының білім алуына жағдай жасап, ЖОО-на түсем деуші азаматтар үшін бір жыл көлемінде Қазақстанның әр обылысында жоғары оқу орындарының базасында дайындық курстары жұмыс жасайды. ҚР Үкіметінің 2000 жылы 11 қарашадағы қаулысына сәйкес, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ баласына мемлекеттік гранттың 2 пайызы бөлінеді делінген. Кейіннен Президенттің тапсырмасымен 2017 жылы 4 пайызға көтеру шараларын атқарып, білім алуға зор мүмкіндіктер ашқан болатын. Шетелдегі диаспора өкілдері мыңдаған оралған жастар студенттік өмірді елдің әр түрлі оқу орындарында білім алып, басы әр саланың белді мамандары болып қызметтерін атқарып елдің дамуына қызмет жасап, азаматтық борыштарын өтеп жатқан жайы бар. Елде дайындық

бөлімінің қызметін іске асыратын жалпы саны 14 жоғары оқу орындары бар [190, б. 127]. Осы заң жобасы негізінде Шығыс Қазақстан аумағы бойынша Өскемен қаласындағы С.Аманжолов атындағы мемлекеттік университетпен Семей қаласында Семей мемлекеттік педагогикалық институт базасында кейіннен Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінде шет елден оралушы азаматтар үшін жергілікті халықтың жазуын, қазақстан тарихынан дәріс беріп, орыс тілін үйрете отырып, өз таңдаған мамандықтары бойынша білім деңгейін көтеру мақсатында дайындық курстары жұмыс жасап, тегін дәрістер жүргізіліп, тұратын баспанамен (жатақханамен) толықтай мемлекет тарапынан қамтамасыз етілген. Кейінен облыс бойынша үшінші жоғары оқу орны Семей қаласындағы Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті 2016 жылдан бастап сырттан келген қазақ балаларын дайындау орталықтарын ашып, алдыңғы оқу орындарының үрдістерін жалғастырып келеді.

Осы тұрғысында шетелден келген студенттердің кроссмәдени бейімделу проблемасы маңызды жалпы теориялық мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені жастардың студенттік өмірге бейімделуі – бұл әлі толық қалыптаспаған ағзаның әлеуметтік және биологиялық резервтерін тартуды талап ететін күрделі және көп қырлы процесс. Мәселенің өзектілігі шетелдік талапкердің жаңа ортадағы университеттің ішкі қатынастар жүйесіне кірігу мен бейімделу процесін оңтайландыру міндеттерімен анықталады. Кроссмәдени бейімделу – бұл адамның дамуы мен жеке өсуіне әкелетін жаңа ортамен белсенді өзара әрекеттесу тәсілі.

Дайындық бөлімінің жұмысының жүргізілуіне әр тарап мүдделі болды. Білім және ғылым министрлігі тарапынан дайындық бөлімінде оқитын репатрианттарға әр тыңдаушыға мемлекет тарапынан ақысыз оқуы мен жатын орнына қаржы бөлінген болатын. Дайындық курстарын жоғары оқу орнында ашу, оларды оқытуға сол кезде университеттерде өз мүдделерін көздеді десек болады. Себебі тәуелсіздік алған 90 жылдары дүниеге келген азаматтардың демографиялық көрсеткіші төмендеуіне орай оқу орнында оқитын студенттердің саны төмендеп кеткен болатын. Сондықтан репатрианттарға оқу орны жанынан дайындық бөлімдерін ашуға әр тарап мұқтаждық танытып жұмыла атқарылған іс болды. Ендігі кезекте Шығыстың ірі жоғары оқу орындарында дайындық бөлімінде қанша тыңдаушыларды оқуға түсуге дайындап, қала өміріне, қоғамдық ортаға бейімдегеніне зер салып қарап көрейік. Семей қаласындағы бұрынғы 2009 жылдары бұрынғы Педагогикалық институттың базасында ашылған дайындық бөлімінде 2009-2019 оқу жылында келесідегідей тыңдаушылар курстан өткен.

18 – кестеде Шәкәрім университетінде оқыған дайындық бөлімі тыңдаушыларының әр елдерден келгендегі олардың сандық көрсеткіштері мен жыныстық ерекшеліктері берілген [191].

Кесте 18 – 2009-2019 жылдардағы Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің дайындық бөлімі

2009-2019 оқу жылы аралығындағы Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінде оқыған тыңдаушылардың сандық көрсеткіші			
№	Келген елдің атауы	Саны	Жыныстық көрсеткіші
1	Моңғолия	731 адам	Ерлер 519
2	Қытай	209 адам	
3	Өзбекстан	1 адам	
4	Ауғанстан	1 адам	Әйелдер 521
5	Тәжікстан	1 адам	
6	ҚР азаматтық алған жастар	97	
Жалпы саны		1040 адам	1040 адам

Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінде оқыған дайындық бөлімі тыңдаушыларының әр елдерден келгендегі олардың сандық көрсеткіштері мен жыныстық ерекшеліктері 19-кестеде берілген [192].

Кесте 19 – 2016-2019 оқу жылы аралығындағы Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің дайындық бөлімі

2016-2019 оқу жылы аралығындағы Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің дайындық бөлімінде оқыған тыңдаушылардың сандық көрсеткіші			
№	Келген елдің атауы	Саны	Жыныстық көрсеткіші
1	Моңғолия	165 адам	Ерлер 57
2	Қытай	10 адам	Әйелдер 118
Жалпы саны		175 адам	175 адам

Кесте 20 – 2017-2020 оқу жылы аралығындағы Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің дайындық бөлімі

2017-2020 оқу жылы аралығындағы Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінде оқыған тыңдаушылардың сандық көрсеткіші			
№	Келген елдің атауы	Саны	Жыныстық көрсеткіші
1	Моңғолия	94	Ерлер 78
2	Қытай	71	Әйелдер 87
Жалпы саны		165	165

20 – кестеде Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқыған дайындық бөлімі тыңдаушыларының әр елдерден келгендегі олардың сандық көрсеткіштері мен жыныстық ерекшеліктері берілген [193].


Кестелерде Шығыс Қазақстан облысындағы 3 жоғары оқу орындарында дайындық бөліміне оқуға келген репатриант жастардың сандық көрсеткіштері көрсетілген. Сонымен қатар қай елден келіп оқып жатқандығы талданған. Берілген кестеден байқағандай репатриант жастар арасында дайындық

бөлімінде басым көпшілік Моңғолиядан келген жастардың үлесіне тиесілі екендігі көрінеді. Өзге де Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстаннан келген репатрианттар сандық көрсеткіші өте төмен. Қытайдан келген репатриант жастардың оқуға келетіндерінің саны азайған. Оған басты себептер Қытайда жүргізіліп отырған саясаттың салдары екендігі анық. Осы жағдай репатриация саясатының проблемасына айналып отыр деуге болады. Осындай жағдайлар екі жақтың мемлекеттері арасында өзара репатриация саясатына орнықтыратын келісімдердің жүргізілуі маңызды мәселеге айналып отыр. Осы жағдай елге келген қандастардың тарапынан да жиі талқыланып, көтеріліп жүр. Алдағы уақытта жауапты мемлекеттік органдар тарапынан Қытай мен Қазақстан арасындағы репатриация саясатының оңды, нәтижелі шешімдері де алдағы уақытта табылып қалады.

Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысындағы дайындық бөліміндегі жастар тәлім-тәрбие алып, қоғамға бейімделуіне, мамандық алуға қойған мақсаттарына жетуге жәрдемдесіп жұмыс жүргізілген. Олардың Қазақстан қоғамына әлеуметтену жұмыстары мен кірігу шаралары атқарылды. Патриоттық құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді кеңінен насихаттайтын тәрбие жұмыстары да жүргізіліп отырады. Жастар арасында жатақханаларда өзара қарым-қатынастар мен тіл үйрену мәселелері де қолға алынған.

Репатриант жастардың кроссмәдени бейімделу және интеграция әдістері әлемнің қазіргі заманғы бейнесі, мәдениеттердің алуан түрлілігі туралы идеяларды жетілдіру мақсатында адамның басқа мәдениеттің ерекшеліктерін білуі мен түсінуіне мүмкіндік береді және басқа мәдениет өкілдеріне оң көзқарасты дамытады. Бұл бейімделу процесінің басқа жағдайларға сәтті болуына ықпал етеді. Кроссмәдени бейімделу және интеграция жүйесі елге келген жастармен мәдени байланысты жетілдірудің сыртқы және ішкі жағдайларын қайта құру процесі мен нәтижесін көрсетеді. Осы тұрғысынан Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университетінің және Қазақ инновациалық гуманитарлық заң университетінде білім алып жатқан дайындық бөлімінің тыңдаушыларымен сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы 100 респондент қатысты. Гендерлік бөлінісі бойынша 33% ерлер, 67% әйелдер қатысты. Олардың ішінде 100% жастар (14-29 жасты қамтиды). Респонденттердің 100 % дерлік келген елден орта білім бітіріп дайындық бөліміне түскен. *Қазақстанға қай елден келдіңіз деген сауалға?* 2018-2019 жж. дайындық бөлімінің тыңдаушылары 100 % дерлік Моңғолия Республикасынан келген. Басқа елден келмеуіне, атап айтқанда Қытайдағы репатрианттардың саяси жағдайға байланысты елге келіп оқуға мүмкіндіктері болмай жатқан үлкен мәселе. *Сіздің сөйлейтін және түсінетін тілдеріңіз қандай?* деген сауалға респонденттердің 100 % қазақша, 50 % монғолша білгенімен орыс тілін 5 % ғана түсінетінін көруге болады. Біздің көп ұлтты қоғамда олардың бейімделуіне келгенде тежейтін мәселенің бірі. Себебі тіпті тұрғылықты қазақтардың көбісі орыс тілінде тілдесуі келуші репатрианттар үшін жағымсыз жағдай туғызуы мүмкін.

Осы мәселені тереңдей зерттеу барысында ШҚО бойынша жүргізілген сауалнамада **Дайындық бөлімін бітіргеннен кейін қандай мамандықта оқығыңыз келеді?** деген сауалға.



Сурет 19 – Дайындық бөлімінің қандай мамандықта білім алғылары келетіні көрсетілген


44 % басым көпшілігі оқытушылықты қаласа, 25 % медицина қызметкері, 15 % техникалық, 16 % өзге де мамандықтарды қалайтыны анықталды. Болашақта жоғарыда көрсетілген мамандыққа оқуға түсулеріне мемлекет тарапынан жеңілдетілген тест тапсыру үлгісі немесе арнайы репатриант азаматтарға арналған жалпы гранттың 4 % дан жоғарлатылса деген ұсыныстар бар. Себебі таңдау мамандықтары біздің қоғамда өте қажет мамандықтар [173].



Сурет 20 – Сіздің алдыңызда туыстарыңыз (аға,әпке,бауыр) дайындық курсың оқыды ма?

Сауалнамаға қатысқан дайындық бөлімінің 56 % тыңдаушылары отбасыларынан Қазақстанға келіп оқуға ниеттенген алғашқы адам болса, яғни олардың білім алуы мен тәртіп-тәрбиесіне және қоғамға бейімделуіне жоғары дәрежеде көңіл бөлуді қажет етеді. Елден көңілі қалмай отбасының басқа мүшелерін оқуға шақыруға жағдай жасау қажет. 39 % отбасының бір мүшесі дайындық бөлімін оқығандарды құрайды. Дайындық бөлімінің білім беру

дәрежесі жайында жақсы көзқарас қалыптасқандығын көрсетеді. Басқа 5 % оқыды бірақ бітірмеді деген сауалды таңдаған. Оған көбіне себептер баланың денсаулығының нашарлығына байланысты, тіпті кейбір тәртіп өрескел бұзып оқуды жарты жолдан тастап шығып кеткендер болуы мүмкін[173].




Сурет 21 – Қазақстанның қай қаласынады университет немесе колледжге оқуға түсуді ойлайсыз?

Респонденттердің басым көпшілігі яғни 47 % дайындық бөлімін оқыған оқу орындарында Семей қаласында студент атанып мамандық алсам дейді. 23% Астана қаласында оқығысы келсе, 20% Алматы қаласын таңдаса, қалған 10% Павлодар, Талдықорған, Түркістан қалаларындағы оқу орындарында оқуларын жалғастырып мамандық иелері атанғысы келеді [173].

Сіз жоғары оқу орынын немесе колледжді бітіргеннен кейін қайда жұмыс жасауды ойлайсыз? Респонденттердің 89 % оқуды бітіріп мамандық алғаннан кейін Қазақстанда жұмыс жасаймын деген жауапты таңдады. Осы азаматтардың жұмыс жасап өздерінің болашағын Қазақстанмен байланыстырғысы келгенін көреміз. Осы мақсатта репатрианттардың азаматтық алу шараларын жеңілдету мәселелерін көтеру ұсынылады. Тек қалған 11% ғана келген елдеріне барып жұмыс жасағысы келетінін көрсетті. Елге қайтудың себептерін отбасылық жағдайларымен байланыстырып жатады. Себебі, Қазақстаннан оқу орындарын бітіріп, мамандық алып елге Моңғолияға қайтып жатқан азаматтардың басым көпшілігі мамандық бойынша жұмыс жасамайды. Оған себептің бірі Моңғолия мен Қазақстан мемлекеті арасында дипломды настрификация шаралары алға қойылмаған болуы немесе ол шараларды халықтың білмеуі әбден мүмкін.

Сауалнаманың келесі бөлімінде респонденттердің жалпы көңіл-күйлері және болашақ жоспарлары жайлы ақпарат алынды. Осы жайды анықтау үшін келесі сауал қойылды **Айтыңызшы, жақын болашақта тұрғылықты жеріңізді өзгерткіңіз келе ме? Сіз және сіздің отбасыңыз тарихи Отан Қазақстанға көшіп келгенді қалайды ма?** Сауалнама нәтежиесі бойынша. 100 респондент ішінде 94-і көшу мүмкіндігін ойластыруда. Олардың ішінде 13

респондент қазіргі жақын уақытта көшуге даяр болуын айтты. Тек 6 респондент ғана тұрақты Моңғолияда тұруды жоспарлайды екен. Себептерді талдайтын болсақ, негізінен олар тарихи Отанға оралу мақсатында және өмір сүру деңгейін жоғарлату ниетінде көшіп келетіндерін атап өтуге болады.



Сурет 22 – Қазақстанға келгенде қандай мәселелер қиындық тудырады деп ойлайсыз? деген сауал нәтижелері

Негізгі **бірінші** толғандыратын мәселе, ол азаматтық алудың қиындығын 28 респондент белгілеп өткен.

Екінші мәселе, ол жалпы экономикалық жағдайдың қиындығы, жұмысқа орналасу мәселесін 17 респондент атап өтті.

Үшінші мәселе, респонденттер келесідегілерді атап өтті.

13 респондент – баспана жоқтығын

14 респондент – орыс тілін білмеу;

9 респондент – қоғамға үйренісе алмаймын;

7 респондент – тұрғылықты халықпен тіл табысу қиын;


12 респондент – жауап беруге қиналатындарын көрсетіп кетті [173].

Зерттеудің келесі бөлімінде респонденттер Қазақстанға деген көзқарастары анықталды. **Сіз келген аймақпен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағынан ұқсастығын байқадыңыз ба?**




Сурет 23 – Репатрианттардың келген аймақтарымен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени тұрғысынан ұқсастығы көрсетілген

Моңғолия репатрианттарының көзқарастарына 60% – айырмашылық бар, бірақ салыстыруға келмейді деп жауап берген. Тек 26% – тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі ұқсастығын байқаған. 11% – мәдениет жағынан ұқсастығын байқамадым – деп, жауап беріп бейімделуде мәселелері барын байқатқан [173].



Сурет 24 – Сіздің жергілікті тұрғындармен қандай қарым-қатынасы көрсетілген

Дайындық бөлімі тыңдаушыларының жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасы бойынша – 44 % жақсы, достық, 44% – орташа қатынаста, 9% – мейрімді емес, 3% – жағымсыз деп белгілеген. Осыдан шығатыны 88 % – респонденттер қоғамға бейімделген, 12 % – тыңдаушылардың қоғаммен үйлесе алмай жүргенін көреміз. Ендігі кезекте олармен бейімдеу шараларында, қарым-қатынасқа түскендегі жағымсыз көзқарасты анықтау қажет [173].



Сурет 25 – Сізге жаңа ортаға бейімделу қай жағынан ауыр тиеді?

Психологиялық тұрғыдан – 30%, экономикалық тұрғыдан – 25%, Мәдени тұрғыдан – 21 %, әлеуметтік тұрғыдан – 15%, басқа да жауаптар – 9 % құрағаны олар орыс тілін білмеуді белгілеген. Көрсетілгендей, елге оралушылардың тұрғылықты қазақтар тарапынан психологиялық төмендетушілікті көп көргендерін айтады. Екінші бейімделу жағын көбі экономикалық жағдайын көрсеткен яғни, дайындық бөлімде оқитындардың басым көпшілігі әлеуметтік төмен қамтылған отбасыдан шыққаннан кейін, ай сайынғы өмір сүруге берілетін стипендия жетпейтінімен байланыстырады [173].



Сурет 26 – Қазіргі таңда қоғамдық ортаға бейімделе алдыңыз ба? Сізге арнайы көмек қажет пе?

Сауалнамаға қатысқан дайындық бөлімінің тыңдаушыларының 60% – қоғамға бейімделе алғанын, көмек қажет еместігін белгілесе, 24% – бейімделе алмадым көмек қажет – деп нақты жауап берген, 16% – бейімделу мәселесіне келгенде әлі күмәнмен қарайтыны анықталды. Осы уақытқа дейін жүргізілген бейімдеу шараларын жалғастырып, жекелей психологтармен бейімдеу мәселесінде жұмыстар жүргізу қажет [173].



Сурет 27 – Қазақстанға келген азаматтарға қолданатын «Оралман» терминін қалай өзгертуге ұсыныс жасар едіңіз?

Сауалнамаға қатысқан 18-25 жас аралығындағы респонденттердің ойынша, Қазақстанда репатрианттарға қолданып жүрген «Орламан» терминің тек 7 респондент қолдады, негізінен аталмыш терминді 39 респондент – «Қандас», 35 – «Бауырлас», 19 – «Отандас» деп атауды ұсынды. Нәтижесін көріп отырғандай нақты бір пікірдегі «Орламан» сөзіне балама термин аталмады, респонденттер пікірлері түрлі нұсқаға бөлініп кеткені байқалып отыр [194, б. 393-398].

Дайындық бөлімінің жетекшісі М. Иманжапармен сұхбат барысында дайындық бөліміне келген балаларға оқытуда күнделікті өмірінде қандай қиындықтар болды? деген сауал қойылды. Қандастарды дайындық курсына университетке әкелгеннен кейін бар қызық сонда басталады. Себебі дайындық бөліміне тек Моңғолиядан келгендер ғана емес, Қытайдан, Ресейден келген тыңдаушылар болады. Оқу бағдарламасында алғаш келген күннен бастап бірінші кезекте бейімдеу сабағы өтетін. Университетпен таныстыру, медициналық тексеру, жатақхана тәртібі, ең маңызды көші қон үрдістері бойынша полиция қызметкерлерімен кездесу жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіледі. Оқу бағдарламасында оқуға түсуге дайындау кезінде қиындықтар, кейбір келген азаматтар қазақша сөйлеу тілін білгенімен, Қытайдан келгендер, тіпті Моңғолиядан монғолша оқығандар арасында да жазу грамматикасын білмейтіндер болған. Сондықтан әліппеден бастау шаралары туындайтын. Сонымен қатар 9 айдың ішінде тестке дайындап мемлекеттік гранттарға түсіру алдыға қойылатын. Өзге елде оқып келгендер үшін аз уақытта Қазақстан азаматтарымен бірдей дәрежеде тест тапсырып, грант алуы өте қиын болды. Көп жағдайларда оқып жатқан 100 пайыз тыңдаушының 50-60 пайызы ғана грантқа түсетін. Қалғандарын колледждерге оқуға жіберіп, одан төмен жинағандары елдеріне қайтуға тура келетін. Ендігі кезекте ұсыныс ретінде айтарымыз – шеттен келген қазақ репатриант азаматтарға оқу орнына түсуге жалпыдан бөлек, жеңілдетілген үлгіде тест сұрақтары әзірленсе. Мемлекеттік жалпы гранттан 2 пайызын репатриант азаматтарға арналған болатын, ол аздық ететін, енді 2018 жылдан бастап 4 пайызға көтерді. Бірақ дайындық бөлімінде

республика бойынша 10-12 оқу орындары дайындайтынын ескерсек, ол да кемдік ететіні сөзсіз.

Арнайы зерттеулер арқылы дайындық бөліміне оқуға келіп, сырт көзбен елдің әлеуетіне баға беруі және көрсетілген мәселелері біздің қоғамдағы миграциялық саясатқа қажет шаралар болып отыр. Себебі, респонденттер көрсеткен репатрианттардың бейімделуіне қажетті шаралардың әлі де болса алға қойылмағаны байқалады. Қазақстанға келіп оқуды ойлаған жастар, болашағын біздің қоғаммен байланыстыратын ниеттерінің зор болғанымен адамдардың оларға деген қарым-қатынасы әлеуметтік-экономикалық жағдайға келгенде жүректерінде үлкен күмән барын байқауға болады. Дайындық бөлімдерінде тек оқуға түсу шараларынан қатар оларды Қазақстан тарихын кеңінен оқытуды жалғастыру қажет. Сонымен қатар, оқуға келгендердің ішінде өз болашағын Қазақстанмен байланыстыра алмайтындар да бар екендігін көруге болады. Оларды бейімдеп жатыр екенбіз деп, қоғамнан алшақтатып жеке дара ұстамай, оқу орнында, қалада болып жатқан іс-шараларға белсенді тарту шараларын әрімен қарай жалғастыру керек. Елге келген репатриант жастарға қоғамдық ортаға тез бейімделу жолында шет тілдерімен қатар орыс тілдерін қысқа мерзімде үйретуге бағытталған оқу-әдістемелік құралдарын дайындап қолданысқа беру маңызды. Өз іштерінде қоғамдық бастамашыл ұйымдар ашып ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға тиесілі шаралар атқарып, қазақи бірегейлікті дамыту қажет. Жергілікті жастармен қандастарды оқу орындарында студенттер үйінде оларды бір-бірінен шеттемей бірге орналастыру жұмыстарын да атқару керек. Бұл олардың жастармен өзара әрекеттесуі мен бейімделуіне оң әсерін беретін болады. Орыс тілін тіпті ағылшын тілін меңгеретін клубтар ашуға жәрдемдесіп, сауат ашу, оқыту шаралары қолға алынып, оқу орындары тарапынан қадағалау шаралары атқарылса деген ойлар келеді. Анализ жасау барысында дайындық бөлімінің тыңдаушылары көрсеткен жағдайлар мемлекет тарапынан дұрыс жолға қойылса, қазақ елінің әлеуметтік-демографиялық мәселелерінің шешілгені болар еді. Бізге қазіргі басты мақсат қазақ диаспорасының жастарын елге шақыруды әрімен жалғастыру қажет. Себебі, Моңғолия еліне жүргізілген зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, елге көшу миграция мәселесі баяулап қалғаны көрінеді. Аға буынмен сұхбаттасқанда олардың әлі де болса, қалған ғұмырын сол тұрып жатқан елмен байланыстыратыны анықталды. Зерттеу нәтижесіне сай тек жастар тарапының Қазақстанға келіп, оқуға, жұмыс жасауға ниеттерінің барын көруге болады. Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан саясатты жандандырып, әлеуметтік көмек мәселелерін еселеп, басты мәселе қылып көрсетіп жүрген азаматтық алу жолдарын жеңілдетуді қолға алуын ұсынамын. Елге келгендегі басты мәселе ол қандастардың қоғамдағы әлеуметтік мәртебесінің орнығуы болып отыр. Сондықтан да, қандастардың қоғамдық ортаға тез бейімделулері үшін олармен қарым-қатынасты үнемі жетілдіру шараларын тоқтатпау маңызды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін шет елдердегі қазақ ұлтының өкілдерінің мемлекет аумағына қоныс аударуларына байланысты арнайы заң жобасымен бағдарламалар жасауды қолға алды. Осы кезеңнен бастап репатриация үдерісі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылды.

Қоныстанушы этникалық репатрианттардың елге оралу процесінің демографиялық жағдайдың көтерілуіне ықпалдығы жоғары. Сонымен қатар қоғамдық ортаға қалыптасулары мен бейімделулері кезек күттірмейтін басты шараларға айналып отыр. Кезінде тарихи Отандарынан түрлі жағдайлардың әсерінен жер ауып кеткен немесе саяси жүйелердің әсерінен ел шекарасынан шеттеп қалған этникалық қазақтарға «репатриант - оралман» деген атау беріліп, кейіннен 2020 жылы мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен «оралман» сөзі «қандас» атауымен әлеуметтік мәртебесі заң жүзінде өзгеріске енген болатын.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының репатриациялау саясатының мақсаты мен міндеттері көрсетілді. Көші-қонның алғашқы легінен бастап қазіргі уақыт аралығындағы мемлекеттік бағдарламалар мен көші-қон заңдарының іске асырылуына кезеңдермен тарихи талдау жасалды. Елдегі репатриация саясатының алғашқы басталуынан қазіргі деңгейіне дейін түрлі даму кезеңдерінен өткендігін көруге болады. Репатриация саясатында қандастарды елге көшіру және оларды қоғамдық ортаға, әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімдеу мен кіріктіру шараларына арналған көші-қон заңнамаларының қабылдануы, арнайы бағдарламалардың негізінде кезең - кезеңімен іске асырылды. Осы кезеңдерде және бүгіндері де репатриация саясатының іске асырылу жағдайына байланысты жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып талдау жұмыстары жүргізілді. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында көтерілген мәселелер мен бастамалар талқыланды. Сонымен қатар, репатрианттардың тарихи Отанына оралу динамикасын қарастырылды. Олардың республика көлемінде ораналасуы мен сандық және сапалық көрсеткіштеріне талқылау жұмыстары жүргізілді. Алғашқы қоныс аударумен қазіргі күн аралығындағы репатрианттардың елге келу көрсеткіштері талданып, олардың демографиялық өсу және төмендеу кезеңдерін мемлекеттік көші-қон бағдарламаларымен байланыстыра талдау жұмыстары жүргізілді.

Репатрианттардың тарихи Отанына оралу динамикасын қарастырып, олардың республика көлемінде ораналасуын сандық және сапалық көрсеткіштерін талқылау жұмыстары жүргізілді. Шет елден қандастардың квота арқылы немесе квотадан тыс елге оралуы көрсеткіштері талданды. Олардың орналасу көрсеткіштері мен көші - қон бағдарламасын қолдану ерекшеліктері көрсетілді. Алғашқы қоныс аударумен қазіргі күн аралығындағы репатрианттардың елге келу көрсеткіштерінің өсуі мен төмендеу кезеңдерін мемлекеттік көші-қон бағдарламаларымен байланыстыра салыстырмалы талдау жасалды. Қазақстан Республикасының репатриация саясаты басталғаннан бері

түрлі бағдарламалар мен заңдар, заңнамалық актілерге кезең-кезеңмен өзгерістер мен толықтырулардың әсерінен елге 1 млн астан этникалық қазақтың елге оралуына мүмкіндік берді. Репатриация саясатының нәтижесінде елге келіп жатқан қандастардың елге орналасуы мен олардың қоғамға бейімделуі мен кірігу шараларын алға қоюды әрімен қарай жетілдіру маңызды.

Осындай қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстандағы репатриация үрдісі отандық тарих ғылымындағы үнемі зерттеуді қажет ететін маңызды салалардың біріне айналды. Осы тұрғыдан келгенде біздің зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, бұрындары ғылыми айналымға енгізілмеген мұрағат құжаттары және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары жинастырылып, оларға кешенді талдау жүргізілді. Мемлекеттің көші-қон саясатындағы бағдарламаларды кезеңдерге бөле отырып, репатрианттардың 1991 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта олардың Шығыс Қазақстан аумағына қоныстану көрсеткіштері, күнделікті өмірге бейімделулері және қоғамға кірігуі нақты деректермен анықталды. Көші-қон саласын бір арнаға қою қандастарды ортаға бейімдеу мен кіріктіру жағдайларын тереңдете зерттеп, ғылыми айналымға енгізу іске асырылды.

Облысқа қоныстанушылардың күнделікті өміріндегі тарихы Қазақстан қоғамының мәдени дамуына қосар үлесі және әлеуметтік-кәсіптік құрылымға, өңірдің әлеуметтік жағдайына тигізетін ықпалы айқындалды. Облыстағы қандастарды аудандар мен ауылдарға орналастыру ерекшеліктері талқыланып, ұсыныстар жасалынды. Зерттеу жұмыстары барысында, қоныстанушылардың көпшілігін белгілі бір өңірлерге ғана орналастырудың қалыптасқанын байқауға болады. Көші-қон құжаттарына сәйкес облыс деңгейінде тарихи Отанына оралғандар саны бойынша ең көп қоныс аударушылар – Үржар, Зайсан, Күршім аудандары мен Өскемен қаласына қарасты «Шығыс» ауылы, Семей қалаларында орналасқан. Оған бір себеп ауданның Қытайдан елге оралған азаматтарға ыңғайлы және тиімді шекаралық аймақтарда орналасуы мен рулық туыстық қарым-қатынастардың әсері болуы ықтимал. Облысқа тұрғылықты тұруға келген репатрианттар арасында басым көпшілігі Қытайдан келгендер – 60 пайызын, Моңғолиядан келгендер – 30 пайызын, Өзбекстан – 5 пайыз, басқа елдерден келгендер – 5 пайызын ғана құрайды. Облысқа орналасқан репатрианттар арасындағы басымдылық Қытай мен Моңғолия елінен келген этникалық қазақтар құрайды. Осы елдердің елге келуіндегі миграциялық көңіл-күйлері жоғары екендігін көрсетеді. Аталған аудандар мен қалаларда 1991 жылдан бері қандастардың сандық көрсеткіші жоғарылай бергені көрінеді. Осы мақсатта, экономикалық және демографиялық ахуалдарды ескере отырып, облыстың басқа да, малшаруашылығы мен ауылшаруашылығына икемді шекаралас аудандарына орналастыруға мүмкіндік жасау жағдайлары қарастырылды. Бүгіндері елге оралған репатрианттарды келген елдеріне жақын шекаралас аймақтармен байланыстыра орналастырып қоныстандыру жолдарын жетілдіру маңызды. Негізгі мақсат – географиялық, климаттық жағдайдың жақындығына шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне байланыстыру. Бұл саясат Шығыс Қазақстанда қолға алынып, іске асырылып жатыр деуге болады. Бірақ

негізінен Қытайдан және Моңғолиядан келгендер шекаралас Үржар, Зайсан, Тарбағатай, Жарма, Күршім сияқты аудандарға тығыз орналасқан. Қандастар осы өңірлерде ауылшаруашылығымен және жеке кәсіпкерлікпен айналыса отырып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық жағдайына біршама үлес қосып келеді. Бірақ осы аудандарға келген репатрианттардың тығыз орналасуы мен басым көпшілігі атакәсіп мал шаруашылығымен айналысқандықтан, егіншілік және жайылым жерлердің тапшылығы байқалуда. Осы тұрғыдан келгенде репатрианттарды елдің Ресей Федерациясымен шекаралас аудандарға орналастырудың маңыздылығы көрсетілді. Бұлай жасау біржағынан қазақ ұлтының өкілдері аз орналасқан аудандардағы негізгі ұлттың санының өсуіне қолайлы жағдай туғызады.

Зерттеу жұмысы барысында қандастардың көшіп келуі, орналасуы және бейімделуі сияқты және т.б. мәселелерді алдағы уақыттарда зерттеп отыру үшін Шығыс Қазақстан облысын шартты түрде Солтүстік пен Оңтүстік сияқты екі бөліктерге бөліп қарастырдық. Себебі бұл зерттеу нысаны болып отырған мәселені бақылауда ұстау, тиімді шешім қабылдау сияқты жағдайлар үшін қажет. Халықтың құрамында орыс диаспорасының және басқа да этникалық топтардың жинақы орналасуы облыстың Солтүстік бөлігіне сәйкес келеді. Оны Өскемен, Риддер, Алтай (Зырян) қалалары және үш аудан – Бородулиха, Глубокое және Шемонаиха аудандары құрайды. Аймақтың мемлекеттік шекараға таяу орналасқан Солтүстік өңіріне шетелден көшіп келген қазақтарды орналастыру қауіпсіздік пен ұлттық саясатты нығайтуға, демографиялық жағдайды шешуге үлкен мүмкіндіктер бермек. Бұл өз кезегінде қазақ ұлты аз орналасқан өңірлерде басқа да ұлт өкілдерінің қазақ қоғамына бейімделуін жылдамдатады. Осы негізде мақсатты түрде репатрианттардың әлеуметтік, баспаналық, отбасылық жағдайларын шешіп, оларды осы өңірлерге орналастыру қажет.

Осы негізде республика деңгейінде репатриация саясаты біршама зерттелу және зерделену үстінде. Көші-қон саясатын жекелеген облыстар құрайтын аймақтар төңірегіндегі күнделікті тарихын зерттеу одан әрі өзекті бола түсуде. Қандастардың күнделікті өмірінің мәселелері және олардың бейімделу үдерістері ауызша тарихтың әдістемесіне сәйкес анықталды, сонымен қатар сауалнама жүргізу әдістері қолданылды. Әлеуметтік, жергілікті тарих, макро және микро тәсілдермен ұғымдарға назар аударылды. Күнделікті тәжірибе арқылы репатрианттардың мәдени контекстінің аясын анықтауға, толық негізде зерттеуге мүмкіндік берді. Этникалық репатрианттардың күнделікті жағдайда қабылдаушы қоғамдағы кірігу үрдістері мен қарым-қатынас жасау стратегиялары қарастырылды. Зерттеу жұмыстары барысында облыс аумағында әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, елге келген қандастардың күнделікті өмірінде қоғамда психологиялық бейімделудің, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әлі де болса ауыр тиіп отырғаны анықталды. Аймақтың ерекшелігіне орай тіл, білім алу, қоғамдық ортаға кірігу мен бейімделу мәселелері алдағы уақытта да қолға алынатын маңызды шаралардың бірі екендігі көрсетілді.

Шығыс Қазақстанның болмысына сай репатрианттардың күнделікті өмірінде бейімделу ерекшеліктерін зерттеу маңызды. Қытай мен Моңғолиядан әр уақытта келген этникалық репатрианттармен проблемалық-бағытталған өмірбаяндық сұхбатына күнделікті өмірдегі ауызша тарихына және сауалнама жүргізуге негізделген. Осы әдістерді қолдану көші-қон стратегиялары мен практикаларының әр түрлі нұсқаларын сипаттауға және салыстыруға мүмкіндік береді. Өз өмірінің тарихын баяндай отырып, мигрант зерттеуші үшін өзінің күнделікті өмірін, бейімделу тарихын баяндайды, жүргізілген сұхбаттардан, көші-қон процесіне үңіле қарауға мүмкіндік береді. Елге алғашқы болып Отанына оралған азаматтардың әлеуметтік ортаға толығымен енгендігін, елдің дамуына қосқан үлестерінен, орналасқан мекендеріндегі атқарған еңбектерінен көруге болады.

Шығыс Қазақстанның аудары мен қалаларына орналасқан 60 мыңнан аса қандастардың басым көпшілігі еңбек белсенділігі жоғары адамдар. Осы тұрғыдан келгенде зерттеуде қандастардың күнделікті тарихындағы облыстың демографиялық жағдайына ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамуына да өзіндік үлестерін қосып келе жатқандығы көрсетілген. Олардың «ішінде мемлекеттік, білім мен ғылым, мәдениет пен қоғамдық салалардың қызметкерлері және ауылшаруашылығының еңбеккерлері бар» атқарып жатқан жұмыстарының барысы талқыланды.

Қабылдаушы қоғаммен тұрғылықты халықтың арасында қандастарға деген көзқарастары сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы сараланып берілді. Жергілікті тұрғындармен қоныс аударушы этникалық қазақтар арасында ортақ бір мақсат пен мүдденің тоғыстығы – елдің тәуелсіздігі мен ұлт ретіндегі қалыптасқан бірегейлігіне қызмет ететін маңызды шара екендігін насихаттау ұсынылды. Зерттеу барысында қандастардың және қабылдаушы тұрғындардың салт пен дәстүр, әдет пен ғұрып, яғни, ұлттық құндылықтар мәселесінде бір-бірлерін толықтырып отырғаны байқалады.

Бірақ кейбір қоғамдық орталарда қалыптасқан, немесе рейтинг қуған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің жеңіл қолымен елге келген қандастарды «қытай», «монғол», немесе бұрынғы мал-мүлкін құтқару үшін кезінде қашып кеткен, енді ол жақтағы жағдайлар қиындағанда елге қайта оралған бұрынғы байлардың ұрпақтары деген теріс пікірлерден арылтуға ортақ мақсат қалыптастыру қажеттілігі талқыланды. Репатриация саясатын насихаттауда ортақ жүйе қалыптастырып, арнайы концепция бойынша бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарихтың шынайы тұстарын ашып көрсетіп, елге келгендегі қандастардың жетістіктері мен елдің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық жағдайына маңызды үлес қосып жатқандығын кеңінен насихаттаумен ортақ құндылықтарды қалыптастыру қарастырылған.

Шығыс Қазақстан облысы халқының репатрианттарды қабылдауы әрқилы. Бір жағынан, тарихи мекеніне қайтқан репатрианттарды құрметтейді, қабылдаған елге олардың қандай пайда әкелетінін жақсы түсінеді. Дегенмен, халық арасында елге келгенде репатрианттарға оларға тиесілі әлеуметтік көмектер мен жеңілдіктерді көргенде қызғанушылық сезім байқалады.

Жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктеріне орай репатрианттарға қарым-қатынасы жайында сұхбаттасу кезінде, сауалнамада былайша көрсетілген. Қазақтар мен басқа этникалық топтың өкілдері (орыстар емес) репатрианттардың көшуіне қарсы емес екенін білдірді. Ұлты қазақ азаматтар репатрианттардың Қазақстанға келуін тарихи және де саяси жағынан жақсы түсінеді. Республиканың басқа ұлттары оның ішінде әсіресе орыс ұлтының өкілдері репатрианттарды жақтырмайтынын байқатты. Тіпті қазақ халқының, сонымен қатар ұлты қазақ орыс тілді азаматтардың арасында да теріс көзқарасты пікірлерді байқауға болады. Мысалы, репатрианттар жайындағы ойлары яғни, олар: *«кезінде елге қиын болған жағдайда қашып кеткендердің ұрпақтары»*, *«Қазақстанға жағдайларын жасауға келді.»*, *«Мемлекет оларға әлеуметтік тұрғысынан неге жағдай жасайды?»* – деген пікірлермен елге келуші репатрианттарға теріс көзқарастары қалыптасқан жағдайларды көруге болады. Репатрианттарға беріліп жатқан жеңілдіктерді толық қабылдай алмауы, оларға берген жеңілдіктерден қағылып қалуды нашар қабылдап отырғанын көрсетеді. Осыдан келе тұрғылықты халықтың экономикалық тұрғысынан ораналасқан елді мекендерде репатрианттарға деген көзқарастың нашар болуы, өңір халқының экономикалық жағдайы орта топты құрайтын халықты басым бөлігі екендігін көруге де болады.

Зерттеу жұмыстары барысында репатрианттарға мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға, ауылшаруашылығын қолдауға арналған түрлі бағдарламалар жайында айтқанда көбісі олар жайында хабардар екендігін жеткізді. Облыс аумағына келген репатриант азаматтардың жеке дара кәсіпкерлікпен айналысып мемлекеттік бағдарламаларды кеңінен пайдаланып жатқан мысалдардың көп екендігін атап өтуге болады. Әлі де болса, репатрианттар арасында ісін ашып, өзін-өзі қамтып отырған азаматтардың көбі дерлік мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар бойынша жеңілдетілген несие алуына үміттері зор. Бірақ жоба жазып, арнайы сертификат алуға оқуды алға қойғанда көбісі өз армандарынан бас тартады. Елге алғаш келгендегі азаматтық алуға немесе құжаттарын жасап көмектерді уақытында алуға кеткен қағаз жұмыстарын көрген қарапайым халық екінші дәл сондай әуреге түскісі келмейтінін айтады. Ендігі кезекте жергілікті атқару органдары келесі мәселені алға қоюы керек деп ойлаймын. Облыс аумағының Солтүстік өнеркәсіп салалары дамыған жұмыс орындары бар аудандар мен кіші қалаларға қандастарды қоныстандыру жұмыстарын жандандыру керек. Өнеркәсібі дамыған қалалардағы еңбек күшінің сұранысын облысқа келген қандастармен толықтыруды қолға алу маңызды. Әрине осындай ұсынылатын шараларға бірінші кезекте елге оралған репатрианттардың өзіндік сана сезімдеріменде жұмыс жасау керек. Мемлекет көші-қон саясатында жүргізіліп жатқан бағдарламаларға өздері қоса жәрдемдесіп, ұсыныстарын айтып, елге келгендегі басты мақсат қойған бірегейліктерін көрсету керек. Өйткені қандастардың ішінде де кертартпалық ойлар мен оппозициялық көзқарастардың қалыптасқанын көруге болады. Осы орайда қоғамда елге келген қандастар арасында азаматтық қоғамды дамытатын қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық

қорлардың жұмысын әр аудан мен қалаларда ашып, мемлекет тарапынан әдістемелік, қаржылық жағынан қолдау көрсетіп жұмыстарына демеу беру шараларын ұсынар едім. Елге оралған қандастарды қоғамға бейімдеу мен әлеуметтендіру жолында олармен тығыз қарым-қатынастарды қалыптастыру қажеттілігі туады. Осы маңызды мәселені іске асыруды тек жоғарғы жақпен ғана шектемей, оларға қолдау көрсетуді жергілікті халықпен де ұйымдастыру керек. Сонда ғана жоғарыда келтірілген міндеттер шешіліп, Қазақстанның демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші арта түседі.

Этникалық репатрианттардың ұқсастықтары мен өзгешеліктерін салыстыра отыра, әлеуметтік-мәдени күнделікті өмірі зерттелді. Осы тұрғысында сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізе отырып, репатрианттардың қоғамдық ортаға әлеуметтік-мәдени тұрғысынан бейімделулері мен кірігуі анықталды. Облысқа орналасқан репатрианттардың, келген елдеріне байланысты қоғамдық ортадағы айырмашылықтары көрсетілді. Репатрианттардың әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі үлкен өзгешілік қоныс аударуға дейін тұрақты мекен етіп келген аймақпен тұрмыс-тіршілігінің, салт - дәстүрінің, мәдениетінің өзгеше болуында әрбір елден келген азаматтардың өзіндік ерекшеліктері бар. Осы мәселені тереңдей талдау барысында ШҚО бойынша жүргізілген сауалнамада «Өзінің бұрын тұрған аймақпен Қазақстанның әлеуметтік –мәдени жағында ұқсастық байқадыңыз ба?» деген сауалға 60% – айырмашылық бар, бірақ салыстыруға келмейді, 23% – тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі ұқсас, 15% – мәдениет жағынан ұқсастығы аз деп жауап берген. Зерттеу нысаны болып бір тарихи кезең аралығындағы репатрианттардың күнделікті өміріндегі әлеуметтік - мәдени бейнесі мен саяси өмірдегі көріністі қалыптастырушы, жаңартушы және өзгертуші, басты тұлға ретінде қарастырылады. Репатрианттардың қоғамдық ортада бейімдеудегі қиыншылықтардың бірі ол заң білмеу мен жергілікті халықтың тілі (орыс тілі) мен жазу ерекшеліктері болып отыр. Атамекеніне оралған қандастардың тарихи Отанындағы тұрмыс пен қалыптасқан мәдени өмірге бейімделу біраз уақыт пен шыдамдылықты қажет етумен бірге мемлекет тарапынан әлеуметтік, экономикалық, мәдени бағытта бейімдеу шараларын жүзеге асыруды қажет ететіні анық. Жаңа ортаға этникалық тұрғысынан бірігу мен еніп кетудің өзі күрделі психологиялық процесс. Осы мақсатта облыс бойынша жүргізілген сауалнамада *«Сізге жаңа мәдениетке бейімделу қай жағынан ауыр тиді»* деген сауалға репатрианттар келесідегідей жауап қайтарған. ШҚО репатрианттарының елге қоныс аударғаннан кейінгі бейімделуінде қиындық көрген мәселелері психологиялық тұрғыдан – 47%, экономикалық тұрғыдан – 28%, әлеуметтік тұрғыдан – 23%, басқа да жауаптар – 2 % құрағаны көрсетілгендей, елге оралушылардың Қазақстан қоғамына оралу үдерісі барысында көп азаматтар экономикалық жағдайынан немесе әлеуметтік деңгейдің төмендігінен емес жергілікті халық, яғни тұрғылықты қазақтар тарапынан психологиялық төмендетушілікті көп көргендерін айтады. Сондай-ақ облыста өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған аймақ ретінде тілдік мәселе оны меңгеру алдағы уақытта да кезек күттірмейтін бейімдеу мен оқыту

шараларының бірі болып қала бермек. Осы тұрғысында қандастардың орыс тілін меңгермегенін біле тұра қазақтардың өзі орыс тілінде жауап қатып, түсінбегендей күй кешетін әрекеттер де байқалады. Осының өзі кейбір азаматтар тарапынан елге келген қазақтарға қырын қарап, қоғамда олардың жылдап бейімделуінде дисбаланс тудырып отыр деуге болады.

Қазақ халқы ата-баба дәстүрін берік ұстанатын, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа бай мұралары бар ұлт екендігі мәлім. Репатрианттардың күнделікті өмір тарихын зерттеу жұмыстары барысында шет елден келген қазақтардың осы ата-бабадан қалған ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді берік ұстанатыны байқалды. Жанұялық жағдайда салт-дәстүр мен ырым-жоралғыларды жақсы ұстанады. Осы тұрғысында ұмыт бола бастаған кейбір салт-дәстүрлердің жаңғыруына өзіндік үлестерін қосады.

Өңірлерге қоныстанушы қандастар арасында республикаға бірінші болып көшіп келген Моңғолия қазақтары, олар облыстағы елге оралғандардың басым көпшілігін құрайды. Моңғолиядан келген қандастардың біздегі жағдайларының қалыптасуын білуді тек олармен шектелмей Моңғол Ұлысының Баян-Өлгей аймағында тұрып жатқан туыстарынан да білуді мақсат еттік. Осы мақсатта және халықтың көші-қондық көңіл-күйін анықтау үшін Баян-Өлгей қазақ тұрғындары арасында «face to face» әдісімен сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізілді. Ондағы қандастардың Қазақстан жайында оң көзқараста екендіктері айқындалып, елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалын олардың бұқаралық ақпарат құралдарымен біздегі туыстарының көңіл-күйлері арқылы қадағалап отыратындарын көрдік. Моңғолия елінен келетін көштің алғашқы жылдарға қарағанда саябырлығымен, тарихи Отанға көшуге ниет білдіретіндер мен өздерінің тағдырын Қазақстанмен байланыстырғысы келетін тұрғындардың ішінде жастардың көші-қондық көңіл-күйінің жоғары екендігі анықталды. Қазіргі кезеңде біздің елге қоныс аударудың баяулағанын көреміз. Оның басты себебі Моңғолияның бүгінгі экономикалық дамуымен байланысты. Бірақ, ондағы қандастардың тарихи Отанына деген ерекше көңіл-күйлері бар. Осыны ескере отырып олардың тарихи Отандарына оралуларын қолдау күн тәртібінен түспеуі қажет. Баян-Өлгейдегі тұрғындармен, оның ішінде аға буынмен сұхбаттасқанда олардың әлі де болса, қалған ғұмырын туған Отандарымен байланыстырғылары келетіндерін көруге болады. Бірақ, тарихи мекеніне келген қоныс аударушыларды жұмысқа орналастыру, баспанамен қамтамасыз ету, азаматтық алудағы мәселелеріне алаңдаулы. Ал жастардың көңіл-күйі бұларға қарағанда басқаша, олар Қазақстанға перспектива беретін үлкен өмірлік кеңістік ретінде қарайды. Сондықтан да шетелдік қазақ жастарының Қазақстанда еңбек етулеріне, білім алуларына жағдай жасау мемлекеттік маңызды шаралардың бірі екендігі айқындалды. Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан осы бағыттағы саясатты жандандырып, әлеуметтік көмек мәселелерін еселеп, басты мәселе қылып көрсетіп жүрген азаматтық алу жолдарын жеңілдетуді қолға алу ұсынылды.

Шығыс Қазақстан облысына қоныстанған репатрианттардың Қазақстанның демографиялық үрдісіне тигізген әсері және әлеуметтік-

экономикалық жағдайы оларды қоғамдық ортаға бейімдеу орталықтарының қызметтерін зерттеу барысында жүргізілді. Репатриация саясаты барысында Шығыс Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық қолдаулар мен қоғамға кірігу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасалынып, ақпараттар бір орталыққа жүйеленді. Сол сияқты әлеуметтік-мәдени бейімдеу саласындағы ұлттық және халықаралық бағдарламалар аясында облыста 2009-2015 жылдар аралығында репатрианттардың жаңа ортаға бейімделулеріне және тұрақты табыс табуларына қолдау көрсеткен Біріккен ұлттар ұйымының «Оралмандардың экономикалық және әлеуметтік кірігуін ілгерілету» бағдарламасының атқарылған қызметтеріне талқылау жасалынды. Осы бағдарламаның іске асырылуына және нәтижелеріне талдау жасай отыра бұл бағыттағы тәжірибелерді күнделікті өмірге енгізуге ұсыныстар берілді.

2009-2015 жылдары қандастарды қолдау үшін БҰҰ ДБ қолдауымен «Семей қаласындағы оралмандарды бейімдеу және әлеуметтік ықпалдастыру орталығы» атқарған өңірдегі репатрианттарға ақпараттық, құқықтық, азаматтық алу мәселесі, әлеуметтік-экономикалық қолдау, оқыту, бейімдеу, бизнес бастауларын іске асыру бағыттары бойынша атқарылған істеріне және қоғамдық ортаға бейімдеу шараларына тұңғыш рет кең талдау жасалынды. Сонымен қатар БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен қандастардың өздерінің ішінен ашылған қоғамдық ұйымдар мен бастамашыл топтардың қоғаммен бірігіп атқарған іс-шаралары да көрсетілді. Одан олардың маңызды деп танылатын әлеуметтік мәселелерге ерікті түрде жұмылдырғандарын көруге болады. Қоғам игілігі үшін жасалған оң тәжірибе ретінде олардың нәтижелеріне де көңіл бөлінді. БҰҰ Даму бағдарламасының тәжірибиесіне сүйене отырып, қандастар көп шоғырланған аудандар мен қалаларда елге келгендегі құжат тапсыру мәселесінен бастап, баспана алу мен жұмысқа орналасу, қоғамдық ортаға бейімделу мен кіріктіру шараларына тікелей жәрдемдесетін мемлекеттік қолдау аясындағы «Қандастар орталығын» құрудың маңыздылығы айқындалды. Жергілікті атқару органдары тарапынан осы жұмысты бір жүйеге келтіріп, көші-қон саясатына қажетті жұмыстарды «бір терезе» қағидасына сай жетілдіру ұсынылды. Қазақстанға оралған кезде қандастарда жиі кездесетін басты проблемалары – жұмысқа орналастыру және баспана алу қиындығы болып табылады. Сондай-ақ репатрианттардың қайтып келу және одан әрі өмір сүруін регламенттейтін нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеу мәселелері, тарихи Отанына оралған этникалық қазақтардың әлеуметтік-мәдени және экономикалық бейімделуінің күрделі жағдайлары өзекті болып табылады. Проблемаларды алдын алудың басты мақсаты – атқарушы биліктің назарын көші-қон саясатын орындау жөніндегі жұмысты жандандыру қажеттілігіне, этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін ұлттық заңнама шеңберінде қолдау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ репатрианттарды әлеуметтік-экономикалық қолдау іс-шаралары туралы үнемі хабардар ету қажет.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында анықталғаны, БҰҰ ДБ Оралмандардың бейімделу және кіріктіру орталығы қандастардың мәселесімен

айналыса келе Қазақстандағы репатрианттарды бейімделуі мен ықпалдасуы бойынша өзекті мәселелерді көрсетіп кеткен болатын. Қандастардың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін жақсарту бойынша өзекті мәселелер мен ұсыныстар:

1. Құқық қолдану тәжірибесі мен мемлекеттік жоспарлау.

Мәселелер:

– кедендік одақ шекарасы арқылы автокөлікті өткізу үшін кедендік баж салығын алу бойынша құқықтық қайшылықтың болуы мәселесі;

– аумақтардың дамыту бағдарламалары мен аудандар және қалалардың мемлекеттік органдарының стратегиялық жоспарларында қандастарға байланысты мәселелерінің жоқ болуы ;

– қандастардың уақытша орналастыру орталықтарында бос алаңдардың жоқ болуы.

2. Мемлекеттік органдардың қызметтеріне және ресми ақпаратқа қол жеткізу

Мәселелер:

– уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттарында ескі ақпараттың болуы;

– көші-қон полициясында өзінің жеке сайтының болмауы;

– қандастар мен жергілікті билік арасында келіссөз алаңдарының болмауы;

– бос жер учаскелері туралы ресми ақпаратқа қол жеткізудің қиындығы;

– ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредитациялық орталығының облыстарда өкілдіктерінің болмауы.

3. Қытайдан келген қандастардың бейімделуі мен ынтымақтасуы

Мәселелер:

– кіру визаларын алудың ұзақ мерзімдері мен мәселелері;

– құжаттар мен еңбек стажын заңдастырудың құқықтық тетігінің болмауы.

4. Шетелдегі қандастармен жұмыс жүргізу

Мәселе: ҚР көшіп келудің мүмкіндіктері мен тетіктері туралы шетелдегі отандастарды ақпараттандыру мәселелері бойынша үйлестіруді жетілдіру.

Құқықтық қолдану тәжірибесі және мемлекеттік жоспарлау:

– ҚР ПИМ және ҚР СІМ қандас мәртебесін алу, көшіп келу квотасы бойынша жәрдемақыларды, тұрақты тұруға рұқсат алу тәртібі туралы Халықтың көші-қоны туралы жаңа заңның нормаларын нақтылайтын заңға тәуелді актілерді шұғыл түрде қабылдау қажет;

– кеден шекарасы арқылы өткізілетін автокөліктер мен олардың тіркемелерін кедендік баж салығынан босатуға қатысты құқықтық қайшылықты жою керек;

– мемлекеттік органдар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларына қандастарды бейімдеу және ынтымақтасуы мәселелерін қосу;

Мемлекеттік органдардың қызметтеріне және ресми ақпаратқа қол жеткізу:

– қалалық және аудандық деңгейлерде «Қандастар кеңесін» құру;

– уәкілетті органдардың сайттарын үнемі жаңартып отыру;

– ҚР ПМ Көші-Қон комитетінің сайты немесе ҚР ПМ сайтында жеке бөлім ашу;

– кедендік бекеттерде репатрианттарға түсікті тілде ақпараттық тақталарды орнату;

– бос жер учаскелері бойынша ақпаратты жер бөлімдері мен БАҚ жариялау;

Қытайдан келетін қандастарды бейімдеу және кіріктіру:

– әлеуметтік қамсыздандыру және халықтың көші-қоны туралы үкіметаралық келісімді жасасу.

Осындай репатриация саясатындағы қандастармен жұмыс барысында анықталған негізгі мәселелердің бар екендігі анық. Алдағы уақытта біртіндеп қолға алынып, заңнамаларға өзгерістер енгізіліп жатқандығын байқауға болады. Бірақ дегенмен зерттеу жұмысы барысында репатрианттардың осындай қиыншылықтарды басынан өткергендігін, алдағы уақытта өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қандастардың жоғарыдағы мәселелерінің шешілуіне ниетті екендігін көруге болады. Елге келген қандастар өздері толық құжаттарын алып азаматтықты алса да, алдағы уақытта елге келетін қандастардың көші-қонындағы жағдайы мен кедергілері аз болса екен деген ниеттерін жиі білдіреді.

Этникалық репатриант жастардың әлеуметтік - мәдени бейімделуіндегі мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы қызметтері талқыланды. Осы тұрғыдан келгенде елдің жоғары оқу орындарындағы дайындық курстарының жұмыстарын жетілдіру мақсатында репатрианттарға бөлінетін жекелей квотаны өсіру шаралары қарастырылды. Шығыс Қазақстан облысындағы университеттердің дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларымен олардың ортаға бейімделу барысындағы қиындық туғызатын мәселелер бойынша сұхбаттасулар және сауалнамалар жүргізілді. Дайындық бөлімінен кейінгі оқуға түсу кезіндегі қазақ ұлты өкілдеріне жыл сайын жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы санының 4% дан 6% дейін көтеруге ұсыныстар жасалынды. Біз байқағандай олардың басым көпшілігінің өз болашақтарын тарихи Отандарымен байланыстырғылары келеді. Оған бірден-бір себеп, бүгінгі Қазақстандағы ұлттық болмыс негізіндегі зайырлы ортаға олардың тартылуы болып табылады. Елде осы бағытта дұрыс саясат жүргізілуде. Дайындық бөлімін бітіргендер одан арғы білімдерін Қазақстанның түрлі деңгейдегі оқу орындарында жалғастыра алады. Қазақстанға келген жастарға қазақ тарихын оқыта отырып, олардағы тарихи Отанға деген сүйіспеншілікті күшейту де қажеттілік. Айта кету керек, Қазақстанға оқуға келген жастардың арасында оқу бітіргеннен кейін, туған елдеріне де қайтатындар да бар. Сонымен қатар оларды бейімдеуде, қоғамнан алшақтатып жеке дара ұстамай, оқу орнында, қалада болып жатқан іс-шараларға белсенді тарту шараларын әрмен қарай жалғастыру керек. Репатриант жастарға арналған орыс тілін үйренудегі қоғамдық ортаға бейімделуін жеделдету үшін арнайы әдістемелік оқу құралдарын дайындаудың да қажеттілігі бар. Олардың өз іштерінде қоғамдық бастамашыл ұйымдар

ашып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға қатысты шараларды атқару, қазақы бірегейлікті дамытуда маңызды болмақ. Осы негізге кроссмәдени бейімделу негізінде қандас студенттерді жергілікті білім алушылармен бірге жатақханаға тұрғызу маңызды. Олардың осындай ортада болғанда бейімделу процесін жеделдетені анық. Орыс, ағылшын тілдерін меңгеретін үйірмелер ашылса деген де көкейге ойлар келеді. Осы бағыттағы атқарылып жатқан шараларға талдау жасау барысында байқалатыны, дайындық бөлімінің тыңдаушыларына мемлекет тарапынан жасалынып отырған қолдаудың шет елдерден келетін қандастардың көші-қон мәселелеріне игі әсерінің болары сөзсіз. Осыдан келіп, шет елдердегі қазақ диаспораларының жастарын елге шақырудағы саясаттың маңызы айқындалады. Республика және облыс көлемінде қандастардың мәселелерін көтеріп, олардың қоғамға бейімделуі мен кірігу жолында қызмет жасап жүрген қоғамдық бірлестіктердің жұмыстарына талдау жасалынды. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысындағы БҰҰДБ Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы жанынан құрылған 2009-2015 жылдары қоғамдық ұйымдардың қызметі тоқтады, себебі бенефициарлар жоқ. Енді БҰҰ Даму бағдарламасы арқылы ашылған қоғамдық ұйымдар мен бастамашыл топтардың жұмысын жетілдіру мәселесі жергілікті басқару орагандарының қарастыратын құзырына айналуы тиіс. Себебі, Шығыс Қазақстанға келген қандастардың облыстың 8 ауданы мен қалаларында ашылған қоғамдық бірлестіктері – Семей қаласы – «Отансүйгіш Оралмандар» ҚБ, Тарбағатай ауданы – «Киелі Ақсуат» ҚБ, Үржар ауданы – «НарАр» ҚБ, Ұлан ауданы – «Шығыс Қыраны» ҚБ, Зайсан ауданы – «Елімай Зайсан» ҚБ, Күршім ауданы – «Бірлік Күршім» ҚБ, Курчатов қаласы – «Нұрлы Көш-Атамекен» ҚБ, Шығыс ауылы – «Шығыс Шуағы» ҚБ өздерінің өміршендіктерін көрсете білді. Сондықтан бұлардың көптеген шараларды іске асырудағы маңызды қызметтері одан әрі қолдауды қажет етеді. Қазіргі кезде осы ұйымдардың барлығы жұмыстарын тоқтатқан. Себебі жергілікті әкімдіктер тарапынан бұлардың қоғамдық ортада өзара бейімдеу жолындағы қызметтеріне қаржылық көмек көрсетілмейді. Қалыптасқан жағдайлар барысында Шығыс Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдарға қаржылық көмек көрсету аудандардың және қалалардың бюджетінде қарастырылмаған. Облыстық мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста қандастарды бейімдеу және кіріктіру мәселелерін шешуге бағытталған лоттардың болмауы бейімдеу шараларын тежеуі әбден мүмкін. Сондықтан жергілікті деңгейде шешімдерді қабылдау үрдісіне қандастардың қол жеткізуіне жағдай жасауды қарастыру қажет. Қоғамдық ұйымдардың жұмыстарын жетілдіру, қоғамдық ортаға бейімдеу және кіріктіру шараларына қандастардың өздерін тарту мәселесі өзінің өзектілігін жоймайды. Азаматтық қоғамды дамыту жолында қандастарды бейімдеу шараларына ертеректе елге келіп азаматтық алып, қоғамға толықтай еніп кеткен азаматтардың күшімен, мемлекет тарапынан қолдаулармен бейімдеу шараларына тарту маңызды.

Осыған байланысты келесідей ұсыныстар жасалынады:

– қандастар тығыз қоныстанған өңірлерде олардың қоғамға бейімделулері мен кірігу шараларына қатысты мемлекеттік мекемелерде әлеуметтік тапсырыстарды жоспарлай отыра Үкіметтік емес ұйымдарға беру арқылы бейімдеу қызметтеріне тартудың мүмкіндіктерін қарастыру;

– Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қаражатының 50% ауылдық жердің әлеуметтік проблемаларын шешуге бағыттау, халықтың 50% жуығы ауылда тұратынын және аудандық бюджеттердің мүмкіндіктері шектеулі екенін ескере отырып осындай мүмкіндіктерді қолға алуды алға қойылу шаралары жасалынған дұрыс.

Зерттеу жұмысы барысында репатриант студенттермен дайындық бөлімі тыңдаушыларымен қызмет жасап жүрген қызметкерлер мен репатрианттар тарапынан келесідей мәселелер көтерілді:

– елге шетелден оқуға келетін қазақ студенттеріне, оқушыларға елдің ЖОО-нан, колледждерден, мектептерден тегін шақыру қағазын беру сұралады. Яғни, оқуға келетін студенттерге, оқушыларға Қазақстанның университеттерінен, колледждерінен, мектептерінен жіберілген шақыру қағазы бойынша кезексіз виза берілсе, себебі олар Қазақстандағы оқу орындарына үлгеріп келе алмауда;

– Қытайдағы саяси мәселелерге байланысты, алдағы оқу жылдарында дайындық курсының емтиханын қазан айында өткізілсе (себебі олар шілде айында мектепті тәмамдап, төлқұжат жасату, виза алауға көп уақыт кетеді) деген ұсыныс жасалды.

Зерттеу жұмысы барысында Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың кроссмәдени бейімделуіне талдау жұмыстары жүргізілді. Олардың қоғамға кірігулері мен бейімделулеріне қатысты біршама ұсыныстар берілді. Яғни, мәдени айырмашылықтардың жаңа сын-қатерлеріне тап болған репатриант жастардың мінез-құлқын, таным ерекшеліктерін, эмоциялық реакцияларды өзгертіп, сол арқылы өздерін өзгертетіні анықталды. Осы арқылы олар қабылдаушы қоғамның ерекшеліктері мен мәдениетін қабылдай отыра бейімделу көрсеткішін көрсетеді. Жастардың кроссмәдени бейімделу мәселелері бойынша мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды талдау нәтижесінде өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары айқындалып, ұсыныстар берілді. Олардың әлеуметтік-экономикалық бейімделу шараларына тарихи талдау жасалынды. Сауалнама жұмыстары мен жекелей сұхбаттар арқылы олардың негізгі мәдени тұрмыстық жағдайы мен бейімделу жолындағы қарым-қатынастары анықталды. Сонымен бірге, қалыптасқан жүйедегі репатриация саясатын іске асыруда әліде болса шешілмеген мәселелердің бар екендігін айту керек. Ол қандастарда жиі кездесетін басты проблемалар тұрақты жұмысқа орналасу және баспана алу қиындығы болып табылады. Маңызы жағынан екінші мәселе, Қазақстан азаматтығын алудағы мәселелермен жергілікті тілді білмеу мен жазу қиындығы да жиі кездеседі. Өңірлерде қандастардың елге оралғандағы нормативтік-құқықтық база аясында кездесетін мемлекеттік әлеуметтік көмекті алуларына және азаматтық алуға дейінгі қоғамға бейімделуге қатысты қызметтерін белгіленген арнайы мекеменің

құзыреттілігіне берілуі осы процестерді жылдамдатар еді. Тарихи Отанына оралған этникалық қазақтардың әлеуметтік-мәдени және экономикалық бейімделуінің күрделі жағдайлары да, сөзсіз өзекті болып табылады. Дегенмен бұл мәселеде біртіндеп қолға алынып, заңнамаларға өзгерістер енгізіліп жатқандығын байқауға болады. Бірақ, зерттеу жұмысы барысында көрсетілгендей, репатрианттардың көп қиыншылықтарды бастарынан өткергендігін алдағы уақытта өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, қандастардың жоғарыдағы мәселелерінің шешілуіне жағдай жасалуын да көруге болады. Елге оралған қандастар толық құжаттарына ие болып азаматтықты алса да, алдағы уақытта елге келетін қандастардың көші-қонындағы кедергілердің аз болуына деген ниеттерін жиі білдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық // Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы, баяндама. – Алматы, 1993. – 114 б.
- 2 2020 жылы оралман қабылдау квотасы қысқарды. URL: <http://kznews.kz/zhanalyqtar/2020-zhyly-oralman-qabyldau-kvotasy-qysqardy/> (қаралған күні: 14.05.2021)
- 3 Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 261 с.
- 4 Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Реиз, 2006. – 343 с.
- 5 Татимов М. Қазақ әлемі. – Алматы: Атамұра, 1993. – 160 б.
- 6 Сейдин Н. Б. Казахи за рубежом как объект национальной политики. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2006. – 172 с.
- 7 Казахи Китая. Очерки по этническому меньшинству // сборник статей. И. Сванберг Казахские беженцы в Турции: исследование по культурному выживанию в условиях социальных перемен / сост. Г.М. Мендикулова. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. – Алматы: Санат, 2005. – Т. 3, ч. 1-2. – 456 с.
- 8 Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1994. – 122 с.
- 9 Сыроежкин К.Л. Национально-государственное строительство в КНР: теория и практика. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 1998. – 157 с.
- 10 Сыроежкин К.Л. Мифы и реальность этнического сепаратизма в Китае и безопасность Центральной Азии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2003. – 133 с.
- 11 Қинаятұлы З. Монғолиядағы қазақтар. – Алматы: Ата жұрт, 2007. – 256 б.
- 12 Муқаметханұлы Н. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы: Санат, 1996. – 126 б.
- 13 Муқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. – 336 б.
- 14 Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы: ДҚҚ, 2000. – 309 б.
- 15 Мендикулова Г., Атантаева Б. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. – Алматы: СаГА, 2008. – 232 с.
- 16 Садовская Е. Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 260 с.
- 17 Алексеенко А. Роль иммиграции в формировании демографической политики Республики Казахстан // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: сб. науч. трудов IX Международной научно-практической конференции. – Усть-Каменогорск, 2008. – С. 22-32.
- 18 Алексеенко А., Аубакирова Ж., Жанбосинова А. Этнодемографические эволюции и становление суверенной демографической системы в Казахстане // Вестник Санкт-Петербургского университета. История. – 2019. – Т. 64, вып. 4. – С. 1368-1385.

- 19 Есимова А. Б. Проблемы адаптации репатриантов в Казахстане (на примере Южно-Казахстанской области) // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: сб. науч. трудов VI Международной научно-практической конференции. – Усть-Каменогорск, 2005. – Ч.1.– С. 55-56.
- 20 Абулкасова Д. Миграционные процессы в Казахстане: тенденции и динамика: автореф. ... канд. социол. наук: 22.00.04. – М., 2001. – 19 с.
- 21 Гужвенко Ю. Восточный Казахстан: этносоциальные отношения в 1990-е - начале 2000-х годов. – М.: Восточная литература, 2009. – 198 с.
- 22 Балтабаева К. Н., Мамашев Т. А., Ермекбай Ж. А., Баймагамбетова А. Ж. Казахская диаспора и репатриация (1991-2012) / научный ред. С.Ф. Мажитов. – Алматы: Елтаным, 2015. – 568 с.
- 23 Атантаева Б. Ж., Мамырбеков А. М., Оспанова А. К. Шығыс Қазақстандағы репатриация үдерісінің тарихы (1991-2011 жж.). – Семей, 2015. – 143 б.
- 24 Қалыш А. Б., Қасымова Д. Пути интеграции оралманов в казахстанское общество: реалии и вызовы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 203 с.
- 25 Қалыш А. Б., Қасымова Д. Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 240 с.
- 26 Қалшабаева Б. Орталық Азиядағы қазақтар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.
- 27 Садырова М., Амитов С. Миграционные процессы в Казахстане и социальная адаптация оралманов: социологический анализ. – Алматы: Palmarium Academic Publishind, 2014. – 220 с.
- 28 Нұрымбетова К. Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.). – Алматы, 2010. – 128 б.
- 29 Шуршитбай Б. Қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі: тарихи талдау (1991-2009 ж ж.): тар. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2010. – 132 б.
- 30 Оспанова А. Мемлекетаралық көші-қон тарихы: Шығыс Қазақстан облысындағы репатриация процесі (1991-2011 жж.): тар. мам. маг. ... дис. – Семей, 2014. – 93 б.
- 31 Нургалиева С. Педагогические условия подготовки оралманов к успешной адаптации для обучения в Казахстане: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 127 б.
- 32 Какимжанова М. Социальная интеграция репатриантов как философская проблема: дис. ... канд. филос. наук. – Алматы, 2009. – 122 с.
- 33 Амитов С. Социальная адаптация этнических репатриантов в современном казахстанском обществе (социологический анализ): дис. ... канд. социол. наук. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2010. – 138 с.
- 34 Абишева Р. Оралмандардың ауызекі сөйлеу тілі ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 132 б.
- 35 Есалиев А. Научные основы мероприятий, направленных на обеспечение эколого-гигиенической адаптации мигрантов-оралманов к условиям Южно-Казахстанской области: дис. ... док. мед. наук. – Алматы, 2010.

– 204 с.

36 Сагындыков А. Оқу-тәрбие процесінде оралман-тыңдаушылардың патриоттық қасиеттерін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 133 б.

37 Баймолдина Л. О. Жас қазақ репатрианттардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігі мен аккультурациясының этнопсихологиялық ерекшеліктері: филос. док. PhD ... дис. – Алматы, 2013. – 159 б.

38 Жетесова М. Т. Механизм экономической интеграции оралманов в казахское общество: дис. канд.экон. наук. – Алматы, 2007. – 125 с.

39 Сейсенбаева А. С. Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үдерістері археология және этнология бойынша мамандығы: филос. док. PhD ... дис. – Алматы, 2014. – 132 б.

40 Есетова С. К. Государственное регулирование процесса возвращения репатриантов на историческую родину (теоретико-правовое исследование): дис. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 2007. – 124 с.

41 Досжанов Б. Б. Конституционно-правовой статус оралманов в Республике Казахстан: дис. ... канд юрид. наук. – Алматы, 2008. – 129 с.

42 Жампейсов Д. А. Отандастардың (оралмандардың) оралуын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы: салыстырмалы-құқықтық зерттеу: филос. док. PhD ... дис. – Семей, 2013. – 137 б.

43 Аблажей Н. Н. Казахский миграционный маятник «Казахстан – Синьцзян». Эмиграция. Репатриация. Интеграция. – Караганды: Балашок – Баспа, 2014. – 273 с.

44 Fince P. Historical Nomelands and Transnational Ties: the Case of the Mongolian Kazaks // Zeitschrift fur Ethnologie (2013). – Zurich, 2014. - №138.– P. 175 – 194.

45 Fince P., Sancak M. Migration and Risk Taking A Case Studu from Kazakhstan // Migration and Economy. – Global and Local Dynamics, 2005. – №1. – P. 161.

46 Kuscı I. Constructing the homeland: Kazakhstan’s discourse and policies surrounding its ethnic return-migration policy // Central Asian Survey. – 2012. – Vol. 31, №1. – P. 31-44.

47 Поправко И. Чужие среди своих: репатрианты, аутентичность и повседневные границы в Восточном Казахстане // Известия Иркутского государственного университета. Серия «Политология. Религиоведение» – 2014. – Т. 10. – С. 206-214.

48 Grzymała-Kazłowska A., Grzymała-Moszczyńska H. The Anguish of Repatriation: Immigration to Poland and Integration of Polish Descendants from Kazakhstan // East European Politics and Societies – 2014 – Vol. 28, №3. – P. 593-613.

49 Epanchintseva G.A. et al. Comparative analysis of the feeling of subjective well-being and resilience of repatriates // Amazonia Investiga. – 2019. – Vol. 8, №22. – P. 587-592.

50 Berry J.W. Immigration and adaption. Applied Psychology: // An

International Review. – 1997. – Vol. 46, №1. – P. 5 – 34.

51 Köppen B. Self-attribution and identity of ethnic-German SpätAussiedler repatriates from the former USSR: an example of fast-track assimilation? // Nationalities Papers – 2018. – Vol. 46, №1. – P. 105 – 122.

52 Блок М. Апология истории или ремесло историка. - М.: Наука, 1986. – 256 с.

53 Гуревич А. От истории ментальности к историческому синтезу // Споры о главном. Дискуссии о настоящем и будущем исторической науки вокруг французской школы «Анналов». – М.: Наука, 1993. – 207 с.

54 Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знаний. – М.: Медиум, 1995. – 323 с.

55 Февр Л. Бои за историю / пер. с фр. – М.: Наука, 1991. – 629 с.

56 Бродель Ф. Структуры повседневности: Возможное и невозможное // Материальная цивилизация, экономика и капитализм. XV – XVIII вв. в 3-х т. – М.: Прогресс, 1986. – Т.1. – 624 с.

57 Гирц К. Интерпретация культур. (Культурология. XX век). – М.: РОССПЭН, 2004. – 560 с.

58 Лотман Ю. М. Внутри мыслящих миров. Человек – текст – семиосфера – история. – М.: Язык русской литературы, 1996. – 464 с.

59 Людтке А. Что такое история повседневности? Ее достижения и перспективы в Германии // Социальная история. Ежегодник. – М., 1999. – №1. – С. 77–100.

60 Гинзбург К. Микроистория: две-три вещи, которые я о ней знаю. Современные методы преподавания новейшей истории. – М., 1996. – С. 207–235.

61 Ле Руа Ладюри Э. Монтайю. Окситанская деревня (1294–1324). – Екатеринбург: Изд-во Уральского университета, 2001. – 539 с.

62 Орлов И. Б. Советская повседневность: исторический и социологический аспекты становления. – Москва: Изд. дом Гос. ун-та - Высш. шк. экономики, 2010. – 316 с.

63 Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық // Дүниеүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. – 114 б.

64 Миграция // Сборник нормативных правовых актов Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2003. – 160 с.

65 Ескекбаев Д. Қазақ диаспорасы: бүгіні және болашағы. – Алматы, 2003. – 212 б.

66 Султанова К., Абишева Т. Специальный доклад «О ситуации с правами оралманов, лиц без гражданства и беженцев в Республике Казахстан». – Астана, 2012. – 144 с.

67 Жүнісбекова А., Шолпанқұлова Қ. Қазақстандағы көші-қон үрдістерінің кейбір мәселелері // Қазақстан тарих әдістемелік журналы. – 2008. – №6. – Б. 68.

68 Ермекбаев Ж. Казахская диаспора, проблемы ее миграции и социального положения // Наука Казахстана. – 1995. – №13. – С. 10-11.

69 Нысанбаев Ә. Н. Алғы сөз // Қазақ диаспорасының ғылыми зерттеу мәселелері. – Алматы, 1992. – 99 б.

70 Мұқаметханұлы Н. Қазақ диаспорасының ұлттық танымы мен тәуелсіздік санасы – ұлттық біртұтастанудың ұйытқысы // Ұлттық идея – отандастардың тәуелсіз Қазақстанның игілігі жолында бірігу факторы: Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары / жауапты ред. Т. А. Мамашев; құраст.: К. Н. Балтабаева, Т. Е. Әбілова, Е. Ұ. Байдаров, Ә. Т. Сүлейменова. – Алматы: Атажұрт, 2011. – 272 б.

71 Мейірманов С. Миграциялық саясаттың мәні мен мазмұны // ҚазҰУ хабаршысы. Саясаттану сериясы. – 2006. – №1(25). – Б. 12 – 14.

72 Елмырзаева Р. Қазақстанның көші-қон негіздері // Қазақстан тарихы. 2011. – №6. – Б. 10 – 12.

73 Сейсенбаева А. С. Оралмандардың көші-қонындағы кейбір мәселелер // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2011. – №4(63). – Б. 17– 21.

74 Алтынбекова Г. Нұрлы көш Ұлы көш немесе ел дамуындағы басты стратегиялық бағыт // Ақиқат. – 2009. – №11. – Б. 40– 44.

75 Жақып М. Ағайын арасындағы алтын көпір // Егемен Қазақстан. – 2001, тамыз - 19. – Б. 74 – 77.

76 Ракишева Б. Казахская диаспора: миграционный потенциал и ожидания от Казахстана // Социальный портрет современного казахстанского общества. – Астана; Алматы, 2015. – 208 с.

77 Амитов С. А. Проблемы социально-экономической адаптации Оралманов // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2009. – №3(30). – С. 104.

78 Атантаева Б. Ж. Проблемы правовой и социальной адаптации репатриантов в Республике Казахстан // Этносоциальные процессы во внутренней Евразии. Материалы международной научно-практической конференции. – Семей, 2009. – С. 9–10.

79 Садовская Е. Ю. Этническая структура современных миграций из Китая в Казахстан и проблемы принимающего общества // Вестник Евразии. – 2008. – №2 (40). – С. 151– 180.

80 Қазақстан Республикасы және қазақ диаспорасы өзара іс-әрекетінің проблемасы мен болашағы. – Алматы, 1997. – Б. 74 – 77.

81 Нысанбаев Ә. Еуразиялық интеграция жүйесіндегі қазақ диаспорасы. Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі – Казахская диаспора: настоящее и будущее. – Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

82 Ракишева Б. Репатрианты в Казахстане: социально-демографический анализ // Мысль. – 2009. – №2. – С. 18 – 23.

83 Нұрмұратов С. Е. Шетел қазақтарының санасы мен менталитетіндегі ерекшеліктер. Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі – Казахская диаспора: настоящее и будущее. – Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

84 Үкібаев А. Елге ел қосылса құт // Егемен Қазақстан. – 2002, қыркүйек 28. – Б. 79.

85 Асылбеков М. Қазақ халқының этнодемографиялық даму белестері //

Егемен Қазақстан. – 2011, маусым 27. – Б. 56.

86 Нұрымбетова Қ. Репатриация үрдісі және оралмандар // «Қазақстан тарихы: инновациялық тұжырымдамалар мен дәуірлеу ғылыми танымның басым бағыттары» атты X-а ғыл.-тәж. конф. материалдары / ред. Х.М. Әбжанов. – Алматы: Елтаным, 2013. – Кітап 2. – 428 б.

87 Mendukulova G. Some notes on the repatriation politics in the Republic of Kazakhstan // History of the homeland research journal. – 2012. – №3(59). – P. 18-23.

88 Нұрмақов С. Е. Шетел қазақтарының санасы мен менталитетіндегі ерекшеліктер. Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі – Казахская диаспора: настоящее и будущее. – Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

89 Калыш А. Б. Адаптация казахов – оралманов из стран дальнего зарубежья в Казахстане // Казахстан и зарубежные казахи: Матер.межд. науч.-практ. конф. / гл. ред. Т.А. Мамашев; сост.: К. Н. Балтабаева, К.М. Конырбаева. – Алматы: Атажұрт, 2012. – 376 с.

90 Нұрмұратов С. Е. Қазіргі кезеңдегі қазақ репатрианттардың құндылықтық басымдылықтары // Отан тарихы. – 2005. – №8. – Б. 113.

91 Уатқан Б. Полевые материалы ВАК: Восточно-Казахстанская область. – Усть-Каменогорск, 2014. – 113 с.

92 Алексеенко А. Н. Казахстанская репатриация: причины, особенности, перспективы // Миграции и диаспоры в социокультурном, политическом и экономическом пространстве Сибири. Рубежи XIX-XX и XX-XXI веков / науч. ред. В.И. Дятлов. – Иркутск, 2010. – С. 567-592.

93 Матаева М. Х., Жампеисов Д. А. Проблемы и перспективы предупреждения преступлений в сфере этнической репатриации // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. – 2013. – №3. – С. 170-171.

94 Қалдыбаева А. Азаматтық алу. – Астана: БҰҰДБ Қазақстан, 2010. – 36 б.

95 Бапанова Ә. «Нұрлы көш» бағдарламасы жемісін беруде // Семей таңы. – 2011. – №90 (181279). – Б. 2.

96 Қалшабаева Б. К. Отандастардың (репатрианттардың) жергілікті ортаға бейімделу проблемалары // Қаз ҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2011. – № 4(63). – Б. 113–117.

97 Жанбосинова А., Карибаев М. Мемлекеттік көші-қон саясатындағы репатрианттарға арналған бағдарламалардың іске асу ерекшелігі // С. Е. Черныхтың туғанына 85 жыл толуына арналған Өлкетану оқулары III Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция. – Өскемен, 2017. – 235 б.

98 Саматов Н. Ақтауда оралмандарға арналған бейімдеу орталығы ашылды // Егемен Қазақстан. – 2011, қараша - 12. – Б. 9 – 10.

99 Оспанова А. Алтай жастары бірлестікте бас қосады // Семей таңы. – 2011, сәуір 19. – Б. 3.

100 Щеглова Т. К. Повседневные практики и система жизнеобеспечения сельского населения в борьбе с холодом и голодом в тыловой деревне Сибири

как фактор победы в Великой Отечественной войне: новые подходы и источники в исторических исследованиях // Великая Отечественная война: история, методология, современное осмысление: материалы международной научно-практической конференции / ред кол.: А.А. Аубакирова и др. – Усть – Каменогорск; Восточно-Казахстанский государственный университет им. С. Аманжолова; Государственный архив управления культуры, архивов и документации ВКО, 2015. – С. 587-601.

101 Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жанаруы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2014. – 224 б.

102 Балғабаев С. Жолайрықта тұрған көш // Түркістан. – 2015. – №1(1068). – Б. 3.

103 Yensenov K., Karasayev G., Kaliyeva M., Naimanbayev B., Bazarov K. Return of Kazakh Diaspora from world countries to the Republic of Kazakhstan (1992-2018) (historical research aspect) // Astra Salvensisthis link is disabled. – 2021. – Vol. 2021, №1. – P. 545–560.

104 Назарбаев Н. Қазақстан 2030. – Алматы, 1997. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_ (қаралған күні: 10.04.2021).

105 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» заңы. – Алматы, 1998. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000204> (қаралған күні: 07.03.2021).

106 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы», №477-IV заңы. – Астана, 2011. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477> (қаралған күні: 07.03.2021).

107 Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) 5. Н -қ, 5-т, 108-іс. 1992 жылғы 15 желтоқсан, №1055 министрлер кабинетінің қаулысымен бекітілген «Көшіп-келу туралы» ҚР заңына сай «Босқындармен жұмыс туралы уақытша ережеде»

108 Тоқаев Қ-Ж. К. «Оралман» сөзінен бас тартып, «қандас» дегеніміз жөн болады. URL: https://www.inform.kz/kz/tokaev-oralman-sozinen-bas-tartyp-kandas-degenimiz-zhon-bolady_a3567221 (қаралған күні: 17.05.2021).

109 Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 13 мамырдағы № 327-VI ҚРЗ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000327> (қаралған күні: 17.05.2021).

110 Қазақстан Республикасының Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) 5-Н-қ., 1-т, 108 – іс. Министрлер кеңесінің 1992 жылы қабылданған «Көші-қон туралы» қаулысы негізінде Еңбек министрлігі жанынан «Көші-қон» басқармасы құрылуы туралы

111 ҚР ПМ. 7-қ., 1-т, 289 -іс. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігінің қаулылары мен жарлықтары. 1991 жылы ҚР-ның Еңбек министрлігі Моңғолиядан сондай-ақ басқа да республикалардан қоныс аударушыларға 10,7 млн. рублькөлемінде қаражат бөлу туралы жарлық

112 ҚР ПМ. 5-Н-қ., 6-т., 1108-іс. Сыртқы істер министрлігінің құжаттары. 1996 жылы 31 желтоқсанында «Шетелдегі қандастарды қолдаудың мемлекеттік

бағдарламасы» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығы

113 Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – Астана, 2002. – №16. – Б. 119.

114 Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы. 2001., № 36-37. 480 құжат. «Оралмандар» ішкі жүйесі, «Босқындар» ішкі жүйесі, «Еңбекке қатысты көшіп келу», «Шекаралық-паспорттық бақылау» ішкі жүйесі

115 Специальный доклад «О ситуации с правами оралманов, лиц без гражданства и беженцев в Республике Казахстан» / под общей ред. К. Султанова, Т. Абишева. – Астана, 2012. – 144 с. URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31275929 (дата обращения: 05.08.2020).

116 2009–2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы. – Астана, 2008. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001126> (қаралған күні: 06.05.2021).

117 Постановление Правительства Республики Казахстан. Об установлении региональной квоты приема оралманов и переселенцев на 2016 год: утв. 18 февраля 2016 г. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000858> (дата обращения: 09.08.2020).

118 Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына қатысты. URL : http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakhstan-prezidenti-nursultan-nazarbaev-duniezhuji-kazaktarynyn-v-kuryltaiyna-katysty (қаралған күні: 20.07.2021).

119 Программа «Дорожная карта занятости – 2020» URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000636> (қаралған күні: 28.06.2021).

120 Постановление Правительства Республики Казахстан Государственная программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы. «Еңбек»: утв. 13 ноября 2018 года № 746 URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746> (дата обращения: 28.06.2021).

121 Более 20 тыс человек получили работу в рамках программы «Еңбек» в ВКО. URL: <http://strategy2050.kz/ru/news/bolee-20-tys-chelovek-poluchili-rabotu-v-ramkakh-programmy-e-bek-v-vko/> (дата обращения: 17.05.2021).

122 Қобландин Қ., Меңдіқұлова Г. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: Атажұрт, 2009. - 296 б.

123 Зияш Т. Қазақ диаспорасының атамекенге оралуы // Қазақстан мектебі. – 2007. – №5-6. – Б. 77-78.

124 Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі. – Астана: Елорда, 2005. – 352 б.

125 Қарибаев М. Шығыс Қазақстан облысындағы репатрианттар тарихындағы күнделікті әлеуметтік-мәдени бейімделудің негізгі бағыттары // «Қазақстандағы және шекаралас аймақтардағы этнодемографиялық үрдістер» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Өскемен, 2018. – Б. 142 – 150.

126 Қазақстанның демографиялық жылнамасы // Статистикалық жинақ. – Астана: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2011. – 392 б.

127 Халықтың көшіп-қонуы мемлекеттің даму деңгейін көрсетеді. URL:<http://alashainasy.kz/aleumet/halyiktyin-koshp-konuyi-memleketn-damu-dengeyn-korseted-126417/> (қаралған күні: 17.05.2021).

128 Көші-қон саясаты: сан мен сапа. URL: <http://ehistory.kz/kz/publications/view/2455> ©e-history.kz (қаралған күні: 17.05.2021).

129 Қазақстанға қанша қандас көшіп келді. URL: <http://abai.kz/post/42319> (қаралған күні: 17.05.2021).

130 Өткен жылы елімізге 16,5 мың оралман жанұя көшіп келді. URL: <http://www.matritca.kz/news/48307-ten-zhyly-elmzge-165-my-oralman-otbasy-kshp-keld.html> (қаралған күні: 17.05.2021).

131 Тәуелсіздік алғалы қанша қандасмыз елге оралды. URL: <http://azattyq-ruhy.kz/society/2510-t-uelsizdik-algaly-kansha-kandasymyz-elge-oraldy> (қаралған күні: 17.05.2021).

132 Свыше миллиона репатриантов вернулись в Казахстан за годы Независимости. URL: http://baigenews.kz/news/svyshe_millions_repatriantov_vernulis_v_kazakhstan_za_gody_nezavisimosti/ (дата обращения: 17.05.2021).

133 Қарибаев М. Этникалық қазақ диаспорасының қалыптасу тарихы. Оралман термині. Өлкетанулық оқулар // Шығыс Қазақстан облысының 65 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. - Өскемен, 2017. – Б. 152– 156.

134 Жанбосинова А., Қарибаев М. Процесс репатриации в Восточном Казахстане: демографические процессы и особенности при начальном переселении // Вестник ГУ им Шакарима. – 2019. – №4. – С. 332–338.

135 Национальный состав населения Республики Казахстан. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан // Стат. сб. / под ред. А. Смаилова. – Астана: Агентство республики Казахстан по статистике, 2000. – Т. 1. – 299 с.

136 Предварительные итоги переписи населения 1999 года по областям, городам и районам Республики Казахстан. Стат. справ. – Астана: Агентство РК по статистике, 1999. – 65 с.

137 Миграция населения Республики Казахстан. Итоги переписи населения 1999 года в РК. Стат. справ. / под ред. А. Смаилова. – Алматы, 2000. – 267 с.

138 Атантаева Б., Рысбаева М., Қарибаев М. Шығыс Қазақстандағы миграция және репатриация процестерінің демографияға әсері (1991-2011 жж.) // Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2016. – №2(74). – Б. 103-108.

139 ШҚО ҚЗТҚО. 652-қ., 3-т., 305 – іс. Материалы (отчеты, сведения, списки, справки и переписи) о ходе строительства жилых домов для граждан, прибывших их МНР за 1993-1995 годы.

140 ШҚО ҚЗТҚО. 652-қ., 3-т., 333 – іс. Годовой отчет по миграции населения за 1994.

- 141 ҚР ПМ 75-Н-қ. 1-т. 1280 – іс. ҚР Президентінің 1994 жылғы 27 мамырдағы №437 жарлығы
- 142 ҚР ПМ 5-Н-қ. 1-т. 3890-іс. 15 – п. ҚР Президентінің 1994 жылғы 18 мамырдағы №1701 жарлығы
- 143 ҚР ПМ 5-Н-қ. 1-т. 5078-іс. ҚР Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі №2366 жарлығы.
- 144 ҚР ПҰАЖ-ы. 1997. № 17.89 құжат. ҚР Президентінің 1995 жылғы 24 наурыз №3432 жарлығы.
- 145 ҚР ПҰАЖ-ы. 1998. № 10.71 құжат. ҚР Президентінің 1995 жылғы 3 сәуірдегі №3894 жарлығы.
- 146 ҚР ПМ 5-Н-қ. 6-т. 40-іс. 22-п. ҚР Президентінің 1995 жылғы 3 мамыр №128 жарлығы.
- 147 ҚР ПМ 75-Н-қ. 1-т. 1280-іс. 20-п. Моңғолиядан және басқа да республикалардан келген қазақ азаматтарын қоныстандыру және оларға қаржылай көмек көрсету туралы деректер.
- 148 ҚР ПҰАЖ-ы. 2001. № 20.253 құжат ҚР Президентінің 1995 жылғы 3 маусым №3894 жарлығы.
- 149 ҚР ПҰАЖ-ы. 2002. № 29.319 құжат. ҚР Президентінің 1995 жылғы 16 қыркүйек №945 жарлығы.
- 150 ҚР ПҰАЖ-ы. 2003. № 25.364 құжат. ҚР Президентінің 2003 жылғы 10 ақпан №1017 жарлығы.
- 151 ҚР ПҰАЖ-ы. 2004. № 29.319 құжат. ҚР Президентінің 2004 жылғы 30 қазан №1216 жарлығы.
- 152 ҚР ПҰАЖ-ы. 2004. № 51.674 құжат. ҚР Президентінің 2004 жылғы 30 қазан №1216 жарлығы.
- 153 ҚР ПҰАЖ-ы. 2006. №42. 456-құжат. ҚР Президентінің 2006 жылғы 4 қараша №210 жарлығы.
- 154 ШҚО бойынша көші-қон комитеті басқармасының есебі.- 2006. – 89 б.
- 155 Шығыс Қазақстан цифрларда // Жыл сайынғы статистикалық жинақ. – 2009. – 148 б.
- 156 ШҚО көші-қон басқармасының басқармасының мәліметі – 2019. URL: <http://www.gov.kz/memleket/entities/vko-social?lang=kk> (қаралған күні: 19.05.2021).
- 157 Елбасы Н.Ә. Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайындағы баяндама. 2-нші құрылтай. – Түркістан, 2002. URL: <http://shalqar.kz/gazet/dueniyejuezi-qazaqtarynyng-ekinshi-quryltauy/> (қаралған күні: 18.05.2021).
- 158 «Оралмандардың әлеуметтік экономикалық ықпалдасуын ілгерлету» БҰҰ ДБ/БҰҰЕ жобасы. – Семей, 2015. URL: <http://web.facebook.com/SemeyProgramme/about> (қаралған күні: 18.05.2021).
- 159 Модернизация – синоним прогресса. URL: http://www.kazpravda.kz/articles/view/modernizatsiyasinonimprogressa1/?fbclid=IwAR1GWdrkt4nyE3JVu6RoVU8v78j0OYLypHnetA9Gz_QXjH5Hlh331J-IH8 (дата обращения: 19.05.2021).

160 ШЫҒЫС Қазақстан облысы: Семейде оралмандарға арналған кітапшалар шығарылды. URL: http://oskementv.kz/kz/news/society/page_3801_shyhys-kazakstan-oblysy-semeide-oralmandarha-arnalhan (дата обращения: 20.05.2021).

161 Finke P., Meltem S. Diasporas and Re-Patriants: The Kazaks Return «Home». URL: <http://www.eth.mpg.de/cms/en/people/d/finke/project3.html> (дата обращения: 19.05.2021).

162 ШЫҒЫС Қазақстан облысының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының көші-қон бөлімінің құжаттары. URL: <http://www.gov.kz/memleket/entities/vko-social?lang=kk> (қаралған күні: 18.05.2021).

163 Оралмандар үшін салынған үйдің үй сияқты сиқы жоқ. Оны банктер де кепілге алмайды екен. URL: <http://365info.kz/2015/02/oralmandar-yshin-salynfan-yj-din-uj-siyakty-siky-zhok-ony-bankter-de-kepilge-almajdy-eken> (қаралған күні: 15.05.2021).

164 В посёлке репатриантов в Усть-Каменогорске презентовали онлайн-центр поддержки предпринимательства. URL: <http://www.zakon.kz/4562309-v-posjolke-repatriantov-v-ust.html> (дата обращения: 15.05.2021).

165 В Восточно-Казахстанской области раскрыли крупную аферу с несуществующими оралманами. URL: <http://www.arnapress.kz/semey/life/5210/>. (дата обращения: 20.05.2021).

166 Жанбосинова А. С., Карибаев М. С. Репатриция этнических казахов: реализация государственной политики на примере Восточного Казахстана // *Materialy XVI Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji, «Naukowa przestrzeń Europy – 2020»*. *Politologia. Historia. Prawo. – Przemysł: 2020. Vol. 7, – S. 3–15.*

167 Бабаш Б. Қияндағы қандастардың оралуы люмпенизация әкеле ме? // *Алтын Орда. – 2005. – №41. – Б. 21–25.*

168 Зерттеу жұмысы барысындағы жүргізілген сауалнама жұмыстарының қорытындысы – Семей, 2018. – 27 б.

169 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның арнайы баяндамасы. URL: <http://unhcr.kz/eng/resources/publicationsandreports> (қаралған күні: 20.05.2021).

170 Как нашли себя репатрианты. URL: <http://inbusiness.kz/ru/news/kak-nashli-sebya-repatrianty> (қаралған күні: 17.05.2021).

171 ШҚО ҚЗТҚО 720 мұрағат қоры, №508 тізім №1. 2001 ж. репатрианттар отбасыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы ақпарат.

172 Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы үкіметінің актілер жинағы. – Астана, 2008. – №7.

173 ШҚО бойынша зерттеу жұмыстары барысында жүргізілген сауалнама қорытындылары. – Семей, 2019.

174 Жанбосинова А. С., Карибаев М. С. Репатрианттардың бейімделуіндегі жеке отбасының тарихы // Семей қаласының Шәкәрім

- атындағы мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2018. – №1(81). – 381 б.
- 175 Получение статуса оралмана в Казахстане. URL: <http://visasam.ru/emigration/pereezdsng/oralmany-v-kazahstane.html#i-2> (дата обращения: 17.05.2021).
- 176 Новый дом и работу нашли в ВКО переселенцы из южных областей Казахстана. URL: <https://oskemen.atameken.kz/ru/news/34316-novyyj-dom-i-rabotunashli-v-vko-pereselency-iz-yuzhnyh-oblastej-kazahstana> (дата обращения: 17.05.2021).
- 177 Zhanbossinova A., Karibaev M., Atantayeva B., Kulshanova A., Shaimerdenova M. Socio-cultural adaptation of repatriates of East Kazakhstan and migration attitudes of the Kazakhs of Mongolia // Space and Culture. India. – 2019. – Vol. 7, №1. – P. 154 – 169.
- 178 Қазақстандағы оралмандардың жай-күйі. Шолу. – Алматы, 2006. – 33 б.
- 179 «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерлету» БҰҰ ДБ/БҰҰЕ жобасы. – Семей, 2011. URL: <http://web.facebook.com/SemeyProgramme/about> (қаралған күні: 17.05.2021).
- 180 В Восточно-Казахстанскую область переехало около 20 тысяч оралманов. URL: <http://www.nur.kz/157252-v-vostochno-kazahstanskuyu-oblast-pereehalo-okolo-20-tysyach-oralmanov.html> (дата обращения: 17.05.2021).
- 181 Информационная брошюра об организации и проведению обучающих курсов по казахскому, русскому языку и компьютерной грамотности для оралманов по проекту: «Оказание услуг по организации курсов казахского, русского языков и компьютерной грамотности для оралманов ВКО». – Семей, 2012. – 124 с.
- 182 Отчет ООН и Правительства РК для Восточно-Казахстанской области «Повышение конкурентоспособности региона через внедрение инновационных подходов к региональному планированию и оказанию социальных услуг населению 2014 г. (на примере Семипалатинского региона)» URL: <http://web.facebook.com/SemeyProgramme/about> (дата обращения: 17.05.2021).
- 183 Оралмандардың әлеуметтік экономикалық ықпалдасуын ілгерлету. БҰҰ ДБ/БҰҰЕ жобасы. – Семей, 2014. URL: <http://web.facebook.com/SemeyProgramme/about> (қаралған күні: 17.05.2021)
- 184 Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 29 июля 2014 года, №315 «О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 4 июля 2014 года, №261 О распределении государственного образовательного заказа по подготовку специалистов с высшим образованием по специальностям на 2014/2015 учебный год» // Казахстанская правда. – 2014. – №152(27773).
- 185 Интеграция репатриантов в общество Казахстана. URL: <http://www.zakon.kz/4590137-integraciya-repatriantov-v-obshhestvo.html> (дата обращения: 17.05.2021).
- 186 Тілеубаев Руслан. оралмандар үкімет ұсынған өңірлерге барса, мүмкіндік көп. URL: <http://ru.qazaq-alemi.kz/2018/05/10/ruslan-tileubaev->

- oralmandar-kimet-sy-n-an-irlerge-barsa-m-mkindik-k-p (қаралған күні: 17.05.2021).
- 187 Оралман ағайындармен кездесу өтті. URL: <http://radio7.kz/?p=10349&lang=kz> (қаралған күні: 17.05.2021).
- 188 «Отандастар қоры» үлкен мақсат жолында қызмет етеді. URL: <http://egemen.kz/article/208502-otandastar-qory-ulken-maqsat-dgolynda-qyzmet-etedi> (қаралған күні: 17.05.2021).
- 189 Жанбосинова А., Карибаев М. Вопросы адаптации репатриантов в проекте ПРООН на примере Восточного Казахстана // Отан тарихы. – 2019. – №3(87). – С. 134 – 145.
- 190 Мамашев Т., Балғабаев С. Әлем қазақтары Астанада бас қосты. - Алматы: Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы, 2006. – 127 б.
- 191 Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің мұрағат қоры, №6 тізім № 4-Л. Дайындық бөлімінің тыңдаушыларының оқуға қабылдау туралы бұйрықтары – Семей, 2019. – 134 б.
- 192 Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің дайындық бөлімінің құжаттары – Семей, 2019. – 75 б.
- 193 С. Аманжолов атындағы ШҚО мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінің құжаттары. – Өскемен, 2020. – 86 б.
- 194 Жанбосинова А., Карибаев М. Шығыс Қазақстан облысындағы дайындық бөлімдеріндегі репатриант жастардың білім алуы мен бейімделуі // Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2019. – №3(87). – Б. 456.

ҚОСЫМША А

РЕСПОНДЕТТЕР ТІЗІМІ

I. Серік Қуанған, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 28-де, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы.

II. Нұрбақыт Атан, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 57-де, Шығыс Қазақстан облысы, Шығыс ауылы.

III. Досбол Қисаұлы, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 52-де, Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы.

IV. Асқарбек Қайрат, Қытайдан көшіп келген, жасы 53-те, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы.

V. Бердібек Бекболат, Қытайдан көшіп келген, жасы 59-да, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы.

VI. Жаңагүл Жекен, Қытайдан көшіп келген, жасы 25-те, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы

VII. Қасиет Беделхан, Қытайдан көшіп келген, жасы 42-де, Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласы.

VIII. Шолтынов Нұрахмет, Қытайдан көшіп келген, жасы 81-де, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы.

IX. Шағанова Нүрзия, Қытайдан көшіп келген, жасы 76-те, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы.

X. Байжұма Мәулет, Қытайдан көшіп келген, жасы 52-де, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы.

XI. Ұлықпан Қуанған, Қытайдан көшіп келген, жасы 43-те, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы.

XII. Бақыт Кеңшілік, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 44-те, Шығыс Қазақстан облысы, Шығыс ауылы.

XIII. Самғау Нәсіпхан, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 37-де, Шығыс Қазақстан облысы, Шығыс ауылы.

XIV. Нұрлан Досмұрат, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 44-те, Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы.

XV. Айлиман Б., ҚХР көшіп келген, жасы 47-де, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы.

XVI. Додан Аманғазы, ҚХР көшіп келген, жасы 56-да, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы.

XVII. Асқар Мұратбек, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 39-да, Шығыс Қазақстан облысы, Шығыс ауылы.

XVIII. Бекен Есбол, ҚХР көшіп келген, жасы 35-те, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы.

XIX. Ерзат Қапатай, ҚХР көшіп келген, жасы 37-де, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы.

XX. Айнұр Тәбілтай, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 39-да, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы.

XXI. Шуршитбай Бейбитгүл, Моңғолиядан көшіп келген, жасы 47-де,
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы.

ҚОСЫМША Б

Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламасы Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы.

Зерттеудің жалпы сипаттамасы: Алға қойылған әлеуметтік зерттеулер арқылы диссертация тақырыбында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сандық және сапалық зерттеулер мен еркін сұхбат бойынша жетуге бағытталған.

Зерттеу объектісі: этникалық репатрианттар (жастар, ересектер, егде жастағылар)

Зерттеу территориясы: Шығыс Қазақстан облысының аумағы.

Зерттеудің мақсаты: Шығыс Қазақстан аумағына қоныстанған репатрианттардың көші-қон мәселелері және олардың әлеуметтік-экономикалық, этно-мәдени тұрғыдан қоғамдық ортаға бейімделуі үрдістерінің күнделікті өмір тарихын анықтау.

Алға қойылған мақсатқа жету жолында зерттеудің келесі міндеттері ашылып қарастырылды.

Шығыс Қазақстанда тұратын репатрианттардың бейімделуіне қатысты міндеттер:

- репатрианттардың қоғамға әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан бейімделуін анықтау;
- күнделікті өмірдегі мәдени тұрғысынан бейімделуін талдау;
- мемлекет тарапынан әлеуметтік көмектерді қабылдауын талдау;
- жергілікті халықпен қарым-қатынасын анықтау;
- жаңа ортаға бейімделу қай жағынан ауыр тигендігін анықтау.

Шығыс Қазақстандағы дайындық бөлімінде оқитын жастарға қатысты міндеттер:

- жастардың қоғамдық ортаға бейімделу жолындағы қиындық туғызатын мәселелерін талдау;
- жергілікті халықпен қарым-қатынасын анықтау;
- Өзіңіз бұрын тұрған аймақпен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағынан ұқсастығын талдау;
- жоғарғы оқу орнын таңдаудағы мотивтерді талдау;
- Дайындық бөлімін бітіргеннен кейін қандай мамандық таңдайтындарын анықтау.

Моңғолия қазақтарының миграциялық көңіл-күйі мен Қазақстан жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Моңғолия ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын этникалық қазақтарға қатысты міндеттер:

- Қазақстанда туыстарының болуын анықтау;
- айналысатын кәсібі мен шаруашылық түрлерін анықтау;
- жақын болашақта тарихи отан Қазақстанға көшіп келгенді қалайтындарды анықтау;
- Қазақстанға көшетін жағдайда қандай себептер бойынша шешім қабылдайтындарын талдау;

– Қазақстанға келгендегі қандай мәселелер қиындық тудыратынын анықтау;

– Қазақстанға қандастардың қоныс аударуы туралы пікіран анықтау;

– Қандастардың Қазақстанда жылдамырақ бейімделе алу үшін мемлекет қандай мәселелерді шешуі керектігін анықтау.

Әр түрлі санаттағы репатрианттар арасында еркін сұхбат әдісі қолданылды. Еркін сұхбатты пайдаланған кезде әрбір респонденттен ақпараттың тура сол түрлерін алуға әрекет жасалынбайды және индивид есептік-статистикалық бірлік болмайды. Сұхбат түрі бойынша респондент сұралған тақырыпқа сай өздері жақсы білетін ақпаратты хабарлайды және пікірін білдіреді. Осы арқылы респондент өзінің күнделікті өмір тарихын, қоғамдық ортаға бейімделуін, еркін талқылауы арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Деректерді енгізу және өңдеу. Мәліметтерді жинақтаудағы сандық зерттеу нәтижелері SPSS компьютерлік бағдарламасында өңделді және талданды.

ҚОСЫМША В

Дайындық бөлімінің тыңдаушыларымен жүргізілген сауалнама

1. Сіздің жынысыңыз?

1. Ер
2. Әйел

2. Сіздің жас мөлшеріңіз?

1. 14-29
2. 29-39
3. Басқасы (жазыңыз) _____

3. Сіздің сөйлейтін және түсінетін тілдеріңіз қандай?

2. Қазақ тілінде
3. Орыс тілінде
4. Монғол тілінде
5. Қытай тілінде
6. Басқасы (жазыңыз) _____

4. Сіздің білім дәрежеңіз қандай?

1. жоғары білім
2. арнайы орта
3. Орта білім
4. Басқа (жазыңыз) _____

5. Қазақстанға қай елден келдіңіз?

1. Монғолия
2. Қытай
3. Өзбекстан
4. Басқа (жазыңыз) _____

6. Дайындық бөлімін бітіргеннен кейін қандай мамандықта оқығыңыз келеді?

1. мұғалім
2. техникалық
3. медицина қызметкері
4. Басқа (жазыңыз) _____

7. Сіздің алдыңызда туыстарыңыз (аға, әпке, бауыр) дайындық курсын оқыды ма?

1. ия оқыды
2. жоқ оқымады
3. ия оқыды, бірақ бітірмеді
4. Басқа (жазыңыз) _____

8. Қазақстанның қай қаласынады университет немесе колледжге оқуға түсуді ойлайсыз!

1. Астана
2. Алматы
3. Семей
4. Басқа (жазыңыз) _____

9. Сіз жоғары оқу орынын немесе колледжді бітіргеннен кейін қайда жұмыс жасауды ойлайсыз!

1. Қазақстанда қызмет жасаймын
2. келген елде қызмет жасаймын
3. ешқайда қызмет етпеймін
4. Басқа (жазыңыз) _____

10. Айтыңызшы, жақын болашақта тұрғылықты жеріңізді өзгерткіңіз келе ме? Сіз және сіздің отбасыңыз тарихи отан Қазақстанға көшіп келгенді қалайды ма? (бір жауап)

1. Ия, жақын арада көшуге дайындалудамын
2. Қазіргі уақытта жоқ, бірақ болашақта басқа жаққа көшуім мүмкін

3. Әзірге көшу жайында ойламадым, бірақ барлығы өмір сүру жағдайына байланысты: мүмкін көшемін, көшпеймін де мүмкін.
4. Жоқ, ешқайда көшпеймін
5. Басқа (жазыңыз) _____

11. Сіз Қазақстанға келсеңіз қандай мәселелер қиындық тудырады деп ойлайсыз?

- | | |
|--|--|
| 1. Қазақстанда қиын экономикалық жағдай, жұмыс табу қиын | 2. Кириллицада жаза алмаймын |
| 3. Баспана жоқ | 4. Қоғамға үйренісе алмаймын |
| 5. білім алу қолжетімсіз | 6. Тұрғылықты халықпен тіл табысу қиын 2 |
| 7. Денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік жоқ | 8. Азаматтық алудың қиындығы |
| 9. Отбасы мен балаларға болашақ жоқ | 10. Басқа |
| 11. Орыс тілін білмеймін | 12. Жауап беруге қиналамын |

12. Қазақстанға келсеңіз қандай іспен айналысып өз үлесіңізді қосар едіңіз?

1. Мәдениет, білім саласына үлес қосар едім
2. Ұлттық құндылықтарды, қол өнерді
3. Ауылшаруашылығы, малшаруашылығы
4. Қазақ тілін, қоғамдық өмірге араласамын

13. Өзіңіз бұрын тұрған аймақпен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағынан ұқсастығын байқадыңыз ба?

1. Айырмашылық бар, бірақ салыстыруға келмейді
2. Тұрмыс-тіршілігі салт-дәстүрі ұқсас
3. Мәдениет жағынан ұқсастығын байқамадым
4. Басқасы (жазыңыз) _____

14. Сіздің жергілікті тұрғындармен қандай қарым-қатынастарыңыз бар?

1. Жақсы, достық
2. Орташа
3. Өте мейрімді емес
4. Жағымсыз

15. Сізге жаңа ортаға бейімделу қай жағынан ауыр тиеді?

1. Психологиялық
2. Экономикалық
3. Әлеуметтік
4. Мәдени
5. Басқасы (жазыңыз) _____

16. Қазіргі таңда қоғамдық ортаға бейімделе алдыңыз ба? Сізге арнайы көмек қажет пе?

1. Бейімделе алдым, көмек қажет емес
2. Бейімделе алмадым, көмек қажет

3. Басқасы (жазыңыз) _____

4. Жауап беруге қиналамын

17. Қазақстанға келген азаматтарға қолданатын «Оралман» терминін қалай өзгертуге ұсыныс жасар едіңіз?

1. Қандас

3. Оралман

2. Отандас

4. Бауырлас

5. Басқасы (жазыңыз) _____

САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСҚАНЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !!!

ҚОСЫМША Г

Моңғолия қазақтарының миграциялық көңіл-күйі мен Қазақстан жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Моңғолия ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын этникалық қазақтар арасында «face to face» әдісімен жүргізілген сауалнама

1. Сіздің жынысыңыз?

1. Ер
2. Әйел

2. Сіздің жас мөлшеріңіз?

1. 14-29
2. 29- 39
3. 39-49
4. 49-59
5. 60-тан жоғары

3. Сіздің сөйлейтін және түсінетін тілдеріңіз қандай?

7. Қазақ тілінде
8. Орыс тілінде
9. Моңғол тілінде
10. Басқасы (жазыңыз) _____

4. Сіздің білім дәрежеңіз қандай?

2. жоғары білім
 3. Орта білім
 2. арнайы орта
 4. Басқа
- (жазыңыз) _____

5. Сіздің айналысатын кәсібіңіз, шаруашылық түріңіз қандай?

1. Мемлекеттік қызметкер
2. Жеке кәсіпкер
3. мал шаруашылығы, ауылшаруашылығы
4. Жұмыссыз
5. студент
6. Басқасы (жазыңыз) _____

6. Сіз Моңғолияда қанша уақыт тұрып келесіз?

1. Осында дүниеге келдім (1-70 жыл)
 2. Ата-бабаларым осында тұрған (50-90 жыл)
 3. Көшіп келгенбіз (қай жылдары жазыңыз) _____
 4. Тарихи отаным
- (5) Жауап беруге қиналамын

7. Сіздің туыстарыңыз Қазақстанда бар ма? Болса қай уақыттан бері тұрады?

1. соңғы 5-10 жыл
2. 10-20 жыл тұрады
3. жергілікті тұрғын
4. туысым жоқ

8. Айтыңызшы, жақын болашақта тұрғылықты жеріңізді өзгерткіңіз келе ме? Сіз және сіздің отбасыңыз тарихи отан Қазақстанға көшіп келгенді қалайды ма? (бір жауап)

6. Ия, жақын арада көшуге дайындалудамын
7. Қазіргі уақытта жоқ, бірақ болашақта басқа жаққа көшуім мүмкін
8. Әзірге көшу жайында ойламадым, бірақ барлығы өмір сүру жағдайына байланысты: мүмкін көшемін, көшпеуім де мүмкін.
9. Жоқ, ешқайда көшпеймін
10. Басқа (жазыңыз) _____

9. Егер Сіз Қазақстанға көшетін болсаңыз қандай себептер бойынша шешім қабылдар едіңіз ?

1. Тарихи отанға оралуға деген ниетпен
2. Өмір сүру деңгейінің жоғары болған жерге бару ниетпен
3. Тіл мәселесін әділетсіз шешілуі
4. Отбасымен, туыстарымен бірігуге ұмтылу
5. Балаларға даму болашағы жоқ
6. Ұлтаралық қатынастардың нашарлауы
7. Тарихи отаны тарапынан жеңілдіктер алуға үміттену
8. Барлық этнос өз тарихи отанында өмір сүруі тиіс болғандықтан
9. Мен толыққанды азаматтық алып және өз жерімде өмір сүргім келеді
10. Басқасы (жазыңыз) _____

11. (11) Жауап беруге қиналамын

10. Сіз Қазақстанға келсеңіз қандай мәселелер қиындық тудырады деп ойлайсыз?

- | | |
|---|---|
| 13. Қазақстанда қиын экономикалық жағдай, жұмыс табу қиын | 14. Кириллицада жаза алмаймын |
| 15. Баспана жоқ | 16. Қоғамға үйренісе алмаймын |
| 17. Балаларға білім алу қолжетімсіз | 18. Тұрғылықты халықпен тіл табысу қиын |
| 19. Денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік жоқ | 20. Азаматтық алудың қиындығы |
| 21. Отбасы мен балаларға болашақ жоқ | 22. Басқа |
| 23. Орыс тілін білмеймін | 24. Жауап беруге қиналамын |

11. Қазақстанда оралмандарды қоныс аударуы туралы сіздің пікіріңіз қандай? /ҮШ ЖАУАП НҰСҚАСЫ/

1. Оралмандарды Қазақстан территориясына жергілікті халықпен араластырып тең көлемде орналастыру қажет
2. Жергілікті тұрғындардан басқа ықшам жерде тұру керек
3. Оралмандарды қалаға орналастырғаннан, ауылға орналастырған дұрыс
4. Оралмандарды қалада орналастыру қажет
5. Оралмандарды орналастыру шаруасын жергілікті басқару органдары шешу керек
6. Орналасу мекенді репатрианттардың өздері таңдау қажет

7. Жауап беруге қиналамын

8. Басқасы (жазыңыз) _____

12. Қазақстанға келгеннен кейін сіздің өміріңіз қалай өзгерді деп ойлайсыз?

1. Өмір әлдеқайда жақсы болды
2. Өмір біршама жақсы болды
3. Өмір біршама нашарлады
4. Өмір әлдеқайда нашарлады
5. Бәрі сол қалпында, ешқандай өзгеріссіз

13. Қазақстанға келсеңіз қандай іспен айналысып өз үлесіңізді қосар едіңіз?

5. Мәдениет саласына үлес қосар едім
6. Ұлттық құндылықтарды, қол өнерді
7. Ауылшаруашылығы, малшаруашылығы
8. Қазақ тілін, қоғамдық өмірге араласамын

14. Оралмандар Қазақстанда жылдамырақ бейімделе алу үшін мемлекет қандай мәселелерді шешуге тиіс?

1. Азаматтықты алу тәртібін жеңілдету
2. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету
3. Қайта даярлау және кәсіптік оқыту
4. Шағын және орта бизнесті дамыту
5. Ауыл шаруашылығымен айналасуға жағдай жасау
6. Тұрғын үй мәселесін шешу
7. Табиғи және климаттық жағдайлары бар аймақтарға қоныс аудару
8. Өз жағдайыңызды қамтамасыз етуге үйрету
9. Басқасы (жазыңыз) _____
10. Жауап беруге қиналамын

15. Қазақстанға келген азаматтарға қолданатын «Оралман» терминін қалай өзгертуге ұсыныс жасар едіңіз?

1. Қандас
2. Отандас
3. Оралман
4. Бауырлас
5. Басқасы (жазыңыз) _____

16. Қазақстанның патриоты болу деген нені білдіреді?

1. Отаныңды сүю және қорғау
2. Оны қиын жағдайларда қорғауға дайын болу
3. Отанымыз және отандастарыңыздың игілігі үшін жұмыс істеуді үйрену
4. Өз халқыңның мәдениеті мен дәстүрін құрметтеу
5. Басқа (жазыңыз) _____
6. Ойланбаппын
7. жауап беруге қиналамын

САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСҚАНЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !!!

ҚОСЫМША Д

Репатрианттар арасында жүргізілген сауалнама

1. Сіздің жынысыңыз?

1. Ер
2. Әйел

2. Сіздің жас мөлшеріңіз?

1. 11.14-39
2. 39- 49
3. 49 дан жоғары
4. Басқасы (жазыңыз) _____

3. Сіз және сіздің отбасыңыз Қазақстанға қай елден көшіп келдіңіз?

1. Қытайдан
2. Моңғолия
3. Өзбекстан
4. басқа жауап жазыңыз _____

4. Сіздің тұрғылықты мекен жайыңыз?

1. Ауылды елді мекен
2. қалада
3. кентте (поселок)
4. Басқа жауап жазыңыз _____

5. Көшіп келуге мемлекет тарапынан көмек болды ма (квота)?

1. иә, мемлекет тарапынан көмек болды
2. квотадан тыс өз қаржыммен келдім
3. Басқа жауап жазыңыз _____

6. Сізге жаңа мәдениетке бейімделу қай жағынан ауыр тиді?

1. Психологиялық тұрғыдан
2. Экономикалық тұрғысынан
3. Әлеуметтік тұрғыдан
4. Басқа жауап жазыңыз _____

7. Өзінің бұрын тұрған аймақпен Қазақстанның әлеуметтік –мәдени жағында ұқсастық байқадыңыз ба?

1. айырмашылық бар, бірақ салыстыруға келмейді
2. тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі ұқсас
3. мәдениет жағынан ұқсастығы аз
4. Басқа жауап жазыңыз _____

8. Сізге адамның діни тәуелділігі қаншалықты маңызды?

1. Мен әрқашан адамның діни көзқарасына назар аударамын
2. Адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде дін мен үшін маңызды емес
3. Мен адамның діни көзқарасына мүлдем назар аудармаймын
4. жауап беруге қиналамын

9. Сізбен жергілікті халықтың тілін, жазуын үйрету үшін арнайы орталықтар жұмыс істей ма?

1. бейімдеу орталықтары жұмыс жасайды

2. жоқ, ешқандай бейімдеу орталығы қоғамдық ортаға бейімдеу үшін көмек көрсеткен емес

3. Басқа жауап жазыңыз _____

10. Сіздің жергілікті тұрғындармен қандай қарым-қатынастарыңыз бар?

1. Жақсы, достық

2. Орташа

3. Өте мейрімді емес

4. Жағымсыз

ҚОСЫМША Е

Семинар-тренингтер:



United Nations Development Programme in Kazakhstan

Оқыту курстары:



United Nations Development Programme in Kazakhstan

Оралмандарға кеңес беру:



United Nations Development Programme in Kazakhstan

Оралман жадинамасы



United Nations Development Programme in Kazakhstan

Одним из эффективных методов работы с оралманами по вопросам повышения правовой грамотности и решения проблем непосредственно с участием представителей государственных органов.

На фото выездной консультации совместные с миграционной полицией Урджарского район ВКО.

Тема: По вопросам оформления документов оралманов

В ходе встречи сельские жители получили групповые и индивидуальные консультации по оформлению документов, получению гражданства, социальных пособий, возможностей для развития собственного дела, трудоустройства.












Сурет Е1 – БҰҰ Даму бағдарламасы аясында қандастарды әлеуметтендіру мен кіріктіру шараларын ұйымдастыру барысындағы жұмыстар

Центр оказывает следующие услуги:
 -Курсы обучения языкам (русский и казахский), компьютерной грамотности

В целях улучшения доступа оралманов к образованию организованы и проведены 21 обучающий курс по казахскому, русскому языкам, компьютерной грамотности с охватом 600 участников-оралманов в следующих регионах ВКО: Зайсанский район, Урджарский район, с.Шыгыс.

Результат: более 90% оралманов-участников курсов освоили навыки разговорной речи и заполнения документов, что позволяет им самостоятельно заполнять и сдавать документы в государственные органы и организации.




В офис ПРООН обратился студент оралман музыкального колледжа имени М. Топеубаева Касихан Нурлан, о том что он сочиняет стихи, пишет поэмы, истории, музыку и не знает, куда ему обратиться. Для решения вопроса в центр адаптации оралманов пригласили писателей, журналистов которые дали высокую оценку его работе. После чего принято решение, оказать содействие в выпуске книги со стихами автора. В ходе работы автору была оказана финансовая поддержка и выпущена книга «Штегі үнсіздік». Данная книга была презентована на творческом вечере Касихан Нурлан, который проходил в музыкальном колледже имени М. Топеубаева.





Встреча с депутатом Мажилиса Парламента РК, первым заместителем председателя НДП «Нур Отан» по ВКО с жителями п.Шыгыс





Ежегодно по заказу центра адаптации оралманов разрабатываются и публикуются информационно-правовые брошюры для оралманов (этнических казахов-репатриантов) в целях облегчения их доступа к основным социальным услугам, социализацию, повышению их правовой грамотности, профессионализма и мобильности.






При поддержке Совместной программы развития ООН в ВКО организовали краткосрочные курсы профессионального - технического обучения оралманов. Цель обучения повышение профессионализма, мобильности, конкурентоспособности и как результат социальная защищенность оралманов. Всего обучено 26 оралманов с п. Шыгыс, Урджарского и Зайсанского районов. 8 курсанта трудоустроено по профессии – ветеринар.





Проведено анкетирование среди оралманов по выявлению потребностей в методических пособиях и краткосрочных курсах по техническим направлениям. В опросе приняли участие более 400 оралманов из Семей, поселка Шыгыс, Зайсанского и Урджарского районов, а также близлежащих к городу сел. Итоги анкетирования были озвучены на семинаре совещании, также консультантами обсуждены стратегические планы работы как центра адаптации оралманов.






Сурет Е2 – БҰҰ Даму бағдарламасы аясында қандастарды әлеуметтендіру мен кіріктіру шараларын ұйымдастыру барысындағы жұмыстар



Сурет Е3 – БҰҰ Даму бағдарламасы аясында қандастардың ұйымдастыруымен құрылған қоғамдық бірлестіктердің өз тұрған жерлерінде атқарған еріктілік жұмыстар

Шағын несиелеу бағдарламасы: Жетістік тарихтары



- Турысбекова Бакытгуль - Қайнар ауылынан кәсіпкер
- Несие жанармай стансасына жабдық алу үшін берілді
- Жанармай стансасы ауыл жүргізушілерін жанармаймен қамтамасыз етіп жұмыс істеп тұр

- Байгабыл Касенов - Семеновка ауылынан кәсіпкер
- Несие ағаш ұстаханасына жабдық алу үшін берілді
- Байгабыл жақын ауылдарға жиһаз жасап, сатуда

Гранттар: Жетістік тарихтары



Кеңірбай би ауылы тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету



Нашар көретін баланың көзі мен жаны арқылы өнер әлемі



Оралмандарға көмек көрсету: Жетістік тарихы



Оралмандар Орталығында олардың көрсетілетін қызметтердің барлығын алу үшінші еректе Семей қаласына кедергісіз қоныстануға мүмкіндік берді. Жақын арада оралмандарға берілетін квотасының ақшасына үй сатып алуда.

Самарқан Тоқтарқанның отбасы Қытайдан Қазақстанға 2006 және 2007 жылдары көшіп келуге әрекет жасаған. Оралмандар құжаттарды ресімдеуде бірталай проблемалармен кезікті, ал тіл мен заңдарды білмеу пайда болған проблемаларды жылдам шешуге мүмкіндік бермеді.

При финансовой поддержке ООН в выставочных залах Восточно-Казахстанского областного музея изобразительных искусств им. семьи Назаровых с участием местных ремесленников, ремесленников из числа оралманов (г. Семей, п.Шығыс, Зайсанского района, Удгдерского района (также охватим лиц с ограниченными возможностями)прошел семинар-выставка. Целью, которого является интеграция оралманов, лиц с ограниченными возможностями в общество через культуру, путем демонстрации своих работ направленное на сохранение ремесел в традиционных формах национального казахского прикладного искусства, а также изучение традиций, привлечение молодежи искусству рукоделия по изготовлению продукции национального характера.



При финансовой поддержке ООН в целях содействия развитию искусства местных ремесленников, ремесленники из числа оралманов проживающих на территории ВКО реализован грантовый проект «Золотой наперсток». Целью, которого является интеграция и адаптация оралманов, в обществ. Демонстрация и обучение школьников работе направленное на сохранение ремесел в традиционных формах национального казахского прикладного искусства, а также изучение традиций, привлечение молодежи искусству рукоделия по изготовлению продукции национального характера.



Экономическое развитие: участие молодежи в развитии регионов



1. В рамках грантовой программы при сотрудничестве с ОФ «Развитие молодежного предпринимательства» в 2013 году на бизнес ярмарку подготовлено 5 бизнес проектов. По итогам было поддержано бизнес проект от молодого предпринимателя оралмана и КНР по пошивке кожаной обуви. В результате созданы еще 4 рабочих места из числа оралманов.



Сурет Е4 – БҰҰ Даму бағдарламасы аясында қандастарды әлеуметтендіру мен кіріктіру шараларына берілген гранттар нәтижелері

В результате консультации бенефициары написали социальные проекты на программу малых грантов и решили ряд социально-значимых проблем в своих регионах. В частности, Муратбек Аскар содействовал написанию проекта по привлечению в село Шыгыс гранта от Глобального экологического фонда на сумму 43500 долларов на тематику по деградации пастбищ и капельного орошения.





В преддверии Наурыза в центре по продвижению социальной и экономической интеграции оралманов г. Семей для оралманов было проведено празднование «Наурыз», в котором приняли участие национальные волонтеры из районов. В офисе ПРООН был накрыт для оралманов богатый дастархан с традиционным Наурызкошке и установлен макет юрты с национальными атрибутами, где каждый из участников рассказали молодежи, как они смогли в тяжелых условиях под влиянием чужой культуры сохранить обычай и традиции казахов.




Совместная программа ООН

«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ РЕГИОНА ЧЕРЕЗ ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ПОДХОДОВ К РЕГИОНАЛЬНОМУ ПЛАНИРОВАНИЮ И ОКАЗАНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ НАСЕЛЕНИЮ (на примере Семипалатинского региона)

2011-2015гг.









Хороший резонанс получили постоянные встречи в центре адаптации оралманов с гражданами иностранных государств казахской национальности, которые получают образование ВУЗах г.Семей. На сегодняшний день они оформляют документы для получения гражданства Республики Казахстан. 28 человек ознакомились с работой центра и перечнем бесплатных услуг, которыми они могут воспользоваться.




Празднование «Наурыз» в п.Шыгыс где оралманы установили отдельную юрту




Нәтижелер

United Nations Development Programme in Kazakhstan

Сурет Е5 – БҰҰ Даму бағдарламасы аясында қандастарды әлеуметтендіру мен кіріктіру шараларына берілген гранттар нәтижелері

ҚОСЫМША Ж

Правовой ликбез для оралманов

Неправительственной организацией «Семей жастар ассамблеясы» при финансировании Совместной Программы развития ООН выпущена информационно-правовая брошюра для оралманов «Закон Республики Казахстан о пенсионном обеспечении».

Издание брошюры стало частью проекта «Повышение конкурентоспособности региона через внедрение инновационных подходов к региональному планированию и оказание социальных услуг населению (на примере Семипалатинского региона)», направленного на повышение правовой грамотности этнических казахов, переселившихся из других стран на историческую родину.

Авторы, привлеченные общественной организацией магистры и доктора юридических наук, надеются, что с помощью данного пособия повысится правовая грамотность оралманов, выстроится диалог с государственными органами. Изучив все изложено в брошюре, переселенцы смогут решить часть своих проблем самостоятельно, а в регионе уменьшится число граждан, нарушающих законодательство именно по незнанию своих прав и обязанностей.

Собранный в пособии материал в легкодоступной форме помогает ознакомиться со статьями Закона о пенсионном обеспечении граждан Казахстана, в котором четко разъяснены права и обязанности иностранных граждан, постоянно проживающих в республике. Брошюра представляет собой справочник, в котором содержатся правовые нормы, касающиеся особенностей документирования при регистрации оралманов, а также номера телефонов общественных организаций и государственных структур Семей, к которым могут обратиться оралманы в случае нарушения их прав.

Брошюра будет распространяться в местах проживания оралманов бесплатно.

КҮРСТАР АШЫЛДЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының (БҰҰ ДБ) «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясының дамуы» жобасы аясында биылғы жылдың наурыз айынан бастап Көкөзек ауылында оралмандарды оқыту курстары ашылды.

Қазақ тілі мен орыс тілінде 24 адамнан тізімделген. Қазақ тілі пәні оқытушы Кав Нұржан орыс тілінің ұстазы Жекенова Олия оздеріне тиесілі 72 сағатты тәмамдап та қалды.

Тарихи отанына табын тіреген отандастарымыздың ортаға бейімделуі үшін бұл үлкен демеу. Бір мемлекеттен екінші мемлекетке келіп, оқу, жазудан көп қиыншылықтар көріп жатқан қаңдастарымыз үшін бұл шара игілікті істің бастауы болып отыр. Оқушылар бүгінгі күні екі тілде де еркін жаза алатын жағдайға жетті.

Елбасымыздың оң саясатын қолдайтын игі шаралар бұдан әрі де оралмандар көп шоғырланған ауылдарда өз жалғасын табады.

Д.ТЛЕУБАЕВ,
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің оралмандар жұмысы бойынша бас маманы.

ҚАҢДАСТАРМЕН ӨТКЕН СЕМИНАР

Ұржарда Біріккен Ұлттар ұйымы тарапынан кәсіпкерлікпен шұғылдануға ынтасы бар ауыл жастары мен оралман қаңдастарымызға "Кәсіпкерлік негіздері" және "Шағын несие" жөнінде семинар өткізілді. Семинарға кәсіпкерлікпен шұғылданушыларға қатысты мекемелерден мамандар шақырылды. БҰҰ Ұржардағы өкілі және Ұржар ауданы бойынша он ауылдан ауыл жастары мен оралман қаңдастардан жиырма шақты адам қатысты.

БҰҰ-ның Камелхан Қуанышбай ауылдағы әлеуметтік мәселелерге белсенділік танытқан және көрі-құрғат, отбасы жағдайлары төмен жандарға қол үшін берген оралмандармен Елтай ауылдағы Қабдығали Итгенбай атындағы орта мектеп ұжымдарына БҰҰ ҚР Астана қаласынан келген арнаулы сертификатты таратты. Және ұйым атынан үлкен алғысын білдірді.

Камелхан Қуанышбай бизнес туралы және кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндерін қалай қалай тіркелетіндіктері, қалай жұмыс бастайтындықтары жөнінде түсіндіре кетті.

Құрмаш Қалмира бизнес жоспары, жоспар құрамы, пайда есептеу, шағын несие және ҚР несие беретін ұйымдары туралы арнаулы сабақ өткізді және сұрақтарға жауап берді.

Салық комитетінен, салық төлеушілермен жұмыс жүргізу бөлімінің жетекшісі, маманы, жетекші салық инспекторы Слямова Гүлмира Мұратқызы жанадан жұмыс бастағалы отырған кәсіпкерлерді қалай тіркеу және қоспінді түрі мен көлемінде қарай есептелетін салық түрлері туралы көпшілікке толық түсіндірді. Және сұрақтарына қанағаттандырарлықтай жауап алған семинарға қатысушылар ризашылықтарын білдірді.

АЙГҮЛ БЕДІЛҚАН,
БҰҰ Ұржардағы өкілі

КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУДА

Мен Моңғолия елінен өкешешем, туыстарыммен бірге Павлодар облысына көшіп келген едім. Соңынан туыстарыма бірігі мақсатында Семей қаласы Жазық ауылына қоныстанып, қазір осы жерде ел қатарлы өңбек етіп, ауылдағы ағайымен етене аралап кеткен жайымыз бар.

Айтамын дегенім, туған жерге келген бетте моңғолиялық тәуелсіздікпен жоғалтып алғандықтан, ата-анаммен бірге азаматтыққа өте алмай қалдым. Ал жоғалтқан моңғолиялық құжатым табылған кезде оның мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен болатын. Осылайша, 4-5 жылдай уақыт өз құжатсыз жүріп, көп қиыншылықтарды бастан кешіргенім.

Бұл мәселені Семей қаласындағы БҰҰ-ның оралмандар орталығы қызметкерлері қолға алып, Қазақстан Республикасы және Моңғолия елдерінің заңдарына, ережелеріне сүйене отырып оң шешім табуға көңес, көмектер жасады. Тәртіп бойынша Моңғолия елшілігімен және Семей қалалық көші-қон полициясымен бірлесіп отырып шешім қабылдауы тиіс екен. Ал шешімді шығару үшін, Моңғолиядағы «Шет ел азаматтары, азаматтық жөніндегі комитетке» жазбаша ұсыныс жасап, менің ол жақтың азаматтығында бар немесе жоқ екенімді анықтауға дәйекті көмектер көрсетті, көптен күткен құжатқа да қол жетті. Осы ретте БҰҰ-ның оралмандармен жұмыс орталығының өз әсерін айрықша атап өткен абзап. Өз басым осындай жолмен тез арада құжатқа қол жеткіземін деп ойламағаным.

Өз елімден талап етілетін құжаттарды аударып ресімдеуде, мекемелерден барлық анықтамалар алу, тиісті орындарға жолдаудың барлық қиындықтарын да осы ұйым кеңесшілері мойнына алып атқарған болатын. Қазір ҚР тұрақты тұратын ықтиярхат алуға құжаттарымыз өткізіп, күтудемін.

Еркежан МАРАТ,
Моңғолия елінен өкешешем

Сурет Ж1 – Қаңдастарды әлеуметтендіру мен кіріктіру шараларын барысындағы бұқаралық ақпарат құралдарына шыққан жұмыстар

СОДЕЙСТВИЕ СОЦИАЛЬНОЙ И ЭКОНОМИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ ОРАЛМАНОВ

Совместная программа ООН и Правительства РК для Восточно-Казахстанской области "Повышение конкурентоспособности региона через внедрение инновационных подходов к региональному планированию и оказанию социальных услуг населению (на примере Семипалатинского региона)"

итоги 2013 года



Помощь в развитии
Устойчивые страны



Оралманы – этнические казахи-репатрианты, переселяющиеся в Казахстан из соседних стран

С 1991 года общая численность переселившихся в РК оралманов составляет около

900 000 чел.,

из которых в ВКО проживает более **14 500**



Для поддержки оралманов в 2009 г. при поддержке ПРООН был открыт

Центр адаптации и социальной интеграции оралманов в г. Семей

2009–2013 гг.

13 257 консультационных и адаптационных услуг для **12 920** оралманов

Услуги Центра



• Правовые консультации/семинары по правам оралманов в сфере здравоохранения, трудоустройства, социальной защиты, общественной безопасности, миграции населения, предоставления земельных участков, и получения жилья в рамках государственных программ

423 консультаций



• Адаптационные услуги, консультации по получению статуса оралмана, оформлению ПМЖ, получения гражданства РК, пособий, социальных выплат и т.п.

2457 консультаций



• Образовательные семинары по основам предпринимательства для расширения доступа к экономическим услугам (совместно с Национальной палатой предпринимателей и фонда «Даму»)»

3 семинара для **63** оралманов

Результаты работы Центра

трудоустроено	57 чел.	7 чел.	получили земельные участки	получили социальные выплаты	20 чел.	69 чел.	решили жилищные вопросы
получили гражданство РК	17 чел.	221 чел.	получили статус ПМЖ	оказана помощь в подготовке проектов	12 чел.	93 чел.	назначена пенсия/ пособия
получили социальную помощь	64 чел.	209 чел.	получили удостоверение оралмана				

Создано **8** НПО оралманов

Представители прошли обучение

по разработке и реализации социально значимых проектов
по проведению общественных кампаний

Реализовано **2** социально-значимых проекта

на общую сумму **3 000 000** тенге

Партнеры в ВКО:

Акимат ВКО	Управление координации занятости и социальных программ	Районные и сельские акиматы	Таможенные органы	Пограничная служба	Департамент занятости и социальными программ	Миграционная полиция
------------	--	-----------------------------	-------------------	--------------------	--	----------------------

По всем вопросам обращаться: ПРООН Казахстан, г. Семей, ул. Ленина 9, офис 204, 071400, тел.: +7 (7222) 525132, факс: +7 (7222) 523005

Сурет ЖЗ – БҮҮ бағдарламасы аясында репатрианттарды әлеуметтік-экономикалық бейімдеудегі қызметтер

ҚОСЫМША И

Моңғолиядағы қазақтардың миграциялық көңіл-күйін және Қазақстан жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Монғол Ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын қазақ тұрғындары арасында «face to face» әдісімен далалық зерттеу

